Доля казахстанцев, владеющих русским языком, к 2020 году составит не менее 90%. Доля населения республики, владеющего английским языком к 2014 году будет составлять - 10%, к 2017 году - 15%, к 2020 году - 20%. Доля населения, владеющего тремя языками (государственным, русским и английским) к 2014 году составит - 10%, к 2017 году - 12%, к 2020 году - до 15%.

Общие затраты из государственного бюджета на реализацию первого этапа программы составят 19 134 946 тысячи тенге.

План, рассчитанный на ближайшее десятилетие, приведет нашу республику на новый уровень развития. Действительно, это большой шаг – владеть тремя языками, люди должны понимать и осознавать насколько это важно. Это программа должна пробудить интерес населения в первую очередь к родному языку. Ведь знать родной, государственный язык – это обязанность каждого гражданина страны. Мы должны стремиться к этому. Сделать всё, чтобы казахский язык не был для нас иностранным языком.

Треть опрошенных казахстанцев (38,6 %) выступили за развитие трёхязычия в стране. За интенсивное внедрение казахского языка - 30,4 %, 27,4 % - за сохранение русского языка как языка межнационального общения.

Не секрет, что иностранные языки прочно вошли в нашу повседневную жизнь. Мы всё чаще общаемся с людьми из разных городов и стран. Такое общение может быть личным и по служебным делам. Мы пишем письма, говорим по телефону и всё чаще общаемся по интернету. Можно каждый раз прибегать к услугам переводчиков, но они не всегда оказываются рядом, и это подталкивает к изучению иностранных языков, что становится всё более необходимым в нашей повседневной жизни.

Мир не стоит на одном месте. Человечество развивается и совершенствуется. Языки тоже. С каждым днём людей становится всё больше, мир меняется. День за днём человек ищет новые пути своего совершенства и идеала. Проснуться и заговорить на иностранном языке – с этой мечтой человечество не расстанется никогда. И поэтому весь мир ищет методики, которые помогают учить его быстрее.

Не секрет, что иностранные языки стали невероятно актуальными в наше время [2]. Общение с людьми из разных стран, общение в глобальной сети, политические, экономические отношения, бизнес и так далее. Всё это причины овладения какими-либо иностранными языками. Наверняка, каждый человек мечтает знать пару иностранных языков. А почему бы и нет? И нет ничего, что может помешать этому. Существуют различные методики изучения, интересующих языков. И очень популярен метод – изучение с помощью мультимедийных технологий.

В 80-х годах прошлого столетия группа российских ученых провела эксперименты, в ходе которых иностранный язык осваивался при помощи компьютера. Испытуемые изучали три словаря (английский, немецкий, французский) общим объемом 30 тыс. слов, при этом через неделю усвоение составляло – 50%, то есть было выучено 15 тыс. новых слов! Проведенные эксперименты наглядно показали возможности использования компьютерных технологий для интенсивного обучения. Выводы были сделаны следующие: для интенсификации обучения необходимо осваивать новые иностранные слова и фразы не маленькими порциями, а большими и сверх большими объемами. Впоследствии, с развитием персональных компьютеров, доступности их все большему количеству людей и накоплением опыта использования способов интенсивного обучения иностранным языкам, была создана методика, позволяющая значительно сократить время, необходимое для самостоятельного изучения иностранного языка. Она и легла в основу мультимедийного компьютерного самоучителя «Словабегом».

Для достижения максимального успеха в программе используется методика специальной подачи большого объема информации в ограниченный промежуток времени с высокой скоростью. При этом человеку не надо пытаться прочесть или каким-либо образом запомнить то, что выводится на экране компьютера. Такой метод подачи информации включает процесс сверхзапоминания, то есть высвобождаются резервные (а точнее, просто невостребованные) возможности памяти.

При самостоятельном изучении иностранного языка по мемо-методике «Слова бегом» полученные знания активизируются и переходят из неосознаваемого или пассивного состояния в осознанное или активное. Таким образом, человек может выучить большое количество новых иностранных слов в значительно более короткий период времени, чем при традиционном обучении.

В трёхязычии иностранным языком является английский язык. Следовательно, ему уделяется немаловажное значение. Английский язык изучается со 2 класса, в школах по общеобразовательной программе. Английский язык – это мировой язык, как всем известно. Никто не говорит об идеальном освоении английского языка (для тех, кому очень трудно даются языки), но понимать и изъяснять свои мысли граждане Казахстана должны уметь к 2020 году.

Кто такие ученики? Можно сказать, ученики – будущие граждане многонациональной республики, которые владеют наряду со своим родным языком несколькими другими языками.

С помощью языка любой народ сохраняет и передает из поколения в поколение свои традиции, взгляды на жизнь, свои ценности. Это самое бесценное сокровище всех народностей без исключения!

Перед людьми ставятся важные задачи по поводу родного языка: проживание в мире и согласии с представителями разных национальностей, любовь к своему народу, языку, толерантность по отношению к другим народностям и их традициям.

«Мы должны приложить все усилия для дальнейшего развития казахского языка, который является главным фактором объединения всех казахстанцев. В то же время создать благоприятные условия, чтобы представители всех проживающих в стране народностей могли свободно говорить, обучаться на родном языке, развивать его», — президент Казахстана Н.А.Назарбаев [3].

Казалось бы, тем, кто сейчас хочет выучить государственный язык, вроде бы созданы все условия. Есть хорошая мотивация – поступление на госслужбу.

Казахстанский лингвист Жанна Уматова уверена, что надо начинать не с мотивации, а с языковой политики [4]. Она считает, что политика, которая проводилась в Советском Союзе была гораздо действеннее и эффективнее.

«В СССР была жесткая языковая политика, была идеология, население в течение кратчайшего периода вынуждено было усваивать русский язык. Ты не мог устроиться на работу, не зная русского языка, ты не мог поступить в университет, потому что обучение шло только на русском языке. В эту категорию не попадали только те, кто в силу своего возраста, кто старше 60 лет, никак физически не могли усвоить другой язык. Но все же, даже они знали бытовые слова, такие как хлеб, масло, сахар», – рассказывает Жанна Уматова.

Проблема 1: Отсутствие постоянной языковой практики и подходящей среды для изучения языка.

Лингвист Жанна Уматова считает, что за двадцать лет независимости Казахстана так и не появилась ни одна сфера деятельности, где стопроцентно функционировал бы только государственный язык. Для того чтобы люди заговорили на казахском языке, хотя бы начали углубленно его изучать, нужна языковая среда. Она привела пару примеров из жизни, когда окружающая среда под влиянием языковой политики повлияла на языковое сознание людей и помогла освоить язык.

«Я удивляюсь тому, когда студенты университета, где я преподаю, приезжая из провинции, совершенно не знают русского языка. Они изначально приезжают с шовинистическими наклонностями по отношению к русскому языку. Но как ни странно, к четвертому курсу, в коридоре в фойе между собой все говорят на русском. Среда накладывает свой отпечаток», – рассказывает лингвист Уматова.

«Я сама, когда-то не знала казахского языка, так как выросла в Советском Союзе, в школе казахи боялись, комплексовали говорить на казахском языке, потому что окружающие сразу начинали обзывать. В университете меня всегда преследовали высказывания преподавателей казахского языка: «Как так, ты казашка и не знаешь казахского языка!», — говорит Уматова.

«Но, несмотря на унижения и приказной тон преподавателей, я казахский не выучила. Я освоила его, только выйдя замуж за человека из провинции, который не знал ни слова по-русски, а я не знала ни слова по-казахски. Вот, пожалуйста, и мотивация. Если бы не эти обстоятельства, я не знаю, когда бы я освоила казахский язык», – добавила она.

Проблема 2: Устоявшиеся в обществе стереотипы о казахском языке.

Лингвист Жанар Ибраева считает, что какая-то часть казахстанцев еще живет во власти стереотипов.

«Мотивация безусловна нужна. Но многие казахстанцы до сих пор думают, что методики нет, и детсады казахские хуже. Сознание не поменялось. Здесь и вопросы идеологии, выбора и престижа языка. Но если глубже заглянуть в казахстанскую социолингвистику, вы увидите, что языковой сдвиг в пользу казахского языка уже есть. Это прослеживается в диахронии очень четко», — отмечает лингвист.

Проблема 3: Неправильная мотивация государством.

Переводчик и лингвист Самига Салимова считает, что мотивация в изучении казахского языка, предложенная государством, абсолютно неправильная. Она уверена, что переход делопроизводства на казахский язык никак не может служить мотивацией для изучения государственного языка.

«Ну, ввели закон о переводе делопроизводства на казахский язык, а толку? У переводчиков работы стало больше. На деле представители десятка компаний бегают к переводчикам (по себе знаю) ежемесячно с документами и всю работу делаем мы. Я уже думаю, может, стоит бонусы какие-то к заработной плате добавить, чтобы работники сами старались переводить документы, зная, что их будут за это поощрять?», — предлагает лингвист.

Салимова уверена, что в этой ситуации именно деньги послужат большей мотивацией, чем угроза потери работы из-за незнания казахского языка.

Проблема 4: Отсутствие престижа языка.

Лингвист Жанна Уматова, считает, что необходимо поднимать престиж государственного языка, а это напрямую зависит от улучшения качества образования. Раз поднимется престиж, считает она, многие сами проявят желание изучать казахский язык, но если не будет достойного уровня преподавания – ничего не получится.

Проблема 5: «Хромающая» методика преподавания казахского языка.

Лингвист Самага Салимова, считает, что в первую очередь в Казахстане хромает методика преподавания казахского языка. Как только улучшат методику, по ее словам, появится желание изучать язык, появится логика, язык перестанет казаться сложным.

«Мы несколько десятков лет не можем выучить казахский язык, когда английский язык – учат за год, за два, и могут спокойно выражать на нем свои мысли. Где все наши выдающиеся методисты? На них посмотришь, одни профессора, столько учебников разработали. А все бестолку», – говорит С. Салимова.

Лингвист задается вопросом, сколько денег государство тратит на «яркие картинки в книгах и на бестолковые рассказы и переводы». «Пятьдесят лет одно и то же в книгах, одни и те же тексты, да переводы. Сколько можно переводить этот текст, про Кунанбаева с пятого класса по одиннадцатый? Всегда удивлял вопрос, почему в аттестатах выпускников школ пятерки, а на деле этот выпускник не может связать и двух слов?», – добавила Салимова.

Конечно же, изучение родного языка в 40-60 лет очень сложно. Поэтому, нужно прививать это с раннего детства. Каждый педагог должен определять основные направления воспитательной работы с детьми на основе их социальных, культурных традиций. Важно научить ученика понимать и ценить не только собственную национальную культуру, но и своеобразие других культур, воспитывать в духе уважения ко всем народам. Очень волнует проблема казахского языка, связанная с созданием так называемого «Шалаказахского» языка. Это действительно проблема, которая сильно исковеркивает, правильный казахский язык. Это должно искореняться. Но в повседневной жизни это считается нормальным, вставлять русские слова, когда говоришь на казахском языке. Тем самым мы уродуем свой язык. Каждый гражданин своего государства должен красиво излагать свои мысли с помощью языка. А родной язык – это твоё богатство. Так будешь ли ты портить своё богатство?

Вашему вниманию, самая популярная методика изучения казахского языка[5]. Это методика разработана профессором Алимханом Жунисбековым. Он предлагает изучать казахский язык без грамматики. Но как так, задаетесь вы вопросом? Ведь грамматика – основа языка, без грамматики невероятно сложно начать изучать язык. Эта методика состоит из 4 уровней. Сейчас мы рассмотрим их подробнее.

1-й уровень – разговорно-бытовая речь, развивающая коммуникативные навыки при общении с друзьями, в кругу семьи, с коллегами по работе, с соседями. Для освоения этого материала достаточно овладения лексическим объемом в 300-500 слов, не более.

2-й уровень – разговорно-профессиональная речь. Человек, овладевший разговорно-бытовой речью, переходит к новому словарному запасу в пределах своей служебной компетенции. Для большинства профессий необходимо 50-100 слов. После успешной сдачи второго уровня изучающий казахский язык в состоянии оперировать лексическим минимумом в 400-500 слов.

3-й уровень – разговорно-деловая речь, более продвинутый уровень. К компетенции этой ступени изучения относится составление документации следующего порядка: приказы, указания по режиму работы, договоры различных видов. Однако в данном случае необходим дифференцированный подход к обучению. Первый руководитель предприятия, его заместитель, заведующие отделами, главные специалисты, т.е. руководящий состав организаций, является целевой аудиторией для обучения разговорно-деловой речи. Для рядовых сотрудников этот уровень языка не является первой необходимостью по работе, так как им не предстоит выступать с докладами на казахском языке, разрабатывать проекты, вести переговоры и т.д. При самом оптимистичном раскладе все сотрудники организаций должны владеть разговорно-профессиональной речью, однако 60-70% является также весьма высоким показателем. А разговорно-деловая речь необходима лишь для 5-10% персонала организаций.

4-й уровень – разговорно-художественная речь, самый сложный уровень обучения. Если 3-5% из всего числа обучающихся казахскому языку овладеют четвертым уровнем, то это будет очень высоким показателем. Этот уровень необходим для чтения на казахском языке, например, романа «Путь Абая» или газеты «Егемен Қазақстан».

На нашей родине, знание нескольких иностранных языков является неким сверхъестественным явлением, к сожалению. Введенная, в Казахстане программа трёхязычия, преподнесёт для нас что-то новое, и это новое поможет каждому вырасти. Как говорили мудрецы древности, сколько ты знаешь языков – столько раз ты человек!

И напоследок, язык неотъемлемый механизм страны, это её душа. И долг каждого человека сохранить свой родной язык и свято относиться к нему. Но при этом никогда не забывать, что к каждому языку надо относиться уважительно. Каждый педагог и руководитель образовательного учреждения должен стараться направлять подрастающее поколение в это русло.

Список литературы:

1. Указ Президента Республики Казахстан № 110 от 29 июня 2011 года Государственной программе развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011–2020 годы.
2. Кайдарова А.Д. «Опыт формирования содержания педагогического образования в зарубежных странах и Казахстане: сравнительный анализ.» Алматы, Журнал «Білім - Образование.» Изд-во «Комплекс», 2006.
3. Выступление Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева на XIII сессии Ассамблеи народа Казахстана – Номад, Казахстан. 20 августа 2007 года.
4. Пять проблем в изучении казахского языка: от мотивации до политики. Источник: Сайт журнала Власть.
5. Казахский язык: обучение без грамматики.
6. <http://dknews.kz/kazakhskijj-yazyk-obuchenie-bez-grammatiki.htm>

Аннотация: Бұл мақала Қазақстандағы үштілдік мәселелеріне арналған, үш тілді меңгеруге бағытталған түрлі әдіс – тәсілдер суреттеледі.

Annotation: The article is dedicated to problems of three languages in Kazakhstan, it describes different methods on the study by three languages.

ПЕДАГОГИКА, ЭТНОПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ, ДЕФЕКТОЛОГИЯ

ӘОЖ 37.013:908

ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫНДА ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

С. Абильдина

Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.

Дүниежүзілік қауымдастықтың қазіргі кезеңдегі дамуында адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы экологиялық мәселелерді шешу жолын іздестіруді талап етеді. Адамзаттың жаһандық дағдарысы жер шарының экологиялық үйлесімділігінің жеке бөліктері болып табылатын аймақтық деңгейдегі мәселелерден туып отыр. Бұл жағдайда антропогенді өркениеттің қоршаған табиғи ортамен тиімді арақатынасын ұйымдастыруға бағытталған барлық әлеуметтік институттарын жұмылдыру қажет.

Ел Президенті «Қазақстан – 2050» бағдарламасында табиғат жағдайының қиын кезеңде тұрғанын нақты атап өтіп: «...экологиялық нашар ахуал бүгінде адам өлімінің жиырма пайызына себеп болып отыр. Қоршаған ортаны ластаушыларға берік тосқауыл қойылу қажет», - деген болатын. Бұл мәселенің тиімді шешілуі мектепте оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру арқылы олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру барысында мүмкін болатыны анық. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «...білім беру жүйесі міндеттерінің бірі ретінде белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру» атап көрсетілген. Осы тұрғыдан келгенде, үздіксіз білім беру жүйесінің базалық буыны болып саналатын жалпы орта білім беру мектептерінің оқушыларына саналы тәртіп пен сапалы білім беріп, туған жерінің табиғатын қорғайтын мәдениетті тұлға етіп қалыптастырудағы атқарар рөлі зор екені даусыз. Қазіргі таңдағы қоғамның саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуындағы жаңару процестері өткен тарихымыз бен мәдени мұраларымызды қайта қарауды, рухани құндылықтарымызды саралап, оны мектептің оқу-тәрбие процесіне ендіру арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға қолайлы жағдайлар жасалып отыр. Экологиялық мәдениетті халық педагогикасы арқылы қалыптастыруда өлкетану жұмыстарының мүмкіндіктері мол.

Өлкетану жұмыстары оқушылардың қоршаған табиғи құбылыстары мен заттары туралы, олардың өзара байланыс заңдылықтары туралы түсініктерін қалыптастыруға көмектесіп, өмірге деген қызығушылықтарын арттырады. Өлкетану материалдары қоршаған ортаға тікелей бақылау жасауға мүмкіндік береді. Ол туған өлке табиғатын, оның байлықтарын, даму заңдылықтарын, жергілікті жердің халқы мен шаруашылық түрлерін және олардың байланыстарын ұғынуға көмектеседі. Оқу-тәрбие процесінде халық педагогикасының құралдарын өлкетану жұмысында пайдалану арқылы оқушылар тек нақты білім мен ұғымды меңгеріп қана қоймай, дүниенің біртұтастығы мен әртүрлілігі, дамудың үздіксіздігі, өзара байланыс пен әрекеттестік, дүниенің нақты заттар мен құбылыстардан тұратындығын танып, олардың дүниетанымдық көзқарастары кеңейеді. Өскелең ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыра отырып, жаңа заманның көкірегі ояу, ұлттық сана-сезімі жоғары саналы азаматын тәрбиелеу ұзақ әрі күрделі процес болып табылады. Сондықтан бұл мәселе бүгінгі таңда өткір қойылып, өз шешімін табуы қажет етіп отыр. Аталмыш мәселені шешуде көптеген ғалымдар өз үлестерін қосқан. Қазақ халқының біртуар данышпандары А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Уалиханов, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов т.б еңбектерінде табиғат пен адам өмірінің тіршілігін ажырамайтын, бөліп қарастыруға келмейтін біртұтас дүние ретінде қарастырған. Экологиялық мәдениет дүниежүзілік мәдениеттің маңызды кезеңі және құрамды бөлігі деп қарастырылады және экологиялық қауіпсіздікті болжау, айнала қоршаған табиғи ортаны қорғау мен жақсартуды қамтамасыз ету қажеттілігін түсінумен тығыз байланысты. Экологиялық мәдениет адамның тіршілік әрекетінің рухани-адамгершілік саласы ретінде оның табиғатпен өзара әрекетінің ерекшелігін сипаттайды және экологиялық сана, экологиялық қарым-қатынастар, экологиялық іс-әрекеттер элементтерінің өзара байланыс жүйесін қамтиды. Экологиялық мәдениет ұғымы педагогика саласында экологиялық білім беру мен тәрбиелеу мәселесіне айналады.

Бұл педагогикалық мәселеге тұлғалық тұғырына сәйкес адамды табиғаттың ажырамас бөлігі, жер бетіндегі материалдық және рухани мәдениеттің, тарихи процестің дамуының субъектісі ретінде қарастыруды талап етеді. Сонымен қатар тұлғаның экологиялық мәдениетінің қалыптасуы оның жергілікті, аймақтық, ұлттық, ғаламшарлық экологиялық байланыстар жүйесіндегі әрекетіне тәуелді болғандықтан, халық педагогикасының құралдарын пайдаланудың қажеттігін туғызады. Халық педагогикасының құралдары туған жерін, туған тілін, туған мәдениетін, туған тарихын біліп және құрметтейтін, өзара қатынас жасай білетін, өзін-өзі жетілдіру арқылы өмірлік мақсаттарына жете алатын, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды қастерлейтін, жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қоғам талаптарымен үйлестіре білетін тұлғаны қалыптастыруға бағытталғандықтан, өлкетану мәселесін көтереді. Олай болса, қазақ халық педагогикасы құралдары арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы өлкетану жұмыстарын ғылыми тұрғыдан қарастырып, ұйымдастыру жолдарын зерттеуге баса назар аударуды талап етеді. Жоғарыда айтылғандар қазақ халық педагогикасы құралдары арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда өлкетану жұмыстарының төмендегі ерекшеліктерін анықтауға негіз болды:

біріншіден, халық педагогикасы құралдары арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда өлкетану жұмыстары жетекші фактор болып табылады;

екіншіден, өлкетану жұмыстары экологиялық мәдениетті қалыптастыруда жаратылыстану пәндерімен, әсіресе экология және географиямен тығыз байланыстылығымен ерекшеленеді;

үшіншіден, өлкетану жұмыстарының ерекшелігі топонимика, ономастика сияқты ғылымдардың, білімдердің өзгешеліктерімен анықталады;

төртіншіден, аталмыш жұмыстардың келесі ерекшелігі тарихи мәліметтермен тығыз байланыста болғандықтан, тарих ғылымдары және тарих оқу пәнінің негізгі ұстанымдары, әдістері, құралдарымен сипатталады;

бесіншіден, өлкетанудың тағы бір ерекшелігі сыныптан тыс уақытта танымжорық, оқу-танымдық соқпақ, саяхат, экспедициялар сияқты жұмыс түрлерін ұйымдастырылуымен байланысады;

алтыншыдан, өлкетану жұмыстары экологиялық ақпараттарды жинау барысында мектеп оқушылары өзінің тұрғылықты жерінің жағдайы, жергілікті тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі, олардың табиғатпен бұрынғы және қазіргі қарым-қатынастары бойынша әр түрлі дерек көздерін, мұрағат қорларын, мұражай материалдарын қолданумен ерекшеленеді;

жетіншіден, өлкетану жұмыстары оқушыларды алған теориялық білімдерін практикада қолдануға нақты мүмкіндік беріп, туған жеріне, отанына деген сүйіспеншілігін арттыруға, ұлттық құндылықтарға баулуға бағытталған өзіндік ерекшелігі бар оқу-тәрбие процесіне айналады.

Адамзаттық мәселе болып табылатын экологиялық мәселелер жаһанданушылық, аймақтық, ұлттық, мемлекеттік, локалды және жеке деңгейлерде қарастырылады. Өлкетану жұмыстарының түрі, әдістері мен құралдары пайдалану эмпирикалық жүйеде жасалады. Тұлғаның жерді ортақ мекен, Қазақстанды ортақ Отан есебінде жақсы көру сезімі секілді қасиеттерін айқындайды. Бұл ерекшеліктер экологиялық мәдениет кірістірілген тұлғалық білім ретінде мынадай міндетті компоненттерді қамтиды деген тұжырымға келуге негіз болды:

танымдық компоненті жаратылыс пәндері бойынша теориялық білімдері берік, әрі терең қабылдаудағы, қосымша білімдер арқылы өлкетану білімінің жүйелі түрде қалыптасуындағы, халықтың рационалды және иррационалды білімдері бойынша түсініктерін меңгерудегі тұлғаның мүмкіндіктерін жүзеге асырады;


эмоционалды компоненті экологиялық білімдерге қызығушылығы және қажетсінуімен, өлкетану жұмыстарының маңыздылығын мойындауымен, туған жерінің табиғатына, сұлулығына тамсанып сезінуі және оны аялай алуымен анықталады;

мінез-құлықтық компоненті қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану саласындағы құнды әлеуметтік, халықтық тәжірибені пайдалану бойынша нақты әрекеттермен сипатталады, сонымен қатар өлкетану ізденіс жұмыстарына дағдылануымен, олардың белсенділігін ынталандырылуымен, қауіпсіз қоршаған ортаны қорғау және қайта жасауымен, табиғаттың байлықтарын тиімді пайдалануымен қамтамасыз етеді.

Көрсетілген үш компонентті алғанымыздың себебі тұлға бойында белгілі бір мәдениетке баулуының нәтижесі ретінде қарастырылатын сәйкестіліктің қалыптасқанын білдіреді. Олай болса, кез келген сәйкестілік (мәдени, әлеуметтік, гендерлік, кәсіби, этностық, этностық-мәдени т.б.) өз құрамына аталған үш компонентті енгізеді. Өлкетану жұмыстарында қазақ халық педагогикасының құралдары арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру процесін мүмкіндігінше толық қарастыру үшін оның негізгі нәтижесін анықтау қажет. Сондықтан өлкетану жұмыстарында

қазақ халық педагогикасының құралдары арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың моделін жасамастан бұрын, оның нәтижесі болып табылатын экологиялық мәдениеті қалыптасқан тұлғаның бейнесін болжамдадық.

Осыған орай, оқушылардың жас және дербес ерекшеліктеріне сүйеніп, интеллектуалдық, сезімдік, эстетикалық, адамгершілік және еңбек дамуын қозғайтын сапалық өзгерістер, сонымен бірге сыртқы ортамен өзара әрекетінің көріну деңгейі басшылыққа алынып оқушылардың экологиялық мәдениетінің қалыптасуының өлшемдері мен көрсеткіштері айқындалды. Сонымен, оқу процесінде және сыныптан тыс жұмыстарда өлкетану жұмыстарына қойылатын талаптар: мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес лайықты материалды іріктеуі; өлкетану материалдарының тақырыптың мазмұнымен үндесуі; туған өлкенің табиғи ерекшеліктерін сипаттайтын мәліметтердің жаратылыстану пәнінің бағдарламасына сәйкестігі; өлкетану материалдарының мазмұнының оқушылардың жалпы даму деңгейлеріне сәйкестігі; олардың танымдық қызығушыларын дамытуға ықпалын тигізуі; өлкетану материалдарының оқушылардың табиғатты қорғауға, байлықтарын тиімді пайдалануға ықпал етуі тиіс. Дегенмен ұсынылып отырған мәселе өте күрделі мәселе болғандықтан, біздің зерттеу іс - әрекетіміздегі өлкетану жұмыстарында қазақ халық педагогикасының құралдары арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың көп қырлы тұстарын шештік деп айта алмаймыз. Келешекте бұл мәселе өз жалғасын экологиялық тәрбиеде өлкетану жұмыстарын ұйымдастырудың сабақтастық принципі жүзеге асыру жолдарын іздестіруде, өлкетану жұмыстарында пәнаралық және пәнішілік байланыстардың маңызын анықтауда болашақ ғалымның еншісінде табылуы мүмкін деп ойлаймыз.



1 - сурет

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Сыныптан тыс экологиялық өлкетану жұмыстары. Оқу- әдістемелік құрал. - Қарағанды, 2007.
- 2.Өлкетану жұмыстары арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру //«Қазақстан Республикасында Білі беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мазмұнының іске асырудың теориялық және практикалық мәселелері».
- 3.Экологиялық өлкетануда қазақ этнопедагогикасы құралдары арқылы оқушыларды тәрбиелеу // «Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы». - 2010. -№ 2.

Аннотация. Для современного этапа развития мирового сообщества характерен поиск решения экологических проблем, обусловленных нарушением равновесия между природой и человеком. Глобальный кризис человечества вызван проблемами локального уровня, которые являются отдельными звеньями экологической дисгармонии на планете. В этих условиях необходима мобилизация всех социальных институтов по организации рациональных взаимоотношений антропогенной цивилизации с окружающей природой. Экологические проблемы и поиски путей выхода из кризиса стали приоритетным направлением в долгосрочной Программе Президента Республики Казахстан Назарбаева Н.А. «Стратегия – 2050» и ряда официальных документов по проблемам воспитания и обучения.

Annotation. For the modern stage of developing world association the pursuit of solving the problems is significant caused by ecologic cataclysm, infringement of balance between the nature and man. Global crisis of the humanity caused by the problems of local level, which are the certain links of ecologic disharmony on the planet. In this situation it is necessary to mobilize all the social institutions in organizing rational interrelation of anthropological civilization and environment. Ecological problems and pursuits of some ways to the alternative from the crisis became prior direction in the long-term Programme of the President of the RK, Nazarbaev N.A., called «Strategy 2050» and official documents devoted to the problems of upbringing and education

ӘОЖ 371214 М 86

12 ЖЫЛДЫҚ МЕКТЕП МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ

Р. Айтбаева, М. Мустафина

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту мәселелерінің негізгі мақсаты – білім беру жүйесінің барлық деңгейінде қоғамның талаптарына сәйкес келетін білімді, кәсіби біліктілігі жоғары, бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелейтін білім негізін қалыптастыру. Білім берудің адамға, жеке тұлғаға қарай бағытталуы, білім мазмұнының демократиялылығы, заман талабына сай білім беру мен ұлттық тәрбие үрдісінің гуманистік сипаты – 12 жылдық білім берудің әдіснамалық негізі ретінде қызмет ете алады. Білім беруде үйренушінің дербес мүмкіндіктері, жас және жеке ерекшеліктері ескерілуі қажет. Оқушының жеке тұлға ретінде дамуы, өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кенеюі мектеп қабырғасынан басталып арнайы орта және жоғары оқу орындарында жалғаса түседі. Сондықтан да, 12 жылдық білім беретін мектептегі үрдіс жеке тұлғаға бағдарланған оқыту ұстанымына негізделіп, оқушының жеке ерекшеліктеріне қарай қоғамдағы өзгерістерге лайық даму мүмкіндігін айқындауды қажет етеді. Яғни 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу-әлемдік білім кеңістігіне еркін енуі көздейтін заман талабынан туындап отырған мәселе. Қоғамның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Еліміз оқытудың «Нәтижеге бағытталған білім беру» моделіне көшті. Ал, нәтижеге бағытталған білім беру дегеніміз-жеке тұлғаның құзырлығын қалыптастыру. Білім берудің басты мақсаты – білімге, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде лайықты ақпаратты өзі табу, талдау және оны пайдалану, сөйтіп қарқынды дамып жатқан заманға лайықты өмір сүру болып табылады.

Бәсекеге қабілетті білім беру кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасы бағыттарының біріне жалпы орта білім берудің жоғары сатысына бағдарлы оқытудың енгізілуі жатады. Осы білім стандартына сәйкес 2006-2008 жылдан бастап Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептердің жоғары сатысында бағдарлы оқыту енгізіле бастады. Бағдарлы оқыту – жоғары сынып оқушыларының мүдделерін, икемділіктерін, қабілеттерін, кәсіптік мүдделерін, оқуды жалғастыру ниетін ескере отырып білім беру үшін оқу процесін ұйымдастырғанда құрылымдық, мазмұндық өзгерістер жасай отырып, оқытуды ажыратымдау және индивидуалдандыру құралы болып табылады. Бағдарлы білім арқылы тұлғалық бағдарлы оқу процесі жүзеге асырылады. Бағдарлы білім беру арқылы оқушының жеке, индивидуалды білім алу көкжиегі маңыз аларлықтай кеңейеді.

Бүгінгі ұрпаққа әлемдік білім беру стандартына сәйкес жаңаша білім беруімізді өркендетті дамудың өзі талап етіп отыр. Сондықтан да бүгінгі таңда жалпы 12 жылдық білім беру жүйесіне

көшумен жеке тұлғаның бойында мәдени, рухани құндылық қасиеттерін қалыптастыра оқытумен қоса тәрбие де аса маңызды орын алады. Жеке тұлғаның бойында мәдени құндылық қасиеттерін қалыптастыруда оқыту мен тәрбиенің теориясы мен практикасын ұштастыра отырып жүргізу қамтамасыз етілуі керек. Оны жүзеге асыру арқылы білім беру жүйесі жалпы әлемдік білім аймағына ене алады. Осындай деңгейде болу ұрпағымыздың жер шарының кез-келген жеріне барып қалаған мамандығын игеруіне мүмкіндік береді.

Еліміздегі жаңа білім беру реформасы 12 жылдық білім беруге көшу арқылы шығармашылықпен дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа ұлттық үлгіні жасауды, “жалпыға арналған білімнен”, “білім әркімге өмір бойы” үлгісіне көшуді және әлемдік білім беру кеңістігіне жедел енуді қамтамасыз етуді мақсат етеді. 12 жылдық мектептің басты ерекшелігі – баланың жан-жақты дамуына, өз пікірі мен ойын ашық жеткізуіне, әр адамға табиғатынан берілген шығармашылық әлеуетін толық іске асыруына ықпал ететін, өзін-өзі танып, келешегін айқындауға саналы түрде дайын болуға, қоғамның экономикалық, мәдени, саяси, өміріне белсенді араласуға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық институт ретінде қалыптасуында болып отыр.

12 жылдық білім берудің негізі - адамның жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыру болып табылады. Адам тұлға болып тумайды, ол өмір сүру барысында тәрбие арқылы қалыптасады. Тұлғалық туралы адам өзін-өзі танып, өз өмірін өзі жасай бастағанда сөз ету керек. ХХІ ғасыр тың идеялар мен жасампаз жаңалықтардың дәуірі. Оған лайық болу- қазіргі жаһандану процесіндегі кез – келген мемлекеттің негізгі ұстанымы. Ендеше біздің тәуелсіз елімізде өркениетке жетелер жолдың бастауы – білім ордалары десек, оның жүрегі де, тірегі де мұғалімдер қауымы.

Мұғалім ақпараттанушы емес, оқушының жеке тұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушы. 12 жылдық жалпы орта білім беруге көшу мұғалімнен жоғары құзырлықты, ұйымдастырушылықты қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағытын талап етеді.

12 жылдық білім беруге көшу мұғалімді «бұрыннан келе жатқан педагогикалық білім, білік, дағдылық жүйені, яғни шамадан тыс ақпарат беріп және нәтижеге сүйреп, соңында оқушылардың денсаулығының нашарлауына және уақытын жоғалтуына апарып соғатын жүйені өзгертіп», керісінше қалай оқу керек, қалай ойлау керек, кез – келген туындаған міндеттерді шешу үшін әр тұлға пайдалана алатын жаңа технологияларды үйрету айқындамасын қабылдауға бағдарлайды. (Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық жалпы орта білім беру Тұжырымдама жобасынан келтірілген дәйексөздер).

Ең бірінші кезекте мұғалімнің «өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс- әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек. Қазіргі кәсіптік- педагогикалық қызмет қандай мұғалімді талап етеді. Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді.

Ал, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық- ізгілілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс- қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды тандап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз.

Ендігі мәселе үздіксіз кәсіби педагогикалық білім беру жүйесі жағдайында 12 жылдық мектеп мұғалімін даярлауды жетілдіру. 12 жылдыққа көшу орта мектептегі оқу мерзімін ұзарту ғана емес, мұнда білім беру мазмұнын түбегейлі өзгерте отырып, білім сапасын барынша жақсарту мақсаты тұр. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін 12 жылдық мектеп мұғалімдерін кәсіби даярлау қазіргі таңда кезек күттірмейтін мәселе. 12 жылдық мектептің педагогы өзін жоғары деңгейде қалыптастырудың бірнеше күзіреттілігін игеруге міндетті.

Арнайы күзіреттілік – өзінің кәсіби қызметпен жоғары деңгейде айналысатын және өзінің кәсіби дамуын одан әрі жобалай білетін қабілет.

Мұғалім үнемі ізденісте бола отырып, жаңаша оқытудың модульдік, рейтингтік жүйе, дамыта оқыту, сын тұрғысынан ойлау технологияларының әдіс-тәсілдерін өз ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп қолданғаны жөн. Сонымен қатар психологиялық- педагогикалық білімін жетілдіріп үйренумен қатар, сол білімін өз ісінде шебер пайдалана білетін

болуы керек. Оқушының кез-келген сұрағына жауап беруге даяр болуға тиіс.

Әлеуметтік құзіреттілік–бірлескен кәсіптік қызметпен айналысу қабілеті (ұжыммен, топпен), қызмет ету, басқару кәсібінде қабылданған кәсіби қарым – қатынас тәсілдерін қолдана білу. Яғни, мұғалім оқушылармен қарым – қатынаста тактикасын баланың жасы, рухани өсуіне байланысты өзгертіп отыруы керек. Оқушыларды топтық, ұжымдық жұмыстар жасай алуға, соның ішінде жеке тұлғаның дамуына мән беруі керек.

Білім беру құзіреттілігі – білім беру қызметінде кәсіби білімді, білік пен дағдыны, мақсат қоюшылықты игеруге деген қызығушылық және білім беру қызметінде субъектілік пен креативтіліктің дамуына ынталылық, педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті. Әрине, мұғалімдікке кездейсоқ адамдар келмеуі керек. Мұғалім оқушыға қай жағынан болсын өзін-өзі ұстауы, сөйлеуі, жүріс-тұрысы, киім-киісі жағынан болсын үлгісі бола біліп, оқушының жеке адам ретінде қалыптасуына әсер етуі тиіс. Талап қоя білетін, оқу процесін ұйымдастыра алатын мұғалім ғана жоғары нәтижеге қол жеткізе алады. Сонымен, 12 жылдық білім беру жағдайындағы мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі оқушыға таным – бағыттық білім берудегі ең басты міндеті.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.
- 2.Қазақстан Республикасында 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы//Ас. 2004.
- 3.Қазақстан Республикасы 12 жылдық орта жалпы білім берудің жалпыға міндетті стандарты. Нормативтік құжаттар, Астана, 2006.
- 4.К.Құдайбергенова. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі » атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008.
- 5.Кенжебеков Б. Маманның кәсіби құзіреттілік мәселесі. Ұлт тағылымы, № 3 2004 ж.
- 6.Кенжебеков Б. Маманның кәсіби құзіреттілігінің теориялық негізі. Бастауыш мектеп 2006 ж., № 7.

Аннотация. В данной статье рассматриваются пути формирования компетенции учителя и учеников в 12 летней школе. Статья дает возможность правильно выбрать стратегию, тактику и способы обучения направленных на формирование личности.

Annotation.This article considers the ways of formulation of teacher`s and student`s competence in 12 year school. The article allows to choose correct strategies, tactics and methods aimed at formulation of an individual.

ӘОЖ: 37.015.3

Б 20

12 ЖЫЛДЫҚ МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

А.Б. Баймұратова, Қ.И. Мауленова

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Білім инемен құдық қазғандай, деп Ыбырай атамыз айтып кеткендей, білім-қоғамды әлеуметтік-мәдени, ғылыми үрдіспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық.

Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарып отыр. Ұйымдарда бейінді оқытуды ұйымдастыру мен оқушылардың бейімдік қабілетін анықтаудағы психологиялық қызметін құруы да көкейкесті мәселенің бірі болып табылады. Дегенімен, 12 жылдық орта білімге көшу аз уақыт ішінде, жеңіл түрде іске аса қоятын мәселе емес. білім беруді жаңарту-үнемі алға қарай ұмтылу мен дамыту үрдісі, білім беруде кезең-кезеңімен өтетін және алынған нәтижелерге сәйкес түзету енгізіліп, талданатын өзгерістер екені де айдан анық [1].

Сонымен қатар, 12 жылдық мектептің басты ерекшелігі-баланың жан-жақты дамуына, өз пікірі мен ойын ашық жеткізуіне, әр адамға табиғатынан берілген шығармашылық әлеуетін толық іске асыруына ықпал ететін, өзін-өзі танып, келешегін айқындауға саналы түрде дайын болуға, өміріне белсенді араласуға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық институт ретінде қалыптасуында. Осы 12 жылдық мектептің басты ерекшелігін ескере отырып, білім мазмұнын да айқындай аламыз. Білім мазмұнының негізгі өзегі–қарқынды дамып келе жатқан өзгермелі қоғамда

өмір сүруге икемді, жеке басының, сондай-ақ қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мен дамыту болып табылады [2,73-796]. Дегенімен, 12 жылдықтың басты ерекшелігімен негізгі өзегі жас ұрпаққа білім беруде бейіндік оқыту мен тәрбие беру болса, оны психологиялық тұрғыдан қарау әрбір мектептің ең қасиетті міндеті деген көзқарастамын. Осы тұрғыда қарастыратын болсақ бейінді оқыту деп отырғанымыз-білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, оқытуды саралау және даралау процесі, білім беру процесін ұйымдастыру. Ал бейіндік мектеп дегеніміз өз базасында бейіндік оқытуды жүзеге асыратын мектеп болып табылады.

Бейінді оқытудың ең басты ерекшеліктерінің бірі-білім, іскерлік, дағдылар қалыптастырудан құзыреттілік тұрғыға көшу. Бұл дегеніміз-оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталу деген сөз. Ал ол үшін бұрыннан қалыптасқан кәсіби білім беру процесін қайта құрып, мамандар даярлауда осы бағытта жұмыс жасауды талап етеді. Ең басты назар бейінді мектепте жұмыс жасайтын мұғалімді даярлау нені есепке ала отырып жүргізілуі керек және ол мұғалім қандай құзыреттіліктерге ие болуы қажет?-деген сұрақ. Осы сұраққа жауап іздейтін болсақ, біге өзіндік идеялары бар, жаңа оқу бағдарламаларын жасауға және жүргізуге қабілетті, жоғары интеллектуалдық әлеуетке және ғылыми құзырға ие мұғалім қажет. Осындай мақсатқа жетуде 12 жылдық мектепке жана тұрпатты мұғалім дайындауда. Бейіндік оқыту жағдайында педагог әдістемелік даярлығы қалыптасқан, сабақта оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлі әдістерін меңгерген тұлға ретінде қалыптасады. Ол оқушылармен бірге олардың пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында ізденістік-зерттеу жұмыстарын үнемі жүргізуі керек. Бейіндік сыныптардағы мұғалім оқу, ізденістік жұмыстың ұйымдастырушысы, кеңесші болып табылады [3,116].

Бейіндік сыныптарға арналған оқу бағдарламаларын түзу және оқулықтарды әзірлеу кезінде меңгерілетін білім мен біліктіліктердің оқушылардың психикалық дамуымен байланысты екенін түсінудің мәні де үлкен.

Психологиялық тұрғыдан алғанда оқушылардың бейіндік қабілетін анықтап, соның негізінде бейіндік сыныптарда оқыту келесідей көрсеткіштерге қол жеткізуде мүмкіндік береді.

- біріншіден, сыныптағы оқушының барлығы бірдей тереңдетілген пәнді оқуға бұрын міндетті болса, енді белгілі блоктық жүйенің бірін таңдап, бала қалауымен оқуға мүмкіндік алады.

- екіншіден, бейіндік пәндерді таңдау бойынша қабілеті есепке алына оқылатын оқытылғандықтан, мұндағы оқыту үрдісі де тиімді, үйлесімді сапалы болып шығады. Тереңдетіле құрылған бағдарламаны жақсы игеруге мүмкіндік алады, оқыту сапасы артады.

- үшіншіден, тек жақсы оқитын оқушылар ғана емес оқу қабілеті орта оқушылар да өз мүмкіндігіне қарай белгілі бір мамандықтың біріне бейімделе оқытылады.

- төртіншіден, мұндай қалаумен топты оқыту мұғалім еңбегіне жеңілдік береді, әрі оқушының қызығушылығы ескеріліп, оның бейімділігі арта түседі. Сөйтіп болашақта жоғары оқу орынында оқуға мүмкіндігі бола бермейтін шәкірттерге сұранысқа ие алғашқы кәсіптік білім беру қолға алынады. Оқушының өмірден өз орынын таба аларлық мүмкіндікке ие болуының әлеуметтік мәні бар екені көрінеді [4,117-1196]. Ал осы психологиялық қызмет дегеп отырғанымыз-адамдарға мамандандырылған деңгейде психологиялық көмек көрсету үшін мекемелер мен ұйымдарда құрылған арнайы қызмет жүйесі. Психологтың мүмкіндіктері — клиенттің өтініші бойынша мәселелердің іс жүзінде шешуге психолог-кеңесшінің қабілетті не қабілетсіздік мүмкіндіктерінің тізімі болып отыр.

12 жылдық білім беруді эксперименттен өткізудегі психологиялық қызмет мына мақсаттар мен міндеттерге жіктеледі:

- Баланың дамуына психологиялық жағдай жасап, жеке және интеллектуалдық дамуына әр жастың кезеңіне тән көмек көрсету арқылы, олардың өзін - өзі оқытуға, тәрбиелеуге, дамуына жағдай туғызып, қалыптастыру;

- Оқушылардың жеке тұлғасын, интеллектуалды, шығармашылық қабілеттерін дамыту, бақылау, бағыттау;

- Оқушылардың психологиялық денсаулықтарын және сыныптағы оқушылардың әлеуметтік - психологиялық жағдайларын ескеру [5].

Осы жүктелген міндеттерді орындау барысында 12 жылдық білім беру үрдісінде психологиялық қызметтің негізгі бес бағытын бөліп қарастыруға болады:

1.Психопрофилактика, жұмыстың мақсаты: тұлғаның психикалық дамуындағы ықтимал болатын кемшіліктерін алдын-алу болса, психолог-педагог бұл тұрғыда ата-аналары мен топ жетекшілерімен бірлесе отырып жеке жұмыс жүргізуді талап ететін оқушылармен қарым-қатынаста болады.

2. Психодиагностика, мақсаты: тұлғаның жекелік және жасына байланысты ерекшеліктері мен тұлға аралық қарым –қатынасты зерттеу, сондай-ақ оқушының болашақ мамандығына қатысты бейімділігін, қызығушылығын, қабілетін анықтау.

3. Психокоррекция бағытының мақсаты: Оқушының психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқушылықтарды түзету, жалпы оқу біліктілігі мен дағдыларын дамыту жұмыстарын жүргізу.

4. Психологиялық кеңес беру (консультация) мақсаты: ата-аналарға баласының болашақ мамандығына қатысты туындаған мәселелерге және де оқушының өтпелі кезеңдегі қиыншылықтарын шешуге көмек беру.

5. Психологиялық ағарту және білім мақсаты: мұғалімдердің, ата-аналардың, оқушылардың психологиялық мәдениеті мен білімін көтеру және қалыптастыру. Жаңа білім беру үрдісіне негізделген кейбір мектептерде арнайы бағдарлама бойынша тәжірибелік жұмыстар жүргізілуде [6,96]. Онда психологиялық қызмет осы бағыттар жүйесімен ұйымдасытырылып, маңызды істер атқарылуда. 12 жылдық білім беруге көшуде психологиялық қызмет өте қажет екені қазірден байқалуда. Осы сөзімнің дәлелі ретінде Энштейннің ХХІ ғасыр-психология ғасыры болмақ деп айтқан болжамы дәлме-дәл келуде.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2010.
2. Құтпанбаев Ә «Он екі жылдық білімнің қажеттілігі»/Ұлт Тағлымы-2001,73-79б
3. С.А.Қыпшақов, И.С.Өтебаев, Ә.И.Сыздықова «Кәсіби оқыту педагогтарын бейіндік мектепте кәсіпкерлік іс-әрекет негіздерін оқытуға даярлау». № 1(61)\2011.11б
4. Айсмонтас Б.Б. Педагогическая психология. -москва, 2002. -117-119б.
5. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. — Алматы: "Сөздік-Словарь", 2006. - 384 бет.
6. <http://e-sabak.kz>/12 жылдық білім беру және оқу - тәрбие үрдісінде психологиялық қызметті ұйымдастыру жолдары. Ақшолақова Г.М.

Аннотация. В статье рассматриваются особенности 12-летнего образования и психологической службы в профильных классах.

Annotation. In article features of 12 years' education and psychological service in profile classes are considered.

УДК 74.58:21

Б. 45

ВОПРОСЫ ПОДГОТОВКИ МОЛОДЁЖИ К СОЗДАНИЮ СЕМЬИ

К.Д. Бибазарова, Ш.М. Тойганбекова

Колледж «Білім», Таразский государственный педагогический институт, г. Тараз

Современные проблемы трансформации и модернизации казахстанского общества и обеспечения его устойчивого развития приводят к необходимости изучения и восприятия человеком семьи как формы личной и социальной ценности. В результате анализа философских, психолого-педагогических, социальных и других гуманитарных научных исследований, которые и выступают в качестве теоретических основ формирования ценности семьи у молодежи, выделены методологические направления к определению сущности и содержания понятия «семья», которые были выявлены в следующих подходах: интегративном, функциональном, системно-структурном, деятельностном, социологическом, ценностном. Анализ вышеперечисленных научных подходов позволил выделить наиболее подходящий для раскрытия семейной проблематики подход - ценностный. Суть его заключается в том, чтобы рассматривать семью как ценность, выработанную человечеством, осознать реальную достижимость этой ценности уже сегодня и предвидеть ее дальнейшее становление в качестве составляющей прогресса. Рассматривая семью как социальный институт, малую социальную группу, социальную организацию нами акцентируется внимание на таких ее сущностных характеристиках, как: 1) типология семьи; альтернативные формы; 2) количественный состав. По количеству поколений: сложная (расширенная) и простая семья; 3) ролевая структура (организатор быта, хозяйин/хозяйка, воспитатель детей, роль кормильца); которые определяют ее функции (репродуктивная, воспитательная, хозяйственно-бытовая, экономическая,

сфера первичного социального контроля, сфера духовного общения, социально-статусная, досуговая, эмоциональная. В результате проведенного теоретического анализа можно констатировать актуализацию ценности семьи в казахстанском обществе, повышения ее роли в устойчивом развитии общества в целом. Кризис семьи является ценностным кризисом, кризисом ценностей семейного образа жизни. В связи с этим, немаловажно отметить, что причины такой тенденции лежат не только в социально-экономической, но и в психолого-педагогической сфере, формирующей ценностно-функциональные установки личности подрастающего человека в создании собственной семьи. Анализ типов и функций семьи позволяет говорить о ней как о социально-педагогическом явлении. Таким образом, «ценность семьи» рассматривается как многозначное понятие, включающее общий принцип относительно моделей поведения человека в рамках определенной культуры или общества, посредством процесса социализации, базирующееся на убеждениях индивида в том, что семья является актуальной значимостью, смыслом и эталоном в его жизни.

Процесс воспитания, осуществляемый в организациях образования, тесно связан с реализацией целого ряда задач, важнейшей из которых является передача молодежи социального опыта и богатства духовной культуры предшествующих поколений. Источником и проводником вышеобозначенных идей является семья. Семья была и остаётся одной из важнейших ценностей, созданных человеческой цивилизацией. Ни одна нация, ни одна культура не сумели обойтись без семьи. Практика выработала понятие «семейной жизни», включив в него отношения в зарегистрированном браке, отношения между родителями и детьми, мужем и женой, сёстрами и братьями и т.д. Многие международные документы, в частности Европейская конвенция о защите прав человека и основных свобод, в статье 8, провозглашают право человека на уважение его семейной жизни, что ещё раз подчёркивает роль семьи в жизни общества. Чтобы семья была крепкой и надёжной необходимо готовить молодёжь к семейной жизни.

В настоящее время в казахстанском обществе сложилась ситуация, которую можно охарактеризовать как состояние определенного идейно-мировоззренческого вакуума, когда одни социальные ценности и идеалы уже в прошлом, а другие еще не сформировались. В сложившихся обстоятельствах особую остроту и актуальность сегодня приобретает изучение изменений, происходящих в сознании современной молодежи. Определено, что большой интерес для общества и практическое значение представляет отношение современной молодежи к браку и семье. Проблема ценности семьи сегодня стоит очень остро, потому, что в настоящее время происходит переоценка жизненных ценностей, ломаются стереотипы в сознании людей. Можно выделить несколько факторов, которые оказывают непосредственное влияние на формирование ценности семьи и брака: микрофакторы, влияние ближайшего семейного окружения человека, а также референтных групп сверстников; мезофакторы: деятельность различных образовательных и культурных учреждений, занимающихся проблемами оптимизации семьи и, в целом, обучением и воспитанием личности; макрофакторы: матримониальные традиции и инновации страны, этноса, общества, государства, которые влияют на развитие социокультурной сущности человека - семьянина.

Современная казахстанская молодежь как социальная группа неоднородна по своему составу. Особое положение в структуре молодежи занимает студенчество, которое, являясь составной частью молодежи, представляет собой специфическую социальную группу, характеризующуюся особыми условиями жизни, труда и быта, социальным поведением и психологией, системой ценностных ориентаций. Студенческие годы - это не только время для получения высшего образования, но и благоприятная пора для создания семьи по многим причинам. Широкие возможности выбора брачного партнера (особенно в вузах, где сбалансированная половая структура), общность многих жизненных целей, схожесть ценностных ориентаций, оптимальный возраст супругов для рождения ребенка - все эти факторы способствуют образованию потенциально устойчивых и перспективных семей. Исследования Т.А.Курманкулова, Т. Г. Пospelовой обнаруживают высокую ориентацию значительной части первокурсников на брак в студенческие годы, которая сохраняется в процессе всего обучения.

Проблемы семьи, подготовки молодежи к семейной жизни нашли отражение в трудах учёных прошлого и настоящего. Так, к примеру, А.С.Макаренко считал, что прочность государства, его внутренняя и внешняя политика всецело находятся в руках подрастающего поколения, ум, мировоззрение и нравственность которого формируются в значительной мере в семье. Следовательно, забота о воспитании будущего гражданина и семьянина – основа семейного воспитания. А.С.Макаренко считал, что повседневная работа родителей над совершенствованием своих знаний в области семейного воспитания является одним из важнейших условий расширения педагогического кругозора, усиления воспитательного воздействия на детей. Вместе с тем

необходима постоянная помощь в вопросах семейного воспитания со стороны учителей. Перед школой встаёт важнейшая её обязанность – активно учить родителей, в том числе и будущих – искусству воспитания. Азбука воспитания, раскрывающаяся в системе А.С.Макаренко, должна пройти через школу, через всех учителей до родителей. От родителей требуется не парниковое изолированное воспитание, а постоянный корректив, который составляет сущность истинной воспитательной работы, а именно организация семьи, организация жизни детей. По глубокому убеждению А.С.Макаренко для правильного воспитания необходимо требование к самим родителям. Основой родительского авторитета, который самым непосредственным образом влияет на подготовку молодёжи к семейной жизни, А.С.Макаренко считал поведение родителей, всю их жизнь, работу, мысли, привычки, чувства, стремления. Родители сами должны жить полной, сознательной, нравственной жизнью.

В.А.Сухомлинский также верил в педагогические возможности семьи, в педагогический талант родителей, обуславливая тем самым необходимость подготовки молодёжи к семейной жизни. Он утверждал, что школой сердечности всегда была, есть и будет семья. Павлышский педагог заботился, чтобы школьники были у себя дома чуткими сыновьями и дочерьми, чтобы самым дорогим в мире человеком была родная мать. Он отмечал, что настоящая воспитанность проявляется в том, что ребёнка тянет побыть с матерью, взять на себя часть её забот. В своём опыте семейного воспитания и подготовки молодёжи к семейной жизни В.А.Сухомлинский опирался и на народную педагогику. В народной педагогике он черпал воодушевление, свои научные силы. Школа, считал он – «колыбель народа», «народный опыт воспитания», «важнейший центр духовной жизни народа». Призвание школы в цивилизованном обществе - не только учить и воспитывать детей, но и формировать историческую общность, имя которой – народ. В.А.Сухомлинский глубоко понимал, что идеи народной педагогики – это идейно-нравственные ступени, аккумулирующие в себе тысячелетний опыт народа, его духовные ценности. Девиз педагога - постоянно укреплять единство научной и семейной педагогики. Вопросы подготовки молодёжи к семейной жизни нашли отражение и в педагогике кыргызского народа. Их носителями и проводниками были акыны-просветители. Возьмём, к примеру, творчество Токтогула Сатылганова. В своих трудах он затрагивал многие проблемы воспитания подрастающего поколения, в том числе и вопросы семейной педагогики. Говорил о роли женщины в семье, о её предназначении, о том, что семья должна строиться на взаимной любви, («Акбары»). Кыргызский поэт и просветитель Тоголок Молдо также придавал большое значение подготовке молодёжи к жизни, в том числе и семейной. При этом Тоголок Молдо большую роль отводил школе. Акын считал, что не только юноши, но и девушки должны учиться, потому что только образованная мать лучше воспитывает своих детей («Состязание девочки Талым и мальчика Койбеш»). За рубежом вопросы подготовки молодёжи к семейной жизни и воспитанию детей рассматривались в трудах Э.Фромма. Утверждая, что именно любовь цементирует семейную жизнь, Э.Фромм считал, что любовь – это единственный правильный ответ на вопрос о проблеме существования человека. Далее он говорит, что большая часть людей не способна развить её до адекватного уровня возмужания, самопознания и решимости. Любовь вообще – это искусство, требующее опыта и умения концентрироваться, интуиции и понимания. Причиной того, что многие не признают этой необходимости, являются, по мнению Э.Фромма, следующие обстоятельства:

- большая часть людей смотрит на любовь с позиции «как быть любимым», а не «как любить»
- существует представление, что проблема в самой любви, а не в способности любить;
- смешиваются понятия «влюблённость» и «состояние любви», в результате чего доминирует представление о том, что нет ничего легче любви, в то время как на практике это совсем иначе.

По Э.Фромму – это активная заинтересованность в жизни и развитии того, к кому мы испытываем это чувство.

Интересно и понимание Э.Фроммом видов любви, которые он называет «объектами»: братская любовь, материнская любовь, эротическая любовь, любовь к себе и любовь к Богу. Под братской любовью Фромм понимает любовь между равными, которая основывается на чувстве, что все мы одно целое. Материнская любовь – это любовь родительская к беспомощному существу. Эротическая любовь – это то, что мы часто подразумеваем под словом «любовь». О любви к себе Э.Фромм говорит как о чувстве, не испытывая которого невозможно любить кого-либо другого. Абсолютно полная всеохватная любовь органически включает в себя все эти виды. Это любовь к Богу. Но, как отмечает Фромм, наиболее соблазнительным и, как это ни парадоксально, наиболее недоступным чувством является то, которое он назвал эротической любовью. Это любовь двух взрослых людей друг к другу, любовь, жаждущая единства с любимым человеком. Она по своей природе

исключительна, а не всеобща. Она лежит в основе семейных отношений, и это необходимо учитывать при подготовке молодёжи к семейной жизни./4/.

В трудах Ш.А. Амонашвили нравственная подготовка учащихся к семейной жизни раскрывается как составная часть целостной жизни детей и взрослых, включающей разностороннюю деятельность учащихся - их учение, труд, общение, общественную работу, занятия искусством и др. Эта деятельность строится на началах гуманности, сотрудничества, развития природных творческих сил и способностей. Формирование личности Благородного Человека как цель воспитания, по Ш.А. Амонашвили, с необходимостью включает подготовку личности достойного семьянина и истинного гражданина-патриота. В этих вопросах он развивает соответствующие идеи П.П. Блонского и А.С. Макаренко. Семья, школа, детские и юношеские коллективы представляют собой определенные этапы постоянно развивающейся жизни ученика, в процессе которой осуществляется духовное восхождение будущего семьянина и гражданина. Через собственную жизнь ребенок входит в жизнь общества и готовится стать семьянином. Фундаментом, на котором зиждется духовно-нравственный облик личности будущего семьянина, Ш.А. Амонашвили считает удовлетворение заложенных в ребенке природой трех страстей: страсти к развитию, страсти к взрослению, страсти к свободе. Педагогическая мудрость и педагогическое мастерство родителей, учителей заключается в том, чтобы направить развитие природных сил и способностей детей, помогать им утверждаться как личности, искать в себе свою жизненную задачу, в том числе готовиться к выполнению роли мужа (отца), жены (матери). Действенными источниками и факторами воспитания у учащихся духовно-нравственной готовности к вступлению в брак и созданию здоровой и прочной семьи в концепции Ш.А. Амонашвили рассматриваются духовная общность родителей и детей, образ жизни семьи, гражданственность, целомудрие в отношении детей и родителей, материнская и отцовская любовь, нежность, тепло и ласка по отношению к детям, постоянное общение с детьми, сотрудничество с ними, половое просвещение детей, самовоспитание, умение «преодолевать себя». Вслед за П.П. Блонским и А.С. Макаренко педагог делает акцент на то, что становлению в ребенке будущего семьянина - Благородного Человека способствует выработка личностных качеств, направляющих воспитанника на путь служения Добру, Истине, Красоте. В духовно-нравственной подготовке учащихся к семейной жизни видное место Ш.А. Амонашвили отводит воспитанию духовности личности. Ведущими чертами духовности он считает гуманистические ценности. Школа должна организовывать духовную жизнь своих питомцев. Особое место при этом он отводит созданию ситуаций, способствующих воспитанию у учащихся гуманного отношения к людям, чистоты помыслов, утверждению общего блага, развитию стремления к познанию, выработке правильного отношения к вещам и собственности, преодолению страсти к вещизму, наживе («чувство собственности измеряется не самими вещами, а богатством мыслей»). Духовность личности, по глубокому убеждению педагога, есть фундамент воспитания осознанного отношения будущего семьянина к любви, браку, воспитанию детей.

Проведенный нами анализ по исследуемой проблеме показывает, что большой вклад в теорию нравственной подготовки старшеклассников к семейной жизни внесла А.Г. Хрипкова. На фундаменте основополагающих идей П.П. Блонского и А.С. Макаренко она рассматривает нравственное воспитание как целенаправленное воздействие на растущего человека с целью формирования у него норм поведения, сознания и подготовку к семейно-брачным отношениям. Такое воздействие включает выработку гражданской и нравственной ответственности за взаимоотношения между мужчиной и женщиной. Вслед за А.С. Макаренко определяющую роль в развитии нравственных качеств семьянина она отводит родителям, их взаимоотношению с детьми. Наиболее благоприятные условия для формирования нравственного облика будущего отца, матери создаются в полной семье. Особое внимание родители должны уделять развитию у своих детей самостоятельности в сфере отношений с друзьями - способности самому планировать и осуществлять свои действия, связанные с выбором друзей, «объекта» любви, с проверкой своих чувств, вырабатывать умение вести себя так, чтобы поддерживать и усиливать в себе пробудившиеся чувства, дружеские устремления. Со стороны родителей недопустима чрезмерная опека за юношами и девушками. Теоретическое значение имеет мысль А.Г. Хрипковой о том, что положительный первичный опыт отношений юноши и девушки приобретают в условиях воспитательного коллектива. Она выявила связь воспитания у старшеклассников готовности к семейной жизни с выработкой у них жизненных планов и показала, что при этом необходимо принимать во внимание то, что поиск дружбы и любви в этом возрасте неотделим от стремления найти свое место в коллективе, обществе, иметь душевную поддержку и защиту дорогих, близких и любимых людей. В то же время для юношей и девушек любовь - это дружеское сочувствие, сострадание и радость от удовлетворения быть рядом с дорогим, любимым

человеком. Ученые – педагоги подчеркивают мысль о том, что молодое поколение должно осознать истину: в любви сливается чувственное и духовное, и это в итоге порождает стремление к бескорыстной самоотдаче, они глубоко правы, утверждая, что настоящая любовь приходит к молодому человеку лишь тогда, когда он психически, физически и нравственно готов к ней, достиг социальной зрелости.

В трудах А.Г. Хрипковой получили творческое развитие разработанные П.П. Блонским, А.С. Макаренко и установившихся в теории и практике такие методы нравственной подготовки старших школьников к семейной жизни, как беседы о дружбе, культуре любви, специальные уроки на «трудную тему», обсуждение произведений художественной литературы по проблеме семьи, брака, проведение тематических вечеров и др. Она отмечала необходимость проведения отдельных специфических видов такой работы с учетом пола при соблюдении индивидуального подхода.

Обогащению теоретических основ подготовки молодежи к семейной жизни способствовали труды деятелей, ученых, учителей, педагогов-методистов. Среди них следует отметить вклад в развитие исследуемой проблемы И.В. Гребенникова. В его публикациях получила дальнейшее освещение мысль, высказанная П.П. Блонским и А.С. Макаренко о том, что нравственная подготовка будущего семьянина это составная часть целостного процесса формирования личности, осуществляемого школой, семьей, обществом. Большое внимание И.В. Гребенников уделил анализу причин неудовлетворительной подготовки выпускников средней школы к семейно-брачным отношениям. К таким причинам им отнесены неблагоприятное влияние окружающей социальной среды, дисгармония внутрисемейных отношений, неэтичное поведение родителей, низкая культура их чувств, неумение супругов строить повседневные отношения, недооценка родителями роли педагогических знаний и др. На основе обобщения собственного педагогического опыта и специальных исследований он охарактеризовал важнейшие условия успеха нравственной подготовки учащейся молодежи к семейной жизни: гражданское лицо родителей, их высокий культурный уровень и нравственный облик, образ жизни и традиции семьи, трудовое отношение к понятию семьи, коллективизм, чувство заботы, сопереживание родителей и детей, использование традиций народной педагогики. Вкладом И.В. Гребенникова в разработку теории нравственной подготовки учащихся к семейной жизни явились созданные под его руководством и при его непосредственном участии учебная программа и учебное пособие для старшеклассников «Этика и психология семейной жизни». В пособии раскрывалась сущность, содержание и методика подготовки юношей и девушек к семейно-брачным отношениям. В соответствующих разделах излагался материал о семье и ее взаимодействии с обществом, об особенностях межличностных отношений в ранней юности, о сущности брака и особенностях молодой семьи.

Следует воспитывать в процессе социокультурной деятельности и базовые черты характера личности молодых, их позитивно-ценностные качества: трудолюбие, великодушие, уважение, готовность к сопереживанию, добросердечность, отзывчивость. Эти качества личности актуализируют потенциал, охватывают все сферы личности (когнитивную, экзистенциально-эмоциональную и поведенческую) и формируются на основе правильного выбора ценностей, вкус и избирательность к которым также необходимо постоянно прививать. Образовательная среда обладает аксиологическими возможностями: она способна обеспечить передачу культурных ценностей от поколения к поколению и способствует формированию социальных установок, в том числе и брачно-семейных.

Список литературы:

1. Макаренко А.С. Книга для родителей. – Соч. в 8-ми томах. М.: 1957
2. Антология педагогической мысли Киргизской ССР. М.: Педагогика, 1988.
3. Амонашвили Ш.А. Почему не прожить нам жизнь героями духа. – М.: Изд. Дом Шалвы Амонашвили, 2008.
4. Арабов И.А. Семья и этнокультурные традиции воспитания семьянина. Мон-фия. КЧГПУ, 2009.
5. Афанасьева Т.М. Семья: Учеб. пособие для 9-10 кл. сред. шк. 2-е изд. – М., 2009.
6. Ахматов А.Ф. Нравственность и одухотворенное образование. Вопросы обучения и воспитания // Педагогика, 2010, №8.

Аннотация. Отбасы – тәрбие бесігі болу керек, яғни жақсы тәрбие ананың ақ сүтімен, әкенің асыл сөздері мен өнегелі істерімен берілуге тиіс .

Annotation. Family - the most important social institution, which is based on reproductive function and parenting. The importance of these tasks calls for training young people for family life. The article reflects the views of a number of scientists in the relevant designated tasks on its specifics.

ӘОЖ 37.081.19.

IX-XII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

К. Бибазарова
Колледж «Білім», Тараз қ.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың "Менің арманым да, мұратым да Қазақстан халқын бақытқа жеткізу" деген еңбегінде қазақтардың қайталанбас этикалық, психологиялық әлемінің әлі де жете зерттелмей, зерделенбей жатқан тылсым дүние екендігін атап көрсетуі педагог-ғалымдар қауымына өткен тарихымызға көз жібере отырып, ұлттық құндылықтарымызды жаңаша зерделеп, озық тұстарын бүгінгі күн қажетіне пайдалануды жүктейді. Осы орайда Қазақстан Республикасының соңғы он бес жылдық өзгермелі қоғам жағдайында болып отырған түбегейлі өзгерістері еліміздің білім беру саласындағы көптеген міндеттерін тарихи, мәдени тұрғыдан қайта қарауды қажет етеді. Әсіресе, тәрбие салаларында жүргізіліп жатқан реформалар мен ғаламдық талаптардың біртіндеп ене бастауы да жас ұрпақты өзгермелі қоғамға әлеуметтендірудегі уақыт талабымен бірге келген игілікті мақсат. Бұл мақсат-міндеттер тұтастықта іске асуы үшін оның негізі ең алдымен отбасы тәрбиесі арқылы бастау алуы тиіс. Себебі, отбасы тәрбиесі тұлғаны әлеуметтендірудің жетекші және айқындаушы көзі болып табылады. Осы жағдайда қоғамның алға басуы және болашақ ұрпақтың қандай дәрежеде қалыптасуы тарихи тәжірибеміздегі педагогикалық құнды мұраларды қайта жаңғырта отырып пайдалануға тікелей байланысты. Өйткені, адамзаттың дамуындағы мәдени білімдерді нақты, анық танып біле отырып, оны қайта қарау арқылы ғана бүгінгі қоғамдық мәдениетті құруға қол жеткіземіз. Өткен өмір сабақтарын ой елегінен өткізудің қажеттілігін ескеретін болсақ, тарихи тәжірибеміздегі көп аспектілі де көпқырлы отбасы тәрбиесінің жетістігін оның кемшілігімен қоса қоғамның диалектикалық үрдісі ретінде көрсетуге мүмкіндік туды. Осы тұста біз ертедегі қазақ отбасы тәрбиесі мәселесіне қатынасты, оның қажеттілігіне, сондай-ақ, адамзаттың жарқын болашағы үшін тарихи күресте қосқан үлесіне сәйкес баға беруді де ұмытпауымыз қажет.

Педагогика тарихында қазақ халқының өзіне тән отбасы тәрбиесінің қалыптасуында ертедегі түркі мәдениетінің орны ерекше екендігі белгілі. Осыған байланысты бүгінгі күні рухани салада жүріп жатқан сананың жаңаруы, адами құндылықтарды қайта бағамдау үрдістері нәтижесінде ғасырлар бойы жинақталып, ата-баба тарихынан бізге жеткен отбасы тәрбиесінің мол мұраларын болашақ ұрпақты тәрбиелеуге пайдалану заман талабы деп қабылдай отырып, ертедегі қазақ отбасындағы тәрбиенің қалыптасуы туралы педагогикалық ой-пікірлердің өзіндік ерекшеліктері мен бүгінгі ұрпақ санасына еткен әсерін және пікір сабақтастығын жан-жақты жүйелі зерттеу өзекті мәселелердің бірі деп санаймыз. Біз сөз еткелі отырған қазақ отбасы тәрбиесінің қалыптасуы мен даму мәселелері тарихи кезеңнің IX-XII ғасырларына сәйкес келеді. Осы кезеңдерде қазақ халқының отбасында бала тәрбиелеу дәстүрлері туралы ойлар Қорқыт, әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М.Қашқари, Кейкаус, Қ.Йассауи еңбектерінен бастау алған. Арадан он ғасырды артқа салып, қазақ ағартушылары Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев еңбектерінде, қазақ зиялылары Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев, С.Көбеев, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Әуезов және т.б. еңбектерінде жалғасын тапқан. Осы тұста ертедегі қазақ отбасы тәрбиесінің сипаты туралы сөз етуде біз бірқатар дерек көздерге сүйендік (тарихи ғұламалар еңбектері, мұрағат материалдары, қолжазбалар, мамандар зерттеулері және т.б.). Арнайы ғылыми-педагогикалық еңбектерді зерделей келе отбасы тәрбиесінің жекелеген мәселелері қазақстандық ғалымдардың жетекшілігімен ғылыми педагогикалық институттарда зерттеліп, бүгінгі күнде бұл жұмыстардың ТМД және алыс шетелдердегі ғылыми-зерттеу институттарында да жалғасын тапқандығына көзіміз жетті. Нақтылап айтқанда, түркі тектес халықтардың отбасы тәрбиесі туралы ой-пікірлерінің даму тарихы бүгінге дейін қырғызстандық ғалымдар Н.Имаева, А. Измаилов және т.б., өзбекстандық ғалымдар Х.Тллашев, Н.Сафаров, З.Нуритдинова, Ө.Әлеуов және т.б., эзербайжандық ғалымдар Г. Ахмедов, А.Сеидов, А.Гашимов және т.б., түркменстандық ғалымдар К.Пирлиев, А.Құрбанов, Г.Чарыев және

т.б. тарапынан зерделенсе, қазақстандағы педагогикалық ой-пікірлердің және ағарту ісінің даму тарихын отандық ғалымдар Қ.Бержанов, Г.Уманов, Қ.Сейталиев, И.Мадин, және т.б. зерттеген, оның ішінде қазақ қыздарының тәрбиесі мен оларға білім беру мәселелерін тарихи-педагогикалық тұрғыдан қарастырып зерттеген ғалымдар К.Құннтаева, Ш.Жалғасова, А.Дайрабаева, Ж.Сарыбековалар және т.б. болды.

Қазақстанда халықтық педагогика негізінде отбасындағы тәрбиені ұйымдастыру мәселелерін ғалымдар С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, С.Ұзақбаева және т.б. зерттеген; отбасы тәрбиесін жетілдірудегі мектеппен байланыс жасау жұмыстары Г.Байдельдинова, Н.Тригубова және т.б. зерттеулерінде; отбасы тәрбиесі жағдайында балаларды болашақ отбасылық өмірге даярлау мәселелерін А.Жұмаділлаева, А.Шарафадин және т.б. қарастырған. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді арнайы шолу жасау барысында ІХ-ХІІ ғасырларда өмір сүрген жеке тұлғалардың еңбектері көптеген жылдар көлемінде бірқатар қазақстандық ғалымдар зерттеулерінің негізгі объектісі болып келгендігін көрсетті. Атап айтқанда, әл-Фарабидің педагогикалық ой-пікірлерін А.Көбесов, Ж.Баласағұнның педагогикалық идеяларының даму тарихын А.Көшербаева, Т.Ахметов, М.Қашғаридің педагогикалық идеяларының қалыптасу тарихын К.Қалиева, М.Х.Дулатидің педагогикалық идеяларының тарихи құндылығын Д.Алиева, VI-VIII ғасырлардағы педагогикалық ой-пікірлердің даму тарихын А.Жұмабеков, XV-XVIII ғасырдағы тәлім-тәрбиелік ойлардың даму тарихын Т.Әлсатов және т.б. зерттеген. Дегенмен, бұл жұмыстарда ұлы ғұламалар еңбектеріндегі тәлім-тәрбие мәселелері жалпылама қарастырылып, отбасы тәрбиесі мәселелері оның құрамдас бөлігі ретінде баяндалады. Сонымен бірге, қазіргі таңда отбасы тәрбиесінің көп аспектілі мәселелері мемлекет тарапынан қолдау тауып, елбасының тікелей бастамасымен бірқатар игілікті істер атқарылды. Оған әрбір туылған нәресте үшін берілетін жөргекпұлдың пайыздық өсуін, балалар ауруханаларының саны мен сапасының артып, балалардың тегін емделуін, балабақшалар мен мектептердің көптеп салына бастауын жатқызуға болады. Бұл фактілер халықтың әлеуметтік-экономикалық және демографиялық өскен. Өкінішке орай, қазіргі нарықтық қоғам жағдайында кездесетін қиыншылықтардың шешімін табуға арналған көптеген педагогикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарының көпшілік назарына ұсынылып отырғанына қарамастан, отбасы тәрбиесіндегі кемшіліктердің көрсеткіштері керісінше төмендемей отыр.

Өйткені, бүгінгі қоғамда отбасына деген көзқарастарда өте маңызды өзгерістер орын алды. Нарықтық қатынастар экономикалық фактордың мәнін күшейте түсті, бұл ата-аналар мен педагогтардың бүкіл қызметінің тұлғалық - педагогикалық, құндылық-адамгершілік факторына қайта бағдар жасау керектігін туғызды. Қазіргі кезде психологиялық қорғаудың және оңды әсерленушілікті қалыптастырудың отбасы қайнар көзі деген көзқарас бұзылды. Отбасындағы ата-аналар өз балаларының тәрбиесін мектеп міндетіне жүктесе, көпшілік әлеуметтік ортаның ықпалын көлденең тартады. Соған қарамай, әр адамның жеке басының бақытын қамтамасыз ету отбасының міндеті болып саналады және әлеуметтік құндылықтар болып табылатын мақсаттарды жүзеге асыру, жас ұрпақты әлеуметтендіру бұрынғысынша отбасының жауапкершілігінде қала береді.

Педагогикалық зерттеулер бойынша осы заманғы отбасының әлеуметтік, рухани және құндылық ахуалының төмендігі салдарынан адамдар арасындағы адамгершілік қарым - қатынастардағы өзгерістерге байланысты жалғыз басты аналардың, әкесіз, анасыз және тастанды балалардың саны жыл сайын көбейе түскен (жыл сайын 90 мыңнан астам бала тастанды аталады, сонымен қатар бүгінге дейін 5591 бала шетелге сатылған), жастардың отбасылық өмірге жеңіл қарауы немесе отбасын құруға деген ынта-ықыласының төмендігінен асықпауы, тіпті ажырасу фактілерінің көптігі (жыл сайын үйленуге арыз берушілердің 40% қайта ажырасады) орын алып келеді. Сондай - ақ, некеге тұрмай бала табу бүгінде үйреншікті жағдайға айналып барады. Мұндай жағдай әсіресе қара көз қазақ қыздары арасында басым болып отырғандығы өкінішті-ақ (соның ішінде қазақ қыздары). Бұл келеңсіз жағдайлардың пайда болуы, *біріншіден*, табиғатымызға жат батыс мәдениетінің жастарға теріс ықпал етуі болса, *екіншіден*, жастарды отбасылық өмірге дайындаудың жеткіліксіздігі дер едік.

Осы тұста халқымыздың оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудағы ғаламдық талаптарды ескере отырып, ұлттық негізімізді сақтап қалу, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде отбасы тәрбиесін дамыту міндеттерін шешуде қазақ халқының отбасылық өмірін ұйымдастыру дәстүрлеріне сүйену жоғары тиімділік берері даусыз деп ойлаймыз. Ол қазақ халқының тарихындағы отбасы тәрбиесі тәжірибелерін зерделеп, бүгінгі күн тәжірибесінде озық тұстарын енгізу арқылы жүзеге асырылмақ.. Жоғарыда талдауға алынған ғалымдар еңбектері қазақ отбасындағы тәрбие мәселелерінің көптеген педагогикалық ой-пікірлердің тарихына арналған зерттеулер мазмұнында қарастырылып келгенімен, қазақ отбасындағы тәрбиенің біз қарастырып отырған тарихи кезеңдегі

қалыптасуы мен дамуының мәселелері жеке зерттеу объектісіне алынбағандығын айқындайды. Сондықтан, отбасы тәрбиесі мәселелерінің қалыптасуы мен дамуын бақылап отыру және бұл мәліметтерді тек теориялық-педагогикалық тұрғыда ғана емес, көне дерек көздері мен мұрағат материалдарын тереңдете отырып тарихи - педагогикалық мақсатта пайдаланудың қажет екендігіне көзіміз жетеді. Тұлғаның дамуы өзінің бастауын ең алдымен отбасынан алатыны белгілі. Сондықтан, отбасы одан әрі адамның жеке басының негізгі қасиеттерін қалыптастырудың барынша маңызды ортасы болып қала береді. Біз сөз еткелі отырған қазақ отбасы тәрбиесінің қалыптасуы мен дамуына қатысты тұжырымдар мен ой-пікірлер Қазақстанда өте ертеден бастау алған. Осы орайда қазақ халқының психологиялық-педагогикалық ой-пікіріне сай қалыптасқан отбасылық тәрбие дәстүрін оның өткен өмірімен, салт-санасымен, тұрмыс-тіршілігімен етене бірлікте, тығыз байланыста қарастырғанды жөн көрдік.

Бұл бізге қазақ отбасы тәрбиесінің қалыптасуы мен дамуындағы тарихи сатыларда тұлғаның жеке басының толысып, кемелдену үрдісінің заңдылықтары мен шарттарын бақылап отыруға мүмкіндік берді. Сондықтан, адам баласы басынан өткізген сан-алуан қоғамдық- экономикалық формациялардың қай-қайсысы болмасын әр қилы отбасы түрлерімен тығыз байланысты болған. Тарихи деректерге жүгінсек, отбасы тәрбиесінің қалыптасуы мен дамуы алғашқы қоғамдық құрылыстан бастау алғандығын көреміз. Ондағы некелер тобы рулар ішіндегі бірімен - бірі туыстас ұрпақтар жігімен бөлінетін бола тұра некелес болды. Отбасы тарихының бұдан кейінгі даму сатысы топтық некенің ішінде жұп отбасының қалыптаса бастауымен, яғни қандас туысқандар арасындағы некелесу ғұрпына тыйым салынуына байланысты қалыптасты. Осының нәтижесінде алғашқы қауым ішінде туыстардың бірімен бірі некелеспейтін жұп отбасы дүниеге келді. Алғашқы қауымдық қоғамда өндіруші күштердің дамып, еңбек бөлінісінің шығуына байланысты қауымдық ортақ меншік орнына жеке меншіктің пайда болуы моногамиялық отбасының шығуына әкеліп соқты. Моногамияның тарихи формасы болып табылатын патриархалдық отбасының негізгі функциясы ұрпақ жалғастыру болды. Ол бала тәрбиесін, ұрпақтан ұрпаққа әлеуметтік тәжірибені беру, білімді хабарлай отырып, еңбек дағдыларын қалыптастыруды қамтыды. Моногамиялық отбасының мұндай функциялары көптеген мыңдаған жылдар көлемінде өзгеріссіз қалып отырды. Қоғамның өркениеттенуі отбасы сипатын түбегейлі өзгертті. Онда қоғамдық тәрбие жүйесі отбасына қарағанда бала тәрбиесінде белсенді рөл атқара бастады, соның нәтижесінде ата-аналар тұлғаны әлеуметтендірудің бірден бір факторы болудан қалды, ал отбасында бала ең басты құндылық ретінде танылып, тұлғалық қалыптасуының маңызы артты. Соған қарамастан қоғамның әртүрлі даму кезеңдерінде отбасы тәрбиесі мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Ол қоғамдық категория ретінде онымен бірге дамып, өзгеріп отырды. Сондықтан, адам тәрбиесі отбасы мәселесімен бірлікте қатар қарастырылып келді. Осылайша отбасы тәрбиесінің тәжірибесі алғашқы педагогикалық теориялардың бастау көзі болды. Әйтсе де, алғашқы жалпы педагогикалық тұжырымдар жасауда отбасы тәрбиесінің ерекшеліктері педагогика тарихында бөліп қарастырылмады.

Мектептердің пайда болуымен байланысты өскелең ұрпақты тәрбиелеу процесінде мектеп пен отбасының өзара ара қатынасын айқындау мәселелері туындады. Ол үстемдік етуші қоғамдық құрылысқа, сол қоғамдағы ойшылдар мен педагогтардың философиялық, әлеуметтік-саяси көзқарастарына байланысты әр түрлі шешілді.

Бүгінгі күні «Отбасы» ұғымының мәніне, мазмұны мен тарихына үңілсек, философиялық, педагогикалық, психологиялық және т.б. ғылым салалары тарапынан берілген анықтамалар оның қоғамның бір бөлігі ретінде дамуын қамтамасыз ететін негізгі буын екендігін айғақтайды. Мысалы, «Отбасы» ұғымына Р.Н. Нұрғалиев өзінің философиялық сөздігінде "отбасы - әлеуметтік қауымдастықтың түрі, яғни ерлі-зайыпты одаққа және ері мен әйелінің, ата - аналар мен апа – қарындастардың, бірге тұрып, ортақ шаруашылық жүргізетін туыстардың арасындағы сан-алуан қатынастарға негізделген жеке тұрмысты ұйымдастырудың маңызды формасы"- деп сипаттама береді, ал ғалымдар Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаевтар өздерінің педагогикалық еңбектерінде: "Отбасы - ол бірге тұратын некеге негізделген қандас туыстар тобы",- деп анықтама берген. Жоғарыда келтірілген анықтамалардан отбасы қоғамдық құбылыс ретінде әртүрлі жастағы және әртүрлі құқылы адамдар тобынан тұратын қауымдастықтың іс-әрекеті барысында өздерінің ішкі және сыртқы саясатын жүргізетін мемлекеттің кішкене құрамдас бөлігі қызметін атқаратындығын түсінеміз.

Мұндай көзқарасты француз ағартушысы Ж.Ж.Руссо: „Барлық қоғамдардың ең көнесі және жалғызы - ол отбасы. Сонымен қатар, отбасы керек болса, саяси қоғамдардың болашақ үлгісі: әкім - әкеге ұқсайды, ал халық - балаларға ұқсайды“, - деп айтқан сөзі арқылы отбасы мен қоғамның әлеуметтік қызметінің егіз екендігін дәлелдейді. Ал, ойшыл данышпан, ғалым әл-Фараби «Отбасы» ұғымына мынадай анықтама береді: "Үй белгілі бір бөлшектерден құралады, солардың арқасында

гүлденеді. Бұлар саны жағынан төртеу: ері мен әйелі; қожайыны мен қызметшісі; әке - шешесі мен баласы; мүлкі мен мүлік иесі. Кімде - кім бұл бөлшектер мен бірлестіктерді басқарса, ол адам үйдің билеушісі және әкімі болады. Оны "қожайын" деп атайды", - деп отбасын оның құрылымдық бөліктері тұрғысынан сипаттайды.

Көпқызметті отбасының бірден бір міндеті ұрпақ сабақтастығын қамтамасыз ете отырып, оны қоғам талабына сай қалыптастыру болса, *отбасы тәрбиесі* - қоғамға өскелең ұрпақты тәрбиелеу институтының бірі ретінде ата-аналардың күнделікті отбасылық-тұрмыстық объективті ықпалымен үйлесетін мақсатты бағытталған педагогикалық әрекеттері болып табылады. Отбасы тәрбиесінің мұндай қызметі сонау қазақ халқының қалыптасуының бастау кезеңінен келе жатқандығын жоғарыда көрсеттік. Алайда, біз зерттеуге алып отырған IX-XII ғасырлар аралығындағы қазақ отбасы тәрбиесінің қалыптасуы мен дамуын сөз етуде алдымен «қазақ» сөзінің және қазақ отбасы тәрбиесінің қалыптасу генезисіне тоқталу қажет деп ұйғардық. Өйткені қазақ отбасы тәрбиесінің қалыптасу бастаулары сол кезеңдерге сәйкес келеді.

«Қазақ» сөзінің шығуы туралы деректерге сүйенсек, Қазақстан Республикасының ұлттық энциклопедиясында қазақтардың бастапқы қалыптасуы Шығыс Дешті Қыпшақта таралған деп көрсетілген, оны уақыты жағынан XI ғасырға жатқызады (А.Н.Самойлович). Египет мемлекетінің қыпшақтары ортасында жасалған араб – қыпшақ сөздігінде «қазақ» сөзіне «еркін, кезбе» деген мән беріледі. Бұл өз руынан, тайпасынан, мемлекетінен бөлініп шығып, тіршілік ететін адамдарды білдірген.

Ал, осы бағытта жарияланған тарихи деректерде XI-XII ғасырларда Қазақстанның далалы аймағын мекендеген түрік тайпаларының отырықшылық жағдайда егіншілігі дамыған аудандармен экономикалық мәдени қарым - қатынас жасауының жақсаруы Қазақ халқының қалыптасу процесінің елеулі кезеңі болғандығын мәлімдейді. Ата-бабалар діни тұжырымдар мазмұнында баяндалған ислам талаптарын, шарифат нормаларын және ата-бабалар дәстүрлерін отбасындағы бала тәрбиесінде қолдануда талап етілетін *отбасы тәрбиесінің кодексі* ретінде басшылыққа алып отырды. Бұл қазақ отбасы тәрбиесінің ұйымдастырылуына өзіндік ерекшелік берді. Мұндай кодекстің орындалуы қазақ отбасының жаңа мәртебесін анықтап, отбасындағы ең басты құндылық бала деп табылатын және тәрбиеде тұлғалық-бағыттылықты ұстанатын, ондағы өмір сүру дәстүрі *жауғанмәртлік идеясы* негізінде іске асырылып, әйел, қыз балаларына деген теңдік қатынас орнаған жаңа сатыға көтерді. Салауатты да татулығы жарасқан отбасыларында өнегелі ұрпақтың өсетіні айқын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жеке тұлғаны тәрбиелеу проблемасының халықтық педагогикадағы көрінісі // Әл - Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы, Алматы, 2010.- №2 (9)
2. Әуезов еңбектеріне үңілсек //Қазақстан мектебі, - Алматы, 2009 - №8.
3. Отбасындағы бала тәрбиесінің қазақ - мақал мәтелдеріндегі көрінісі // «Интеграция науки и практики в условиях мирового образовательного пространства», 2012г. (материалы конференции.)

Аннотация. Семья была и остается одной из величайших ценностей, созданной человеческой цивилизацией. Ни одна нация, ни одна культура не сумели обойтись без семьи. Практика выработала понятие «семейной жизни», включив в него отношения в зарегистрированном браке. Многие международные документы, в частности Европейская конвенция о защите прав человека и основных свобод, в статье 8, провозглашают право человека на уважение его семейной жизни, что еще раз подчеркивает приоритетность семейных отношений в жизни общества.

Annotation. The family was and remains one of the greatest values that have created human civilization. No nation, no culture is able to do without the family. The practice has developed the concept of "family life" to include the relationship of a married couple, the relationship between parents and children, brothers and sisters, etc. Many international instruments, in particular the European Convention for the Protection of Human Rights and Fundamental Freedoms, Article 8, proclaim the right to respect for his family life, which once again underlines the priority of family relationships in society.

СУИЦИДТІК ЖАҒДАЙДЫҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН ӨМІРДЕН ТҮҢЛҮДІҢ СЫРЫ**А.Д. Болтаев, Г.А. Мукашева****Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.**

Расында адам жарық дүниеге не үшін келеді? Өмірдің мәні неде? Адам не үшін және кім үшін өмір сүреді? Жастар арасында осындай сан алуан сұрақтарға жауап іздеушілер қаншама. Себебі буыны бекіп, өмір туралы өзіндік дүниетанымы қалыптасып келе жатқан жастардың осындай сұрақтар желкесінен алары сөзсіз. Ал толысып – қалыптасып бітпеген ой-парасат әлемі мұндай күрделі сауалдардың жауабын беруге қауқарсыз екенін білдіріп, ми ғаламшарында бұл сұрақ көп нүкте күйінше қалады.

Жеткіншек шақта өмірдің «басталуы» байқалады деп айтуға болады. Қазіргі кезде өмірдің мәнін жоғалтқан көптеген жеткіншектерімізде сенімсіздік пен көмексіздік пайда болады. Олар жан күйзелісінен арылу үшін ішімдік, темекі, нашақорлық заттарды пайдалануға дейін барады. Бұрын түсінбей жүрген мәселелер қазіргі кезде үлкен жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Бұл жаққа қоғам мүшелерінің барлығы жауапты болу керек.

Суицид дегеніміз – өз-өзіне әдейі жарақаттану арқылы өлім себебіне алып келетін жағдай. Тек адамзатта болатын, суицид барлық мәдениетте кездеседі. Негізінен өз-өзіне қол жұмсайтындар күшті жан ауруымен ауыратындар және стресс жағдайындағы адамдар. Олар көбіне жүйке ауруына (психикалық), әсіресе депрессияға ұшырағандар болып келеді, яғни олар келешек өмірге үмітсіздікпен қарайды.

«Суицид» латын тілінен аударғанда «өзін-өзі өлтіру» дегенді білдіреді. Бұл ұғымға XIX ғасырда француз Э.Дюркгейм анықтама берген. XIX ғасырда Батыстың философтары А.Шопенгауер, Ф.Ницше, Ж.П. Сартр т.б. «өмір философиясына» назар аударып, жұртшылыққа өмірдің мәнін ұғындыру мақсатында біраз тұжырым – пікірлерін қалдырып кеткен.

Өзін өлтіруге түрлі көзқарастар бар. Өзін-өзі өлтіру мәселесі Англияда 1961 жылға дейін заңға қайшы деп табылды. Бірақ, соңында заң арқылы шешудің мүмкін еместігі еріксіз мойындалды. Көне Норвегиясотында оған «абыройсыз өлім» деп баға берілді. Финляндияда 1442 жылғы заң бойынша өз-өзіне қол жұмсау мемлекетке қарсы жасалған қылмыс деп есептеліп, шіркеу құқықтары бойынша емес, азаматтық құқықтар бойынша жауапқа тартылды. 1808 жылғы Голландия заңында өз өмірін қиюға әрекет жасағанды қудалау тоқтатылды. Басқа Еуропа мемлекеттеріне қарағанда Италияда өз-өзін өлтіруге қатаң көзқарас қалыптасқан. Онда өз-өзіне қол салу – Құдайдың ең қымбат сыйынан қол үзу, яғни, ауыр күнәға бару болып саналады. Тіпті, өз-өзін өлтірген адамның абыройсыздығы жақындарын жерге қаратады. Қытайда тарихи дәстүр бойынша өз-өзіне қол жұмсайтындарды қолдамаса да, ондайлардың ізіне түсіп қудаламау керек деген пікір жақталады. Қытай еркектері көбіне қоғамдағы келеңсіздіктерге шыдамаса, әйелдері көбіне үйдегі араздыққа төзбейді. Үндістанда өзін-өзі өлтіру өмір салтының нышаны күйінде қалып қойған. Үнділіктер Құдайға деген ең үлкен құрбан адамның өз жаны деп біледі. Оның негізі өзін құрбан еткен жандарға мәңгілік өмір есігі ашылады деген сенімде жатыр.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы өзін-өзі өлтірудің 800-дей себебін анықтап отыр. Олардың ең негізгілері мыналар: жеке өмірдегі кикілжіңдер, үмітсіздік, махабаттағы ыза, айналасындағылармен түсініспеушілік, жұмыстағы келеңсіздіктер, түртпекке тап болу, қорлық-зомбылық, кемсітушілікке ұшырау, кедейлік, қаражат тапшылығы, жазылмайтын ауру не мүгедектік, секталарда кездесетін фанатизм, психикалық аурулар, рухани азғындық, өзін ешкімге керексіз сезіну, өмірден түңілу, жақын адамынан айрылу, оқшаулану, жалғыздық, жазадан қорқу, жақындарымен сыйыса алмау, торығу, өмірге деген қызығушылықтың жоғалуы, үнемі жолы болмаушылық т.б. Ал, дінге сенетін адам үшін бұл аталғандар өлімге себеп емес, пәни дүниеде әр адамға кезігетін әдепкі жағдай ғана.

Әлем бойынша өзін-өзін өлтіру мәліметі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы өзін-өзі өлтіру көрсеткіші бойынша әлем елдерін үш топқа бөледі:

1. Өзін-өзі өлтіру көрсеткіші өте төмен елдерге (100 мың адамнан жылына 10 адам). Оған Грекия, Италия, Гватемала (0,5), Филиппин (0,5), Албания (1,4), Доминикан республикасы (2,1), Армения (2,3), жатады. Өзін-өзі өлтірудің ең төөменгі көрсеткіші мұсылман елдерінде. Айталық, Мысырда (0,03), Кувейт (2,1). Африка елдерінде де бұл көрсеткіш жоққа тән.

2. Өзін-өзі өлтіру көрсеткіші орташа елдерге (100 мың адамнан жылына 10-20 адам). Аустралия, АҚШ-ты (10.4) жатқызуға болады.

3. Өзін-өзі өлтіру көрсеткіші жоғары және өте жоғары елдер (100 мың адамнан 20-дан көп адам). Жапония (27,1), Венгрия (35,9), Эстония (40), Ресей (39,4- жыл сайын 60 мың адам), Литва (42,1), Латвия (42,5).

Ислам діні өзін-өзі өлтіруді ең үлкен күнә қатарына жатқызады. Өйткені, жан- Құдайдың адам баласына берген ең қасиетті аманаты. Өз өмірін қию – сол аманатқа жасалған қиянат. Дінге сенімі бар адам өмірдің қиындықтарын сынақ деп біледі, өткінші деп қарайды. Әрбір қиындықтан кейін жеңілдіктің келетініне сенеді. Құдайдан үмітін еш үзбейді. Сабыр етеді. Ең қиын сәттерде де өзін өлтіруге бармайды. Ендеше, өзін-өзі өлтірудің себептерін өмірдің қиындықтарынан іздеу дұрыс емес. Бұл жөнінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кім өзін темірмен жарып өлтірсе, темір ішінде қалған күйі тозаққа кіреді. Ал кім у ішіп өлсе, жәһаннамда сол суды мәңгі ішеді, кім өзін жардан тастап жан тапсырса, тозақтың түбіне мәңгілікке тасталады»- дейді. Мұндағы басты себеп – сенім болып тұр. Иманы толық адамдарда қандай да бір қайғыны жабыла көтеру, қиыншылыққа ортақтасу бар. Ал, өзіншіл адамдарда бауырмалдық пен жанашырлық атымен болмайды. Сол себепті, қиналған кезде қайғысы еселеніп, бұл дүниеден безуден басқа жолы қалмайды. Өйткені, о дүниеге деген сенім жоқ. Сөйтіп, онсыз да қызығы қашқан өмірден өліп құтыла салғанды жөн көреді.

Жасөспірім жастағы ұл-қыздарды суицидке итермелейтін басты фактор – ата-аналарымен жағымсыз түсініспеушілік қарым-қатынас, екінші орында – мектепке байланысты мәселелер, үшінші – жолдастарымен, әсіресе, қарама-қарсы жыныстағы адамдармен қарым-қатынас мәселелері.

Қазіргі кезде суицидті мінез-құлықтың төрт себебі анықталып отыр, онда 17 жағдай топтастырылады, бұл жағдайлар жеткіншектер үшін шешілмейді:

- жанұялық мәселелер – ата-аналардың түсінбеуі, ажырасу, ата-ананың біреуінің қайтыс болуы;
- тұлғалық мәселелер – жалғыздық, қабілетсіздік, дұшпандарының болуы, емтиханнан өте алмау, ауру мүгедектік;
- экономикалық мәселелер – ақшасыздық, үйінің болмауы, жұмыссыздық.
- махаббат мәселесі - сүйіктісінен айырылу, ерте жүктілік, жақсы көретін адамның шарасыздығы, зорлау.

Өзіне-өзі қол жұмсаудың негізгі үш топқа бөлінеді: шынайы, демонстративтік және жасырын.

Шын суицид – бұл шын, әдейі, біржола өмірден кетуге шешім қабылдау. Өзін-өзі өлтіру терең қайғы кезінде жүзеге асады. Шынайы суицид – қашанда жабырқау дағдарыстық жағдай немесе өмірден баз кешу жайлы ой, өмір сүрудің мәні жайлы ойланып күйзелу және өз өмірін қиюды армандау жатады. Суицид бойынша «тәуекел топқа» әдетте қарт адамдар мен жеткіншектерді жатқызады. Жастардың көптеген суицидтері бақытсыз махаббаттан болмайды. Әдетте, өмір туралы ойланатын ер бала немесе қыз бала «өмірдің мәні неде?» деген сұраққа жауап таба алмағандықтан болады. Ал жастар максимализмге сай «өмір сүру не үшін керек» деген жауап қанағаттанарлық болмайды. Балалардағы ғашықтық біреуге керек бол, ата-аналарына немесе сүйікті адамына маңызды болуы.

Демонстративті суицид – даулы жағдайды қолайлы жаққа өзгерту мақсатында өз өмірінің құндылығын сақтап қалу мен бірақ өмірге қауіпті іс-әрекеттерді түсініп, өзіне көндіру іс-әрекеті аяушылық туғызу, қиыншылықтардан құтылу. Мысалы, «егер сен осыны істемесең, онда мен 9-қабаттан секіремін». Демонстративті суицидтердің соққысы кездейсоқтық. Мысалы, кездейсоқ орындықтан аяғы тайғанап кетуі, кездейсоқ мылтық атып жіберуі. Суицидтердің қиындығы олар өзін қоршаған адамдармен «жабық», «саңырау» болады.

Жасырын суицид – бұл қатты әсері бар, суицидтың іс-әрекеті, ол кенеттен қатты психожарақаттанатын жағдайдың нәтижесінде немесе созылмалы психожарақаттың функциясы нәтижесінде туындайды. Көп жағдайда бұл мінез-құлық тәуекелге негізделіп өмірден өтуден гөрі өліммен ойнауға көбірек ұқсайды. Бұндай жағдайда өмірден өтудің ашық түрін таңдамай суициалдық шартты мінез-құлықты қалайды. Яғни суицидент өзін ашық өлтірмейді, кездейсоқ апат іздейді. Бұларға автомобиль жүргізудің қауіпті түрі, ерікті түрде ыстық нүктелерге барумен, ішімдікті қолданумен, сондай-ақ өзін-өзі оқшаулау жатады.

Көптеген жастар өмір сүру мен өлімге ұмтылысы арасында екіге айырылады. Суицидтік мінез-құлық жеткіншек жаста көп жағдайда демонстративті сипат, сонымен қатар байбаламдық сипат алады. А.Е. Личка көрсеткендей, тек қана жеткіншектердің 10 пайызы көмекті шақырған айқайын адамдар естімейді.

Суицидті болдырмау іс-шаралардың ең негізгі звеносы – анонимді телефондық қызмет («сенім телефоны») болып келеді. Бұл қызмет Лондон қаласында 1953 жылы Чад Вараман ұйымдастырылды.

Кейін Еуропа мен Америка елдеріне тарады. Телефонды қызметтің мақсаты – кризистік жағдайдағы телефонды қарым-қатынас ұсыну. Телефон арқылы қызметкер адамды жолдас ретінде тыңдап, бұл жағдайды жеңуге көмек береді.

Қазіргі зерттеулерге сүйенетін болсақ, 13 жастан кейін суицидтің динамикасының артуы кенеттен байқалған. 15-19 жастан өзін-өзі өлтіру бойынша Франция төртінші орында, ал АҚШ үшінші орын алса, статистика бойынша өлім себептері (жол апаты жағдайларынан, зорлықтан және рактан кейін) байқалады.

Соңғы 15 жылда жеткіншектердің өзін-өзі өлтіру көбейіп отыр. Өзін-өзі өлтірудің ең үлкен жиілігі 15-24 жаста болады. Бұл жастағы өлім деңгейінен қарағанда өзін-өзі өлтіру 12%-ін құрайды. Қыздарға қарағанда ер балалар өздеріне көп қол жұмсайды. Ұлдар көбіне атылатын құралдар пайдаланып немесе өзін-өзі асатын болса, қыздар уланады немесе жоғарыдан секіреді. Жастардың суицидті мінез-құлқына теледидар көрсетілетін өзін-өзі өлтіру туралы қойылымдар немесе фильмдер әсер етеді.

Ал жұртшылық өкілдерінің пікірінше, бұған телеарналарда көрсетілетін кинофильмдердің әсері де бар. Және ата-алары тарапынан тәрбиені күшейте түсу қажет. Мамандардың айтуынша, көптеген жайттар адамның өз-өзіне қол жұмсауына апарып соғады. Сондықтан, кез-келген адам жылына 1 немесе екі рет медициналық тексерістен өтіп, мамандармен әңгіме жүргізіп тұрулары қажет. Ал Қазақстанда 15 пен 20 жас аралығындағы әрбір 100 мың адамның 21-і өзіне өзі қол салып, о дүниелік болатын көрінеді. Бұл Орталық Азиядағы орташа көрсеткіштен әлдеқайда көп.

Суицид жайында соңғы жазбаның пікірлерінде Салтанат Вертер феномені туралы сөз еткен. Бүгін осы феномен жайында қысқаша айтып өтеміз. Феноменнің тарихы 200 жыл бұрын басталады. Немістің ұлы жазушысы Иоганн фон Гете «Жас Вертердің азабы» (Die Leiden des jungen Werthers) атты романында Вертердің өз-өзіне қол жұмсағаны туралы жазады. Бұл роман Гетеге танымалдылық әкелумен қатар, Европада суицидтің кең жайылуына да әкеп соқты. Феномен күштілігі болғаны соншалық, кейбір елдердің үкіметі бұл кітапқа тыйым салған екен.

Осы феномен бүгін де «күшке» ие. Психолог-зерттеушілердің айтуынша, газеттердің бірінші беттерінде танымал адамдардың өз-өзіне қол жұмсаған оқиғалары туралы жазылатын болса, біраз уақыттан соң осыны кең жариялаған географиялық аудандарда өз-өзіне қол жұмсау жағдайлары жайында оқығаннан соң, еліктеу негізінде өзіне қол жұмсайтынын айтады. Яғни, бұл кейбір қиын жағдайлар кезінде, адамның басқалардың іс-әрекетіне сүйенеді деген әлеуметтік дәлелдің бір мысалы. Өмірде болатын мысалдарды келтіретін болсам, бір мектепте көп жылдар аралығында суицид дегенді тек қана анда-санда валеология сабақтарында айтатын делік. Бірақ мектепте (мектеп оқушысымен) осындай прецедент пайда болғаннан кейін, бұл басқа оқушыларға әсер етуі мүмкін. Олар енді бұны өмірде жоқ нәрсе емес екенін түсінеді және кейбіреулері өмірінде қиын жағдайға қарсы тұра алмай, осыны қайталауы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Суицид отбасының ғана қайғысы ма?» Ақ жол 2009 жыл 25 сәуір №74-75
2. «Суицид – әлемдік індет. Өмірден түңілудің сыры неде?» Заң газеті 2007 жыл 5 қыркүйек №135
3. «Ауруын жасырғанды өлім әшекелейді немесе оқушылардың қазасы шамадан тыс» Жамбыл-Тараз 2007 жыл №79, 3 қазан
4. «Өзін-өзі өлтірді. Кім не дейді?» Денсаулық 2008 жыл №6
5. «Асылу арқылы өз-өзіне қол жұмсаудың жиілігі мен себептері» Мектеп 2007 жыл №11
6. «Суицид – әлемдік індет» Қазақстан тарих әдістемесі 2009 жыл №4
7. «Өлім жазасы әлем алдында керек әлде жойылсын». Нұр 2001 жыл №12

Аннотация. Суицид – умышленное самоповреждение, часто сопровождающееся смертельным исходом. Суицид относится к одной из ведущих причин смертей во всем мире и является значительной, гуманитарной проблемой. Комплексное, детальное изучение этого феномена относится к приоритетным, высоко социально значимым направлениям исследований.

Annotation. Suicide – deliberate self-harm, often accompanied by death. Suicide is one of the leading causes of death worldwide and significant humanitarian problem.

Comprehensive detailed study of this phenomenon is a priority highly socially relevant areas of research.

**МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ БАРЫСЫНДА
ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУ****С.Т. Боранбаева, А. Нұрәліқызы****Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.**

Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік – экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. «Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» белгіленгендей «инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балаларды дамытуға қол жеткізуді көздейтін кіріктірілген білім беру процесі». Инклюзивті деген сөз – француз тілінен алғанда кіріктірілген, латын тілінен аударғанда енгізілген деген мағынаны білдіретін, жалпы білім беретін мектептерде ерекше қажеттілікті талап ететін балалармен атқарылатын оқу процесін сипаттайтын термин. Инклюзивті білім берудегі негізгі идеология – даму мүмкіндігі шектеулі балаларға жағдай туғызып, қатарластарымен теңдей қарым-қатынас жасап, баланың өзін қор санауын болдырмай, шеттетуін шектейтін үрдіс. Инклюзивті білім беру – ерекше қажеттілікті талап ететін балаларды біліммен қамтамасыз етеді, олардың барлық мұқтаждарын қамтып, бар бала білім алуға қол жеткізе алатынын айқындап, жалпы білім беру процесін дамыта түседі. Ал әлеуметтік бейімдеу дегеніміз – тұрмыс – тіршілігіндегі шектелуді жою және оның орнын толтыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету және оларға басқа азаматтармен бірдей қоғам өміріне қатысу мүмкіндіктерін жасайды.

Инклюзивті оқытудың мақсаттары:

1. Естуінде кемшіліктері бар балаларға еріннен оқу арқылы, ауызша сөйлеуді қабылдау дағдысын меңгерту және ауызекі сөйлеуді дамыту.

2. Көруінде кемістігі бар балаларға оқу және жазудың арнайы әдістерін меңгерту, кеңістікке бағдарлау.

3. Ақыл-ойы дамуының кемістігі бар балалардың психикалық функцияларын түзету және дамыту, әлеуметтік ортаға бағдарлау, еңбек әрекетіне өз бетінше дайындауға үйрету.

4. Психикалық дамуы тежелген балалардың оқуға деген қызығушылығын, белсенділігін, өз мүмкіндігіне деген сенімділігін арттыру.

5. Тірек-қимыл аппараты бұзылысы бар балаларға қарым-қатынасқа, байланысқа түсу дағдыларын меңгерту.

6. Сөйлеуінде күрделі бұзылыстары бар балаларға қарым-қатынасқа, байланысқа түсу дағдыларын игерту.

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

- Бала құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.

- Әрбір бала сезінуге және ойлауға қабілетті.

- Әрбір бала қарым-қатынасқа құқылы.

- Барлық бала бір-біріне қажет.

- Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.

- Барлық балалар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.

- Әрбір оқушы жетістікке жету үшін өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыруы тиіс.

- Жан - жақтылық бала өмірінің даму аясын кеңейтеді.

“Мүгедектер құқықтары туралы” инклюзивті білім беру ережесі Біріккен Ұлттар Ұйымының бас Ассамблеясымен мақұлданып, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді. Көршілес Ресей мемлекетінде 1990 жылдан бастап, инклюзивті білім беру жүйесі құрыла бастады.

Біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек “ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілді: ҚР білім беру жүйесінің әлсіз жақтары ретінде инклюзивті білімінің нашар дамуы сипаттала отырып, оның жоспарлы дамуына әсер ететін қауіп – қатер ретінде елімізде мүмкіндігі шектеулі балалар мен мүгедек балалардың көбеюі атап көрсетілді.

Мемлекеттік бағдарламада инклюзивті білімді жетілдіру үшін белгіленген мақсаттар, 2015 жылға қарай мына міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылатыны анықталады:

- Мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады;
- Мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді, түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;
- мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді.
- Мектептерде, мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, арнайы парталар мен үстелдер және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жарактандыру арқылы “кедергісіз аймақтар” құралады;
- 3030 мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалады (арнайы компенсаторлық құралдар мен педагог – дефектологтардың болуы).
- Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникмен және компьютерлік қамтамасыз ету жинақтарымен қамтамасыз етіледі.

Осылайша ҚР-да 2020 жылға қарай инклюзивті білім беру жүйесі енгізіледі. Инклюзивті білім үшін жағдай жасайтын мектептердің үлесі мектептердің жалпы санынан 70%-ға ұлғаяды; мүгедек бала үшін “кедергісіз қол жеткізуді” жасайтын мектептің үлесі мектептердің жалпы санынан - 20%; инклюзивті біліммен қамтылған балалардың үлесі дамуы мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы санының 50 % құрайтын болады.

2011 жылғы “11” ақпанда Қазақстан Үкіметінің № 130 қаулысымен бекітілген “Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2011 – 2015 жылдарға арналған іс – шаралар жоспарында” елімізде инклюзивті білімді дамытудың нақты іс – қимылдары 3 уақытқа жіктеле белгіленді.

ҚР Білім және ғылым министрлігі 2011 жылдың I және III тоқсанында орындау үшін төмендегі мәселелерді жоспарлады:

- Мектепке дейінгі және мектептегі жалпы білім беру ұйымдарында даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін мамандарға қатысы бар “Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы” ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- Мүгедек балалар санатындағы балалардың білім беру ресурстарына қолжетімдігін қамтамасыз ету үшін оларды қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру қағидасын әзірлеу.

2011 – 2013 жылдар аралығында:

- Үйде білім алатын мүгедек балалардың жеке ерекшеліктерін, мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін ескере отырып, жұмыс орындарын компьютерлік техника және бағдарламалық қамтамасыз ету кешендерімен, осы орындардың интернетке қосылуын қамтамасыз ету, осы орындардың интернетке қосылуын қамтамасыз ету, оның ішінде; 2011 ж. – 3000 бала, 2012 ж. – 2962 бала, 2013 ж. – 3490 бала.

- кохлеарлы имплантантты, аутизмді, психикалық дамуы кешеуілдеген, тірек – қимыл аппараты бұзылған мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған оқу бағдарламасын әзірлеу.

2011 – 2015 жылдар аралығында:

- Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды кірістірілген түрде оқыту үшін мамандардың біліктілігін арттыруға мемлекеттік тапсырысты ұлғайту.
- Әрбір аудан орталығында психологиялық – педагогикалық түзеу кабинетінің және облыс орталықтарында оңалту орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- Жалпы білім беру ұйымдарының педагогтарын даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасау үшін қайта даярлау бойынша оқу бағдарламаларын, оның ішінде даму мүмкіндігі шектеулі балаларды біріктіре оқытудың модульдік бағдарламаларын әзірлеу.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудың келесі формалары белгілі: арнайы мектептер мен интернаттар, орта мектептердегі коррекциялық сыныптар, үйде оқыту және қашықтықтан оқыту. Соңғы уақытта елімізде атқарылып жатқан келелі істер инклюзивті білім беру жүйесінің қалануын негіз болары анық..

Инклюзивті оқытудың мәселелері болып

- Инклюзивті оқытудың регламенттік нормативтік – құқықтық базасы қажетінше құрастырылмаған
- Жалпы мектепте мұғалімдерді инклюзивті сыныппен жұмыс жасауға шартты түрде дайындау
- Білім беру ұйымында арнайы медициналық мамандардың жетіспеушілігі (массаж жасайтын мейірбикелер, физиотерапевттер т.б)

- Мектепті қамтамасыз етуге қаражаттың жеткіліксіздігі
- Инклюзивті сыныпқа сабақ беретін мұғалімдерді қосымша қаржыландыру мәселелері табылады.

Республикадағы инклюзивті білім беру жүйесінің ситуациялық мәселесінің қорытындысы. Осы уақытта инклюзивті білім беру жүйесі даму жетістігіне жеткен жоқ. Осы статистикалық мәліметтерге сүйенер болсам, 149 246 мүмкіндігі шектеулі баланың 29 212 немесе 19,5 % мектеп жасына дейінгі балалар. 37 арнайы бала бақшада және 240 арнайы топта мектеп жасына дейінгі жастағы 10000 бала тәрбиеленіп, оқытылады, ол 32,8 % құрап отыр. Жыл сайын мүмкіндігі шектеулі балалардың саны артуда. Егер 2005 жылы олардың саны 124 мыңды құраса, 2010 жылы 149 мыңнан асты. Олардың 41,4 % ғана арнайы оқыту бағдарламасын меңгеруде. Бұл көрсеткіш Республикада инклюзивті білім беру жүйесі дамуы деңгейінің төмендігін көрсетеді. Осыған орай елімізде мүмкіндігі шектеулі балалар санының жылдан жылға өсу қаупі бар. Осыны негізге ала отырып мынадай ұсыныс жасағым келеді:

- Толыққанды емдеу жүйелілігін құру
- Педагогтардың квалификациясын жоғарлату
- Методикалық және материалды-техникалық сыныптар мен кабинеттерді ұйымдастыру
- Әртүрлі дәрежеде инклюзивті мекемелер құру мақсатында қала және аудан орталықтарында ресурсты ұйымдар құру (диагностика, методикалық, информационды-аналитикалық және тәжірибе жұмысы)

Инклюзивті білім беру барысында барлық мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық ендіру және әлеуметтік бейімдеуге, баланы өз бетінше өмір сүруге дайындау, түзету – педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктеріне саяси түрде қолдау көрсету арқылы қорытындылағым келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Закон РК «О социальной медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями», – Алматы, 2003
2. Обучение детей с нарушениями интеллектуального развития (олигофренопедагогика) /Под ред. Пузанова Б.П. – М., 2000
3. Цветкова Л.С. «Методика нейропсихологической диагностики детей», - 1998
4. Федотов А.Ю. «Клиническая психология», - М, 2001
5. М.М. Мұқанов «Жас және педагогикалық психология» Алматы. 1982ж
6. А.В. Петровский «Педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясы» Алматы «мектеп» 1987ж
7. В.С. Мухина «Мектеп жасына дейінгі психология» Алматы 1986ж

Аннотация. В данной статье рассматривается о использовании инклюзивного знания в социализированной детей у которых возможности ограничены.

Annotation. This article focuses on inclusive knowledge ispolzovaniy in socializirovanij children whose capacities are limited.

ӘОЖ 371

ҚАЗАҚ АҚЫН - ЖЫРАУЛАРЫ МЕН КӨРНЕКТІ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ТӘЛІМ - ТӘРБИЕЛІК МҰРАЛАРЫ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕР

Қ. Бөлеев, Л.Қ. Бөлеева, П.Қ. Бөлеева
Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Қазақтың ақын-жыраулары мен көрнекті жазушыларының педагогикалық көзқарастары бойынша зерттеулер соңғы кезде проблемалық өзекті мәселеге айнала бастады. Өйткені олардың шығармашылықтары арқылы жас ұрпақты, әсіресе жастарды ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуде алатын орны мен маңызы айрықша мәнге ие. Олардың тәлім-тәрбиелік мұраларын зерттеу бойынша бірнеше еңбектер жарық көргендігін анықтадық. Соларға мазмұндық талдау берелік.

С.Қалиевтің «XV-XIX ғасырлар ақын-жырауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер» атты көмекші оқу құралында XV-XIX ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулар

поэзиясындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер көріністерін жан-жақты қарастыра отырып, оның озық үлгілерін бүгінгі ұрпақты абзал азамат етіп тәрбиелеуге пайдалану жолдарын сөз етеді [1].

М.С.Елубаеваның «Қазақ ақын-жырауларының тәлім-тәрбиелік мұралары (XV-XVIII ғғ.)» оқу құралында XV-XVIII ғғ. өмір сүрген ел өміріндегі күрделі тарихи оқиғаларға үн қосып, өз заманының көкейкесті мәселелерін суреттеп, үнемі халық жанынан табылып, ел болашағы үшін замана салмағын өз жырларына арқау еткен ақын-жыраулар поэзиясындағы тәлім-тәрбие көріністеріне, оның ұлттық тұлға тәрбиелеудегі орнына тоқталған [2].

М.О.Абдикаримов пен Е.Л.Балтабайдың «Использование творческого наследия жырау при изучении этнопедагогике казахского народа» атты оқу құралында проблеманың әдіснамалық және әдістемелік аспектілері қарастырылған [3].

Құрал кіріспеден және 7 тараудан тұрып, онда жоғары оқу орындарының орыс топтарында қазақ халқының этнопедагогикасын оқытудың аспектілері, қазақ халқының этнопедагогикасында жырау және өлең-толғау институтының әлеуметтік рөлі, өлең-толғаудағы батырлық үлгілердің адамгершілік тәрбиесінің идеясын қалыптастырушы, жырау шығармаларындағы патриоттық тәрбиенің идеялары, жырау шығармаларында халықтық дәстүрлердің балаларды тәрбиелеудегі көрінісі, жырау шығармаларында халықтық дәстүрлердің отбасылық тәрбиедегі жаңғыруы мәселелері сөз болған.

Ш.Ж.Жұматаеваның «Дулат Бабатайұлы мұрағаттарының педагогикалық негіздері» атты оқу құралы сөз басынан және келесі төрт тараудан тұрады: Дулат Бабатайұлының тұлғалық қалыптасуының педагогикалық негіздері; Дулат мұрасындағы тәлім-тәрбиелік идеялар, олардың мәні, мазмұны; Дулат шығармалары негізінде құрылған «Кісілік келбет» атты тәлім-тәрбиелік жүйе; Дулат Бабатайұлының мұрасын қазіргі мектептерде пайдаланудың педагогикалық мүмкіндіктері [4].

Қ.Жарықбаевтың «Махамбет Өтемісұлы жастар тәрбиесі хақында» атты оқу-әдістемелік құралында ақынның дүниетанымы, халық көтерілісінің әлеуметтік-психологиялық жайы туралы ой-пікірлері, ақын өлеңдеріндегі жастар тәрбиесі туралы, оның маңызы тәлім-тәрбиелік тұрғыда ашылған [5].

З.Қалауованың құрастыруымен шыққан **«Махамбет Өтемісұлының өмірбаянын мектепте оқыту»** атты көмекші құралында Махамбеттің өмірі мен творчествосы, оның балалық, жастық шағы, қоғамдық көзқарасы, мұрасы, шаруалар көтерілісінің жаршысы болғаны, хан мен сұлтандарды әшкерелеуі, Исатай бейнесін жасауы, өзі туралы, тұған жер туралы, өзінің романтизмі, өлеңдерінің ерекшеліктері көрсетіліп, ақын мұрасының маңызы ашылып көрсетілген [6].

Е.Естаевтың «Сүйінбай еңбектерін оқытуға арналған методикалық нұсқауында» Сүйінбай Аронұлының өсу, толығу, кемелдену жолын, ақындық қуаты мен творчестволық ерекшелігін нанымды түрде көрсетіп, талдау жасалынған [7].

М.Б.Көккөзованың «Педагогические идеи Джамбула Джабаева» және «Жамбыл о воспитании» атты оқу құралдарында ұлы ақынның шығармашылығындағы жастарды тәрбиелеу проблемалары сөз болған [8, 9].

Оқу құралдарында Жамбыл Жабаевтың поэтикалық шығармашылығының орнығу және даму тарихы қазақтардың әлеуметтік-экономикалық өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері, қазақтардың ұлттық мәдениетінің даму тарихындағы ақын-жыраулардың рөлі, Жамбылдың дүниеге көзқарасының қалыптасу процесінің өзіндік ерекшелігі, оның поэтикалық шығармашылығының педагогикалық мазмұны, Жамбыл шығармашылығындағы патриоттық, интернационалдық, адамгершілік, еңбек, эстетикалық тәрбиелердің мазмұны және оларды қазіргі қазақ мектептерінің практикасына ендіру мәселелері қарастырылған.

«Педагогикалық ғылыми мұра» (Жалпы редакция басқарған **Ф.Ш.Оразбаева, Р.С.Рахметова**) атты еңбекте қазақтың ұлы тілші-ғалымдарының әдістемелік ой-тұжырымдары мен еңбектері сараланып, технология түрінде берілген [10].

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде тұңғыш рет ұсынылып отырылған Ахмет Байтұрсынұлының танымдық-тағылымдық технологиясы; Мағжан Жұмабаевтың дара тұлғаны қалыптастыру технологиясы; Жүсіпбек Аймауытовтың пәнаралық байланыс арқылы ынталандыра оқыту технологиясы; Ыбырай Алтынсариннің тілдік дағдыны жетілдіру технологиясы; Құдайберген Жұбановтың дамыта оқыту технологиясы; Маулен Балақаевтың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру технологиясы көрнекті тілші-ғалымдардың өз кезінде айтқан пікір-тұжырымдарының бүгінгі уақыт талабымен, оқу жүйесімен сабақтастығын, өзектілігін көрсеткен.

С.А.Ұзақбаева мен Қ.Қ.Шалғынбаеваның «Сұлтанмахмұт Торайғыровтың педагогикалық көзқарастары» атты оқу құралының бірінші тарауы «С.Торайғыровтың педагогикалық идеяларының қалыптасу және даму барысы» деп аталып, онда С.Торайғыровтың

педагогикалық идеяларының қалыптасу және даму барысы, оның жеке басының қалыптасуына әлеуметтік, экономикалық жағдайлардың әсері, жеткіншек ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеу идеялары және педагогикалық мұрасын бүгінгі таңда пайдаланудың қажеттілігі айтылған. Екінші «С.Торайғыровтың педагогикалық идеяларын болашақ ұстаздардың даярлық үрдісіне ендіру» атты тарауда С.Торайғыровтың педагогикалық мұрасын пайдалану жөніндегі арнайы курстың мазмұны, оның педагогикалық идеяларын оқу-тәрбие үрдісіне ендірудің нысандары мен әдістері анықталған [11].

К.Камалиева «Сәкен Сейфуллиннің ағартушылық қызметі» атты оқу құралында С.Сейфуллиннің қоғамдық-саяси және педагогикалық көзқарастарының қалыптасуына тоқтала келіп, советтік Қазақстандағы халық ағарту ісін ұйымдастырудағы еңбегін арнайы қарастырады. Оның ұстаздық қызметі мен педагогикалық публицистикасы да қамтылып, оқулық авторы ретіндегі еңбектері де ескерілген [12].

А.Тайжановтың «Педагогические взгляды Мухтара Ауэзова» атты мұғалімдер үшін оқу құралының «М.О.Әуезовтың ағартушылық көзқарастарының орнығуы мен дамуы» тарауында М.Әуезовтың жазушы, ойшыл және гуманист болып қалыптасуына ықпал еткен факторлар сипатталынып, оның ағартушылық көзқарастарының дамуы сөз болған [13].

Екінші «М.О.Әуезов – қазақ әдебиетінің теоретигі, ғалым-педагог» атты тарауда Қазақстанда халыққа білім берудегі М.Әуезовтың қосқан үлкен үлесі, оның «Қазақ әдебиетінің теориясы» оқулығының, «Жаңа ауыл» атты хрестоматиясының, «Жеткіншек» атты оқу құралының «Шаруа жастар мектептерінің бағдарламасы мен түсініктемесінің» мазмұндарына шолу және талдау берілген.

«М.О.Әуезов шығармашылығындағы гуманизм және интернациональдық-патриоттық тәрбие мәселелері» тарауында М.Әуезовтың «Абай» журналында шыққан мақаларындағы гуманизм, патриотизм ұғымдарының мәні мен маңызы, оның «Абай жолы» роман-эпопеясындағы философиялық-әлеуметтік мәселелер, олардың психологиялық және педагогикалық мәндері терең талданып, ашып көрсетілген.

Ә.Дербісәлидің «Х класта С.Мұқанов творчествосын оқыту үшін көмекші құралында» мектепте С.Мұқановтың творчествосын оқыту жайында оның өлеңдерін, поэмаларын, прозасын, «Ботакөз» романын Х класта оқыту әдістемесі сөз болған [14].

Н.А.Туебакованың «Наследие М.Габдуллина и основы формирования у школьников казахстанского патриотизма» атты оқу-әдістемелік құралында Кеңес Одағының Батыры, КСРО педагогика ғылымдары академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, халық әдебиетінің білгірі, әскери мемуарист, жазушы Мәлік Габдуллинның ерлік өмірі мен шығармашылы арқылы оқушылардың бойында қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың негізі екендігі баяндалған [15].

Н.Сманованың «Ғабит Мүсірепов шығармалары арқылы оқушыларға патриотты тәрбие беру» атты оқу-әдістемелік құралында Ғ.Мүсіреповтың педагогикалық көзқарастарының қалыптасуы мен оның мән-маңызы, Ғ.Мүсірепов мұраларындағы тәлім-тәрбиелік ойлар, оның шығармаларын оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану жолдарын анықтап, оқушыларға патриоттық тәрбие беру арқылы оларға отансүйгіштік, ұлтжандылық тәрбие беруге болатыны дәлелденген [16].

М.С.Елубаеваның «Мұзафар Әлімбаевтың этнопедагогикалық мұрасы» атты оқу құралының бірінші бөлімі «М.Әлімбаевтың ұлттық дүниетанымының қалыптасуы» деп аталып, онда М.Әлімбаевтың тәлім-тәрбиелік көзқарастарының қалыптасуы, М.Әлімбаевтың – қазақ этнопедагогикасын дамытушы екендігі; екінші бөлімде «М.Әлімбаевтың – халық даналығын зерттеуші» халық тағылиматы хақындағы ой-пікірлері, тәрбие негізі – халық даналығында, «Ғибратты тәлім-тәрбие - М.Әлімбаевтың мақалаларында»; үшінші бөлімде М.Әлімбаевтың шығармашылығындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер, заманымыздың өзекті мәселелерін көтеруші - М.Әлімбаев, төртінші бөлімде «М.Әлімбаев – халық педагогы»: М.Әлімбаевтың педагогикалық еңбектерінің тәлім-тәрбиелік маңызы, нақыл сөздер – ақыл сөздер; бесінші бөлімде «М.Әлімбаев тағылымдары халықтық тәрбие жүйесінде»: М.Әлімбаев – халық фольклорын жаңғыртушы, дамытушы тәлімгер ақын, М.Әлімбаев ғибраттары, М.Әлімбаевтың мәдени мұраларға енген құнды қазыналарының тәрбиелік мәні; алтыншы бөлім «Тағылымды мұралар» деп аталып, онда М.Әлімбаевтың прозалық туындыларының тәрбиелік мәні, оның үлгілікке толы еңбектерінің тәрбиелік маңызы; жетінші бөлімде «М.Әлімбаев – тәлімгер ақын»: М.Әлімбаевтың поэзиялық шығармаларының тәрбиелік мәні, М.Әлімбаев – педагог ақын екендігі баяндалған [17].

М.С.Елубаеваның «М.Әлімбаевтың туындыларын оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану әдістемесі» атты әдістемелік құралында М.Әлімбаевтың туындыларын қазақ тілі сабақтарында

пайдалану әдістемесі, сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстардың үлгі жоспарлары арқылы көрнекілік әдісін пайдаланып, оқушыларды тәрбиелеу жолдары көрсетілген [18].

Р.А.Джанабаева «Ә.Нұршайықов шығармаларының оқушыларға патриоттық тәрбие берудегі мәні» атты оқу құралында Ә.Нұршайықов шығармалары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбиені беру мәселелері қарастырылған [19]. Ол кіріспеден, төрт тараудан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Құралда «патриоттық тәрбие» ұғымдарының мәні, Ә.Нұршайықовтың патриоттық көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен факторлар, оның шығармаларындағы патриоттық-ерлік идеялар, оларды оқушыларға патриоттық тәрбие беруде пайдалану және Б.Момышұлының ұлағатты сөздерінің тәрбиелік мәні ашылып, көрсетілген.

А.З.Кенжегаринаның «Әзілхан Нұршайықов тағылымдары» атты оқу-әдістемелік құралында тағылымға толы ғұмыр, оның нақылдары, шығармаларына арналған тәрбиелік іс-шаралардың тақырыптары мен мазмұны, жазушы туралы лебіздер, ойлар, пікірлер – мұрағат материалдары, Ә.Нұршайықов өз шығармалары арқылы миллиондаған оқырмандардың ұстазы болғаны сөз етілген [20].

Е.Жұматаеваның «Қазақстан майдангер жазушыларының шығармалары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру» монографиясында Бауыржан Момышұлы шығармаларындағы мінез-құлық мәселесі, оқушылардың патриоттық тәрбиесінің теориялық негізі, Қазақстан майдангер жазушылары шығармаларын іс-әрекеттерге ендіру әдістемесі «Майдангер жазушылардың шығармаларындағы педагогикалық құнды ой-пікірлер» тақырыбындағы факультативтік курстың мазмұны арқылы жасалынған [21].

Сонымен, қазақ ақын-жыраулары мен көрнекті жазушыларының педагогикалық көзқарастары бойынша зерттеулер – монография, оқу құралы, оқу-әдістемелік құрал, көмекші құрал түрінде жарық көрген екен. Оларды мектеп мұғалімдері мен болашақ мұғалімдер оқушыларға ұлтжандылық тәрбие беруде кеңінен пайдалануына болады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Қалиев С. XV-XIX ғасырлар ақын-жырауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер. Көмекші оқу құралы. - Алматы: Рауан, 1990.
- 2.Елубаева М.С. Қазақ ақын-жырауларының тәлім-тәрбиелік мұралары (XV-XVIII ғғ.). Оқу құралы. - Тараз: ТарМПИ, 2011.
- 3.Абдикаримов М.О., Балтабай Е.Л. Использование творческого наследия жырау при изучении этнопедагогике казахского народа. Учебно-методическое пособие. – Семипалатинск, 2002.
- 4.Жұматаева Ш.Ж. Дулат Бабатайұлы мұрағаттарының педагогикалық негіздері. Оқу құралы. - Алматы: АлМУ, 2000.
- 5.Жарықбаев Қ. Махамбет Өтемісұлы жастарды тәрбиелеу туралы. Оқу-әдістемелік құрал. – А.1970.
- 6.Махамбет Өтемісовтің өмірбаянын мектепте оқыту / Құрастырушы: З.Қалауова. Көмекші құралы. – Алматы: Мектеп, 1987.
- 7.Естаев Е. Сүйінбай еңбектерін оқытуға арналған методикалық нұсқау. – А. Полиграфия, 1991.
- 8.Коккозова М.Б. Педагогические идеи Джамбула Джабаева. Учебное пособие. – А. РУМК, 1988.
- 9.Коккозова М.Б. Жамбыл о воспитании. Учебное пособие. - Алматы: Санат, 1996.
- 10.Педагогикалық ғылыми мұра. Дәстүрлі әдіс және жаңа технология / Жалпы редакция басқарған Ф.Ш.Оразбаева, Р.С.Рахметова. - Алматы: Ан Арыс, 2009.
- 11.Ұзақбаева С., Шалғынбаева Қ. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың педагогикалық көзқарастары. Оқу құралы. - Алматы: Білім, 1998.
- 12.Камалиева К. Сәкен Сейфуллиннің ағартушылық қызметі. Оқу құралы. - Алматы: Мектеп, 1983.
- 13.Тайжанов А. Педагогические взгляды Мухтара Ауэзова. Учебное пособие. - Алматы: Рауан, 1990.
- 14.Дербісәлин Ә. X класта С.Мұқанов творчествосын оқыту үшін көмекші құрал. – Алматы: ҚазМемОПБ, 1957.
- 15.Туебакова Н.А. Наследие М.Габдуллина и основы формирования у школьников казахстанского патриотизма. Учебно-методическая разработка по спецкурсу. - Алматы, 2001.
- 16.Сманова Н. Ғабит Мүсірепов Шығармалары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: Полиграфия Сервис и К, 2009.
- 17.Елубаева М.С. Мұзафар Әлімбаевтың этнопедагогикалық мұрасы. Оқу құралы. – Тараз: ТарМПИ, 2010.
- 18.Елубаева М.С. Мұзафар Әлімбаев туындыларын оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. – Тараз: ТарМПИ, 2004.

19. Джанабаева Р.А. Ә. Нұршайықов шығармаларының оқушыларға патриоттық тәрбие берудегі мәні. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2005.

20. Кенжегарина А.З. Әзілхан Нұршайықов тағылымдары. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2010.

21. Жұматаева Е. Қазақстан майдангер жазушыларының шығармалары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру. Монография. – Павлодар: ЭКО, 2007.

Аннотация. В статье рассматриваются педагогические взгляды казахских акын-жырау и видных писателей, анализируя их творческое наследие как основа формирования национального самосознания и казахстанского патриотизма подрастающего поколения.

Annotation. The pedagogical looks of kazakh akyn-zhyrau and visible writers are examined in the article, analysing their creative legacy as basis of forming of national consciousness and Kazakhstan patriotism of rising generation.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТӘРБИЕ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕР

Қ. Бөлеев, Л.Қ. Бөлеева, П.Қ. Бөлеева

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Қазақстандағы үздіксіз білім беру жүйесінде тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі бойынша жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі монография, оқу құралы, әдістемелік құрал болып жарық көргенін анықтадық. Сол еңбектерге мазмұндық талдау берелік.

Қ.Б. Сейталиевтің 1985 жылы шыққан «Тәрбие теориясы» атты оқу құралы кіріспеден және он бес тараудан тұратын тәрбие теориясына арналған қазақ тілінде жарық көрген тұңғыш еңбек [1].

Оқу құралының құрылымы және мазмұны төмендегідей: тәрбие процесінің мәні, тәрбие теориясының негізгі принциптері, мектепте тәрбие процесін комплексті түрде жүргізу, тәрбиенің жалпы әдістері, коллективті қалыптастыру және оның оқушылардың жеке басына ықпалы, оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру, идеялық-саяси тәрбие және оқушылардың қоғамдық белсенділігін қалыптастыру, оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу, еңбек тәрбиесі, дене тәрбиесі, эстетикалық тәрбие, класс жетекшісінің тәрбие жұмысы, комсомол, пионер ұйымы мен оқушылар комитеттерінің тәрбие жұмысы, кластан және мектептен тыс тәрбие жұмысы, мектептің, жанұяның және жұртшылықтың тәрбие жұмысын жүргізудегі ынтымақтастығы.

Р.М.Қоянбаевтың 1991 жылы жарық көрген «Тәрбие теориясы» атты оқу құралы болашақ бастауыш мектеп мұғалімдеріне арналған [2]. Онда тәрбие үрдісінің мәні, тәрбиенің жалпы негіздері, оқушылар ұжымын ұйымдастыру мен тәрбиелеу, оқушыларға саяси-идеялық, материалистік дүниетаным, өнегелік, еңбек, эстетикалық, дене, құқық тәрбиелерін беру туралы мәселелер кеңінен сөз болған.

С.Қ.Мұхамбетова мен **С.Қ.Қожаеваның** «Тәрбие теориясы» атты оқу құралының алғы сөзінде тәрбие үрдісінің зерттелу жайы анықталынып, тәрбие туралы эссе, қазіргі кездегі тәрбие тұжырымдамалары, тәрбие процесін жүйелі құру, баланың жеке тұлғасын қалыптастырудың жүйелік-рөльдік теориясы, тәрбие баланы әлеуметтендірудің педагогикалық компоненті ретінде, адам атына лайық өмір салтын қалыптастыру, баланы мәдениетті адам контекстінде тәрбиелеу, баланы және оның даму процесін педагогикалық қолдау, мектеп оқушыларының өзін-өзі тәрбиелеуі, адам қажеттілігіне қарай тәрбие беру, Қазақстанда жарық көрген тұжырымдамалар, тәрбие теориясы-ғылым, оқу пәні, тәрбие – қоғамдық құбылыс, әрі тәрбиелік процесс, тәрбие процесінің жалпы заңдылықтары, мәні мен мазмұны, өзін-өзі тәрбиелеу процесі, адамгершілік тәрбиесі, дүниетаным, оның мәні, құрылымы, қалыптастыру жолдары, патриоттық тәрбие, экологиялық тәрбие, мектептің тәрбие жүйесіндегі сынып жетекшісінің қызметі, салауатты өмір салты, ойын, оның мәні, бала тәрбиесіндегі орны, танымдық ойын – экологиялық тәрбие беру құралы, экологиялық ойындар, жарыс түрінде өтетін экологиялық ойындар, рөлдік экологиялық ойындар, имитациялық экологиялық ойындар, қазақ халқының ұлттық ойындары, іскерлік ойындар мазмұндалған. Сондай-ақ, студенттердің танымдық белсенділігін арттыру үшін түрлі кроссвордтар, олардың білімдерін тексеруге арналған тесттік сұрақтар және педагогикалық ситуациялар берілген [3].

С.Қалиев, Ш.Майғанарова, т.б. «Мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» атты оқу құралы түсінік хаттан, бес бөлімнен және қорытындыдан тұрады [4].

Оқу құралында осы заманғы оқушыны тұлға ретінде қалыптастырудың жалпы мәселелері, жалпы білім беретін мектептің тәрбиелік қызметінің мақсаттары мен міндеттері, жалпы адамзаттық құндылықтар – тұлғаны қалыптастырудың негізі, тәрбиенің жалпы заңдылықтары және жалпы білім беретін мектепте оқушылармен жүр-гізілетін жұмыста олардың есебін алу, осы заманғы жалпы білім беретін мектептің I-IX сыныптары оқушыларын тәрбиелеудің әдіс-тәсілдері, мектептің, отбасының және қоғамның психологиялық-педагогикалық өзара әрекет ету проблемалары, нарықтық экономика жағдайында ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру және мектептің, отбасы мен қоғамның тәрбиелік мүмкіндіктерін кіріктіру мәселелері қарастырылған.

С.Ш.Әбенбаевтың «Тәрбие теориясы мен әдістемесі» оқу құралы алғы сөзден және екі бөлімнен тұрады [5].

Бірінші бөлім «Тәрбиенің жалпы теориялық негіздері» деп аталып, онда тәрбие процесінің мәні, тәрбиенің заңдылықтары, педагогика ғылымындағы тәрбие мен оқытудың мақсат, міндеттері, тәрбие әдістері, ақыл-ой тәрбиесі, оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалып-тастыру, адамгершілік тәрбиесі, эстетикалық тәрбие, дене тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, құқықтық тәрбие, экологиялық тәрбие мазмұндары жасалынған.

Екінші «Тәрбиенің әдістемесінің негіздері» бөлімінде мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыруда сынып жетекшісінің рөлі, сынып жетекшісінің ұйымдастырушылық қызметі, сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру маңыздылығы, сынып жетекшісінің оқушылармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары мен тәсілдері, сынып жетекшісінің бала тәрбиесінде ата-аналармен ынтымақтастығы, сынып жетекшісінің мектеп әкімшілігі және пән мұғалімдерімен жұмысының маңыздылығы, сынып жетекшісінің жеке оқушымен және оқушыларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу жұмыстары, сыныптағы оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін талдауы, жастар қозғалысы; балалардың қазіргі ұйымдары мен бірлестіктері, оқушының және сынып ұжымының психологиялық-педагогикалық профессиографиясы қарастырылған.

С.Г.Губашева мен А.Ж.Отарбайдың «Тәрбие жұмысының әдістемесі» оқулығы кіріспеден және төмендегідей сегіз тараудан тұрады: мектептегі тәрбие жұмысының негізгі бағыттары; тәрбие әдістері, түрлері, ұйымдастыру формалары, оқушылар ұжымын ұйымдастыру жолдары, сыныптан және мектептен тыс жұмыстар; сендіру және оның тәрбие процесіндегі рөлі; оқушылардың өмірін, іс-әрекетін ұйымдастыру әдістері; оқушыларға тәрбие берудегі халықтық тәрбиенің рөлі; отбасымен жүргізілетін жұмыстың түрлері; тәрбие қорытындысын бағалау; студенттермен жүргізілетін тәжірибелік сабақтардың үлгілері [6].

С.Ғ.Тәжібаеваның «Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастырудың теориясы мен технологиясы» атты оқу құралы мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру мен жоғары оқу орындарында педагог мамандар дайындауға бағытталған. Мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеу мәселелерінің ғылыми негіздерін ескерген автор оқу-тәрбие жұмыстарының екшелген жаңа әдістері мен тәсілдерін ұсынады. Сонымен бірге, әдістемелік құралдағы іс-тәжірибеден өтетін студент жастар мен жас мұғалімдерге арналған жұмыс жоспарларын жасаудың үлгісі және мазмұны ұлттық сипатта жасалынған [7].

С.Ғ.Тәжібаеваның «Жоғары оқу орындарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі» атты оқу-әдістемелік құралы алғы сөзден және төмендегі мәселелерден тұрады: студенттермен тәлім-тәрбие ұйымдастырудың ғылыми негізі, салауатты өмір салтын құру бағдарламасы, жоғары оқу орындарының студенттері мен орта арнаулы оқу орындарының оқушыларының клуб бірлестіктерінің қызметі туралы ереже, студенттік топ кураторының қызметі туралы ереже, жеке тұлғаны тану және студенттер ұжымын зерттеу, дәрісті талдаудың үлгі жоспары (тәрбиелік аспектісі), тәрбие шараларын талдаудың үлгі жоспары, «Студенттердің қызығушылықтары» және оны бағыттауды талдау сауалнамасы, «Топ студенттері» кураторының сауалнамасы, тәрбие жұмысын жоспарлау, оқу орнындағы тәрбие жүйесі, тәрбие жұмысын бақылау және талдау, топ ұжымымен жұмыс, жатаханадағы тәрбие жұмысы, жеке тұлғалар арасындағы қатынастарды қалыптастыру, кураторлармен жүргізілетін жұмыс, студенттер активімен жүргізілетін жұмыс [8].

С.Қалиев, Ш.Майғаранова және Г.Нысанбаеваның құрастырған «Тәрбие хрестоматиясында» көркем шығармалар, оқушылардың өмірге көзқарасын қалыптастырудың бес түрлі жолын (ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, дене тәрбиесі және кәсіптік бағдар беру) қарастыра отырып, құрастырылған. Яғни, онда оқушыларға білім беру, кәсіпкерлікке тәрбиелеумен бірге азаматтық сезімін де тәрбиелеп жетілдіру көзделген [9].

Мектептегі тәрбие үрдісіне болашақ мұғалімдерде дайындау әдістемесі мен технологиясы бойынша бірнеше зерттеу жұмыстары жарық көрген. Мысалы, **С.Ғ.Тәжібаеваның «Подготовка**

будущего учителя к технологии воспитательного процесса в школе» атты әдістемелік құралы болашақ мұғалімдерді мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі жасалынған [10].

Әдістемелік құралда тәрбие, тәрбие үрдісі, тәрбиелік жүйе, оның сипаттамасы, сынып жетекшісінің тәрбие жұмысын ұйымдастыру бағыттары, мұғалімді кәсіби дайындауда инновациялық технологияларды пайдалану, адамгершілік тәрбиесінің мазмұны мен міндеттері, оған болашақ мұғалімдерді дайындау, сынып жетекшілерінің ата-анамен жұмысы және оған болашақ мұғалімдерді дайындау, этикалық-құқықтық тәрбие, жыныстық тәрбиенің мазмұны, принциптері және жолдары, оған болашақ мұғалімдерді дайындау мәселелері қарастырылған.

Ал **П.Сейітқазының «Болашақ мұғалімдерді БАҚ арқылы тәрбие үрдісіне дайындау»** атты монографиясының бірінші тарауы «Болашақ мұғалімдерді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тәрбие үрдісіне дайындау – педагогикалық проблема» деп аталып, онда ақпараттық қоғамда мұғалімдерді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тәрбие үрдісіне дайындаудың маңыздылығы, «болашақ мұғалімдерді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тәрбие үрдісіне дайындау», «бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тәрбие беру» ұғымдарының әлеуметтік-педагогикалық мәні мен мазмұны және бұқаралық ақпарат құралдарын оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану бойынша еңбектерге мазмұндық талдау жасалынған [11].

«Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тәрбие үрдісіне дайындаудың әдіснамалық негіздері» атты екінші тарауда Отандық білім беру жүйесінде бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану жайы, болашақ мұғалімдерді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тәрбие үрдісіне дайындаудың шетелдік тәжірибесі және тұжырымдамалық негіздері анықталған.

Үшінші «Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тәрбие үрдісіне дайындаудың педагогикалық жүйесі» атты тарауда болашақ мұғалімдерді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тәрбие үрдісіне дайындауда жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану, интерактивті-танымдық бағдарламалар арқылы және баспасөз материалдары негізінде тәрбие үрдісіне дайындау қарастырылған.

Төртінші «Болашақ мұғалімдерді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тәрбие үрдісіне дайындау әдістемесі» атты тарауда БАҚ арқылы тәрбие үрдісіне болашақ мұғалімдерді дайындауда білім мазмұнының жетілдіру жолдары, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тәрбие үрдісіне дайындаудың әдістері мен формалары және олар бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері анықталып, олар түрлі кестелер мен диаграммалар арқылы өрнектелген.

Жоғарыда аталған еңбектерді мектеп мұғалімдері, әсіресе болашақ мұғалімдер «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәнінде оқушыларға жан-жақты тәрбие беруде кеңінен пайдалануға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сейіталиев Қ. Тәрбие теориясы. Оқу құралы. - Алматы: Мектеп, 1986. – 121 б.
2. Қоянбаев Р.М. Тәрбие теориясы. - Алматы: ҚМПУ, 1991.-82 б.
3. Мұхамбетова С.Қ., Қожаева С.Қ. Тәрбие теориясы. Оқу құралы. - Астана: ЕҰУ, 2007. - 188 б.
4. Қалиев С., Майғаранова Ш., Бейсенбаев З., Нысанбаева Г., Иманбаева С., т.б. Мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы: РБК, 1999. – 153 б.
5. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: Дарын, 2004. – 152
6. Губашева С.Г., Отарбай А.Ж. Тәрбие жұмысының әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Фолиант, 2007. – 244 б.
7. Тәжібаева С.Ф. Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастырудың теориясы мен технологиясы. Оқу құралы. – Алматы: Білім, 2008. – 280 б.
8. Тәжібаева С.Ф. Жоғары оқу орындарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Ғылым, 2004. – 152 б.
9. Қалиев С., Майғаранова Ш., Нысанбаева Г. Тәрбие хрестоматиясы. – Алматы: РБК, 2001. - 182 б.
10. Тажибаева С.Г. Подготовка будущего учителя к технологии воспитательного процесса в школах. Монография. - Алматы: АГУ им. Абая, 2003. - 226 с.
11. Сейітқазы П. Болашақ мұғалімдерді БАҚ арқылы тәрбие үрдісіне дайындау. Монография. – Алматы: Рауан, 2009. – 312 б.

Аннотация. В статье дается обзор и содержательный анализ исследований ученых-педагогов по теории и методике воспитательной работы в школах и вузах Казахстана.

Annotation. In the article a review and rich in content analysis of researches of scientists-teachers is given on a of Kazakhstan theory and method of an educate work in schools and institutes of higher.

БОЛАШАҚ ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ КРЕАТИВТІК ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ МЕН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАЙЛАНЫСЫ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ**К.Ж. Бұзаубақова****Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.**

«Бүгінде Қазақстанға «инновациялық қызметтің «жарылысы қажет» қоғамда мінез-құлықтың инновациялық, креативтік үлгісі үстемдік құру тиіс».

Н.Назарбаев

«Қазақстан -2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында: «Жоғары білім ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектің сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауға керек»- деп көрсеткендей, шапшаң өзгертін, жоғары технологиялық бәсекелі әлемде өмір сүруге дайын, сапалы білім алуға ұдайы ұмтылатын интеллектуалды, физикалық және рухани дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру кадрлар жүйесін дамытудың басты бағдарына айналуы тиіс[1].


Тұрақты даму үдерісінің даңғыл жолына түскен Отанымызға заманауи инновациялық ілімдерді игерген креативті мамандар қажет. Бүкіл әлемдегі сияқты, Қазақстан мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістеріне көшу керек. Ал бұл өз кезегінде мектепке дейінгі білім беру жүйесін түбегейлі жетілдіруді қажет етеді. Білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адами капиталды дамыту мақсатын көздейтін Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдардағы арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, 5B010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша мамандар даярлау жаңа бағыт алды: жаңа стандарт қабылданып, жаңа бағдарламалар өмірге келді [2].

5B010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты коммуникативті дағдыларды, ақпараттар мен технологияларды басқара білуді, проблемаларды шешуді, іскерлік пен креативтілікті қалыптастыратын білімді алудағы тұлғаның дамуына, дербестігін қамтамасыз ететін нәтижеге бағытталады(1-сурет).

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мектепке дейінгі білім беру жүйесінде мектеп жасына дейінгі балалардың жеке-дара шығармашылық, креативтік, интеллектуалдық қабілеттерін аша алатындай **жаңа тұрпатты тәрбиешіні қажет етеді**. Сондықтан біз оқыту әдістерін жаңғырта отырып, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, технологияларды қарқынды енгізуге тиіспіз, ескірген немесе сұранысы жоқ ғылыми және білім пәндерінен арылу, сонымен бірге, сұранысы көп және болашағы бар бағыттарды күшейту қажет, сондай-ақ жоғары білім берудің оқу жоспарының бағыттылығы мен басымдылықтарын оларға тәжірибелік машықтарға үйрету бойынша және тәжірибелік біліктілікке ие болу бағдарламасын қосып, өзгертуіміз қажет.

5B010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша оқу жұмыс жоспарында элективті курстар жыл сайын жұмыс берушілердің тілектерін ескере отырып жаңартылып отырады, егер 2010-2011 оқу жылында 7 элективті пән ендірілсе, 2011-2012 оқу жылында 9 жаңа элективті пән ендірілді, ал 2012-2013 оқу жылында «Балалар риторикасы», «Акмеология негіздері», «Қазақстан Республикасында көптілді тұлғаны қалыптастыру», «Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық тәрбие беру», «Мектепалды және даму орталықтарында жұмысты ұйымдастыру», «Жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері» және т.б. элективті пәндер ендірілді.

Сурет-1. Болашақ тәрбиешінің құзіреттеріне қойылатын талаптар



Нәтижесінде болашақ тәрбиешілер төмендегідей кәсіби шеберлікті меңгереді:

- мектепке дейінгі ұйымдардағы оқу-тәрбие жұмысының оңтайлы формалары мен әдістерді таңдау және қолдана алуы;
- мектепке дейінгі ұйымдардағы (топтардағы) тәрбие жұмысын жүйелік, кешендік және сабақтастық принципін ескере отырып жоспарлай алуы;
- нақты тәрбиелік міндеттерді конструктивті шешудің әдістері мен тәсілдерін меңгеруі;
- ақпараттық көздерді (мультимедиялық оқыту бағдарламаларын, электрондық оқулықтарды, ғаламтор желілерін, ТВ-технологияларды) пайдалана алуы;
- ақпараттық технологияны меңгеру қабілеті, барлық ақпарат түрлерімен жұмыс істеуі, өздігінен іздене білуі, қажетті ақпаратты таңдауы және талдауы, ұйымдастыруы, жасауы, сақтауы және жеткізе алуы;

- ұйымдастырылған оқу әрекетінде инновациялық технологияның қажеттісін дұрыс таңдай және пайдалана алуы;
- кәсіби қызметке қатысты тапсырмаларды, дидактикалық материалдарды дайындау әдісін меңгеруі;
- өз міндетін кешенді орындауы және талдау арқылы ойлай білу қабілеттілігі, өзін-өзі жетілдіру және дамыту, тұлғаның кәсіби өзгеруін реттеу құралдарын пайдалана алуы;
- топтық пікірталас негізінде топтық шешім қабылдау, шығармашылық (проблемалық) міндеттерді шешу, жобалай білуі (ізденіс жобасы, талдаманы, жобалаушылық, шығармашылық жобалар).
- мектепке дейінгі білім беру жүйесін ұлттық негізде модернизациялауда педагогикалық технологияларды меңгеруі.

Кесте-1. 2010-2013 оқу жылдарында ТарМПИ-да 5В010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша элективті пәндер тізімі

Элективті пәндер атауы		
2010-2011 оқу жылы	2011-2012 оқу жылы	2012-2013 оқу жылы
<ul style="list-style-type: none"> - Балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастықты ұйымдастыру; - Қазіргі педагогикалық технологиялар; - Мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбие берудің жаңа педагогикалық концепциясы; - Логика; - Валеологиялық мәдениетті қалыптастыру; - Мектепке дейінгі білім беруде дидактикалық материалды дайындау әдістемесі. 	<ul style="list-style-type: none"> - Мектеп жасына дейінгі балаларға инклюзивті білім беру; - Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетін ұйымдастыру; - Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық-педагогикалық диагностикасы; - Экологиялық тәрбие технологиясы; - 12 жылдық мектепке мектепалды даярлық; - Рухани-адамгершілік тәрбие; - Отбасында балаларды тәрбиелеу; - Балалар үйінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру; - Денсаулық сақтау технологиялары. 	<ul style="list-style-type: none"> - Акмеология негіздері; - Балалар риторикасы; - Қазақстан Республикасында көптілді тұлғаны қалыптастыру; - Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық тәрбие беру; - Отбасында балаларды мектепке даярлау; - Шағын орталықтарда тәрбие жұмысын ұйымдастыру; - Мектепалды және даму орталықтарында жұмысты ұйымдастыру; - Жекеменшік мектепке дейінгі ұйымда әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру; ерекшеліктері.

2012-2013 оқу жылынан бастап базалық білім беретін міндетті пәндер- «Мәнерлеп оқу бойынша тіл дамыту әдістемесінің практикумы», «Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстырудың теориясы мен әдістемесі», «Мектеп жасына дейінгі балаларды қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру» пәндерінен зертханалық сабақтарды мектепке дейінгі ұйымның-балабақша базасында өткізілуде.

Кафедраға қарасты пәндерден зертханалық сабақтарды балабақша базасында өткізу өз кезегінде болашақ тәрбиешінің бойында төмендегідей құзіреттердің қалыптасуына көмектеседі:

- мектепке дейінгі ұйымдағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және жобалай алу;
- педагогикалық процесті бақылау, бақылап отырған фактілер мен құбылыстарды талдау және олардың себеп-салдар байланыстарын анықтау, олардың дамуын болжау;
- оқу материалын, оқыту құралдарын талдау, күтілетін нәтижелерді болжай алуы;
- қол жеткен және тиісті нәтижелерді салыстыру, жалпы ғылыми таным әдістерін меңгеру (талдау, жинақтау, индукция, дедукция, аналогия, ғылыми болжам, модельдеу және т.б.);
- шағын экспериментті жоспарлау және өткізу;
- ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің нақты мақсаты мен міндеттерін анықтау;
- өткізілген және қатысқан ұйымдастырылған, оқу әрекетінің нәтижелерін талдау;
- бақылаудың әдістемелік (диагностикалық, түзетушілік, оқытушылық, бақылаушылық) мақсатын анықтау.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Мектепке дейінгі педагогика және психология кафедрасы» 5В010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығында білім алып жатқан болашақ тәрбиешілердің креативтік қабілетін қалыптастыруда Тараз қаласындағы мектепке дейінгі ұйымдар мен әр түрлі деңгейдегі білім беру мекемелерімен, аймақтық, Республикалық шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен, даму орталықтарымен ынтымақтастық байланыс орнатқан (2-сурет).

Жоғары интеллектуалды әлеуеті қалыптасқан инновациялық технологиялық іс-әрекетті жүзеге асыра алатын болашақ тәрбиешілерді даярлау мақсатында 2012-2013 оқу жылында кафедрада «Балабақша күні» енгізілді.

Балабақша күні - мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ғалым – *оқытушының ғылыми – зерттеу жұмыстарын жүргізуге және кәсіби біліктілігін арттыруға арналған арнайы әдістемелік күн.*

Балабақша күнін» ендірудің мақсаты - жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияны меңгеру құзыреттілігін қалыптастыру және болашақ тәрбиешінің креативтік, интеллектуалдық қабілетін дамыту үшін ЖОО ғалым-оқытушылары мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерімен бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуіне жол ашу, инновациялық іс-тәжірибені үйрену, зерттеу және тарату, инновациялық тәжірибе алмасу.

Балабақша күнінде ғалым-оқытушылар мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің жаңашыл тәрбиешілері және әдіскерлерімен бірлесе отырып инновациялық технологияны оқу-тәрбие процесіне ендіру, баланың жеке-дара, интеллектуалдық қабілеттерін арттыру бағытында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді, тәжірибе жинақтайды және әдістемелік біліктілігін көтереді.

Ғалым - оқытушылар өз ғылыми-зерттеу жұмыстарына балабақша тәрбиешілерін, әдіскерлерді, сондай-ақ студенттерді тартуына, олармен бірлесе жұмыс жасауларына толықтай мүмкіндік алады.

«Мектеп күнін» енгізудің ерекшелігі: жаңашыл тәрбиеші - әдіскер – ғалым – маман бірлікте, ынтымақтастықта жұмыс жасайды.

Бірлескен жұмыс төмендегідей бағыттарда атқарылады:

✓ 12 жылдық білім беру жағдайында мектепалды даярлықты қалыптастыруда мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектуалдық қабілеттерін ашу және білім сапасын арттыру мақсатында тиімді технологияларды жасау;

✓ Инновациялық білім беру жағдайында рухани жағынан дамыған, сыншыл ойлайтын, өзін-өзі дамытуға және шығармашылыққа қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруды көздейтін инновациялық технологияны өмірге әкелу, ғылыми негіздемесін, тұжырымдамасын жасау;

✓ Электронды оқыту жүйесі (e-learning) бағытында жұмыс жүргізу:

- электронды оқулықтар әзірлеу;
- ақпараттық банк, электронды медиатека жасақтау.


✓ Ғылыми-шығармашылық жұмыстары:

- инновациялық технологияны оқу-тәрбие процесіне енгізу;
- диагностикалық сараптама жүргізеді.

✓ Ғылыми-зерттеушілік жұмыстары:

- диагностикалық сараптама; мониторинг.

Сурет-2. ТарМПИ-ның «Мектепке дейінгі педагогика және психология» кафедрасының білім беру мекемелерімен ынтымақтастық байланысы



5В010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойыншы педагогикалық практика Тараз қаласындағы №7, №8, №9, №12, №14, №16, №22 балабақша және «Алпамыс», «Солнышка Тараза» жекеменшік типтегі балабақшаларда өткізіледі.

Кафедра сыртқы академиялық ұтқырлық аясында Стамбул университетімен (Түркия) Кузбасс мемлекеттік педагогикалық университеті (Ресей), И.Арабаев атындағы Қырғыз университетімен ынтымақтастық байланыс орнатқан.

2010 жылы 5В010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығында оқып жатқан 3 курс студенттері Ресей Федерациялық Республикасының Новокузнецк қаласындағы Кузбасс

мемлекеттік педагогикалық университетінде өткен «Педагогика» пәнінен студенттердің Олимпиадасына қатысып жүлделелі ІІІ орынды иеленсе, осы жылы магистранттар А.Абдиева мен Ш.Жанұзақова тағылымдамадан өтті.

2011, 2012 жылдары қатарынан 2 рет 3 курс студенттері Қ.Орал, Ж.Қабанбай, Г.Жондикова «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» Республикалық педагогикалық олимпиадада қатарынан 2-ші орынды иеленді.

2011 жылы Алматы қаласында Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық Университеті ұйымдастырған 5В010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша ұйымдастырған студенттердің Республикалық пәндік Олимпиадасында біздің команда І орынды иеленіп, 2012 жылы мамандық бойынша пәндік олимпиада Тараз мемлекеттік педагогикалық институты базасында өткізілді. 2012 жылы біздің команда 2-ші орынды иеленді.

2010 жылы Тұңғыш Президент Қоры ұйымдастырған Республикалық байқауда студент А.Кенішованың ғылыми жобасы алтын медальмен марапатталды (жетекшісі п.ғ.к., доцент Р.Қ.Керімбаева).

Аннотация: Қоғамның жаңа сападағы педагог мамандарына деген сұранысын орындау мақсатында жаңа білім заңында «Білім беру жүйесінің міндеттері» оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын

қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану қажеттігі көрсетілді.

Annotation: The State Program of Education Development of the Republic of Kazakhstan, the focus is on the formation of a competent professional person, a competitive specialist able to independently and creatively solve professional problems, be aware of the personal and social significance of professional activities, be responsible for its results. As a result of competitive resource teachers are not only specialized knowledge, the mastery of information technology mastered by training and education, as general and vocational educational culture.

ӘОЖ: 371.31

Е 64

КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ БӨЖ-ДІ БЕЛСЕНДІРУДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Р. Ертаева

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

БӨЖ – ЖОО ның оқу үрдісінде білімгердің өзіндік әрекетін ұйымдастырудың және басқарудың ерекше құралы болып табылады.

Кредиттік оқыту жүйесінің жоғары мектепте ендірілуі, БӨЖ-дің үлесінің артуы оны белсендірудің қажеттілігін тудыруда.

ЖОО-да осыған байланысты әрбір білімгердің ой еңбегінің ұтымды әдістерін білуін, яғни аз уақыт кетіріп қажетті ақпаратты іздеп және оны жақсы меңгеруді, фактілер, теорияны, тұжырымдамаларды жүйелеп оны жіктей білуді, өз көзқарасын нақты айтып және дәлелдей білуді, түрлі күрделі сұрақтарды шығармашылықпен шеше білуді үйренуіді талап етуде.

БӨЖ – болашақ мамандарды даярлауда білім сапасын арттырудың ең басты резервтерінің бірі.

БӨЖ-ді ұйымдастырудың алуан түрлі формаларын қолдану білімгерлердің танымдық белсенділігін арттырудың тиімді құралы болып табылады

Кредиттік оқыту жүйесінде негізгі білім көлемі өздік жұмыстың үлесіне тиіп, оған міндетті түрде бақылау жасалынады. Өздік жұмыста білім алдын-ала игеріледі, алынған білімді түзету, тереңдету, бекіту, білімді дағдыға айналдыру жұмыстары оқытушы қатысуымен жүретін аудиориялық сабақтарда жүргізіледі.

Кредиттік оқыту жүйесінде білім алушының өздік жұмысының оқытушы қатысуынсыз және оқытушы жетекшілігімен жасайтын өздік жұмысы болып жіктелуі бұл ұғымның мәніне, білімгердің өздік жұмысының түрлерінің мазмұнына және ұйымдастырылуына жаңаша қарауды талап етеді.

Кредиттік оқыту жүйесінің ендірілуіне байланысты білім берудің жаңа парадигмалары енді "оқу – қалай оқуыңа", "өзін-өзі дамыту" және "өмір бойына оқу" болды.

Бұл – кредиттік жүйеде оқытушының өздік жұмысты ұйымдастырудың алуан түрлері мен жолдарын білімгерге көрсете отырып, білімгердің танымдық әрекетінің ұйымдастырушысы болатындығын білдіреді.

Кредиттік оқыту жүйесінде БӨЖ жаңаша көзқарасты талап етеді. Оның маңызы мен статусының артуының себептері: БӨЖ көлемі мен мазмұны, БӨЖ құрылымы, оны ұйымдастырудағы оқытушы мен білімгердің рөлі өзгерді; БӨЖ ұйымдастыру қағидалары мен функциялары толықтырылды; жаңа инновациялық БӨЖ түрлері енгізілді; БӨЖ-ді бақылау қажеттілік болды және оны бақылау жүйесіне өзгерістер енді.

БӨЖ-ді белсендірудің тәсілдері ұйымдастырушылық және әдістемелік болып бөлінеді.

БӨЖ тапсырмасы мен оны орындаудың кестесі пәннің оқу бағдарламасына кіреді.

Кредиттік оқыту жүйесінде негізгі білім көлемі өздік жұмыстың үлесіне тиіп, оған міндетті түрде бақылау жасалынады.

Кредиттік оқыту жүйесінде де БӨЖ-білімгердің өз бетімен жұмыс істеу білігі мен дағдысын дамытады;

- теориялық білімін дамытуға жағдай жасайды;
- таңдаған мамандығына қызығушылығын арттырады;
- шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік жасайды;
- өз бетімен білім алуды қажетсінуге тәрбиелейді;

- оқу мен ғылыми жұмыстың байланысын күшейтуге мүмкіндік береді;
- игерген білімді практикада толығырақ қолдану мүмкіндігін береді;
- дүниетанымдық білім мен білігін дамытады;
- мақсатқа ұмтылушылыққа, тиянақтылыққа және жауапкершілікке тәрбиелейді.

Бұл БӨЖ функцияларының тізімін кредиттік жүйенің ерекшелігіне байланысты төмендегідей қызметтермен толықтыруға болады:

- білімгерді өзін-өзі ұйымдастыруға тәрбиелейді;
- білімгерді БӨЖ уақытын тиімді пайдалануға, уақытын жоспарлауға үйретеді;
- өзіндік бақылаудың дағдыларын қалыптастырады; Білімгердің білім сапасы өздік жұмыстың дұрыс ұйымдастырылуына тікелей тәуелді болады.

Кредиттік оқыту жүйесінде БӨЖ-ді ұйымдастыруды белсендіру және оған жаңаша көзқарастың қажеттігі кредиттік технологияның ережелеріне сәйкес оны жоспарлауға, ұйымдастыруға, әдістемелік қамтамасыз етуге және бақылауға байланысты. Аудиториялық БӨЖ оқу жоспары және оқу пәнінің бағдарламасы арқылы анықталып, оқу кестесімен реттеледі, оқытушының тікелей жетекшілігімен дәрісте, семинарда, зертханалық жұмыстарды, коллоквиумдарда және т.б. жүргізіледі.

БӨЖ - ді ұйымдастыруда оқытушыға үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Кредиттік оқыту жүйесінде білімгердің өздік жұмысын ұйымдастырудың жаңа талаптарына байланысты оқытушының рөлі мен қызметтері, оқу үрдісіндегі оның орны өзгереді, атап айтқанда, олар:

- оқу үрдісін жобалауды жүзеге асыру;
- білімгерге консультация беру;
- оқыту нәтижесін талдау және әдістемелерді түзетуге байланысты жұмыстар;
- өз пәнін жетік білу;
- аса көп әдебиеттер мен ақпарат көздерін білу;
- жаңа ақпараттық технологиялармен жұмыс істей білу және оқытуда қолдану және тағы басқалары.

Қазіргі заманғы қоғамның талабына орай оқытушы оқу-танымдық әрекеттерін ұйымдастыруда білімгердің өздігінен білім алу, ғылыми әдістерін және оны қолдану тәсілдерін меңгеруіне жағдай жасауы керек. Өздік жұмыста білім алдын-ала игеріледі, алынған білімді түзету, тереңдету, бекіту, білімді дағдыға айналдыру жұмыстары оқытушы қатысуымен жүретін аудиториялық сабақтарда жүргізіледі. Кәсіби педагог тұлғаны дамытуға бағытталған педагогикалық әдістерді қолданып оқу үрдісінде студенттердің әрекеттерін ұйымдастыра білуі, оның нәтижелерін көре білуі, болуы мүмкін ауытқуларды дер кезінде түзетуі тиіс және оларды өздік жұмыс пен өзіндік бақылаудың әдістеріне үйрету керек. Сонда ғана білім алудың ғылыми деңгейі және дамытушылық рөлі артады.

БӨЖ-ді тиімді ұйымдастыру үшін оқытушыға оны ұйымдастырудың қағидаларын білу шарт. Өздік жұмыстың өзіндік ерекшеліктерінің болуына байланысты оны ұйымдастыруда жалпы қағидаларымен қатар, оқыту теориясы мен практикасында өздік жұмыстың жағдайын талдаудан туындаған спецификалық қағидалар қолданылады. Сондықтан оқытушы өздік жұмысты ұйымдастыруда БӨЖ-дің жеке тұлға ретінде қарастыру, көрнекілік, үй тапсырмасының ғылыми түрде негізделген көлемі мен уақытын есептеу, ұғынықтылық сияқты қағидаларын білуі тиіс .

Педагогикалық әдебиеттерде өздік жұмыс түрлерін әр түрлі тұрғыдан анықтап, төмендегідей жіктейді:

- 1) ұйымдастыру түрлеріне байланысты: ұжымдық, топтық, жеке-дара жұмыс.
- 2) мақсатқа бағытталу сипатына байланысты: теориялық және практикалық.
- 3) логикалық бағыттылығына байланысты: фактілерді бақылау және ұғымның белгілерін айрықшалау;
- 4) іс-әрекеттің сипаты бойынша: репродуктивті, реконструктивті-вариативті, жартылай ізденісті және зерттеушілік (шығармашылық) өздік жұмыс;
- 5) танымдық үрдістегі қолдану орнына байланысты: жаңа білімді қабылдау және игеру үшін арналған; алынған білімнің негізіндегі өздік жұмыстар; бекітуге бағытталған;
- 6) білімі мен білігін жүйелеп, жалпылауға бағытталған;
- 7) қайталау мен білім, білік және дағдыны тексеруге арналған өздік жұмыс түрлері.

Е.Андросюк аудиториядан тыс БӨЖ-ді жалпы ғылымилық және кәсіби білімдік , танымдық және кәсіби әрекеттің тәсілдерінің жүйесі, болмыс пен болашақ мамандығына эмоциялық қатынастың тәжірибесін игеруге бағытталған оқу, оқу-ізденіс, ғылыми- зерттеу және өз бетімен білім алу әрекеттерінің алуан түрлері деп анықтайды [73]

БӨЖ оқу, ғылыми-зерттеу және шығармашылық бағыттарында жүреді.

Оқу бағытындағы БӨЖ-ге білімгердің дәріске, зертханалық, практикалық және семинар сабақтарына дайындығы; үй тапсырмаларын орындау; реферат даярлау, түрлі есептеулер мен сызбалар жасау; пікірталасқа, емтиханға дайындалу жатады.

Оқытушының берген оқу тапсырмаларын шығармашылықпен орындау БӨЖ-дің барлық түрінде болады. Ол стандартты емес орындау, тың шешім шығару, дәстүрлі емес әдістерді қолдану арқылы жүзеге асады. Ғылыми-зерттеу және шығармашылық сипаттағы БӨЖ-ге оқытушы немесе ғылыми-зерттеу саласындағы қызметкердің жетекшілігімен білімгердің дайындайтын ғылыми мақаласы, баяндама, реферат, пікір жазуы; түрлі олимпиада, конференция, байқауларға қатысуы жатады. Қазіргі таңда Қазақстан республикасының жоғары мектеп практикасында БӨЖ-дің тиімділігін арттыру үшін алуан түрлі әдіс тәсілдер қолданылады.

БӨЖ – дидактикалық міндеттерді өз бетімен орындауға бағытталған, танымдық әрекеттерге қызығуын қалыптастыруға, ғылымның белгілі бір саласы бойынша білімдерін толықтыруға және кәсіби біліктілікке бағытталған білімгердің ерекше оқу әрекеті.

БӨЖ жоғары оқу орнының оқыту үрдісінің жетекші формасы болып саналса, оны белсендіру, жүйелі түрде басқару және әдістемелік жағынан үздіксіз жетілдіру қажет.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.«Білім-Образование. Ғылыми педагогикалық журнал № 3, 20091.
- 2.«Қазақстан жоғары мектебі. 2012ж т.б.

Аннотация. Работа содержит новейшую всестороннюю информацию о системе самостоятельной работы студентов. Самостоятельная работа студентов определяется как особая учебно-познавательная деятельность, средство повышения творческой активности и профессионального мастерства с помощью выполнения различных заданий учебного, исследовательского и самообразовательного характера с применением современных технологий обучения.

Annotation. This work considers students independent work. The students` independent work is defined as a specific learning - cognitive activity, a means of increasing creativity and professional skills by performing various tasks of an educational, research and self-education of character with the use of modern learning technologies.

УДК 37.018
Ж26

ОСОБЕННОСТИ НАЦИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ КАЗАХСКОГО НАРОДА

А.А. Жампеисова, Р.А. Жумағалиев

Таразский государственный педагогический институт, г. Тараз

*«Шесть благодетней должен знать каждый:
Чувства меры, доброты, чести, стыда, терпения и осторожности.
Будешь ненасытным, без милосердия, чести и стыда,
То незначем существовать в этом мире божественном.»*

Шакарим Кудайбердиев

Не смотря на имеющийся опыт научных исследований по народной педагогике, считается необходимым подчеркнуть важность такого аспекта, как национальные обычаи и традиции, которые не только зафиксировали педагогические знания, умения, навыки наших предков, но и способствовали их передаче из поколения в поколения [4, 4].

Кто не уважает своей родины, тот не уважает себя, тот не имеет права на уважение к себе со стороны других лиц. Вот почему, желая воспитать наших детей в национальном духе, мы в своей семье сами должны быть для них примером уважения, преданности и любви к своей родине и ко всему родному.

Особенно важное значение в деле воспитания юношества играет школа. Школою мы должны пользоваться во всей силе для проведения национального воспитания. Все школы, низшие, средние и высшие должны быть обязательно строго национальными.

Школа должна служить своему народу и государству и потому должна быть национальной и патриотической. Она должна утверждать в своих питомцах и слушателях твердые религиозные верования и национальные нравственные убеждения, которыми преисполнен и живет казахский народ и на котором основан весь строй его многовековой религиозной, семейной и государственной жизни. Всякое казахское дело, особенно воспитание детей, надо делать надежными казахскими руками и не очень полагаться на услуги чужих людей.

Знания всегда могут быть пополнены, а любовь, преданность и самопожертвование родине не пополняются впоследствии. Лучше невежество, согретое любовью к родине, чем образование, связанное с презрением и неуважением к нации. Проповедуя, однако, народную любовь и преданность казахским детям, никогда не следует оскорблять и детей других наций, входящих в состав нашей Родины. Нужно относиться к ним дружески и любовно, как к братьям.

История Казахстана должна быть известна всем ученикам, но история не формальная, а история духа казахской нации, ход ее развития, разрастания и совершенствования [3,181].

Общественное национальное воспитание должно состоять в проведении в жизнь во всех местах государства и во всех слоях общества духа любви, преданности и блага казахской национальности и Отечества. Этому должна служить вся государственная администрация, все государственные и общественные учреждения, пресса, литература и все гражданские стороны жизни [2,56].

Основным и незыблемым положением должно служить следующее: все высшие государственные должности и все места начальников учреждений должны быть заняты людьми казахами, искренне проникнутыми духом национализма. Всех казахов должно объединять одно чувство - поддержать друг друга и подать ему руку помощи. Это не должно говориться, но это должно пониматься и проводиться в жизнь столь же твердо и неуклонно, как это делают американцы, поляки, немцы, армяне, евреи. Лица с антинациональным направлением нетерпимы на должностях, ибо они будут служить не на пользу, а во вред Родине. Особенно такие лица нетерпимы в ведомстве просвещения. Мы должны твердо решиться иметь гражданское национальное мужество отстаивать открыто свое национальное достоинство против наглых и открытых выпадов, оскорблений и унижений, изливаемых инородцами и вырожденками, или продажными людьми на нашу Родину и на наш народ. По мере того, как мы становимся скромнее и сдержаннее, наши враги становятся наглее и дерзче. И это естественно. Кто не умеет себя защищать, тот невольно дает прямой повод к нападению.

В настоящее время одной из актуальнейших проблем современности становится возрождение культурно-исторического наследия прошлого, важнейшим из компонентов которого является этническая педагогика с ее прогрессивными богатейшими традициями и опытом воспитания подрастающего поколения [1, 3].

Мировосприятие каждого народа связано с национальными понятиями. В связи с этим, при разъяснении процесса формирования мировоззрения у детей необходимо раскрыть сущность национальных понятий, связанных с мировосприятием, куда входят:

- структура мироздания, понятия, сформировавшиеся в древности: земля и небо, понятия, относящиеся к солнцу, луне, звездам (например, знание расположения звезд, их движения, взаиморасположения Луны и созвездия *Үркеp* (Плеяды) во многом облегчили повседневную жизнь казахов, их хозяйственную деятельность, помогая в определении сроков сезонных работ (например, *бие байлау* (сезон дойки кобылиц); *қой қырқу* (стрижка овец); *қыстауға көшу* (откочевка на зимовье); *жолға Шолпан жұлдызы туа аттанған* (в дальний путь отправлялись с появлением Венеры); *жолаушы Темір-қазықты аумас бағыт етіп алған* (путник ориентировался на Полярную звезду, как на компас);

- понятия, связанные с птицами, зверями, домашними животными (*төрт түлік*), например, «*жыл қайыру*» (летоисчисление), *жыл басы – тышқан* (начало двенадцатипятилетнего летоисчисления начинается с мыши);

- понятия, связанные со священным числом «7»: *жеті қабат жер* (семь слоев земли), *жеті қат көк* (семь слоев неба), *жеті ғаламат* (семь чудес), *жеті қазына* (семь богатств), *жетті шелтек* (семь лепешек), *жеті ата* (семь колен родословной);

- знание обрядов, связанных с «*мүшел жас*»;

- народные праздники (*Наурыз, Қымыз мұрындық, Сабан той, Соғым*); религиозные праздники (*Ораза айт, Құрбан айт*) [4, 17].

Характеризуя содержание умственного воспитания необходимо раскрыть сущность дидактических принципов обучения и приобретения знаний в народной педагогике, которые близки по принципам научной педагогики (связь знаний с жизнью, непрерывность, наглядность обучения,

доступность, понимание необходимости знаний и др.). Здесь родной язык выступает важнейшим фактором и средством умственного воспитания детей. Общеизвестными средствами умственного воспитания народа являются такие формы устного народного творчества, как считалки, скороговорки, загадки, сказки, пословицы и поговорки, эпосы и айтысы, жыры, терме и т.д.

Все это в совокупности способствовало формированию умения правильно излагать мысли, обогащению словарного запаса, развитию красноречия и импровизаторского искусства, культуре разговорной речи. При характеристике содержания нравственного воспитания (формирование у личности чувства гуманизма, патриотизма, положительных нравственных качеств, чувства долга перед родителями, любви к ним, честности, правдивости, скромности, щедрости), его методов и средств, уместно напомнить, что в казахской этнопедагогике используются такие методы, как убеждение, назидание, благословение (бата) и др., средства – сказки, эпосы, былины, дастаны, традиции, обряды и др.

Свидетельством того, что для казахов патриотизм, героизм являлись самыми важными моральными качествами человека, являются тому более трехсот народных восстаний, которые произошли на казахской земле с XVI века по 1916 год нынешнего столетия, многочисленность поистине народных батыров, имена которых стали известны нынешнему поколению, к сожалению, только сейчас (Бөгенбай, Наурызбай, Қабанбай, Қарасай, Жәнібек, Олжабай, Райымбек, Сырым, Махамбет, Исатай, Кенесары, Есет, Амангелды и др.) Всего их более 100 батыров [4,18].

Вот почему важно, чтобы и наука и пресса наша открыто и громко давали сдержанный, спокойный и веский отпор наглým нападкам врагов нашей народности и нашей родины, особенно тех, кто состоит на службе и питается за счет нашей же Родины.

Список литературы:

- 1.К.Ж. Кожаметова «Казахская этнопедагогика»- Алматы: «Ғылым», 1998.
- 2.К. Болеев, Л.К. Болеева - Алматы, 2008.
- 3.К.Б. Жарикбаев, С.К.Калиев «Антология педагогической мысли Казахстана» - А. «Рауан»,1995.
- 4.С.Узакбаева, К.Кожаметова, «Использование материалов казахской этнопедагогике»- А.1998.

Аннотация. Бұл мақала қазақ ұлтының ұлттық тәрбие ерекшеліктеріне арналған. Мақалада ұлттық тәрбие мәселелері ашық анықталған.

Annotation. This article is devoted to the peculiarities of the national education of Kazakh people. Some problems of the national education are considered in it.

УДК 455.14: 31

ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

С. Жанузакова

№9 орта мектеп, Тараз қ.

Өркениеттің қазіргі даму сатысының ерекшеліктері мәдениеттің, экономиканың, қоғамдық және жеке өмірдің барлық аймақтарындағы жаһандық инновациялармен байланысты. Әлемдік технологиялық өзгерістер, интеллектуалдық интеграцияның дамуы, өндірісте электрондандыруды кеңінен пайдалану ХХІ ғасырдың жаңа тенденцияларын: ғылыми, жоғары технологиялық, ақпаратқа және коммуникацияға толы, бүгінгі күннің міндеттерін шешуді талап ететін, болашаққа бағдарланған тенденцияларды анықтауға мүмкіндік берді.

ХХІ ғасыр - ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, қоршаған ортаға, адам денсаулығына ұқыпты қатынас дәуірі. Адамзаттың жаңа дәуіріне жаңа білім беру жүйелері және оқытудың жаңа модельдері сәйкес келуі қажет. Әлемде мемлекеттің экономикалық жетістіктері оның білім беру жүйелерімен, жұмыс күшінің барлық деңгейлерінде даярланған азаматтардың білімділігімен анықталатыны байқалды. Қоғамның білімділік әлеуеті мықтылықтың перспективті және стратегиялық факторы, мемлекеттің қауіпсіздігі мен тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамуының, халықтың өмір деңгейі мен сапасының артуының кепіліне айналды.

Қазіргі әлемнің басты ерекшелігінің бірі болып жатқан үрдістердің жаһандануы, ол адамның дүниеге көзқарасына ықпал етеді. Болашақтағы даму адамның мәдениетінің, түсінушілігінің және даналығының деңгейімен анықталады деп саналуда:

- әрбір адамның ғаламшардың болашағына жаһандық жауап-кершілігі түсінілуде;
- ойлаудың көпқырлығы мен икемділігіне объективтік қажеттілік мойындалуда;
- білім берудің жауапкершілікті ойлау және саяси шешімдер үшін идеялар көзі ретінде рөлі артуда;
- мамандар даярлығының сапасы отандық өнімнің әлемнарығындағы бәсекеге қабілеттілігіне және ұлт өмір сүру деңгейіне тікелей әсері түсінілуде.

Осыған байланысты білім берудегі дағдарысты жеңу білім берудің жаңа парадигмаларын іздеуден көрінеді. Парадигма философиялық мағынасында - уақытпен өзгеретін және ғылымның дамуының қандай да бір сатысына тән бастапқы тұжырымдамалық үлгі.

Бұл бағыттағы ғылыми ізденіс білім беру философиясымен жүргізіледі, бұл - адамзаттың өзекті мәселелерін шешуде білім берудің құндылықты-мәнді аспектілерін, білім берудің әлеуметтік рөлін зерттейтін ғылым. Оның басты қызметі прогностикалық қызмет болып табылады. Бұл жағдайларда адамзат интеллектісін жаңа операциялдық мүмкіндіктермен қаруландыру туралы ғана емес, оның инновациялық қабілеттері туралы сөз болуда.

Инновациялық білім берудің мақсаты - жаңаны игеріп қана қоймай, сондай жаңаны ойлап шығара алатын жаңашыл-маманды қалыптастыру. Білім берудің жаңа жүйесіндегі орталық орын жаңа білімді өндіру алу қажет (іргелі және қолданбалы ғылыми ізденістер, тәжірибелі өндіріс т.с.с.). Соңғысы әрдайым орын алып отырды, алайда, ақпараттық қоғамға көшу жағдайында жоғары мектептің білім беру үрдісінің міндетті бөлігіне айналды. Кәсіби білім беру мақсаты - педагогикалық іс-әрекеттің жүйекұраушы қызметі. Мақсатты таңдауға оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын, әдістері мен тәсілдерін таңдау тәуелді болады. Педагогикалық мақсаттардың түрлері өте көп. Олардың ішінен білім берудің нормативтік мемлекеттік мақсаттарын, қоғамдық мақсаттарды, оқытушылардың өздерінің бастамашыл мақсаттарын бөлуге болады.

Нормативтік мемлекеттік мақсаттар - бұл үкімет құжаттарында, мемлекеттік білім беру стандарттарында анықталатын жалпы мақсаттар. Сонымен бірге қоғамдық мақсаттар орын алады. Олар қоғамның түрлі топтарының қажеттіліктері мен қызығушылықтарын және кәсіби даярлық жөніндегі сұраныстарды бейнелейтін мақсаттар. Мәселен, ерекше мақсаттарға жұмыс берушілердің мақсаттары жатады. Бұл сұраныстарды оқытушылар ескеріп, мамандандырудың түрлерін, оқытудың түрлі концепцияларын тудырады.

Бастамашыл мақсаттар - бұл оқу орнының түрін, маман-дандыру саласы мен оқу пәнін, студенттердің даму деңгейі мен педагогтардың даярлығын ескере отырып, педагог-практиктер мен студенттердің өздері жасайтын тікелей мақсаттар.

Қорытынды мақсаттар жиынтығы - оқу соңында маманнан шешуді қажет ететін міндеттер тізімі, ол маман модельдері (про-фильдері) деп атқа ие болды. Маман моделі өзінен-өзі психологиялық-педагогикалық модель болып табылмайды. Оның мазмұнының негізіне қандай да бір қызмет атқаратын қызметкерге қойылатын талаптар жүйесінде тіркелетін біліктілік сипаттамалары жатады. Онда берілген қызметтегі тағайындау, қызметкердің қызметінің негізгі сипаты, оның не білу, істей алу керектігі, қандай тұлғалық қасиеттерінің болу керектігі тіз-бектеліп көрініс табады. Маман моделінен оны даярлау моделіне көшудің бірінші қадамы болашақ кәсіби қызметінің ол шешуі тиіс типтік міндеттері бөлу және толық бейнелеуді қажет етеді. Типтік міндеттер иерархияны құрайды, ол бір уақытта жоғары білім берудің мақсаттарының иерархиясын құрайды.

1. Бұл сатылықтың жоғарғысын - *нақты мамандықтан немесе өмір сүріп жатқан елінен тәуелсіз барлық мамандар шеше алатын* міндеттер құрайды. Олар осы тарихи дәуірдің сипатын анықтайды және ғасырдың міндеттері деп шартты түрде аталуы мүмкін. Қазіргі уақытта бұған:

Экологиялық міндеттерді (адамдардың өндірістік және басқа әрекетінің табиғатқа кері әсерін азайту және т.б.);

Үздіксіз жоғары білім беруден кейінгі міндеттерді (тиімді іздеу, ақпаратты талдау және сақтау, оларды кәсіби мәселелерді шешуге қосу және т.б.);

Қазіргі қызметтердің көпшілігінің ұжымжық сипатынан шығатын міндеттерді (ұжымның басқа мүшелерімен байланыс орнату, біріккен іс-әрекетті жоспарлау және ұйымдастыру, жұмыстардың нәтижелерін болжауда «адами факторды» ескеру және т.б.) жатқызуға болады.

2. Екінші деңгей - берілген мемлекетке бағытталған арнайы міндеттер. Біздің елімізде қазір нарықтық қатынастарды дамытуға байланысты міндеттер өзектілікке ие (жобаларды экономикалық негіздеу, сенімді серіктестер мен қаржылық көздерді іздеу, шетел нарығына шығу және т.б.).

Маңыздылығы жағынан тағы бір міндеттер *ұлттаралық қарым- қатынас мәселелерімен* байланысты (ұлттық дәстүрлер мен салттарды ескеру, ұлттық сезімдерге құрметпен қарау, ұлтшылдық пен шовинизмнің кез келген көрінісіне бара бар қарау). Ең соңғысы, қазіргі маман демократия, ашықтық және діни төзімділік жағдайында өндірістік, басқару және экономикалық міндеттерді шеше алу қажет.

3. Үшінші деңгей - *кәсіби міндеттер*; ол шешілетін міндеттер көлемі мен түрлері бойынша ең ауқымдысы болып табылады.

Жалпылай түрде бұл міндеттер кез келген мамандық үшін үш түрге бөлінеді:

- *Зерттеуші міндеттер* (білімнің сол немесе басқа саласында зерттеушілік іс-әрекетті жоспарлау және жүргізуді іскерлігін талап етеді);
- *Практикалық міндеттер* (болашақ кәсіби қызметінде нақты нәтиже алуға бағытталады)
- *Педагогикалық міндеттер* (сәйкес пәннен оқу орнында не өндірістік оқыту жағдайында сабақ беру).

Үшінші деңгейдің міндеттерінің әрқайсысын суреттеу үшін арнайы кәсіби білімді талап етеді. Міндеттердің барлық түрлерін талдау және қайталанатын эле- менттерді алып тастау негізінде маман қызметінің моделі құрылады. Бірақ, егер студенттерді осы модельге бағдарлап даярласа, онда ЖОО бітірер кезде бұл модель ескіріп қалады. Міндеттер сипатының өзгеру тенденциясын анықтау және маман қызметінің болжамды моделін құру бойынша өте күрделі жұмыстарды жүргізу қажеттілігі туындайды. Ол жоғары білікті мамандардың қатысуымен арнайы зерттеулерді талап етеді. Сондықтан тек болжамды модель негізінде маман даярлаудың моделін өндеуге батыл кірісуге болады. Соңғысы толық дайын болған кезде оқу жоспарына және жеке пәндердің бағдарламаларына енгізіледі.

Педагогтің кәсіби қызметінің сапасы мәселелерін, кәсібилігін, педагогикалық қабілеттері мен педагогқа қойлатын талаптарды зерттей отырып, белгілі ресейлік ғалым И. В. Кузьмина еңбектің нәтижелігіне әсер ететін педагогикалық қызметкерлердің маңызды сипаттамасы қатарына олардың кәсіби құзыреттіліктерін жатқызады.

Педагогикалық құзыреттіліктің негізгі элементтері ретінде ол: оқытылатын пән саласындағы арнайы құзыреттілікті; білім алушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру тәсілдері саласындағы әдістемелік құзыреттілік; оқыту сферасындағы психологиялық-педагогикалық құзыреттілікті; мотивтер, қабілеттер және оқушылардың бағыттары саласындағы дифференциалдық-педагогикалық құзыреттілікті және аутопсихологиялық құзырет- тілікті бөліп қарастырады.

Арнайы құзыреттілік біліктіліктен және пәнді, оқытуды жүргізілетін мамандық саласындағы өндірістік қызмет тәжірибесінен: нақты өндіріспен байланысты техникалық, шығармашылық міндет- терді шеше білуден тұрады. Әдістемелік құзыреттілік оқытудың әр алуан әдістерін игеруден, дидактикалық әдістерін білуден және оны оқу үрдісінде қолданудан, психологиялық механизмдерді ұғынып, оқу үрдісінде білім мен дағдыны меңгеруден құралған.

Психологиялық-педагогикалық құзыреттілік педагогикалық диагностиканы игеруден, оқушылармен педагогикалық мақсатты қарым-қатынас құра білуден, педагогикалық диагностика нәтижелері негізінде жеке жұмыстарды жүзеге асыру: жасерекшелік психологи- ясын, тұлға аралық және педагогикалық қарым-қатынас психологи- ясын, оқушылардың таңдаған кәсіптеріне, беретін пәндеріне деген қызығушылықтарын оята білуден құралған.

Дифференциалды-психологиялық құзыреттілік жеке ерек- шеліктерді анықтай білуден, оқушылардың бағытталуынан, адамдардың эмоциялық жай-күйін анықтаудан, жетекшілермен, әріптестер және оқушылармен сауатты өзара қарым-қатынас орната білуден тұрады. Аутопсихологиялық құзыреттілік өзіндік қызмет деңгейін, өзіндік қабілеттерді тани білуден: кәсіби өзін-өзі жетілдіру тәсілдері жөнінде білуден: өз жұмысындағы, өзіндегі кемшіліктердің себеп- салдарын көре білуден, өзін-өзі жетілдіру ниетінен тұрады.

Кәсіби құзыреттілік өз құрылымында: қабілеттер (кәсіби қызметке жалпы және жеке); тұлға сапасы (жеке тұлғалық және кәсіби-педагогикалық); қызметке дайын болу, психофизиологиялық дайындық және білім, білік және дағды (пәндік, психологиялық- педагогикалық, басқарушылық) секілді тәжірибе компоненттері білім ретінде қарастырылады. Өзін кәсіби маман және тұлға ретінде тану маңызды компонент болып табылады. Кәсіби құзыреттілік маманның біліктілігін көтеру үрдісінің жүйе қалыптастыру категориясы және өзін-өзі дамыту ретінде көрінеді. Кәсіби құзыреттілік түсіндірмесіне ықпалдардың әртүрлігі, атал- мыш ұғым анықтамасының динамикалы және көптармақтылығымен түсіндіріледі. Бүп ұғымның мағынасы қоғамда, білімде, ғылымда болып жатқан өзгерістерге сәйкес әртүрлі көзқарастар шеңберінде қарастырылады.

Болашақ педагогтің кәсіби құзыреттілігі педагогикалық процесс барысында қалыптасады. Педагогикалық процесс барлық оқу орындарында іс-әрекеттің негізгі өзегі болып табылады. Жоғары оқу орындағы педагогикалық процестің құрылымды компоненттері: ішкі өзгерістерге, біліктілікке, тәрбиелікке, құлықтық, интеллектуалды, эмоционалды және болашақ педагогтің өз кәсібилігін көтеру.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Исаев С. Ә., Мұхамади А. Н., Ахметова О. С. Компьютерлік технология негіздері курсына арналған практикум. Алматы: «Жазушы» – 2010ж.
- 2.Қараев Ж.А. Педагогическая технология обучения. – Алматы – 2000.
- 3.ҚР стратегиялық дамуының 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2010ж.
- 4.Бапабаев М.Х. «Педагогическая культурология»: Учебное пособие.- А.: Кабинет КАО им. Алтынсарина, 2010.

Аннотация: В Послании Президента РК Н.А. Назарбаева «Стратегия: Казахстан - 2050» – главная цель государственной политики указывается на необходимость создания возможностей получать современные знания и использовать передовые инновационные технологии. Это обязывает школу в настоящее время готовить конкурентоспособных, компетентных будущих специалистов, соответствующих уровню развития современных технологий. В контексте вышесказанного чрезвычайно актуальной является задача современной вуза с новых позиций рассмотреть проблему подготовки учителя новой формации посредством использования информационных и инновационных технологий.

Annotation: The Message of the President of the Republic of Kazakhstan NA Nazarbayev "Strategy: Kazakhstan -2050" - the main goal of public policy identified the need to create opportunities to obtain advanced knowledge and innovative use of advanced technology. It behooves the school is now preparing competitive and competent professionals of the future appropriate to the level of development of modern technologies. In the above context, is extremely urgent task of modern university with the new positions to address the issue of teacher training new formation through the use of information and innovation technologies.

ӘОЖ 71.011.31

Ж 88

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘНІ

Р.Ә. Жұмағалиев

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Қазақ халқының төл мәдениетінің негізі ұлттық сезім, салт-дәстүрлер, ұлттық мінез деп аталатын үш түрлі бірліктен тұрады. Осы үш бірлестік ұлттық мәдени ерекшеліктің шартты белгілері болып табылады.

Ұлттық сезім - бұл адамдардың туған жерге, өскен елге, ана тіліне, ұлттық салт-дәстүрлерге деген сүйіспеншілікті білдіруі. Ұлттық мінез адам мінезінен, іс-әрекетінен, қарым-қатынасынан көрінетін тұрақты құбылыс. Халқымызға тән қайсарлық, батырлық, өжеттік, т.б. рухани-адамгершілік қасиеттер ұлттық мінездің қалыптасуында айрықша маңызды. Мысалы, тәрбие мәселесіне арнайы еңбек жазбаса да, Абайды жастарды тәрбиелеу жөнінде аса құнды пікірлер айтқан ойшыл-педагог деп танымыз. Абайдың рухани әлемі, оның зерттеу нысаны - адам. Абай өзінің барлық шығармашылығын жастарға « адам бол», «азамат бол», « қатарыңнан қалма» деген философиялық, педагогикалық және психологиялық көзқарасында « адамгершілікті мол адам-қоғамға ең пайдалы адам», - деп тұжырымдама жасаған [4, 57 б.].

Сондай-ақ, ұлы ақын «Иман сақтауға қорықпас жүрек, айлымас көңіл, босамас көңіл керек », - деген екен [4, 57 б.].

«Ұлттық тәрбие » ұғымының мәнін ашып көрсету үшін, біз «Ұғым дегеніміз не ?» деген сұраққа жауап бергеніміз жөн. Біздің ойымызша, ұғым дегеніміз - заттар мен құбылыстардың жалпы айырмашылықтарының белгілі бір жиынтығы негізінде ой жүргізу. Ол ғылыми немесе тәжірибелік білімдерді қалыптастыруда қолданылады. Ұғымдар негізінде пікір, ой тұжырымдар қалыптасып, ой

қорытындылар мен пайымдаулар жасалады. Осы орайда «ұлттық патриотизм», «қазақстандық патриотизм» ұғымдары арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, мемлекет, туған өлке, туған халқы жайлы нақты түсініктер берудің тиімділігі арта түспек. Ал түсінік дегеніміз – бір нәрсенің мағынасы мен мәнін түсіну.

Ұлт тағдыры- оның ұрпағының тағдыры. Ұлттық тәрбие мәселесіне қатысты осы күнге дейін жинақталып, сараланып, жүйеленіп келген айтулы бағдарламалар мен әдістемелік тәжірибелердің қазіргі уақытта қаншалықты керек екенін күн сайын сан өзгерістерге бой алдырған ірі жаңалықтар мен іргелі бетбұрыстар легі арқылы білуіміз қиын емес. Өмір сүру динамикасында белең алған бұл құбылыстарға қарама-қарсы әрекет жасауға көшпестен бұрын әлемдік классикалық педагогикалық жетістіктерге сүйене отырып қол жеткізген тәжірибелер арқылы жас ұрпақтың танымдық әлеуетін заман талаптарына сәйкес бейімдеу шараларын қарастырғанымыз қажет.

Біздің мақсатымымыз ұлттық тәрбие, ұлттық білім мәселесіне қатысты бағалы дүниелерді ғылыми-педагогикалық тұрғыда зерделеудің алғышарттарын негіздеуге арнаулы қажет:

1. Ұлттық тәрбие ұғымының генезисін айқындау.
2. Аталмыш терминді педагогикалық энциклопедия басылымдарына енгізу.
3. Ұлттық тәлім- тәрбиенің ғылыми- теориялық негіздерін айқындау.
4. Ұлттық тәрбиенің оқу-білім ордаларында кешенді тұрғыда жүзеге асыру моделін жасау.
5. Ұлттық білім жүйесінің моделін жасау.

6. Ұлттық білім мен тәлім-тәрбие құндылықтарының жаһандық ғаламдану кеңістігіне бейімделуінің алғышарттарын негіздеу.

Көрнекті ғалым М.М.Тілеужанов өзінің «Қазақ тағылымы» атты еңбегінде (1994 ж.) қазақ тағылымының негізгі бағыттарын атап көрсеткен болатын. Олар: ар-ождан тазалығын сақтау; ақыл-ойлы, парасатты болу; барлық әрекетінен, сөйлеген сөзінен, қарым-қатынасынан, көзқарасынан ғибрат иісі аңқып тұру; ерте тұрып, кеш жату; аз сөйлеп, көп тыңдау; иманды, инабатты, қайырымды болу; жас ұрпаққа тәрбие беруден жалықпау; халық дәстүріне берік болу; оны жаңарту; әдет-ғұрыпта жоқ нәрседен аулақ болу; сегіз қырлы, бір сырлы болу; халқының рухына кір салмау.

Дәстүрлі педагогика ғылымында ұлттық тәрбиелеудің бастапқы мақсаты «жан-жақты үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру», - деп жазылған [3, 27 б.].

Ал тәрбие процесінің мәніне келетін болсақ - бұл баланың ұжым, қоғаммен қатынастарының негізгі жүйесін құру, педагогикалық жағдайлардың, тәрбиелік әсерлердің нәтижесін талдау, жоспарлау жұмысын реттеу, тәрбие процесінің жобасын құру, оны тиімді формада жүзеге асыру; тәрбилік ықпалдарды реттеу, оларға түзетулер енгізу; қорытынды, есепке алу, бақылау.

Әбу Насыр әл- Фараби «Адамға ең әуелі білім емес, тәрбие берілуі керек. Онсыз берілген білім- адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», - деген болатын [3, 67 б.].

Ұлы ұстаз Ы.Алтынсарин «өмірдің негізгі мәні - еңбек, ол адамның адамгершілік қасиетін мәртебелендіреді, өмірдің шын қадірін тек еңбексүйгіш адам ғана түсіне алады. Мәнсіз еңбек, мағынасыз бейнетқорлық адамның жігерін мұқалтады, өз еңбегінің қызығын, рақат- ләззатын көре білу - кісіліктің басты белгісі», - деген болатын [3, 67 б.].

Ұлы Абай талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым сынды жеке тұлғалық жақсы сапаларды қалыптастыру мақсатын қойып, өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, бекер мал шашпақ сияқты зиянды әдеттерді жоюға шақырады [3,68 б.].

М.Жұмабаев «Көркем денелі, түзу ойлайтын, дәл пішетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толқынарлық болса, баланың дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы», - деп жазды [3, 69 б.].

Ұлттық тәлім–тәрбие берудің басты саласының бірі болып ұлтжандылық саналады. Мәселен, 17-18 ғасырларда өмір сүрген көрнекті қоғам қайраткері Ақтамберді Сарыұлы:

Жауға шаптын ту байлап,
Шепті бұзуын айғайлап,
Дұшпаннан көрген қорлықтан
Жанды жүрек, қан қайнап,
Ел- жұртты қорғайлап

Өлімге жүрміз бас байлап,- деп елінің бостандығы үшін сыртқы жаумен жан аямай, күресуге шақырады.

19 ғасырда өмір сүрген Дулат Бабатайұлы жігерсіз адамнан ерлік іс шықпайтындығын, ерік-жігердің, қажыр-қайраттың елі үшін күрестегі маңыздылығын келесі жолдармен суреттейді;

Ер қолынан іс келмес,
Сұңқардайын түйілмей.

Буынып белін бекінбей,
Зердесі жігер қайнамай ...
Жігерім болса да жетем де,
Еліме барып ұл болам.
Жігерсіз болсам жетесіз,
Қойын жайып құл болам...

Көрнекті профессор М. Ғабдуллин «Ата- аналарға тәрбие туралы кеңес» атты ғылыми еңбегінде «Бүгінгі жастарды ұлтжандылық рухта тәрбиелеуде ақын-жыраулардың өнеге сөздерінің белгілі мөлшерде пайдасы бар екені хақ. Мұндағы тәрбиелік мәні бар әңгімелер жастарға жат емес. Халықты сүй, халық үшін ерлік еңбек ет, ел-жұртқа қорған бол деушілік қазіргі күнде ескірген сөздер емес, қайта мағыналы, мәнді сөздер. Сондықтан бұлардың ішінен жастарымызды тәрбиелеуде әсер ететіндерін таңдап алып, орнымен пайдалана білсек, нұр үстіне нұр болар еді», - дейді [4, 156 б.].

Жауынгер–жазушы, тәлімгер ұстаз Б.Момышұлы жас жауынгерлерді ерлік, ұлтжандылық, Отанын, елін, жерін сүю, ұлттар достығына тәрбиелеу қажеттілігін өз шығармаларының арқауы етті.

Жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде қажетті негізгі адамгершілік қасиет, С.Көбеевтің пікірінше, ұлтжандылық болып табылады. «Туған елін сүю сезімі туа біткен сезім болып табылмайды, оны адамға табиғат тарту етпейді. Елжандылықты қоғам мен жекелеген адамдар бойға сіңіріп, дамытып, тиісті деңгейге көтереді. Отбасы мен мектеп жастарды асқақ елжандылық сезімге тәрбиелеуге тиіс », - дейді [4, 156 б.].

С.Көбеев баланың өз Отаны үшін қажетті азамат болып қалыптасуына ата- ананың алатын орны мен атақаратын мәнін зор бағалап, отансүйгіштік тәрбие негізі ана тілі екенін терең түсіндіре білген болатын. Оның пікірінше, жас ұрпаққа білім беру өз ана тілінде жүргізілуі қажет. Барлық ақыл – ойын, күш- жігерін аянбай жұмсап, өз өмірінің жарты ғасырдан астамын мектепте өткізген С.Көбеев халықтар достығы жолында жаршы бола білді, жастарды туған халқын құрметтеуге тәрбиеледі.

Қазақтың халық педагогикасында адамгершілік, еңбек, эстетикалық, дене тәрбиесі, ер және қыз балалар арасындағы тәрбиенің ерекшелігі, мазмұны, ата- аналардың беделі, тәрбие жүйесінде мақал-мәтелдердің, халық ауыз әдебиетінің алатын орны жайлы профессор Қ.Жарықбаев өзінің пікірін байымдаған болатын.

Қ.Жарықбаев пен С.Қалиевтің бірлесіп жазған «Национальные аспекты обучения и воспитания в Казахстане» (1990 ж.) атты еңбегінде қазақтың ұлттық тәрбиесі жайлы бірсыпыра маңызды мәселелер қарастырылған. Солардың ішінде қазақ даласында әлеуметтік, табиғи жағдайларға тікелей байланысты жеке адамның бойында қандай қасиеттер болуы керек, оған қандай талаптар қойылады.

Жастарға ұлттық тәрбие беруде тек ұлттық дәстүрлермен шектелуге болмайды. Тәрбие ісі тиімді нәтижелі болу үшін халық педагогикасына кешенді қараған жөн. Халық даналығы мақал-мәтел, ертегі, өлең–жыр түрінде, ақын-жыраулардың, шешендердің сөздері толғау, өсиет өлеңдері арқылы баяндалып отырған.

Мінезі жаман адамға,
Енді қайтып жуыспа.
Тәуір көрер кісіңмен,
Жалған айтып суыспа.
Ғылымын жұрттан асты деп,
Кеңессіз сөз бастама.
Жеңемін деп біреуді
Өтірік сөзбен қостама. (Асан Қайғы).
Жаманмен жолдас болсаңыз
Көрінгенге күлкі етер.
Жақсымен жолдас болсаңыз
Айырылмасқа серт етер.
Ер жігітке жарасар
Қолына алған найзасы,
Би жігітке жарасар
Халқына тиген пайдасы. (Бұқар жырау).

Мақал-мәтелдер:

Әділін айттың – Арсыз жігіттен -

Әдемі айттың.	Намысты қыз артық.
Өзіл айтсаң да, Әділ айт.	Тісі шыққан балаға Шайнап берген ас болмас.
Ыстықтан ет күйеді, Ұяттан бет күйеді.	Аға ішкен бұлақтан, Іні де су ішеді.
Адам- арын ойлайды, Надан- дүниеге тоймайды.	Қымызды кім ішпес, Қызды кім айттырмас.
Сақау қыз май сұраймын деп, Шай сұрайды.	Қыз-қылығымен, Ұл- әдебімен. Т.б.

1991 жылдан осы уақытқа дейін қазақ этнопедагогикасынан, оның тарихынан Қ.Жарықбаев пен С.Қалиевтің «Қазақ тәлім- тәрбиесі», «Қазақтың тәлімдік ой- пікір антологиясы», С.Қалиев, М.Оразаева, М.Смайлованың «Қазақ халқының салт-дәстүрлері», С.Ұзақбаеваның «Тамыры терең тәрбие», М.Әлімбаевтың «Халық - ғажап тәлімгер», С.Ғаббасовтың «Ізгілік әліппесі» және «Халық педагогикасының негіздері», Ж.Наурызбаевтың «Ұлттық мектептің ұлы мұраты», Ә.Табылдиевтің «Халық тағылымы», Қ.Бөлеев пен Л.Бөлееваның «Мұғалім және ұлттық тәрбие», Қ.Бөлеевтің «Болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге дайындау», «Қазақ этнопедагогикасының дамуы» атты еңбектер оқырмандар қолына тиді.

Қ.Жарықбаев пен С.Қалиевтің еңбектерінде қазақ этнопедагогикасы мен оның тарихы, қазақ халқының дәстүрлерінің мәні, С.Ұзақбаеваның еңбектерінде қазақ халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие, М.Әлімбаевтың еңбектерінде қазақтың кара сөздері мен мақал-мәтелдерінің тәрбиелік мәні, С.Ғаббасовтың еңбектерінде халық педагогикасының негіздері, Ж.Наурызбаевтың еңбектерінде ұлттық мектептің мұраты- балаларға мәдени-этникалық білім беру, М.Тілеужановтың еңбегінде қазақ ауыз әдебиетіндегі халық тағылымы мәселелері жан –жақты қарастырылған.

Ағылшын драматургі У.Шекспирдің бір кейіпкері - Э.Антони «Ол сенен жиырма есе бақытты», - дейді. Бұған еріксіз елең етесін. Екі есе десе жетпей ме? Мейлі он есе демей- ақ қойсын. Жиырма есе дегені несі? Сөйтсек бұл «Цезар сенен жиырма жас үлкен»,- дегені екен. Бұл нақыл сөздің астарында адамның жарық дүние есігін ашып, өмірге келуінің өзі баға жетпес бақыт екендігін айғақтайды.

Ұлттық тәрбие жүйесінің негізі ретінде халқымыздың белгілі ақыны М.Шахановтың келесі өлең жолдарында жырланған төрт ана, төрт құндылық, төрт негізді ұмынуға болады.

«Тағдырынды тамырсыздық індетінен қалқала,
 Әр адамнан өз анасынан басқа
 Жебеп тұрар, демеп тұрар арқада
 Болу керек құдіретті төрт ана:
 Туған жері- түп қазығы айбыны,
 Туған тілі- сатылмайтын байлығы.
 Туған дәстүр, салт- санасы- тірегі,
 Қадамына, шуақ шашар үнемі.
 Және туған тарихы еске алуға қаншама
 Ауыр әрі қасіретті болса да
 Төрт анаға жағдай жасай алмаған
 Пенделердің басы қайда қалмаған
 Төрт анасын қорғамаған халықтың
 Ешқашанда бақ жұлдызы жанбаған.
 Қасиетті бұл төрт ана – тағдырыңның тынысы,
 Төрт ана үшін болған күрес- күрестердің ұлысы. [4, 159 б.]»

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Бөлеев Қ., Бөлеева Л. Мұғалім және ұлттық тәрбие.- Алматы, 2000.
- 2.Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге дайындау. –Алматы: Нұрлы Әлем, 1998.
- 3.Қалиев С., Жарықбаев Қ. Қазақ тәлім –тәрбиесі (Қазақ ұлттық педагогикасы мен ұлттық психологиясының тарихы).- Алматы: Санат, 1995.

4. Құрманалина Ш.Х., Мұқанова Б.Ж., Ғалымова Ә.У., Ильясова Р.К. Педагогика. Оқулық.- Астана: Фолиант, 2007.
5. Қазақтың мақал-мәтелдері \ Құраст.Ө. Тұрманжанов, Қ.Ахмебекұлы.- А. Раритет, 2004.
6. Құдиярова А.М., Әбенбаева С.Ш., Әбиев Ж.Ә. Педагогика.- Астана, 2003.
7. Педагогика. Дәріс курсы. – Алматы, 2003.

Аннотация. Данная статья посвящена проблеме национального воспитания. Раскрывается социальная и педагогическая значимость национального воспитания. Были использованы источники казахстанских авторов.

Annotation. This article is devoted to the problems of the national education. The social or pedagogical importance of the national education is described in it. Some sources of Kazakh authors were used in this article.

УДК 514.23:18

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ 12 ЖЫЛДЫҚ ОҚЫТУҒА КӨШУ ҚАЖЕТТІЛІГІ

**Г.С. Иманбердиева
№9 орта мектеп, Тараз қ.**

Дамыған елдердегі білім беруді реформалау эволюциялық, революциялық жолмен жүріп, стратегиялық және тактикалық міндеттерді жүктеп, интеграциялау, интернационалдандыру, демократияландыру жолымен дамуда. Осыған орай Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еліміздің «Қазақстан - 2030» жылға дейінгі даму стратегиясында көрініс тапқан әлеуметтік сектордағы құрамдас үш мәселеге, яғни халықтың денсаулығы, жоғары білім деңгейі және ұлттық рухани – адамгершілік мәселелеріне Қазақстан халқының назарын аударды. Аталған стратегияны орындауға байланысты Ел Президенті әр жылы Қазақстан халқына үндеу жолдап, стратегияның орындалғаны және келесі кезекте нені орындауға болатыны туралы бағыт-бағдар беруде. Соның ішінде білім саласы да бар. Мәселен, 2006 жылғы Жолдауының төртінші басымдығы білім саласына арналып, онда білім жүйесінің «бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» айтылған еді. Елбасы 2011 жылғы Қазақстан халқына «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауында да білім беру саласына ерекше көңіл бөлді. «Мен үшін маңызды мемлекеттік бағдарламаны: білім беру, денсаулық сақтау және тілдерді дамыту бағдарламаларын бекіттім» деп атап көрсетті. Ал 2012 жылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында мектеп оқушыларына сабақ беретін мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруға байланысты «Әр өңірде педагогтардың біліктілігін арттыратын интеграцияланған орталықтар жұмыс істеуі тиіс» деді. Білім беруді 12 жылдыққа көшіру, бейіндік мектептер ашу, оқушыларға білім беруде оның өмірлік тәжірибесін ескеру, пәнаралық байланысты нығайту және оқушыларға экономикалық тәлім – тәрбие берудің бәрі соған лайықты жаңа тұрпатты ұстаздар даярлауды қажет етеді. Елімізде бейіндік мектеп, соған лайықты ұстаздар даярлау мәселесіне көптен қалам тартып жүрген ғалымдар: олар Амангелді Құсайынов, Махметғали Нұрғалиұлы Сарыбеков, Асқарбек Құсайынов, Д.Қазақбаева және тағы басқалар. Аталған ғалымдардың ішінде академик М.Н.Сарыбеков он екі жылдық мектептерге қандай ұстаздар керектігін айтып, 21 ғасырдың жаңа тұрпатты ұстаздарды даярлаудың нобайын ұсынған еді. Жалпы орта білім 12 жылдық білім берудің нобайы 2007 жылғы

“Білім туралы” заңында қарастырылған еді. Ол бойынша: бастауыш мектепте оқу мерзімі 4 жыл, негізгі мектепте 6 жыл, ал жоғары мектепте 2 жыл [5]. Ал 2008 жылғы Жолдауда “білім саласының басты міндеті -2010 жылға дейінгі білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны орындай отырып, осы саланың сапалы қызмет көрсету аясын кеңейту” делінген. Мұндай құжат-тұжырымдамалар әрбір шет мемлекеттерде де бар. Әрине, олардың басты бағыты жастарға лайықты білім беру. Білім беру мемлекеттік тапсырыс болғандықтан, мемлекеттің қаржысына сәйкес білім беру жоспарын жасау және соны орындау керек. Бүгінгі жалпы орта білімнің бағыты өркениетті елдерден қалмау, тегін, міндетті орта, үзіліссіз білім беру, мектептердің әр түрін енгізу. 2008 жылдан Қазақстан Республикасында жалпы орта білімнің 12 жылдыққа көшуі

басталып, ол 2015-2020 жылдары толығымен іске асуы қарастырылған еді. Бірақ бұл жоспар 2008 жылы жүзеге аспай қалды, оның кейінге шегерілуіне әсер еткен кейбір төмендегі себептерді атап өтуге болады: 201 мектеп апатты жағдайда, 70 мектеп 3 аусымда, 1 мектеп 4 аусымда жұмыс істеген, мектептердің 25,1 пайызы күрделі жөндеуді қажет еткен. Сонымен қатар жеткіліксіз деңгейде ағылшын, химия, физика және биология кабинеттері жаңа құралдармен жабдықталған болып шықты. Осылардың бәрі 12 жылдық моделін енгізу мерзімін кейінге қалдыруға себеп болды.

Кесте - 1. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «2015 жылы оқытудың 12 жылдық моделіне дәйекті көшу мынадай сызба бойынша басталады:

Жылдар	Оқытудың 12 жылдық бағдарламасы бойынша	Оқытудың 11 жылдық бағдарламасы бойынша
2015 – 2016	1,5,11	2,3,4,6,7,8,9,11
2016 – 2017	1,2,5,6,11,12	3,4,7,8,9
2017 – 2018	1,2,3,5,6,7,11,12	4,8,9
2018 – 2019	1,2,3,4,5,6,7,8,11,12	9
2019 – 2020	1,2,3,4,5,6,7,8,9,11,12	

11 жылдық мектептің 9 сыныбынан 12 жылдық мектептің 11 сыныбына көшу 2015 -2016 оқу жылынан 2019-2020 оқу жылына дейін жүзеге асырылады. Оқытудың 12 жылдық моделінің 11 және 12 сыныптарында оқыту ақысыз болады» делінген. Егер де 2010 жылдың 1 шілдесінде 2,5 млн-ға жуық оқушы болса, 2015 жылдың 1 қыркүйегінде оқушылардың саны 2,7 млн - ға жетеді деп жоспарлануда.

Өзара қарым-қатынас тұлғаны қалыптастырудың құралы ғана емес, оның адамдық болмысын да шыңдайды. Ізгіліктің негізін ұжымдық әрекеттердегі қатынастар, тұлғаның белсенділігі, өзін-өзі үнемі дамытып отыруға ұмтылуы өзгелерден бөлек жағдайларда емес, өзге адамдармен диалогтік қатынастарға түсу кезінде жүзеге асырылады. Бұл – білімді ізгілендіру болып табылады, яғни білім беруде баланы ең жоғары құндылық деп тану, оның еркіндігі мен жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, оқу-тәрбие процесінде оқушының танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру, оқу, ойын, еңбек, қоғамдық істерде оқушының субъект деп қарастыру. 12 жылдық білім беруге көшу – бұл барлық ұлттық білім беру жүйесіндегі реформа, ол «жылдам дамушы ортада өмір сүруге қабілетті, өзіндік дамуға даяр, өзін таныта алатын және өзі үшін де, қоғам үшін де бар мүмкіндігін пайдаланатын жоғары білімді шығармашыл, құзыретті тұлғаны қалыптастыруды және дамытуды» алдын ала болжайды.

Білім берудің адамға, тұлғаға бағытталуы, білім мазмұнының демократиялылығы, заман талабына сай білім беру мен ұлттық тәрбие үрдісінің гуманистік сипаты – 12 жылдық оқытудың методологиялық негізі ретінде қызмет ете алады. Оқытудың оқушыға бағытталған мазмұнын, өзіндік ерекшеліктерін, одан туындайтын ұстанымдары мен шарттарын жүйелеу арқылы қазіргі ұлттық білім берудің философиялық тұжырымдамасын, әдіснамалық және әдістемелік негіздерін жасауға болатыны сөзсіз. Онсыз мектептер мен білім беру мекемелеріндегі ұлттық идеяны көздейтін тұжырымдамалық тұтастықты қамтамасыз ету мүмкін емес. Бүгінгі білім жүйесінде Д.Дьюи атап өткендей, «үлкен өзгерістер басталуда. Ол маңызы жағынан, Н.Коперниктің жаңалығына тең болып отыр, яғни, оқушы тұлғасы орталыққа айналып, барлық педагогикалық әрекеттер оның айналасына шоғырландыра жүргізіледі». Білім беру – шын мәнінде, баланың өзінің дербес мүмкіндіктерін ескере отырып, белсенді іс-әрекет жасауына, жақсы көруі мен қорғанушылығын еркін көрсете білуіне, оқушының тұлға ретінде үнемі дамуына, өзін-өзі тәрбиелеп дамытуына, жас және жеке ерекшеліктерін ескеруге жағдай туғызу деген сөз. Оқушының өзін-өзі тануы үшін ғылыми және өмірлік проблемаларды шешудің бірден бір тәсілі - өзін-өзі рефлексиялық басқаруды жүргізе алуы. Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі ретінде бастауыш және орта білім кезеңінен-ақ демократиялық қарым-қатынастарды орнықтыру көзделеді. Ол үшін оқытудың мынадай басты ерекшеліктерін дағдыға айналдырудың маңызы зор:

- өз тәжірибесін пайдалана отырып жаңа білім арқылы дүниеге өзіндік түсінік пен танымдық қалыптастыру;
- өзге адамдардың ұсынатын идеяларына конструктивтік көзқараспен қарай алу;
- өзіне қарама-қарсы идеяларды жоққа шығаруға емес, түсінуге ұмтылу, одан өзі үшін нәтиже түйіндеу;
- өз біліміндегі олқылықтарын көре білу және оны жоюдың жолдарын табу.

Баланың өз білімі мен тәжірибесін, қоршаған ортаны «зерттеу» әрекеттері арқылы қалыптастыруды: мысалы, тақырып бойынша түрлі сызбалар, үлгілер құрастыру, сарамандық тәжірибе жасап, одан түйін шығару, даулы мәселелерге жауап іздеу, т.б. бұлардың барлығы да танымның индуктивтік әдісіне, жекеден жалпыға өтуге жатады, және педагогикалық концепция ретінде «инструменталдық педагогика» деп аталады. Осы тұжырымдаманы өте ықшамдап көрсетсек, мынадай болар еді:

- бала өзінің онтогенезінде адамзаттың танымдық жолын қайталайды;
- білімді игеру ерік пен жігерге негізделген спонтандық процесте де, ұйымдастырылған әрекетте де жүргізіледі;
- бала жаңа материалды тек жай ғана тыңдау, көру, сезіну арқылы емес, оқытудың субъекті ретінде өзіндік білім алуға қажеттік пайда болғанда ғана игереді.

Оқытуды өзектілендірудің әдістемелік тәсілдері:

- мұғалім оқушыны өз тақырыбы бойынша қайшылыққа әкеліп, оны шешудің жолдарын табуды өздеріне ұсына алуы;
- қайшылықты практикалық іс-әрекетте көрсете білу;
- бір сұрақты жан-жақты қамтитын бірнеше жауаптар ұсына алуы;
- құбылысты әртүрлі позициядан қарастыруды тапсыруы;
- мұғалім оқушыға ұқсастықтар мен қайшылықтарды өз беттерімен салыстыруға, қорытуға, түйіндеуге жағдай туғызады;
- нақты сұрақтар қояды;
- тапсырмаларды бірігіп орындайды.

Оқушы тұлғасын басты орынға қоя оқыту педагогикалық үрдіс субъектілерінің өзара қарым-қатынастарының мазмұнына негізделеді. Қазіргі кезде оны жүзеге асырудың мүмкіндіктерін сан алуан тұрғыдан қарастыруға болады. Осы үрдісті ұйымдастыру негізінен басқаруға қатысты болғандықтан оны педагогикалық шарттар негізінде «қарым-қатынастық» тұрғыдан зерделеуге болады. Бұл жағдайда оқушы білім берудің субъектісі ретінде қарастырылады, ал мұғалімнің мақсаты оқушының өз тәжірибесіне сүйене отырып, оны ізденіске жетелеу болады. Оқушының бұған дейінгі алған білім, білік, дағдылары білім алудың құралдары мен тәсілдері ретінде жаңа білімді игеруге қызмет етеді. Бұл жағдайда «оқушы дайын білімді игеруші» түсінігі орнына «адам – шындықты танушы тұлға» түсінігі қалыптасады. Сонымен қатар, бұл үрдіске қатысушылар «орындаушылар» емес «әрекетті жүзеге асырушылар» болып есептеледі. Сөйтіп, оқушы мен мұғалім өзара диалогтік, ынтымақтастық, бірлескен шығармашылық негізінде өзара байланысты әрекеттер жасайды. Сөйтіп:

- оқушы тұлғасына шоғырланған білім беру – адамның қалыптасуы, оның өз бейнесін табуы, даралық, руханилық, шығармашылық бастамасы – тұлғаның өз мәдениетінің субъектісі болуына көмектесу, шығармашылық өмірге үйрету;

- оқушы тұлғасына шоғырланған білім беру сырттан келген тәрбиелеу емес, адам бойынан адамдықты табу, оны қолдау және дамыту негізінде өзін-өзі реттеуге, өзін-өзі қорғауға, өзін-өзі тәрбиелеуге әкеледі;

- оқушы тұлғасына шоғырланған білім беру - адамның дене және рухани саулығы, адамгершілігі, бостандығы. Ол – тұлғаны түсіну, өзара түсіністік, ынтымақтастық қарым-қатынастың, салауатты өмір мен парасаттылықтың, өзіндік қатынастың негізін қалау;

- оқушы тұлғасына шоғырланған білім беру адамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады, сондықтан оның мазмұны баланың өзін тұлға ретінде дамытуы үшін, өз өмірінің субъектісі болуы үшін жағдай туғызуға негізделеді.

Сөйтіп, оқушы тұлғасына шоғырланған білім беру гуманистік және демократиялық әдістер негізінде жаңа ақпаратты талдай отырып, оны терең меңгеруіне, өзі үшін маңыздылығын анықтай алуына мүмкіндік жасау болып табылады. ХХ ғасырдың 80 жылдарынан бастап алдыңғы қатарлы дамыған елдердің білім саласында кең көлемде реформалар жүргізіле бастады. Әсіресе, ондай реформалар ТМД аумағындағы мемлекеттерде, соның ішінде Қазақстанда да жүргізілуде. Болашақта жаңа заманның ұстаздары жаңа заманның оқушыларына тәлім – тәрбие беруде оқушылардың өмір тәжірибесіне сүйеніп, пәнаралық байланысты пайдаланып, тәлім – тәрбиені әр саладан, соның ішінде экономикалық білім мен тәрбие беруге болатыны белгілі. Оқушыларға пәнаралық байланыс арқылы экономикалық тәлім – тәрбие берудің ерекшеліктері мен мүмкіндіктерінің теориялық негіздері ертеде-ақ айқындалған. Мәселен, Ж.Ж. Руссо, И.Г. Песталлоцци, А.Дистерверг классикалық педагогикада баланың еңбекке қатынасын тәрбиелеу, білім беру, дүниетанымды қалыптастыру заңдылықтарын негіздесе, халқымыздың ұлы ойшылдары мен ағартушылары Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев өз еңбектерінде еңбекке деген

сүйіспеншілік көзқарастарын ғылыми педагогикалық тұрғыда ашқан. Бүгінгі жаһандану заманында жас ұрпаққа әлемдік стандартқа сай білім беру мәселесі республикада ғылыми – педагогикалық тұрғыда ізденіспен әлемдік жинақталған тәжірибеге, отандық қол жеткен табыстарды саралай отырып, ұлттық ерекшеліктерді ескере, оқыту мен тәрбиелеуді жаңаша ұйымдастыру көкейкесті мәселе болып отыр. Білім беруді жаңарту – үнемі алға қарай ұмтылу мен дамыту үрдісі.

12 жылдық білім беру жүйесіне көшу қоғамдағы елеулі өзгерістер мен адамдар арасындағы қарым – қатынас құралдарының қарыштап дамуына байланысты жаңа адамды қалыптастыруды көздеген заман талабы. Әлемдік білім кеңістігіндегі оқытудың озық технологияларын қамтитын жаңа білім мазмұны шынайы жарыс, адал бәсекеге қабілетті адам тәрбиелеуді қамтамасыз етуі тиіс. Заман талабына сай білім беру жүйесі жас ұрпақты жеке тұлға ретінде қалыптастырудың маңызды мәселелерін шешудің түрлі жолдарын қалыптастыруда. Ал, оны қалыптастыру қоғамдағы негізгі сала білім беру жүйесіне міндеттеледі. Елдің елдігін, бірлігін сақтап, көркейтетін, басқа елдермен терезесі тең өркендейтін, болашағын айқын көрсететін білім беру жүйесі. Ұрпаққа білім беру отбасынан бастап, еліміздің қоғамдық жүйесін қамтитын іс. Бүгінгі 12 жылдық білім беру қажеттілігі еліміздің игі мақсатқа жетуі үшін көзделген сара жолы десе болғандай. 12 жылдыққа көшу білім саласына көп өзгерістер енгізеді, әрі нағыз білім сапасының нақты бағасын бермек. Қазақстандағы ақпарат ағымы қарқындап, ғылым мен техниканың өркен жаюы, өмірге келген баланың даму, өсу, қалыптасу жолын ерекше қарастыруды талап етеді. Осы уақытқа дейін мектеп жасындағы баланың жас ерекшелігін зерттеу, формальді тек іс қағаз, сауалнама арқылы жүргізіп келген болатын. Жан – жақты зерттеудің тұтас бағдарламасы болған емес. Алғашқы күннен баланың үлгерімі мен іс әрекетін бір – бірімен салыстыру арқылы шектелген көрсеткіштер бойынша бағаланатын. Ал, 12 жылдық білім қазіргі өмір талабын айқындап, жаңа ғасыр білім жүйесін, тәрбиесін ұсынады. Біздің еліміздегі қалыптасқан білім жүйесі академиялы, түбегейлі деп бағаланатын. Бірақ жыл асқан сайын оқу бағдарламалары бойынша 11 жылда берілетін білім көлемінің ауқымдылығы оқу жүктемесінің шектен тыс көбеюіне әкеліп, білім сапасы мен оқушылар денсаулығына кері әсерін тигізетін болды. Қалыптасқан бұл жағдай оқушылардың оқуға ынтасын да төмендететінін тәжірибеден көрдік. Осыған орай қазіргі білім беру тәжірибесінде білім көлемін жинақтай отырып, оқу материалын жеңілдетуді, сондай – ақ құзырлыққа жетуге бағдарланған білім мазмұнын қарастырып отыр.

Бүгінгі таңда елдегі білім ұйымдарының басты міндеті – баланың денсаулығына жағымды ықпал етуді көздейтін білім беру ортасын құру. Бүгінгі өмір сүріп отырған уақыт алдыңғы толқынның заманына мүлдем ұқсамайды. Бала болашағы оның жаңа тұжырымдарды түсінуі мен қабылдай білуіне дұрыс таңдау жасауына, бүкіл өмір бойына өзгермелі жағдайларға тез икемделе білу қабілетіне байланысты болмақ. Осыған байланысты мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талап: ойлылық, салмақтылық, белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік, терең білімділік, кәсіби сауаттылық және т.б. Бұл оқушының қалыптасатын түпкілікті мақсат және міндеттерін айқындауға тікелей мұрындық болады. 12 жылдық мектептің басты ерекшелігі – баланың жан – жақты дамуына өз пікірі мен ойын ашық жеткізуіне, әр адамға табиғатынан берілген шығармашылық әлеуетін толық іске асыруына ықпал ететін, өзін - өзі танып, келешегін айқындауға саналы түрде дайын болуға, қоғамның экономикалық, мәдени, саяси, өміріне белсенді араласуға мүмкіндік беретін психологиялық – педагогикалық институт ретінде қалыптасуында болып отыр.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында 12 жылдық білім беру құрылымы 5+5+2 ден тұрды, ал білім беруді дамытудың 2011-2020 арналған мемлекеттік бағдарламасында 4+6+2 сатыларынан тұрады. Бірінші саты бастауыш мектеп – (1-4 сынып). Білім алу 6 жастан басталады, ұзақтығы - 4 жыл. Қазіргі кезеңде 12 жылдық мектепке есептелген белгілі бір халықаралық білім беру стандарты қалыптасқан. Бірақ әр елдің білім беру жүйесі сол елдің экономикалық, әлеуметтік, ұлттық ерекшеліктеріне қарай өзгерістерін жасайды. Білім стандарты – білім беруде реформа жасау мен дамытудың құралы. Білім стандарты – бұл мектептегі білім беру мазмұнының аясында қоғам мен мемлекет арасындағы жасалған келісім-шарт, басқаша айтқанда, қоғам мен мемлекет өз балаларын ақпараттар мен технологияларды басқаруды, қалай үйрету керектігі туралы құжат.

Бүгінгі күні құрастырылған білім беру стандарты мыналарды қамтиды: уақыт пен елдің сұраныстарына сәйкес білім берудің мазмұнын түбегейлі жаңартуды; білім берудің практикалық бағыттылығы және оның нәтижелерінің өмірлік қажеттілігін; алған білім мен ептілікті практикалық жұмысқа және күнделікті өмірде белсенді пайдалануды. Білім стандартын маман педагогтар жалғыз мақсатпен – елдің білімділік мүдделерін, оның даму сұраныстарын қамтамасыз ету үшін жасайды. Оның стратегиялық және шешуші сала екені соншалықты, дамыған елдерде, қоғам оны тәуекелмен

тек педагогтардың қолына беріп қоя алмайды. Стандартта бұл мүдделер мен қажеттіліктер қаперге алынған ба, жоқ па, оған қоғам мен мемлекет біріге отырып әрдайым жауапкершілікпен баға береді.

Бүгінгі күні жаңа мазмұнға негізделген жалпыға міндетті білім стандарты әзірленуде. Білім беру стандарттарының өзгеруі білім берудің жаңа мазмұнын даярлаумен байланысты болды. Жаңа білім беру мазмұнының базалық принципі әрбір мектепте тұлғаның адамгершілік – рухани қасиеттерін дамытуды ынталандыратын ізгі білім беру ортасын құру: өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау өзін-өзі жетілдіру.

Жаңа бағдарламада «2012 жылы жалпы орта білімнің МЖБС жоғары білімнің (бакалавриат) МЖБС-мен біріктіріледі – жоғары білімнің жалпы білім беретін пәндер циклінің жеке пәндері (әлеуметтану, өзін-өзі тану, ӨҚН, Қазақстан тарихы, мәдениеттану және т.б.оқу жүктемесін көбейтпей, «Бейіндік мектептің» бейіндік оқыту бағдарламасына көшіріледі» деп жоспарлануда. 2014 жылға қарай қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану – математика бағыттары бойынша «Бейіндік мектеп» бейіндік оқыту бағдарламасы әзірлену және сынақтан өткізіледі деп жоба қабылданды. Бағдарламада 2015 жылдан бастап жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың, зияткерлік мектептердің, дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептердің жоғары сыныптарында «Бейіндік мектеп» бейінді оқу бағдарламасының іске асырылуы болжануда. Бейіндік мектепке қабылдау ұлттық тестілеу негізінде жүзеге асырылмақшы. Келешекте бейіндік мектепте оқуды 10-сынып бітірушілерінің 60-пайызы жалғастырады деп болжамдануда. Сонымен қатар, ЖОО базасында бейінді оқыту бағдарламасын іске асыратын мектептер ашу, оларды 40-ЖОО орналастыру мүмкіндігі қарастырылған.

Сонымен 12 жылдық білім берудің басты мақсаты – еліміздегі білім беруді халықаралық білім кеңістігіне енгізу, халықаралық білім беру талабымен сәйкестікте болу, соның нәтижесінде еуропа елдері қабылдаған орта білім берудің халықаралық стандартына сәйкестендіру, білім сапасын көтеру және жоғары динамикалы, жаһандану дәуірінде өмір сүру үрдісін, ойлау мен қарым қатынасты түбегейлі өзгертетін байланыс құралының қарқынды дамуын, сондай – ақ адамның интеллектісіне, әл – ауқаттылығына, соның икемділігіне қол жеткізетін тәсілдерді қолдану арқылы қоғамның негізгі капиталын құру болып табылады. Білім беруді жаңарту – үнемі алға қарай ұмтылу мен даму үрдісі, білім беруде кезең кезеңмен өтетін және алынған нәтижелерге сәйкес түзету енгізіліп, талданылатын өзгерістер. Сонымен қатар, білім беруді жаңарту үрдісі салт-дәстүрді, мәдени мұраны, жалпыұлттық құндылықтарды көздің қарашығындай сақтауды талап ететін тұрақты жүйелерден тұрады.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2010ж. 7 желтоқсан
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» Жолдау Астана 2012.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Жолдау 2011 ж.
4. «Білім туралы» заң, 27.06.2011.

Аннотация. В Послании Президента РК Н.А. Назарбаева «Стратегия Казахстана-2050», главная цель государственной политики указывается на необходимость создания возможностей перехода на 12 летнее образование, получать современные знания и использовать передовые технологии. Это обязывает общеобразовательные учреждения в настоящее время готовить конкурентоспособных, компетентных будущих специалистов, соответствующих уровню развития современных технологий.

Annotation. The Message of the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev "Kazakhstan-2050 Strategy", the main goal of public policy is indicated on the need to create opportunities to move to 12 years of education, obtain the latest knowledge and use of advanced technology. This requires educational institutions currently preparing competitive and competent professionals of the future appropriate to the level of development of modern technologies.

БЕЙІНДІ ОҚЫТУҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ

А. Қалабаева, А. Узенбаева, Т. Сатберген, Қ. Мауленова
Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Қазақстан Республикасының 2011-2012 жылдарға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында «Білім берудің мақсаты – экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алған терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, 12 жылдық оқыту моделіне көшу» [1, 26] делінген.

12 жылдық білім беру жүйесіне көшудегі басты мәселенің бірі – бейінді оқытудағы психологиялық дайындықты жандандыру. Ол қазіргі таңда жоспарлы түрде жүзеге асырылуда. Бұл қысқа уақыт аралығында ғана шешіле қоярлықтай оңай мәселе емес. Оның дәлелі білім және ғылым министрі Б.Жұмағұлов бір сұхбатында 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу – бір күнге созылатын процесс емес екендігін ашып айтқан болатын. Яғни, ол 2019 – 2020 жылдарға дейін жалғасады. Осы жылдар аралығында тек 12 жылдық білімнің ғана емес, 11 жылдық білім беру жүйесінің стандарты да қатар жүретін болады. Ал, осы бейінді оқыту дегеніміз – білім беру процесінің құрылымы, мазмұны және ұйымдастырылуына өзгерістер енгізу арқылы оқушылардың қызығушылығы, бейімі мен қабілеттерін толық есепке алуға, оқушыларға олардың кәсіптік сұраныстары мен білім алуды одан әрі жалғастыру мүмкіндіктеріне сәйкес оқытуға жағдай жасауға мүмкіндік беретін оқытуды саралау мен даралау құралы болып табылады [2].

Мұндағы бейінді оқытуға психологиялық дайындық жүргізудің мақсаты: мамандық таңдауға психологиялық дайындықты қалыптастыру, оқушылардың мамандық және тұлғалық өздігінен шешім қабылдай алуына жәрдемдесу.

Осыған байланысты, 12 жылдық білім берудегі психологиялық дайындықты жүзеге асыру ісін ғалымдар түрліше жіктейді. Мәселен, Е.Е. Кравцова баланың мектепке психологиялық даярлығын 4 бағытта қарастырады:

1 бағыт – мектептегі оқуға қабілетті нақты іскерліктер мен дағдылар арқылы қалыптастыру;

2 бағыт – мектеп жасына дейінгі кезеңнің аяғында байқалатын жаңа құрылымдар мен бала психикасындағы өзгерістерді зерттеу;

3 бағыт – оқу әрекетінің алғы шарттары мектепке психологиялық даярлық;

4 бағыт – баланың берілген ережелер мен ересектер талабына саналы түрде бағыну іскерлігі.

Ал, дайындық құрамына жататындарға тоқталар болсақ. Онда ЖОББМ-нің I санатты психологы Жақсығалиева Н. психологиялық дайындықтың компоненттерін атап көрсетті. Олар:

1. Жеке тұлғалық дайындық (баланың мектепке, оқу әрекетіне, ұстаздарға қатынасы);

2. Интеллектуалдық дайындық (баланың ой-өрісінің, нақты білім қорын қарастырады);

3. Әлеуметтік-психологиялық дайындық [3].

Атқарылып жатқан тәжірибелік жұмыстардағы психологиялық дайындық өз нәтижесін көрсетері анық. Бұл жерде психологиялық сүйемелдеу қызметінің маңызы зор. Сүйемелдеу – бұл қорғаудың, көмектің, бірлесудің кепілдемесі. Психологиялық қызмет секілді өзіне – сынып жетекшілердің, пән мұғалімдердің бірлігін құрайды. Бұл жерде психолог-тьютор функциясына: өзіндік анықтауға диагностика жүргізу, оқушы қажеттілігі мен сұранысын білу, өзіндік анықтауға байланысты жеке кеңес беруді ұйымдастыру, тренинг өткізу, бейінді және кәсіби бағдарға қатысты жанданған әдістер қолдану, бейінгі оқытуға дейінгі және бейінді оқытудағы мониторингтік нәтиже шығару жұмыстары кіреді. Бейінді мектеп психологтары қызығушылықты, бейімділікті, қабілеттілікті, жеке ерекшеліктерді, нақты мамандыққа қатысты бір шешімге келуге дайын болуды диагностикалауға жұмылдырылады. Сондай-ақ, оқу үрдісіндегі 4 жақта бірдей қатысуы қажет. Олар: оқушылар, ата-аналар, педагогтар (пән мұғалімдері, сынып жетекшілер) және мектептегі психологиялық қызмет. Бейінді оқыту жауапты да маңызды кезең екенін ескерер болсақ, төртжақты бірлестік жұмысы барынша тиінақты болғаны жөн [4].

Ал осы процестің болашақта толық іске асырылуы үшін, қазіргі психологиялық дайындықтың маңызы өте зор. Оның мысалы ретінде: оқыту мен тәрбиелеу жүйесі толығымен өзгеруде: тәрбиелік–

эксперименттік жұмыстардың бағдарламасы жасалып, бірнеше білім беру ордаларында тәжірибе жүргізілуде.

Психологиялық тұрғыдан алғанда 12 жылдық мектепке өту барысында білім беру ұйымдарында оқушыларды бейіндік сыныптарда оқыту келесідей көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік береді: біріншіден, сыныптағы оқушылардың барлығы бірдей тереңдетілген пәнді оқуға бұрын міндетті болса, енді белгілі блоктық жүйенің бірін тандап, бала қалауымен оқуға мүмкіндік алады. Екіншіден, бейіндік пәндерді таңдау бойынша қабілетті есепке алына оқытылғандықтан, мұндағы оқу үрдісі де тиімді, үйлесімді, сапалы болып шығады. Тереңдетіле құрылған бағдарламаны жақсы игеруге мүмкіндік алады. Оқыту сапасы арқылы. Үшіншіден, тек жақсы оқитын оқушылар ғана емес, оқу қабілеті орта оқушыларда өз мүмкіндігіне қарай белгілі бір мамандықтың біріне бейімделе оқытылады. Төртіншіден, мұндай қалауымен біріккен топты оқыту мұғалім еңбегіне жеңілдік береді, әр оқушының қызығушылығы ескеріліп, оны бейімділігі арта түседі. Сөйтіп, болашақтағы жоғарғы оқу орнында оқуға мүмкіндігі бола бермейтін шәкірттерге сұранысқа ие алғашқы кәсіптік білім қолға алынады. Оқушылардың өмірден өз орнын таба аларлық мүмкіндікке ие болуының әлеуметтік мәні бар екені көрінеді[5].

Жаңа білім беру парадигмасында оқу – бұл оқушының өзінің көп компоненттерден: оқу міндеттерінен, оқу іс-әрекетінен, өзін-өзі бақылау және бағалаудан, өзінің психологиялық дамуындағы өзгерістерді бағалаудан, өз жеке тұлғасын сипаттаудан құралатын белсенді тұтас іс-әрекет. А.Н. Леонтьев айтқандай, білімнен тәрбие алу үшін, білімнің өзіне қарым-қатынасты тәрбиелеу керек. Яғни, оқыту барысында, білімге, білім алу әдістеріне белсенді, ішкі қарым-қатынасты дамыту қажет. Тек осы жағдайда меңгерілген білім және жұмыс әдістері жеке тұлғаны дамытады.

Сондықтан, білім берудің жаңа парадигмасында оқытудың мазмұны мен әдістері әр жастағы оқушы білімінің тұлғалық мағынасына сәйкестігі тұрғысынан орындалуы тиіс. С.М.Жакуповтың айтуынша, «білім – сөздермен бекітілген ұғымдар, түсініктер жүйесі» [6, 356]. Әр ұғымның екі жағы – объективті мағынасы және субъективті мәні бар. Яғни, өзінің ішкі психологиялық тұрғысынан білім беру – екі байланысқан процестің – білім мен мағынаның бірлігі болады.

12 жылдық білім беру жүйесіне көшу бағдарламасы негізінде, бейінді мектеп оқушыларын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қолға алынуда. Оны іске асыруда мынандай міндеттер жүктелуде:

- оқушылардың барлық оқу кезеңі бойы біркелкі емес дамуы болуы мүмкін, осыны дер кезінде жою және мониторинг жасау;
- оқушының қабілеті және бейімділігі, қызығушылық танытуы үшін мамандық және еңбек туралы мәлімет берумен көмектесу;
- оқушыларды бейінді сыныпқа дейінгі іріктеуде психологиялық диагностика жүргізу;
- оқушыларды тереңдетілген профориентацияда бейінді сыныпқа көшу кезеңінде психологиялық сүйемелдеу;
- жоғары сынып оқушылары жекелік және мамандықты өз еркімен таңдауына көмек беру.

12 жылдық білім беру жүйесіне көшуде үлкен ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Білім берудің жаңа үлгісіне тек оқыту жүйесінің ғана емес, педагогтар, оқушылар, ата-аналарды да психологиялық тұрғыдан дайындау қажет. Жаңа білім бағдарламасы өзіне сәйкес жаңа мұғалімдерді талап етеді. Мұғалімнің өзінің білікті болуы тиіс. Сонда ғана ол, оқушы тұлғасын жан-жақты дамытуға, өз пікірін еркін жеткізе алатын, жоғары білімді, шығармашыл дамыған тұлғаны қалыптастыруға толық қанды мүмкіндік алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы// Астана. 2010. 3б.
2. Мұқатаев А.А. Бейіндік оқытуды ұйымдастыру. Қарағанды, 2009. 103б.
3. Мектептегі психология//Алматы, №3(33) 2011. 18б.
4. З.С. Назаралиева. Педагогика профильного образования. Алматы, 2008. 291б.
5. Айқынбаева Г.Қ. Ресурс ақпараттық порталы (referat.resurs.kz)//12 жылдық мектеп жағдайында оқушының бейіндік қабілетін диагностикалаудағы психологиялық қызметтің рөлі.
6. Республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-сараптамалық журнал. №7. 2006. 34б.

Аннотация. В статье рассматриваются особенности профильного образования и психологическая готовность учителей, родителей, учеников при выборе профиля, актуальность психологического сопровождения учеников в профильных классах.

Annotation. In article features of profile education and psychological readiness of teachers, parents, pupils are considered at a choice of a profile and relevance of psychological escort of pupils in profile classes.

УДК 512.12: 18.12

ЖАҢА 12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ КӨШУДІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.К. Копбаева

№9 орта мектеп, Тараз қ.

Еліміздегі жаңа білім беру реформасы 12 жылдық білім беруге көшу арқылы шығармашылықпен дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа ұлттық үлгіні жасауды, «жалпыға арналған білімнен», «білім әркімге өмір бойы» үлгісіне көшуді және әлемдік білім беру кеңістігіне жедел енуді қамтамасыз етуді мақсат етеді.

2008-2009 оқу жылынан бастап 12 жылдық білім беруге кезең- кезеңімен көшу басталды. Бүгінгі күні білім беру мазмұнын жаңартуды көздейтін Қазақстан Республикасының білім беру тұжырымдамасы жан-жақты талқыланып, білім және ғылым министрлігінің алқа мәжілісінде мақұлданды. Бұл тұжырымдама Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына; «Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейін дамытудың стратегиялық жоспарына», «Қазақстан Республикасының білім беруді 2005-2010 жылға дейін дамытудың мемлекеттік бағдарламасына», Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік, саяси жаңғырудың қарқынды жолында» атты Жолдауына, Болоньедегі Еуропа елдері білім министрлерінің кеңесіне, ЮНЕСКО –ның үздіксіз білім беру туралы ұсыныстарына сәйкес әзірленді. Біздің елімізде қалыптасқан білім жүйесі академиялы, түбегейлі деп бағаланатынын айта кеуіміз керек. Бірақ жыл асқан сайын оқу бағдарламалары бойынша 11 жылда берілетін білім көлемінің ауқымдылығы оқу жүктемесінің шектен тыс көбеюіне әкеліп, білім сапасы мен оқушылар денсаулығына кері әсерін тигізіп отыр. Қалыптасқан бұл жағдай оқушылардың оқуға ынтасын да төмендететінін тәжірибеден байқап жүрміз. Осыған орай қазіргі білім беру тәжірибесінде білім көлемін жинақтай отырып, оқу материалдарын жеңілдетуді, сондай-ақ құзырлыққа жетуге бағдарланған білім мазмұнын қарастырып отыр. Бүгінгі таңдағы еліміздің білім ұйымдарының басты міндеті – баланың денсаулығына жағымды ықпал етуді көздейтін білім беру ортасын құру. Біз өмір сүріп отырған уақыт алдыңғы толқынның заманына мүлдем ұқсамайды. Бала болашағы оның жаңа тұжырымдарды түсінуі мен қабылдай білуіне, дұрыс таңдау жасауына, бүкіл өмір бойына өзгермелі жағдайларға тез икемделе білу қабілетіне байланысты болмақ. Осыған байланысты мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талап: ойлылық, салмақтылық, белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік, терең білімділік, кәсіби сауаттылық т.б. Бұл оқушының бойында қалыптасатын түпкілікті мақсат, міндеттерін айқындауға тікелей мұрындық болады.

12 жылдық мектептің басты ерекшелігі – баланың жан-жақты дамуына, өз пікірі мен ойын ашық жеткізуіне, әр адамға табиғатынан берілген шығармашылық әлуетін толық іске асыруына ықпал ететін, өзін-өзі танып, келешегін айқындауға саналы түрде дайын болуға, қоғамның экономикалық, мәдени, саяси өміріне белсенді араласуға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық институт ретінде қалыптасуында болып отыр. Оның жаңа құрылымына тоқталатын болсақ, 12 жылдық білім беру жүйесі 5+5+2 сатыларынан тұрады. Бүгінгі күні осы құрылым мен жаңа мазмұнға негіделген жалпыға міндетті білім стандарттары әзірленуде.

Қазақстан халқына «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев елдің басты байлық адам екенін баса айтқан. Елді жаңғырту стратегиясын іске асырудың табыстылығы, ең алдымен, қазақстандықтардың біліміне, әлеуметтік және жеке амандығына байланысты. Осы міндеттерді жоғары бейінді, білікті педагогтар ғана шеше алады.

1.12 жылдық білім беруде оқушыларды бейіндік оқытуға даярлық жұмыстары

Негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1. Білім алуға құштарлығын арттыру.

2. Өзін таныта білетін жеке тұлғаны қалыптастыру.
3. 12 жылдық білім беруде жеке тұлғаға бағдарланған оқыту технологиясын қолдану.
4. 12 жылдық білім беру қарсаңында информатика пәнін меңгерту.
5. Жоғарғы сыныптарға негізгі мектепті бітірушілерді жан-жақты зерттеп, жұмыстар жүргізе отырып, бағдарлы сыныптарға іріктеу жұмыстарын ұйымдастыру.
6. Бейінді білім беру арқылы жаңа білім мазмұнына тәжірибені енгізу, жүзеге асыру.
7. 12 жылдық білім беруде оқытудың жаңа оқыту әдістемесін енгізу арқылы жоғары білікті және бәсекеге қабілетті жоғары мамандар дайындау.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудың қазіргі заманғы стратегиясын басшылыққа ала отырып, 2010-2011 оқу жылында мынандай міндеттер қойылып отыр:

1. Білім беруді басқару саласында:

- басқару тиімділігін арттыру бойынша жұмыстары Қазақстан Республикасының білім беру Тұжырымдамасын 2015 жылға дейін, Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға көшуінің 2007-2024 жылдарға арналған Тұжырымдамасын іске асыруға бағындыру;

- Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына 2010 жылғы Жолдауының, Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдырға арналған Мемлекеттік бағдарламасының, ТМД қатысушы мемлекеттердің мұғалімдері мен білім беру қызметкерлерінің і съезі резолюциясының, Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінің Тұжырымдамасының, Қазақстан Республикасының инклюзивті білім беру Тұжырымдамасының және басқалардың бағдарламалық белгілеулерін мақсатты енгізу мен зерделеуді ұйымдастыру;

- ҚР БЖҒМ-нің 2010 жылғы 9 шілдедегі № 367 Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруінің жаңа Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа көшуі және Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруінің типтік жалпы білім беру бағдарламалары жөніндегі бұйрығының орындалуын қамтамасыз ету;

- «Өзін өзі тану» пәнінің мектепке дейінгі мекемелердің және жалпы білім беретін мектептердің білім беру үрдісіне енгізілуіне қажетті жағдай жасау;

- Баларды мектепке дейінгі білім берумен толық қамтуды қамтамасыз ету жөніндегі «Балапан» мемлекеттік бағдарламасын орындауға бағытталған мектепке дейінгі тәрбиенлеу мен оқытуды дамытудың стратегиялық мақсаттарын іске асыру бойынша дербес жауапкершілікте болу;

- Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырудың және Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне кіруінің алғышарты ретінде көптілді оқыту мәселелеріне көңіл бөлуді күшейту;

- Оқушылардың бейінді дайындығын мамандықты таңдау нақтылығын қамтамасыз етуші бейіндендірудің маңызды кезеңі ретінде қарастыру;

- Мектеп оқушыларының тұлғалығын әлеуметтендіру мақсатында мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарының арасында ынтымақтастықты орнату;

- Қала мектептерінің білім беру қызметінің сапа көрсеткіші ретінде ҰБТ мен МАБ нәтижелерінің оңды қозғалысын сақтау;

- «Білім беру үрдісі субъектілерінің даму шарты ретінде қазіргі мектептегі білім беру сапасын жетілдіру» қалалақ іздену тақырыбын іске асыру негізінде инновациялық менеджмент қағидаларын енгізу бойынша жұмысты жалғастыру;

- Педагогтардың кәсіби біліктіліктерін арттыру бойынша жұмыста білім беру жүйесі қызметкерлерін аттестациялаудың жаңа Ережесін пайдалану.

3. Қаланың және білім беру мекемелерінің әдістемелік қызметтері:

- ТЭЖ қалыптастырушы кезеңі жағдайларында андрогогикалық парадигма негізінде педагогтарды кәсіби жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру;

- әдістемелік қызметтердің қызметін білім беру жүйесіндегі оқытудың құзіретті моделіне көшу жөніндегі білім беру жүйесінің мемлекеттік стратегиясын іске асыруға бағыттау;

Оқу орнының білім кеңістігіне ақпараттық-коммуникативтік технологияларды енгізуді қамтамасыз ету;

- инновациялық педагогикалық ойлар мен технологиялар банкін құру бойынша жұмысты жалғастыру;

- 12 жылдық білім беруге көшу жағдайларында педагог кадрлардың біліктіліктерін арттыру әдістемелік қызметінің ролін арттыру.

4. Қала педагогтары:

- белсенді субъектілі позицияны кәсіби және жеке өсу, өмір бойы үздіксіз білім алу негізі ретінде қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру;

- Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі және мектептегі білім беруді іске асыруды қамтамасыз ету;
- Физика – математикалық пәндердің мұғалімдері Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға көшудің 2007-2024 жылдарға арналған Тұжырымдамасының мәтінінде нақты ғылымдарды меңгеру сапасын арттыруды қамтамасыз етсін;
- Жаратылыстану ғылымдары пәндерінің мұғалімдері біліктілікті 12 жылдық мектептегі жаратылыстану білімі сапасының өлшемі ретінде қарастырсын;
- Информатика мұғалімдері оқушылардың «Информатика» білім беру саласы бойынша дайындық деңгейіне мазмұн мен талаптардың міндетті ең аз мөлшерін әлемдік ақпараттық білім беру кеңістігіне кірудің маңызды шарты ретінде қамтамасыз етсін.

12 жылдыққа көшу білім саласына көп өзгерістер енгізеді, әрі нағыз білім сапасының нақты бағасын бермек. 12 жылдық білім қазіргі өмір талабын айқындап, жаңа ғасыр білім жүйесін, тәрбиесін ұсынады, оқыту жүйесін дамыту, жаңа технологиялар, Он-лайн жүйесі арқылы қашықтықтан оқытумен көрсеткіштер бойынша бағаланады. 12 жылдық білім беру барлық ұлттық білім беру жүйесіндегі реформа.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Білім туралы» заңы. Алматы «Жеті жарғы» 2011ж., 96 бет
2. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Негізгі ережелер. ҚР МЖБС 2.003. - 2012 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 ж., 19 қарашада №616 бұйрығымен бекітілді // 12 жылдық білім беру/12-летнее образование. -№4- 2012ж.
3. Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы, 2010ж.

Аннотация: В Послании Президента РК Н.А. Назарбаева «Стратегия Казахстан-2050», главная цель государственной политики указывается на необходимость создания возможностей перехода на 12 летнее образование, получать современные знания и использовать передовые технологии. Это обязывает общеобразовательные учреждения в настоящее время готовить конкурентоспособных, компетентных будущих специалистов, соответствующих уровню развития современных технологий.

Annotation: The Message of the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev "Kazakhstan-2050 Strategy", the main goal of public policy is indicated on the need to create opportunities to move to 12 years of education, obtain the latest knowledge and use of advanced technology. This requires educational institutions currently preparing competitive and competent professionals of the future appropriate to the level of development of modern technologies.

ӘОЖ 37.018 (574)

К 83

ЖАСТАРДЫ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ

З.Н. Кудебаева

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауында «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен, елге және оның игіліктеріне деген мақтанш сезімін ұялататыны атап көрсетілген. Сонымен қатар Қазақстандық патриотизмнің іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі екендігі аталған[1].

Азаматтарының ұлттық намысы жоғары ел - бүкіл адамзаттың мақтаншы. Ұлттық санасы қалыптасқан адамның ұлттық намысы жоғары - ұлтжанды. Ал, ұлтжанды азаматтармен Тәуелсіз еліміздің абыройы асқақ, мәртебесі биік, мерейі үстем, аспаны ашық болмақ. Ұлтжанды адам басқа ұлттар мен ұлыстардың тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін құрметтеп, барлық ұлт өкілдерімен тату – тәтті, бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды. Оның осал болуға хақысы жоқ, себебі ол өз ұлтының болашағы, тағдыры үшін жауапты.

Қай кезде болмасын халық, қоғамға қарағанда мемлекетке көп сенім артқан. Ал қызмет етуді Отанға қатысты байланыстыра білген. Демек, отансүйгіштік сезім азаматтықты құрайтын маңызды

құндылық болып табылады. Адамның маңызды азаматтық бағдарын оның еліне, өз Отанына, тұрған мекеніне деген қарым- қатынасы құрайды.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің міндеттері: азаматтық пен отансүйгіштікке, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез - келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу»- деп көрсетілген [2].

Адам тәрбиесі - үдемелі қозғалыспен жүріп отыратын мәңгілік үрдіс. ХХІ ғасыр, инновациялар ғасыры болғанымен, қазақтың тәлім- тәрбиесі теңдесі жоқ даналық, қасиетті мектеп десе, артық емес.

Ежелгі грек жерінде пайда болған грек сөзі patriotes - дүниежүзілік қауымдастықтың даму тарихына және мемлекеттердегі саяси жағдайларға байланысты сан алуан сипат пен мағынаға ие болып отырған. Ежелгі грек ғұламалары Аристотель, Платон, Цицерон, ХУІІІ ғ. француз материалистері, неміс философтары, орыс революционер - демократтары, қазақ ағартушылары Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев т.б. еңбектері мен шығармаларынан отансүйгіштік, оған деген сүйіспеншілік көрініс тауып отырған.

Ғылыми әдебиеттерден «отансүйгіштік» түсінігі жөнінде мынадай қорытынды жасауға болады. Олар әр кезеңдерде өз туған жеріне, Отанына, ұлтына, тайпасына қатынасы бойынша қоғамдағы географиялық, саяси әлеуметтік және мәдени ортасына байланысты құндылықтар жинақталып, жаңа сипатқа ие болып отырған.

Бүгінгі күнге сақталып, тәуелсіз қалыптасқан мемлекет дәрежесіне дейін көтеріліп отырған қазақ халқының тарихына көз жіберсек, қазақ даласында өсіп өнген ақын- жыраулар халыққа өнегелі сөздерімен ықпал етіп, оларды іргелі ел, берекелі жұрт болуға шақырған.

Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі халықтың береке бірлігін, ат жалын тартып мінуге жарайтын қазақ баласының қасиетті борышы - өз Отанын жаудан қорғау екендігін Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар, Шал ақын т.б. жыраулардың өлең - жырларынан көре аламыз.

Өз халқына, ұлтына деген отансүйгіштік сезімді қазақ ағартушылары Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев шығармаларынан да көруге болады.

Қазақ тарихын тұңғыш зерттеуші ғалым Ш. Уалиханов өзінің отансүйгіштік сезімін білдіре келіп, «Менің отансүйгіштік сезімім ірбіт сандығындай. Мен ең алдымен өз отбасымды, туған туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл аймақ, ел - жұртым, руластарымды, одан соң халқымды, онан соң Сібір орыстары, Ресей жұртын қадірлеймін»,- деген екен [3].

Халқының мол қазынасынан сусындап өскен кемеңгер А. Құнанбаев бұл мәселеге жете көңіл бөліп, адам танымы, адам тәрбиесі туралы өзінің құнды пікірлерін қалдырды. Саналы ғұмырында нағыз адам тәрбиелеудің кілтін іздеген ол қазақтың әрбір баласын толық адам болуға шақырады. Ақын: Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек - деп кісіліктің, толық адамдықтың кілтіндей адам өміріне керекті үш асылды анықтап берді. Адам бойында басты осы үш асыл қасиеттер табылғанда ғана, толық адам халық тілімен айтқанда нағыз кісі болады.

Қазақ халқының туысқандық, бауырмалдылық қасиеті оның жеті атасын білуді талап етеді. «Жеті атасын білген ұл, жеті рулы елді біледі»,- деген халықтың дана сөзі бар. Сондай «Қырық рулы елміз, қарға тамырлы қазақпыз» - деген аталы сөз де бірліктің бауырмалдылықтың белгісін білдіреді.

Жалпы Отанды сүю отбасынан басталады. Отбасының жақсы тәрбиесін көріп өскен бала қоғам өміріне балабақшадан бастап жүйелі түрде араласа бастайды. Осы кезден бастап бала бойына отансүйгіштік қасиетті дарыту ата-ана, қоғам міндеті. Міне патриоттық тәрбие берудің күрделілігі де осында.

Жоғары оқу орны қабырғасында сабақта, сабақтан тыс жұмыстарда жастар бойында жағымды мінез-құлық, мейрімділік, тектілік, жаңа білімге құштарлық, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп, қалыптастыруымыз қажет. Әрине бұл өте күрделі мәселе. Себебі жоғары оқу орны жастары мақсат мүдделері айқындалған күрделі ұжымдық топ. Кәмет жасына жеткен жастар мемлекет алдындағы парызы мен азаматтық құқығын біле отырып, студенттік өмірге қадам басады. Олар отбасы, мектеп, өскен ортасына қарай мініз-құлқы, қызығушылықтары жағынан ерекшеленеді. Жоғарғы оқу орнына келген күннен бастап топ тәлімгері, пән мұғалімдері еліміздің болашағы жастарға жоғары талап қоя отырып, олардың жеке көзқарастарын құрметтеп, студент пен оқытушы арасында жағымды қарым-қатынас орнатып, оларға сенім білдіргенде ғана оқу-тәрбие үрдісін нәтижелі жүргізіп, жаңа қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуге болады.

«Қазақстан – 2050» Стратегиясының ең басты 7 басымдықтың бірі – Жаңа қазақстандық патриотизм. Студент жастарға жаңа қазақстандық патриоттық тәрбие беруде біз – бәріміз тең құқықты, тең мүмкіндіктерді иеленген қазақстандықтармыз, барлық ұлт өкілдерімен тіл табысып,

тату тәтті, бейбітшілік пен келісімде өмір сүру, өз Отанымыздың тағдырына жауапты болу – барша профессор – оқытушы, студент жастардың, барша қазақстандықтардың басты қағидасы болуы шарт.

Ең бастысы, жастардың «Ол – қазақстандық, өз елінде оған барлық жағдайлар жасалған. Олардың азат ойлары мен кемел білімдері елімізді қазір бізге көз жетпес алыста, қол жетпес қиянда көрінетін тың мақсаттарға апаратын құдыретті күш екеніне сенім білдіріп, оларға сапалы білім, саналы тәрбие беру біздің негізгі мақсатымыз. Әлемдегі ең үздік 30 елдің қатарына ену халқымыздың ауызбірлігін, белсенділігін, әр азаматтың жеке басының жауапкершілігін талап етеді.

Патриотизм сезімі - біздің халқымыздың болмысына ежелден сіңген қасиет. Ұрпақтан- ұрпаққа, атадан балаға мирас болған өсиет, осыны келер ұрпаққа жалғастыру біздің басты парызымыз

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан - 2050» стратегиясы – Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы / Егемен Қазақстан 15 желтоқсан 2012
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы – Астана 2007
3. Сейталиев Қ. Педагогика тарихы – Алматы, 2012

Аннотация. В статье рассматривается проблема патриотического воспитания молодежи в аспекте основных направлений стратегий Казахстан – 2050.

Annotation. The problem of patriotic education in the aspect of main trends of the strategy Kazakhstan-2050 is overlooked in the article.

УДК 514.28:17

12 ЖЫЛДЫҚ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУГЕ КӨШУДІҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

А.С. Нысанбекова
№9 орта мектеп, Тараз қ.

Жоғары динамикалы, жаһандану дәуірінде өмір сүру үрдісін, ойлау мен қарым-қатынасты түбегейлі өзгертетін байланыс құралының қарқынды дамуы, сондай-ақ адамның интеллектісіне, әлауқаттылығына, оның икемділігіне, жасампаздық іс-әрекетіне қол жеткізетін тәсілдер қоғамның негізгі капиталы бола бастады.

Қазақстан қоғамындағы мұндай жағдайда өзекті мәселелердің бірі — өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын ғана емес, айналасындағы шынайы өмірге белсенді қатынасын байқатып, оны жақсартуға ықпал ете алатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты жеке тұлғаға қойылатын мынадай талаптар алдыңғы орынға шығады: креативтілік, белсенділік, әлеуметтілік жауапкершілік, ой-өрісінің кендігі, жоғары кәсіби деңгейлі сауаттылық, танымдық әрекетке қызығушылығының басымдығы [1].

Білім беру жүйесіндегі өзгерістерге негізделген әлемдік дамудың негізгі үрдістері мыналар болып табылады: қоғам дамуының қарқындылығы; постиндустриалдық, ақпараттық қоғамға көшу, мәдениаралық өзара қатынас ауқымының кеңеюі; халықаралық ынтымақтастық, нәтижесінде шешілуі мүмкін ғаламдық проблемалардың туындауы және өсуі; қоғамның демократиялануы; экономиканың қарқынды дамуы, бәсекелестіктің өсуі; адам капиталы мәнінің артуы. Осыған сәйкес дамыған елдердің білім беру жүйесінде білім беру философиясы мен әдіснамасын жаңарту үрдістері, білім беру мазмұнының құру әдістерінің өзгеруі, білім беру мазмұнындағы жетілдірілген модельдердің жасалуы, білім беруді басқарудың тиімді тәсілдерін іздеу және т.б. үрдістер байқалып отыр. Оқытудың дәстүрлі өнімсіз стилін ығыстыру және оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін жаңа дамытушы, сындарлы білім беру моделіне көшу әлемдік білім берудің стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстандық жалпы орта білім беретін мектеп соңғы жылдары өзінің келбетін өзгертті.

Білім беруді жаңарту жүйесін қолдайтын нақты қадамдар жасалды. Олардың ішінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының әзірленуі және енгізілуі, кредиттік технология негізіндегі үш сатылы жоғары білім моделінің енгізілуі, вариативті білім берудің енгізілуі, білім сапасын бағалау критерийлерін әзірлеу жөнінде жұмыстар басталды. Бірақ қол жеткен жетістіктер

адам капиталының дамуы мен орнықты экономикалық есуді толық қамтамасыз ете алмайды. Қазақстанның білім беру жүйесінің даму деңгейіне кері ықпал ететін мынадай факторлар қалып отыр: орта білім беру жүйесінде диагностикалық мақсаттылықтың болмауы, білім берудің жеке тұлғаның дамуына емес, формальды нәтижелерге бағдарлануы, оқу жетістіктерін бағалауда оқушыны қызықтырмайтын, шынайылықты қамтамасыз етпейтін және қиындық тудыратын жағдайға душар ететін ескірген жүйенің сақталуы, жасөспірімдердің тұлғалық, азаматтық және адамгершілік қасиеттерінің жеткілікті дамымауы, өзін-өзі анықтау мотивтерінің болмауы, өзіндік қызығушылығы мен болашақ жоспарын сезіну деңгейінің төмендігі. Қазақстан қоғамының қазіргі геосаяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайы, әлемдік білім кеңістігіне кірігуі Қазақстан Республикасының жалпы орта білім жүйесін жаңғыртуды, атап айтқанда, орта білім мазмұны мен құрылымын, мақсаттарын қайта қарауды және оқыту мерзімін кеңейтуді талап етеді. Қазіргі кезеңде 12 жылдық мектепке есептелген белгілі бір халықаралық білім беру стандарты қалыптасты [2].

Еуропа кеңесінің (1992 ж.) Декларациясына сәйкес 12 жылдық білім беру әлемдік білім кеңістігінде 136 елде жүзеге асырылуда. Олардың ішінде дамыған елдерден: АҚШ., Жапония, Германия, Франция және т.б. ТМД елдерінен 12 жылдық оқыту мерзімін Беларусь, Украина, Өзбекстан және Балтық елдері таңдады. Қазақстанның 12 жылдық білім беруге көшуі білім берудің жаңа ұлттық моделін жобалаудың стратегиялық міндеттерін табысты шешуге мүмкіндік береді. 12 жылдық жалпы орта білім берудің мақсаты мен күтілетін нәтижелері. 12 жылдық білім берудің басты мақсаты: өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Білім берудің күтілетін нәтижелері белгіленген мақсатқа сәйкес мектеп түлегінің негізгі құзырлығы төмендегіше анықталады: [3]

1. Құндылықты-бағдарлы құзыреттілік — оқушының қоршаған ортаны бірдей қабылдайтын қабілеті, жоғары әдептілік. құндылықтар негізінде жасампаз қоғам өмірінде өзінің ролін таба білу біліктілігі, азаматтылығы мен елжандылығы. Бұл құзыреттілік өмірдегі түрлі жағдайларда шешім қабылдай білу білігін қамтамасыз етеді. Ең бастысы, өзінің Отаны Қазақстан патриоты болу, азаматтық, белсенділігін көрсету, саяси жүйені түсіну, болып жатқан әлеуметтік жағдайларға баға бере білу.

2. Мәдениеттанымдық құзыреттілік — жалпы адамзаттық мәдениет жетістіктері негізіндегі іс-әрекет тәжірибесін және қоғамдағы дәстүрлер мен жеке, отбасылық және әлеуметтік өмірдік мәдениет негіздерін, этномәдениеттік құбылыстарды игеруге мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерін тани білу. Адам мен қоғамның дамуындағы ғылымның ролін түсіну. Өзі халқының мәдениеті мен әлемнің мәдени көптүрлілігін түсінуге және бағалауға мүмкіндік беретін мәдени-демалыс қызметін тиімді ұйымдастыру тәсілдерін игеру; рухани келісім мен толеранттылық идеяларына бейім болу.

3. Оқу-танымдық құзыреттілік — оқушының зерттеу әрекеті мен өзіндік оқу-танымдық процесін қамтамасыз ететін кешенді құзырлық. Бұл құзырет өзінің білімділік қызметін ұйымдастыра білуді, тиімді жоспарлай білуді, сәйкес функционалдық сауаттылық талаптары негізіндегі білімді игеруде әлемнің ғылыми бағытын түсінуге ізденушілік - зерттеушілік әрекет дағдыларын игеруге мүмкіндік беретін өзінің әрекетіне талдау және қорытынды жасау тәсілдерін қарастырады.

4. Коммуникативті құзыреттілік — адамдармен өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерін білуді, түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істеу дағдыларын, қоғамдағы түрлі әлеуметтік рөлдерді орындауды, өмірдегі нақты жағдайларда шешім қабылдау үшін байланыстың түрлі объектілерін қолдана алу білігін, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуын қарастырады.

5. Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік — бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, талдай, тандай білу, өзгерте білу, сақтай білу, білім мен ақпаратты ақпараттық технологиялар мен техникалық объектілердің көмегімен жеткізуді жүзеге асыра білу және интерпретациялау білігі.

6. Әлеуметтік-еңбек құзыреттілік отбасылық, еңбек, экономикалық, саяси, қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді азаматтық-қоғамдық тәжірибе мен білімге ие болуды білдіреді. Бұл құзырет әлеуметтік қоғамдық жағдайларға нақты талдау жасай білуді, шешім қабылдай білуді, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білуді қарастырады.

7. Тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттілік. Бұл құзырет отбасылық, еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді азаматтық-қоғамдық қызмет білімі мен тәжірибесінің болуын білдіреді. Құзырет нақты әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білуді, түрлі өмірлік жағдайларда {өзінің мүмкіндігін нақты перспективалық жоспарлаумен

салыстыра білу және қызметін өзіндік кадр-касиет сезімімен ұйымдастыра білу, өзінің өмірі мен ісіне жауапты қарау) жеке және қоғам пайдасына сәйкес шешім қабылдауды және ықдал етуді қарастырады. Жалпы орта білім беру құрылымын жаңарту білім беру процесіне қатысушылардың талабын, мүмкіндігі мен қызығушылығын толық ескеруді, оқыту сатылары бойынша оқу материалдарын бірдей қайта бөлуді, оқытуды дараландыруға жағдай жасауды көздейді. 12 жылдық жалпы орта білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі төмендегі ұстанымдар негізінде ұйымдастырылды: жеке тұлғаның жас кезеңдерінің ескерілуі; күтілетін нәтижелердің жетістіктеріне бағыттылығы; оқытудың сабақтастығы; әрбір оқыту сатысының даралығы. 12 жылдық білім беру жағдайында мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру деңгейі ерекше мәнге ие болып отыр. 5 жастағы балаларды мектепалды даярлау олардың психологиялық, педагогикалық, дене және физиологиялық талаптарын ескере отырып, бастауыш мектепке оқытуға дайындау сапасының басты жағдайы ретінде жүзеге асырылуы тиіс. Еліміздегі жаңа білім беру реформасы 12 жылдық білім беруге көшу арқылы шығармашылықпен дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа ұлттық үлгіні жасауды, «жалпыға арналған білімнен», «білім әркімге өмір бойы» үлгісіне көшуді және әлемдік білім беру кеңістігіне жедел енді қамтамасыз етуді мақсат етеді. 2008-2009 оқу жылынан бастап 12 жылдық білім беруге кезең-кезеңімен көшу басталды. Бүгінгі күні білім беру мазмұнын жаңартуды көздейтін Қазақстан Республикасының білім беру тұжырымдамасы жан-жақты талқыланып, білім және ғылым министрлігінің алқа мәжілісінде мақұлданды.

Бұл тұжырымдама Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына; «Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейін дамытудың стратегиялық жоспарына», «Қазақстан Республикасының білім беруді 2005-2010 жылға дейін дамытудың мемлекеттік бағдарламасына», Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік, саяси жаңғырудың қарқынды жолында» атты Жолдауына, Болоньедегі Еуропа елдері білім министрлерінің кеңесіне, ЮНЕСКО –ның үздіксіз білім беру туралы ұсыныстарына сәйкес әзірленді. Біздің елімізде қалыптасқан білім жүйесі академиялы, түбегейлі деп бағаланатынын айта кетуіміз керек. Бірақ жыл асқан сайын оқу бағдарламалары бойынша 11 жылда берілетін білім көлемінің ауқымдылығы оқу жүктемесінің шектен тыс көбеюіне әкеліп, білім сапасы мен оқушылар денсаулығына кері әсерін тигізіп отыр. Қалыптасқан бұл жағдай оқушылардың оқуға ынтысын да төмендететінін тәжірибеден байқап жүрміз. Осыған орай қазіргі білім беру тәжірибесінде білім көлемін жинақтай отырып, оқу материалдарын жеңілдетуді, сондай-ақ құзырлылыққа жетуге бағдарланған білім мазмұнын қарастырып отыр. Бүгінгі таңдағы еліміздің білім ұйымдарының басты міндеті – баланың денсаулығына жағымды ықпал етуді көздейтін білім беру ортасын құру. Біз өмір сүріп отырған уақыт алдыңғы толқынның заманына мүлдем ұқсамайды. Бала болашағы оның жаңа тұжырымдарды түсінуі мен қабылдай білуіне, дұрыс таңдау жасауына, бүкіл өмір бойына өзгермелі жағдайларға тез икемделе білу қабілетіне байланысты болмақ. Осыған байланысты мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талап: ойлылық, салмақтылық, белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік, терең білімділік, кәсіби сауаттылық т.б. Бұл оқушының бойында қалыптасатын түпкілікті мақсат, міндеттерін айқындауға тікелей мұрындық болады. 12 жылдық мектептің басты ерекшелігі – баланың жан-жақты дамуына, өз пікірі мен ойын ашық жеткізуіне, әр адамға табиғатынан берілген шығармашылық әлуетін толық іске асыруына ықпал ететін, өзін-өзі танып, келешегін айқындауға саналы түрде дайын болуға, қоғамның экономикалық, мәдени, саяси өміріне белсенді араласуға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық институт ретінде қалыптасуында болып отыр. Оның жаңа құрылымына тоқталатын болсақ, 12 жылдық білім беру жүйесі 5+5+2 сатыларынан тұрады. Бүгінгі күні осы құрылым мен жаңа мазмұнға негізделген жалпыға міндетті білім стандарттары әзірленуде. Қазақстан халқына «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев елдің басты байлығы адам екенін баса айтқан. Елді жаңғырту стратегиясын іске асырудың табыстылығы, ең алдымен, қазақстандықтардың біліміне, әлеуметтік және жеке амандығына байланысты. Осы міндеттерді жоғары бейінді, білікті педагогтар ғана шеше алады. 12 жылдық білім беруде оқушыларды бейіндік оқытуға даярлық жұмыстары, негізгі мақсаттары мен міндеттері: білім алуға құштарлығын арттыру, өзін таныта білетін жеке тұлғаны қалыптастыру, 12 жылдық білім беруде жеке тұлғаға бағдарланған оқыту технологиясын қолдану, 12 жылдық білім беру қарсаңында информатика пәнін меңгерту, жоғарғы сыныптарға негізгі мектепті бітірушілерді жан-жақты зерттеп, жұмыстар жүргізе отырып, бағдарлы сыныптарға іріктеу жұмыстарын ұйымдастыру, бейінді білім беру арқылы жаңа білім мазмұнына тәжірибені енгізу, жүзеге асыру, 12 жылдық білім беруде оқытудың жаңа оқыту әдістемесін енгізу арқылы жоғары білікті және бәсекеге қабілетті жоғары мамандар дайындау[4].

Күтілетін нәтижелер:

12 жылдық білім беру қарсаңында мұғалімдердің кәсіби құзырлығы дамиды.

1. Оқушылардың білім реформасына көзқарасы айқындалады.

2. Мұғалімдер оқытудың жаңа әдістемесін енгізу арқылы біліктілігі мен қабілеттілігін жетілдіреді.

3. Бағдарлы оқыту арқылы оқушылардың ҰБТ-ға дайындық жұмыстары жандандырылады.

4. Мектептегі бағдарлы сыныптарға сабақ беретін мұғалімдердің шығармашылық деңгейі артады.

5. Оқушылардың кәсіптік бағдары анықталып, қоршаған ортаға баланың көзқарасы бейімделеді.

6. 12 жылдық білім беру жүйесіне өту қарсаңында пән мұғалімдерінің сұраныстары толық қанағаттандырылады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудың қазіргі заманғы стратегиясын басшылыққа ала отырып, 2010-2011 оқу жылында мынандай міндеттер қойылып отыр:

1. Білім беруді басқару саласында:

- басқару тиімділігін арттыру бойынша жұмыстары Қазақстан Республикасының білім беру Тұжырымдамасын 2015 жылға дейін, Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға көшуінің 2007-2024 жылдарға арналған Тұжырымдамасын іске асыруға бағындыру;

- Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына 2010 жылғы Жолдауының, Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдығына арналған Мемлекеттік бағдарламасының, ТМД қатысушы мемлекеттердің мұғалімдері мен білім беру қызметкерлерінің і сьезі резолюциясының, Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінің Тұжырымдамасының, Қазақстан Республикасының инклюзивті білім беру Тұжырымдамасының және басқалардың бағдарламалық белгілеулерін мақсатты енгізу мен зерделеуді ұйымдастыру;

- ҚР БЖҒМ-нің 2010 жылғы 9 шілдедегі № 367 Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруінің жаңа Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа көшуі және Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруінің типтік жалпы білім беру бағдарламалары жөніндегі бұйрығының орындалуын қамтамасыз ету;

- «Өзін өзі тану» пәнінің мектепке дейінгі мекемелердің және жалпы білім беретін мектептердің білім беру үрдісіне енгізілуіне қажетті жағдай жасау;

- Баларды мектепке дейінгі білім берумен толық қамтуды қамтамасыз ету жөніндегі «Балапан» мемлекеттік бағдарламасын орындауға бағытталған мектепке дейінгі тәрбиенлеу мен оқытуды дамытудың стратегиялық мақсаттарын іске асыру бойынша дербес жауапкершілікте болу;

- Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырудың және Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне кіруінің алғышарты ретінде көптілді оқыту мәселелеріне көңіл бөлуді күшейту;

- Оқушылардың бейінді дайындығын мамандықты таңдау нақтылығын қамтамасыз етуші бейіндендірудің маңызды кезеңі ретінде қарастыру;

- Мектеп оқушыларының тұлғалығын әлеуметтендіру мақсатында мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарының арасында ынтымақтастықты орнату;

- Қала мектептерінің білім беру қызметінің сапа көрсеткіші ретінде ҰБТ мен МАБ нәтижелерінің оңды қозғалысын сақтау;

- «Білім беру үрдісі субъектілерінің даму шарты ретінде қазіргі мектептегі білім беру сапасын жетілдіру» қалалақ іздену тақырыбын іске асыру негізінде инновациялық менеджмент қағидаларын енгізу бойынша жұмысты жалғастыру;

- Педагогтардың кәсіби біліктіліктерін арттыру бойынша жұмыста білім беру жүйесі қызметкерлерін аттестациялаудың жаңа Ережесін пайдалану.

2. Қаланың және білім беру мекемелерінің әдістемелік қызметтері:

- ТЭЖ қалыптастырушы кезеңі жағдайларында андрогикалық парадигма негізінде педагогтарды кәсіби жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру;

- әдістемелік қызметтердің қызметін білім беру жүйесіндегі оқытудың күзиретті моделіне көшу жөніндегі білім беру жүйесінің мемлекеттік стратегиясын іске асыруға бағыттау;

Оқу орнының білім кеңістігіне ақпараттық-коммуникативтік технологияларды енгізуді қамтамасыз ету;

- инновациялық педагогикалық ойлар мен технологиялар банкін құру бойынша жұмысты жалғастыру;

- 12 жылдық білім беруге көшу жағдайларында педагог кадрлардың біліктіліктерін арттыру әдістемелік қызметінің ролін арттыру.

3. Қала педагогтары:

- белсенді субъектілі позицияны кәсіби және жеке өсу, өмір бойы үздіксіз білім алу негізі ретінде қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру;
- Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі және мектептегі білім беруді іске асыруды қамтамасыз ету;
- Физика – математикалық пәндердің мұғалімдері Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға көшудің 2007-2024 жылдарға арналған Тұжырымдамасының мәтінінде нақты ғылымдарды меңгеру сапасын арттыруды қамтамасыз етсін;
- Жаратылыстану ғылымдары пәндерінің мұғалімдері біліктілікті 12 жылдық мектептегі жаратылыстану білімі сапасының өлшемі ретінде қарастырсын [5].

12 жылдыққа көшу білім саласына көп өзгерістер енгізеді, әрі нағыз білім сапасының нақты бағасын бермек. 12 жылдық білім қазіргі өмір талабын айқындап, жаңа ғасыр білім жүйесін, тәрбиесін ұсынады, оқыту жүйесін дамыту, жаңа технологиялар, Он-лайн жүйесі арқылы қашықтықтан оқытумен көрсеткіштер бойынша бағаланады. 12 жылдық білім беру барлық ұлттық білім беру жүйесіндегі реформа [6].

Әдебиеттер тізімі:

1. «Білім туралы» заңы. Алматы «Жеті жарғы» 2011.
2. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Негізгі ережелер. ҚР МЖБС 2.003. - 2010
3. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2010 ж. 19 қарашада №616 бұйрығымен бекітілді // 12 жылдық білім беру/12-летнее образование. -№4- 2010
3. ҚР 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы, 2010ж.
4. Садықов Т.С., Әбілқасымов А.Е. Қазіргі заманғы сабақ. Оқу процесін ұйымдастыру. Алматы, 2011
5. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Образование и наука. 2010.
6. Қараев Ж.А. Педагогическая технология обучения. – Алматы – 2008.

Аннотация. Главная цель государственной образовательной политики это необходимость создания возможностей перехода на 12 летнее образование, получение современных знаний и использование новых инновационных технологий в учебно-воспитательном процессе.

Annotation. Main purpose of public education policy is the need to create opportunities to move to the 12 years of education, obtaining current knowledge and use of new and innovative technologies in the educational process.

ӘОЖ 82.3

Б 60

Б.МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕЛІК КӨЗҚАРАСТАР

М.К. Рустембеков, Е. Әбдікерім

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Қазақ халқы – қандай қиын-қыстау сындарда да өзіміздің жауынгерлік даңқымызға дақ түсірмеген халық. Тарих кітабына үңілген ой көзі қырағы адам қазақ даласына қай кезде де дұшпан көзінің сұғы көп қадалғанын аңғарар еді. Көп ғасырлық тарихымызда Ұлы Отан соғысының орны айрықша. Ол-әрі қайғы-қасірет, әрі жеңіс әкелген ұлы қуаныш! Бұл соғыстағы қазақ халқының орны турасында «Правда» газеті былай деп жазды: «Қазақтар майданда ерлік көрсетіп жүр, ал тылда олардың ата- аналары мен сүйген жарлары майдан үшін жанқиярлықпен еңбек етуде. Қазақстан өз жерінің барлық байлығымен, өз тауларының барлық қазынасымен майданға тірек болып отыр» [1, 3]. Бауыржан Момышұлы - даңқты қолбасшы, КСРО-ның жоғарғы әскери академиясының профессоры, ұлтын сүйген патриот болуымен қатар, қазақ халқының ұлттық рухын қорғауда қаламды қару еткен қайраткер жазушы. Оның өнегелі өмір жолы, әскери портреті талай қаламгердің қаламымен орнектелгені белгілі.

Олардың ішінде әдеби көркем шығармалармен қатар естеліктер, ғылыми еңбектер де кездеседі. Бұл тақырыпқа А.Бек, А.Кривицкийден бастап, М.Әуезов, М.Ғабдуллин, Ш.Мұртаза, Е.Ысмайылов, Ә.Нұршайықов, Ш.Елеуенов, М.Мырзахметұлы, Б.Момышұлы (ұлы), З.Ахметова, М.Қалдыбаев т.б. ғалым-жазушылар қалам тербеп, батыр бейнесін сомдауда үлкен еңбек сіңірді. Біздің зерттеу

нысанамыз болып отырған Бауыржан Момышұлы шығармашылығы ұлттық рухтың жоғары болуына айрықша назар аударды. Осыған орай, бірнеше еңбектерін жарыққа шығарды. Мәселен, «Қанмен жазылған кітап, «Ұшқан ұя», «Жонарқа», «Төлеген Тоқтаров», «Бір түннің оқиғасы», «Генерал Панфилов», «Москва үшін шайқас», «Олар менің есімде», «Ел басына күн туса», «Көз алдымда бәріңсің» атты туындылары дүниеге келді. Бауыржан Момышұлының шығармашылығындағы бір ерекшелік – оның әр кез жастарға арналып отыратындығында. Жастар – біз бастаған істің жалғасы, еліміздің ертеңі. Сондықтан олардың өміріне немқұрайды қарай алмаймын дейді жауынгер жазушы. Бұған дәлел ретінде жазушының «Төлеген батыр» атты шығармасын алуға болады: «...Барлық жер тегіс бола бермейді. Соғыс майданында да көпірте сөйлеу, бояп, борандата мақтау, «Жоғалған пышақты алтын сапты» ете салу сияқты өтіріктер атам заманна бергі келе жатқан емі жоқ аурудың бірі. Мен солардан сау болғым келеді. Өтірік айту – қиянат. Қиянатпен елді алдап, қылмысты болғым келмейді. Елге ер туралы шын айтсам, шынды сыр етіп шынықтыра айтсам деген ниет ойымда. Шыныммен сырым Төлегендей таза, ақ пейіл, ақ ниет болса, ақ қағазға түсіріп, елге сөз жеткізсем мен Төлегеннің қарызынан құтылған болар едім» [2, 22].

Міне, осындай адал ниеттілікпен қаламгер қазақ халқының Төлегендей батыр ұлының асыл бейнесін ел жадында қалдыруға өз қолтаңбасын қалдырды. Сонымен, туындыгердің жоғарыда талдаған шығармалары халықтық педагогиканың сапалық тұрғыдан баюына аз үлесін қосқан жоқ. Патриоттық, отансүйгіштік сезімдер бұл шығармалардың негізгі желісіне айналған. Бауыржан Момышұлы шығармаларында жауынгер мен командирдің қарым- қатынасын терең талдай отырып, командирге қойылатын талаптарды былай деп тұжырымдайды: 1. Командир – әскердің миы, ұрысты ұйымдастырушы, жеңіске жеткізуші тұлға. 2. Командир солдаттарымен өзара тығыз қарым-қатынаста болуы керек; оларға ең алдымен өзінің жауынгер жолдастарына қарағандай қарауы керек, олардың басшысы, жаны жайсаң, ерік-жігері мықты, жүрегі таза жауынгер серігі болғаны абзал. 3. Командирдің атқаратын міндеттері қыруар. Олардың ішіндегі ең маңыздысы-жауынгерлерді достыққа тәрбиелеу мен достық қарым-қатынасты орнықтыру және жолдастық байланыстарды, бөлімшелердің бірлігін нығайту. Әскери бөлімнің күші - жауынгерлік достық пен жолдастық бірлікте, ынтымақта. 4. Командирдің ұрысқа дейінгі негізгі міндеті - өзінің қарамағындағы жауынгерлерді ерлікке тәрбиелеу. 5. Командирдің ұрыс кезіндегі міндеті - өлу емес, қол астындағылардың бәрінжағдайға қарай үнемдеп жұмсап, нақты күш пен мүмкіндіктерді, алға қойылған жауынгерлік тапсырманы орындап шығу. 6. Командирдің іс-әрекеті барлық уақытта: қызмет жағдайына байланысты қажеттілікті, жалпы мақсатқа лайықтылықты (өз бөлімінің немесе бөлімшелерінің пайдасы тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар басқа да бөлімдерге де пайдалы тұрғыдан), жеке мүдделікті (мен қызметке байланысты мүдделікті айтып отырмын), ұштастыра отырып, белгілі бір тәртіпке бағынуға тиіс. 7. Командир бір жақты, берекесіз, ұстамды адам болмауға тиіс, ол қызметтік намысқорлық пен менмендіктің не екенін терең түсіне білуі керек, ол қызметтік өзіншілдікті жеке бастың тоғышарлығынан ажырата білуі қажет. Оның жарағында қару-жарақпен бірге өзінің шынайылығымен, шын көңілден шыққан қарапайымдылығымен солдаттың жан дүниесін баурайтын, оған әсер ететін қарапайым жауынгерлік сөз болуға тиіс. Қазақ халқының: «Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді» деген мақалын еске алыңыздаршы. 8. Командир жалпының мүддесінен тыс жеке мүддені қорғамай, өзіне жүктелген жауапкершілікті сезіне білгені жөн. Командир ессіз батыл да, парасатты батылсыз бол- мауға тиіс, бір жақтылық – офицердің міні, кемшілігі. Командир бұл қасиеттерді үйлестіре білгені жөн. 9. Командир жеке басының жақсы жақтарына сын көзімен қарауы керек. 10. Командир – бұл творчестволық еңбектің адамы. Командирдің ерлігі – оның парасаттылығына, сенімді, қайтпас ерік-жігеріне байланысты. 11. Командир жауынгерге, оның адамгершілігін кемсітпей, аласартпай, қайта сезіміне, ар-ожданына, психикасына әсер ете отырып, барлық ықпал ететін шараларды шебер қолдана білгені жөн, ал мұның өзі тұтас бір өнер болып табылады. 12. Солдат командирдің басты назарында тұруға тиіс, жауынгердің үнемі мұқтажын, солдаттың жан сырын білгені жөн. 13. Соғыс командирден кез-келген бағынбаушылық пен тәртіпсіздікке, жөнсіздікке қатал да аяусыз болуды талап етеді. Қаталдық кінәлі адамды, егер ол жазаланатындай қылмыс жасаған болса, жалтақтамай өлім жазасына дейін жеткізуге тиіс. 14. Командир солдаттарды тәрбиелеуші болып табылады екен, ол ашумен емес, ақылмен оқыт деген қағиданы берік ұстануға тиіс. 15. Командир солдатқа өнегелілігімен ықпал жасай білгені жөн, ал жауынгердің көңілін тауып, қарапайым да ұғынықты тілмен сөйлесе, оның жүрегіне жол таба білгені жақсы. Ал солдаттың жүрегіне жол табу оңай емес. Командирді қарамағындағы жауынгерлер барлық уақытта, барлық кезде және барлық жағынан да үлгі-өнеге тұтатын болсын; сонда ғана ол әділ түрде өзінің әскери мундиріне, шен-шекпеніне мақтана алмақ. Сонда ғана командирдің иығындағы поғоны мен омырауына тағылған жарқыраған ордендері солдаттардың көзіне жағымсыз көрінбей, қайта күн

сәулесіндей жарқ-жүрк етіп ерекше әсер етпек. Солдат мұндай командирді құрметтеп, мақтан етеді. 16. Командир байқағыш, көргенін қалт жібермейтін қырағы, психолог, жауынгердің жан жүйесіне үңіле алатын қабілетті басшы болуға тиіс, солдаттармен жақсы қарым-қатынаста болуға, олардың ішкі жан дүниесін түсінуге ақыл-оймен ғана қол жеткізбей, таза ақ жарқын көңілмен және солдаттардың иығына түскен ауыр жүкті бөлісе білуімен де қол жеткізіледі. Қарым-қатынаста өзін тым жоғары ұстаушылық солдаттардың намысына тиеді. 17. Субординация, яғни кіші қызметкерлердің өзінен жоғары қызметкерлерге бағынуы деген ұғым бар. Бұл ұғым екі түрлі мағынаны білдіреді: шен-шекпені, әскери атағы жоғары адам өзінен атақ дәрежесі, шен-шекпені төмен адамға кекірейіп, менсінбей қарамай, өзінің қанды көйлек қарулас жолдасы, отандасы, ер азамат, адам ретінде қарап оның барлық жақсы қасиеттерін сыйлауға тиіс, әскери тәрбиелік пен офицердің өзін-өзі ұстау мәдениетінің мәні де осында. 18. Командир солдаттың ар-ожданына ықпал ете, оны игілікті істерге құлшындыра алуға, жауынгерлерге үйретіп және қарамағындағылардан үйрене де білуге тиіс. 19. Командир солдаттың бойында ортақ мақсатқа жұмылдыратын, бірлікке шақыратын коллектившілдік сезімін тәрбиелеуге, дарытуға және бекітуге ерекше көңіл бөлгені жөн. Бұл сезімді халықтың дәстүр-салты, жауынгерлік дәстүр, сондай-ақ бірыңғай әскери киім үлгісі, ұрыс жүргізу тәсілдеріне бірыңғай түрде үйрету, мақсаттың бірлігіне сендіру бекітіп, дамыта түседі. 20. Командир солдаттың сана-сезіміне: бөлімшенің әлсіздігі - оның әлсіздігі, бөлімшенің масқара болуы - оның масқара болуы, бөлімшенің даңқы - оның даңқы, бөлімшенің намысы - оның намысы, бөлімшенің сәтсіздігі - оның сәтсіздігі, табысы - оның табысы екендігін жеткізу қажет. Ол өзі қызмет етіп жүрген жауынгер коллектив – оның жауынгерлік семьясы болып табылады, бұл семьяның тағдыры оның жеке басының тағдырымен ажырағысыз байланыста екенін ұғындыру [3, 22-55]. Қандай халық болса да оның ұлттық бейнесі, өзіндік әуесі, жекелік қасиеті, ұлттық болмысы арқылы болашақ ұрпағының төл келбетін қалыптастырады. Сондықтан сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып, өмір сынынан екшеленіп өткен, бүгінгі өмірге жеткен салт, дәстүрлерге халықтық қасиет, ұлттық намыс жөніндегі мәселелерді кеңінен қамтитын патриоттық тәрбиенің қырларын жетілдірудің маңызы зор болып отыр. Ойымызды түйіндесек, Бауыржан Момышұлының шығармаларының құндылығы бүгінгі таңда баға жетпес мұра болып табылады. Себебі, жастарды, жаңа ұрпақты сергек және өз ісіне сенетін, кедергілерден қорықпайтын, оның қандайын болса да, жеңе білетін күрескерлік рухта тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Информбюро // Правда. -1943 –3 б. - ақпан - б.
2. Момышұлы Б. Төлеген Тоқтаров. – Алматы: Мектеп, 1958.
3. Момышұлы Б. Генерал Панфилов. – Алматы: Мектеп, 1967.

Аннотация. Статя посвящена изучению творческого наследия Бауыржана Момышулы. В работе говорится о высокой значимости произведений Б. Момышулы в процессе патриотического воспитания современного поколения.

Annotation. The article is devoted to the researching of Bauyrzhan Momyshuly's creative literary heritage. The article tells about a great significance of B.Momyshuly's works in the process of patriotic upbringing of young generation.

УДК 514.23:17

ӘЛЕМДІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ 12 ЖЫЛДЫҚ ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

Г.З. Садибекова
№9 орта мектеп, Тараз қ.

Қоғамның дамып өркендеуіне байланысты қазіргі таңда білім саласында ең өзекті мәселенің бірі әлемдік білім кеңістігіне жол ашатын 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу болып отыр. Білім берудің бұл үлгісі әлемнің 80% астам елдерінде қолданылады. Бұл – соңғы жиырма-отыз жылда ғылым мен техниканың орасан жетістіктерге қол жеткізіп, жаңа технологиялардың қоғам өмірінің әртүрлі саласында кеңінен енгізілуіне байланысты туындаған жағдай. Сондықтан жастарды жана кезеңнің талаптарына сай тәрбиелеу үшін оларға жаңа, мазмұны жоғары деңгейде білім беру қажет. Осындай өзекті мәселені шешу үшін дүниежүзілік қауымдастық 12 жылдық білім беру жүйесіне

көшуде. Ендеше ҚР да, әлемдік тұтастықтың бірі ретінде, бұл мәселеден шет қала алмайды. Керісінше, біз Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігіне үйлестіруге мейлінше ұмтылудамыз. Еуропа Кеңесінің Декларациясына (1992) сай дүниежүзінде 136 мемлекетте 12 - жылдық білім беру жүргізілуде, оның ішінде АҚШ, Жапония, Германия, Франция, Финляндия. ТМД елдерінен Украина, Өзбекстан, Балтық мемлекеттері көшті.

12 жылдық білім беру мазмұнының негізгі мақсаты дамып келе жатқан қоғамда өмір сүруге икемді, қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. 12 жылдық білім беру ерекшелігі: білім беру парадигмасының өзгеруі, яғни білім, білік, дағдыға негізделген білім беру мазмұнынан -құзыреттілікке негізделген білім беру мазмұнына ауысу. Сонымен қатар, оқушылардың денсаулығын сақтау проблемасы, оқушы тұлғасын әлеуметтендіру, білім сапасын арттыру, отандық құжаттарды шетел мемлекеттерінің талаптарына сәйкестендіру сияқты мәселелерді шешу. 12 жылдық мектепте оқытуды ұйымдастыру жалпы дидактикалық ұстанымдармен бірге шешуші мәні бар мынадай принциптерге ие: жеке тұлғаның жас және психофизиологиялық даму ерекшелігінің ескерілуі; күтілген нәтижеге жетуге бағдарлығы; ашықтығы; интерактивтігі.

12 жылдық жалпы орта білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі төмендегі ұстанымдар негізінде ұйымдастырылады:

- жеке тұлғаның жас кезеңдерінің ескерілуі;
- күтілетін нәтижелердің жетістіктеріне бағыттылығы;
- оқытудың сабақтастығы;
- әрбір оқыту сатысының даралығы;

Жалпы 12 жылдық орта білімге көшу барысында мына мәселелерге аса көңіл аударылып отыр:

1. Білім беруге арналған оқулықтар мен оқу құралдарының оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкестігі.

2. Мұғалімдердің білім беру барысында қолданатын әдіс-тәсілдерінің оқушылармен жұмыстың тиімділігін арттыруға мүмкіндік туғызу жағдайы.

3. Бірінші сынып оқушыларына білім берудің ойын әрекетіне негізделіп, біртіндеп оқу әрекетіне көшу талабының орындалуы, алты жасар баланың ерекшеліктерін ескеру мүмкіндігі.

4. Оқушының ойы мен тілін дамытудың, олардың еркін сөйлеуін, пікір сайысына қатысу деңгейін байқау.

5. Берілетін білімнің өмірмен, ұлттық салт-дәстүрлермен, жергілікті өлкетану материалдарымен байланысын қамтамасыз ету мүмкіндігі.

6. Білім беру барысында мұғалімнің бақылау, тәжірибе әдістерін ұтымды жерінде қолдана білу шеберлігі.

7. Сабақ мерзімінің 30-35 минуттан аспауы.

8. Мұғалімнің оқу-әдістемелік кешендерді пайдалану және оған талдау жасау шеберлігі.

9. Мектеп басшылары мен қоғамдық ұйымдар тарапынан эксперименттік сыныптар мұғалімдеріне көмек беру деңгейі.

Білім беру жүйесіндегі өзгерістерге негізделген әлемдік дамудың негізгі үрдістері: қоғам дамуының қарқындылығы; постиндустриалдық, ақпараттық қоғамға көшу; мәдениаралық өзара қатынас ауқымының кеңеюі; халықаралық ынтымақтастық нәтижесінде шешілуі мүмкін ғаламдық проблемалардың туындауы; қоғамның демократиялануы; экономиканың қарқынды дамуы, бәсекелестіктің өсуі; адам капиталы мәнінің артуы. Осыған сәйкес дамыған елдердің білім беру жүйесінде білім беру философиясы мен әдіснамасының жаңаруы, білім беру мазмұнын құру әдістерінің өзгеруі, білім беру жүйесінде жетілдірілген үлгілердің жасалуы, білім беруді басқарудың тиімді тәсілдері ұсынылып отыр. Сонымен қатар 12 жылдық білім беруге көшу төмендегі мәселелерге ерекше көңіл бөледі: жаңа білім технологияларының енгізілуі; оқытудың дәстүрлі өнімсіз стилін ығыстырып, оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін дамытушы, сындарлы білім беру моделіне көшуі; терең және белсенді кәсіби бағдар берудің ерте жастан басталуы; оқушы жастарға азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік, көпмәдениеттілік, денсаулық сақтау және экологиялық тәрбие беру рөлінің күшейтілуі; өмірлік бағдар ретінде адам бойындағы құндылықтарға қажет жағдайда түзету және жаңадан жасау; білім мекемелерінің оқушыны әлеуметтендірудегі рөлінің артуы.

Демек, 12 жылдық білім берудің мақсаты қоғамның мүддесіне өзін өзі белсенді етуге дайын, жаңа өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Сонымен жалпы орта білімнің құрылымы балалардың психологиялық – физиологиялық тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес болуы қажет. ТМД және шетел ғалымдарының

пікірінше де (физиологтар, психологтар, педагогтар) 12 жылдық білім берудің құрылымы оқыту және жасерекшелігінің дамуына сәйкестігін ескеру қажет деп қолдап отыр. Жалпы алғанда, дүниежүзі елдерінде орта мектеп 3 сатыдан тұрады: бастауыш оқу 3-6 жылдық, негізгі орта мектеп 3-6 жыл және жоғарғы орта мектеп 2-4 жыл.

Білім беру жүйесіндегі 12 жылдық мектепке ауысу бірқатар мәселелердің шешілуін талап етеді:

1. Бұл өзгерістің экономикалық негізделуі;
2. Бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етілуі (мемлекеттік стандарт, жаңа кітаптар);
3. Жаңа жүйеге лайық мұғалімдер даярлау, мұғалімдерді қайта даярлау;
4. Жалпы және орта білім беру мектебінде нормативті-құқықтық базаның жетілуі;
5. Санитарлық-гигиеналық норма және негізгі ережелеріне өзгерістер енгізу;
6. Мектепке дейінгі бастауыш, орта жалпы және жоғары бейіндік білім беруде сабақтастықтың болуы;
7. Білім саласын елдің тарихи дәстүріне, мәдениетіне бейімдеу.

Әлем елдері тәжірибесінде әр мемлекеттің өзіне тән орта білім беру жүйесі, мектеп үлгісі және орта мектептерде қалыптасқан өзіндік ішкі құрылымы бар. Дүниежүзінің дамыған елдерінде АҚШ-та, Англияда, Швейцарияда, Канада мен Германияда жалпы білім беру ұзақтығы 12 не 13 жыл, Голландияда 14 жыл, ал Кореяда, Жапонияда, Швецияда, Францияда, Италияда – 12 жыл. Тек экономикасы жаңа дамып келе жатқан елдерде ғана орта мектеп 10-11 жылдық. Мәселен, АҚШ XX ғасырдың 90-жылдарынан білім жүйелеріне жаңа бағыт беруге бет бұрды. XX ғасырдың 60 жылдарында прагматикалық көзқарасқа негізделген білім үлгісі енгізілген болатын. Нәтижесінде «америкалық прагматикалық педагогика «экземплярлық», «кафетериялық» деп аталып кеткен білім жүйелері орнығып, білімнің іргелілігін төмендетіп, орта мектеп оқушыларының білімінің таяз, үстірт болып қалыптасуына әкеліп соқты. 1983 жылы АҚШ Үкіметінің «Ұлтымыз қатерлі жағдайда, білім реформасы қажет» атты баяндамасы жарияланып, білім саласын қайта қарауға орасан зор қаржы бөлінді. АҚШ-та мектепке дейінгі, мектепалды балаларды дайындауға көп назар аударылады. Жалпы орта білімнің құрылымы 6+3+3, оқу мерзімі 6 жастан 18 жас аралығында. Мемлекеттік оқу орындарында тегін, жеке мектептерде ақылы болып келеді. АҚШ-та орта мектеп 2 буыннан тұрады: кіші және жоғары мектеп. Кіші орта мектеп 7-9 сыныптарда жалпыға бірдей бағдарлама, қалған сабақтары таңдау бойынша (элективті) жоғары орта мектеп 10–12 сыныптарда міндетті түрде 5 оқу пәндері және практикалық, академиялық бағыттағы профильдік пәндер берілген. Оқушылар 9-сыныптан бастап міндетті 5 пәнге қоса келешектегі мамандығына жақын бейінді пәндерді таңдап оқиды. Сыныпты жақсы бағалармен бітіргендері грантка ие болады. Мектептегі сабақ 9 айға созылып, қалған үш ай демалыс болып табылады. Күнтізбелік жоспар жазу міндетті болып табылады. Журнал айына 1 рет тексерілуге беріледі. Мектептегі оқушының білімін бағалаудағы басты әдіс – тест. Қазіргі таңда көбіне тесттердің дұрыс жауаптары көрсетілмейтін әдісті көп қолданады.

Германия XX ғасырда білім беруге ерекше көңіл бөлген мемлекеттердің бірі болды. 80 жылдары бұл ел жеке оқу орындарынан бас тартып, ақысыз оқу орындарын көбейткен. Жалпы орта білім алу 12 жылдық мектепке негізделген, барша оқушыға алғашқы 4 жылдық оқу міндетті, өйткені одан әрі балалар өз қалаулары және қабілеттеріне қарай оқуларын кәсіптік мектептерде жалғастыра алады. Герман Федеративтік мемлекетінің заңының 6-бабына сәйкес барлық мектептік білім беруді мемлекет қадағалайды. Мемлекеттегі міндетті тегін білім алу 9 жылдық оқыту болып табылады. Білім алу 3 баспалдақты құрылымды болып табылады: негізгі мектеп, нақты училище, гимназия. Оқу 6 жастан жалпыға бірдей мектепте (1-4 сыныптар) басталады, содан кейін басқа көрсетілген типтегі мектептерде жалғастырылады. Негізгі мектептің (5-10 сыныптарда) 50%-ға жуығын жасөспірім оқушылар құрайды, олар әрі қарай өз білімдерін толық емес жалпы білімді меңгергеннен кейін, кәсіби білім алуға жолдама алады. Ал нақты училищеде (5–10 немесе 7–10 сыныптар) кәсіби-практикалық бағыттағы жалпы толық емес білім беріледі, онда физика, химия, биология, шет тілдер мен басқа да академиялық пәндер оқытылады. Нақты училищені бітірген оқушы орта және содан кейін арнайы жоғары кәсіби-техникалық оқу орындарына түсе алады. Гимназия (5–13 немесе 7–13 сыныптар) толық орта білімді береді және университеттік үлгідегі ЖОО түсу құқына ие болады. Гимназиядағы міндетті пәндер: неміс тілі мен әдебиеті, тарих, география, математика, биология, дене тәрбиесі, музыка, дінтану болып табылады. Гимназияның бейіндік білім беруіне байланысты әр түрлі нұсқада оқу бағдарламалары жасалған. Германиядағы мектептерде бейіндік оқыту барысында пәндер блоктарға сәйкес біріктіріледі, мысалы: «тіл-әдебиет-өнер», «әлеуметтік білімдер», «әлеуметтік-экономикалық» және т.б. Неміс тілді оқушылардың жоғары сыныпта оқудағы мүмкіншілігі зор, олар міндетті пәндерден басқа да пәндерді қосымша оқи алады, соның негізінде олардың жеке-дара ерекшеліктері жақсы дамиды. Бейіндік бағыттағы пәндерден басқа тілдік, әдеби-көркем, қоғамдық-

ғылыми, математикалық немесе жаратылыстану-ғылыми пәндерін меңгере алады. Негізгі мектепті аяқтау 4 пән бойынша емтихан тапсыру арқылы аяқталады. 12 және 13 жылдық мектепті сәтті аяқтаған оқушылар үшінші деңгейді аяқтағандары туралы аттестатқа ие болады. Бұл аттестат кезкелген бейінді оқуға жолдама болып табылады. ЖОО-ға түсуде оқушының аттестаты, яғни орташа ұпайы негізгі рөл атқарады. Сонымен Германияда он, он бір, он екі жылдық мектептер арасында жүйеліліктің сақталғаны көрінеді.

Францияда ХХ ғасырдың ортасында білімді қаржыландыру 14 есеге өсіп, ақысыз оқу мен ақылы оқудың ара қатынасы 80 бен 20 пайыз болған. Бұл мемлекет мектепке дейінгі балалар тәрбиесімен айналысатын ең алдыңғы қатарлы мемлекет болып табылады. Онда «Аналық мектебі» және «Бүлдіршіндер сыныбы» балабақшалары бар. Францияда 12 жылдық білім беру жүйесі бекітілген. Онда орта білім беру 10 жылдық (6-16 жасқа дейін) мектеп ақысыз, ал 12 жылдық мектеп міндетті емес. Францияда 5 жылдық элементар мектепті бітірген балалар оқуын жалпы білім бертін 4-5 жылдық колледждерде жалғастырады. Толық емес орта мектеп біртекті жалпыға міндетті колледж –бастауыш сынып негізінде құралған. Бітірушінің кәсіби мамандығына сәйкес (бакалавр) дипломды иемденуде олар бірнеше секцияға ие болады. Бастауыш және орта мектеп деңгейінде оқушылардың білім, іскерлік, дағдысын бағалауда арнайы екі шкаланы қолданады. Мектепті тәмамдағаннан кейін оқушылардың барлығы бакалавр курсына сәйкес емтихан тапсырады.

Англия және ағылшын тілді елдерде грамматикалық, техникалық, кешенді 4 түрлі мектеп түрі қызмет етеді. Англияда орта білімді бітіріп, 16 жастан кейін балалар мектептің берген сертификатымен жұмысқа орналасуларына болады. Шетел мектептерінде жоғары мектепке оқушылар оқу үлгіріміне қарай және мектеп берген мінездеме негізінде арнайы мемлекеттік комиссияның шешімімен қабылданады. Оқушылардың үлгірім деңгейлеріне қарай оқуларын әрі қарай жалғастыруға болатын мемлекеттер қатарына Германия, Франция, Жапония сияқты елдер жатады.

Әлемдік тәжірибе мемлекеттердің экономикалық дағдарыстан шығуымен бірге білім саласын қаржыландыру қатар жүргенін көрсетеді. Мәселен, 1955 пен 1985 жылдар аралығында Жапонияда білімді қаржыландыру 20 есе артқан. Бұл елде мектептің жоғары сатысы (10-12 сыныптар) 5 түрлі техникалық, сауда, ауыл шаруашылық, флоттық, қосымша мектептер болып құрылған. Жапонияда балабақшалар білім берудің маңызды бөлімі емес. Балалар балабақшаға ата-аналарының қалауымен 4 жаста да баруы мүмкін. Жапон елінде 9 жылдық білім беру ақысыз, білім беру құрылымы 6+3+3 (6 жылдық бастауыш мектеп - чугакко, 3 жылдық кіші орта мектеп – чугако, 3 – жылдық жоғары орта мектеп – като-гакко). Бастауыш сыныптарда негізгі сабақтар жапон тілі, арифметика, қалған сабақтар – жаратылыстану, қоғамтану, музыка, этика, дене тәрбиесі, өнер, қолөнер өтіледі. Кіші орта мектепке – емтихансыз, жоғары орта мектепке емтихан тапсырып түсе алады. Білімді тексеру тәсілі – жазбаша тест. Бастауыш және орта мектепте 5 дәрежелі шкала бағасы қолданылады: S (өте жақсы), A (жақсы), B (қанағаттанарлық), C (нашар), D (өте нашар).

Моңғол елінде 12 жылдық білім беру жүйесіне 2006 жылы көшірілу басталып, кейбір аймақтар мен аудандарда эксперимент жүргізілген. 12 жылдықтың алғашқы түлектері 2014-2015 аралығында бітіреді. Балаларды мектепке 6 жастан бастап қабылдайды. Монғолияда 12 жылдық білім беру жүйесі 6+3+3 сатыларынан тұрады.

Қытайда 1990 жылдардың аяғында жаппай білім беруге байланысты 9 жылдық білім беру енгізілді. Ал жалпы орта білім беру 12 жылдықты құрайды, бірақ бұл барлығына міндетті емес. Қытайда мектепке дейінгі білім беру 3-6 жас аралығын қамтиды. Бұл елдің базалық білім беру жүйесіне мектепалды, бастауыш, орта толық емес, толық орта білім беру жатады. Қытай білім беру конституциясында жалпы білім беру ұзақтығы 9 жылдық мерзім бекітілген. Оқу бағдарламасында бастапқы 1-2 сынып, негізгі бастауыш 4 жыл (3-сыныптар), бастауыш орта 3 жыл (7-9 сыныптар). Бастауыш сыныпта енгізілген жаңа пән «Адамгершілік және өмір». Бұл пән орта бастауыш сыныпта (3-6 сыныпта) «Адамгершілік және қоғам» болып күрделенеді де «Ғылым пәні» деп оқытыла бастайды. Бұл пән балаларды ғылыми жұмыстың негізгі әдістерімен таныстыра отырып, олар жасерекшелігіне қарай ғылыми жобалар даярлайды. ҚХР мектептерінде тест арқылы педагогикалық бақылау жасалынады.

Ұлыбритания білім беру жүйесі мектепке дейінгі білім беру және тәрбиеден басталады. Орта білім беру 2 бөлімнен: кіші орта мектеп және жоғары мектеп, кіші орта мектепті бітіріп 2 жылдық колледжге түсе алады. Одан «А» дәрежесіндегі сертификат алып, әрі қарай білімдерін жалғастыруға болады. 12-13 сыныпты бітірген 18 жастағы оқушылар ЖОО-на түсе алады.

Италияда 1999 жылы мектептік білім беруде жас мөлшерін 18 жас туралы №9 заңда енгізілген болатын. 2000 жылы ақпан айында бұл заңға мектептік білім беру жөнінде №30 заңда өзгертулер

енгізген. 2001-2002 оқу жылына сәйкес мектептік білім берудің екі дәрежесі енгізілген: базалық мектеп (1-7 сыныптар) және толық орта мектеп (8-12 сыныптар). Базалық мектепке 6 жастағы балаларды бастауыш мектепке қабылдайды. Канадада 12 жылдық білім беру әр аймақта өзіндік ерекшелігімен сипатталады. Балалар мектепке 6 жастан барады. Басқа елдердегідей Канадада білім беру бастауыш, орта және жоғарғы сыныптардан тұрады. Оқу жылы қыркүйекте басталып, келер жылдың маусым айында аяқталады. Оқу мерзімі әр түрлі көп аймақтарда (Квебек провинциясында ғана оқу 11 жылдық) 12 жылдық білім беру орын алған, тек Онтарио провинциясында 13 жылдық білім алу бекітілген әрі арнайы емтихан тапсырумен аяқталады. Канададағы мектептегі білім берудің құрылымы мынадай: бастауыш 1-6 сыныптар, жалпы орта білім 7-9 сыныптар, толық орта білім 10-12 сыныптар. Міндетті білім беру 16 жасқа дейін деп бекітілген. Толық орта білімді жас ерекшеліктеріне сәйкес оқушылардың 90% бітіреді. Бастапқы кәсіби білім беру орта мектептің жоғары сатысындағы 11-12 сыныптарында жүзеге асырылады. Мектептегі білім беру ағылшын және француз тілдерінде жүргізіледі. Мектептегі білім алу ақысыз және он жылдық оқу міндетті, кейін оқушылар өз білімдерін 11-12 (13) сыныптарда жалғастыруы мүмкін, болмаса колледжге барып оқуға құқығы бар.

Финляндиядағы білім жүйесі сәтті және дер кезінде реформалау нәтижесінде талай жетістіктерге жетті: экономиканың өсуіне, елдің әлеуметтік дамуына, технология мен ғылыми зерттеулерде инновациялық пәрменді саясатты жүзеге асыруға, сөйтіп бүгінгі таңда әлемнің ең озық өркениетті елдері қатарынан көрінуде. Бұл ел білім саласын дамытуға бүкіл қоғамды жұмылдырды, мемлекеттік қаржыландыруға ерекше көңіл бөлінді, мұғалімдердің айлық жалақысы 2-3 мың евроға өсті, оқушылар мен студенттерге стипендия тағайындалды, оларға тұрғын үй үшін айына 500 евро бөлінеді. Оқушылардың денешынықтыруы, денсаулығына қамқорлық жасау, үй тапсырмасын азайту, салауатты өмір салтын қолдау, білім берудің ең соңғы ғылым мен технология жетістіктерімен кіріктіру, оқу үдерісін ірі технополистер аясында өткізу арқылы қол жеткізуде.

Норвегияда 1994 мен 1998 жылдар аралығында орта білім беру реформасы жүргізілді. Орта білім жүйесі 13 жылға дейін бекітілді. Он жылдыққа бастауыш және орта сыныптар кіреді, қалған үш жыл жоғары сыныптар болып саналады. Бастауыш мектепте сурет, музыка, математика және физика, ағылшын тілі мен ана тілінен басқа христиандық дінтану, үй экономикасы және таңдау пәндері міндетті түрде оқытылады. Норвегиялық мектептерде оқушыға баға қою тек 8 сыныпта ғана басталады 12-13 жаста. 8-сыныпта баға қоюмен қатар жаңа пәндер енгізіледі: бухгалтерлік есеп, экономика, әрі алғашқы кәсіби бағдар беретін пәндер. Мұғалім оқушының жетістіктерін арнайы дәптерлерде жинақтайды, егер қажет болса оқушыда оқу-тәрбие үдерісі барысында кездейсоқ жағдайлар, көкейкесті мәселелер туындаса мұғалім ата-анамен жазбаша түрде байланыс жасай алады. Мектептерде 16 мен 19 жас аралығындағы оқушылардың толық орта білімді тәмамдап шығуы заңды түрде бекітілген, ол 3 жылдық білім берумен шектеледі. Жоғары сыныптарда кәсіби бағдар беру тереңнен қарастырылады. Әрбір мектепте екі негізгі міндетті бөлімдер бар: академиялық және кәсіби шеберлік. Кейбір жағдайларда мектептегі оқу бағыты үшке бөлінеді: академиялық, дәстүрлі, кәсіби шеберлік пәндер (құрылыс ісі, жөндеуші) болып табылады. Бір жыл ішінде 36 оқу аптасы жоспарланған. Бастауыш мектепте 20 оқу сағаты бекітілген, ол: математика - 4, норвеж тілі - 6, табиғаттану - 1, ағылшын тілі - 1, сурет өнер, еңбек, дене тәрбиесі, музыка 1-2 сағаттан және дінтану 2 сағат болып жоспарланған. Әрбір сыныпта 10 оқушы оқиды, кейбір жағдайда 1-2-ші сыныптар мен 3-4 сыныптар біріктіріледі. Оқу жоспарын мұғалімдер мемлекеттік бағдарламаға сүйене отырып жарты жылға жоспарлайды, ал әр аптаның жұмасында әр пәнге сәйкес тақырыптар таңдалады. Журналдар жоқ, мұғалімдер тақырыптық және күнтізбелік жоспарлар жазбайды. Жоғары сыныптарда оқушылардың мектепті бітіріп ЖОО-ға түсуіне көп көңіл бөлінген. Жоғары сыныптарда оқушылардың өздері таңдаған пәндері сабақ кестесіне қойылып жүргізіледі. Егер бірінші оқу жылында апталық оқу жүктемесі 30 сағатқа тең келсе, келесі жылы бұл сағат өзгертіледі. Екінші жылы 18 сағат міндетті пәндер қойылса, қалған 12 сағат оқушының таңдаған пәні оқу жүктемесіне енгізіледі. Ал, үшінші жылы аталмыш оқушылар міндетті пәнге аптасына тек 14 сағат бөліп, қалған 16 сағатты өздерінің таңдаған пәндерін меңгеруіне рұқсат етіледі. Оқушылардың пәнді қаншалықты меңгергенін анықтау үшін Норвегияның емтихандық секретариаты таңдау емтихан-сынағын жүргізеді. Аталмыш уақытқа екі күн қалғанда мектепке арнайы оқушылардың тізімі бар конверт жіберіледі, аталмыш тізімдегі оқушылар ғана емтихан тапсырады. Ережеге сәйкес бірінші жылғы оқуда оқушылардың тек 10%-ы, екінші жылдан кейін 25%-ы, мектепті бітіргенде 50%-ы емтихан тапсырады. Емтиханның негізгі мақсаты ұлттық білім деңгейін анықтау. Негізгі мектепті бітіргенде оған тағы міндетті екі емтихан қосылады, ол - норвеж тілі мен таңдау бойынша бір пән тапсырылады. Негізгі мектепті бітіргенде 80% оқушылар ЖОО түседі, ал 20% колледждердің студенттері қатарына қосылады. Норвегияда университеттер мен колледждерге түсуге емтихан

тапсырылмайды. ЖОО түсуге оқушының мектепті бітіруі туралы алған аттестаты негізгі рөл атқарады.

Дүние жүзінде орта, жалпы білім беру келесідей бағыттарда жүзеге асырылатындығы анықталды, олар:

1. Барлық балаларға, жастарға бірдей білім беру, білімнің ашықтығы, біліммен ақпарат алудың барлық азаматтарға мүмкін болуы.

2. Оқу бағдарламаларының оқушының жеке басының қызығушылығы мен талғамдарын ескеруге, дамытуға, олардың бойында жалпы оқу іскерліктерін қалыптастыруға, сондай-ақ әр оқушының және қоғамның мүддесі мен қажеттіліктерін ескеруге, жеке тұлғаны жоғары сапамен оқытуға, тәрбиелеуге, дамытуға және жеке тұлғалық оқу үдерісін ұйымдастыруға бағдарлануы.

3. Оқушының отбасылық экономикалық-әлеуметтік жағдайына, жынысына, қоғамдық мәртебесіне, ұлтына, дініне қарамастан оның қабілетін барынша дамыту көзделген.

4. Жастардың күнделікті қоғам өмірінде болып отыратын өзгерістерге тез бейімделуіне жол сілтеу болып табылады.

5. Әрбір оқушыда сол социумға сәйкес тарихи қалыптасқан, ең тұрақты рухани, дүниетаным және мәдени құндылықтарының таратылуы және бекітілуі.

Жоғарыда аталған әлемдік әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы 12 жылдық білім беруге көшу Қазақстан мектептерін:

1. Әлемдік деңгейге көтерілуге жағдай жасайды.
2. Оқу жүктемесінің бір жылға созылуы жеңіл болады.
3. Кәсіптік білім береді.
4. Жеке тұлғаны дамытуға ықпал етеді.

Қорыта келгенде, әр елдің білім беру және тәрбие саласында өзіндік ерекшелігі мен артықшылығы, тіпті кемшілігі де болады, осы себепті де біз Қазақстан республикасындағы оқушыға білім беру мен тәрбиені жан-жақты дамыту мақсатында шетелдік 12 жылдық білім берудің тек оң және тиімді жақтарын алуымыз қажет. Сонымен қатар, білім саласына өзгерістер енгізу үшін оны елдің тарихи дәстүріне, мақсатына, өндірісі мен мәдениет сұранысына бейімдеу керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2010ж. 7 желтоқсан
2. Назарабаев Н.Ә. «Қазақстан өздамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» Жолдау Астана 2006
3. Назарабаев Н.Ә. Қазақстан халқына «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Жолдау 2011 ж.
4. Назарабаев Н.Ә. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдау 2012ж. 28 қаңтар

Аннотация. Переход на 12 летнее обучение предполагает подготовку педагогических кадров, научно-методическую базу, и передовой опыт стран СНГ.

Annotation. Going on 12 years of schooling involves teacher training, scientific and methodological basis, and best practices in the CIS countries.

УДК 159.9
C21

ФЕНОМЕН ЛИЧНОСТНОГО ПОТЕНЦИАЛА В КОНТЕКСТЕ АКМЕОЛОГИИ

А.Ж. Саттыбаева

Таразский государственный педагогический институт, г. Тараз

Акмеология начала формироваться как самостоятельная научная дисциплина в 90-е годы XX столетия. Основными предпосылками послужили работы Н.А.Рыбникова и Б.Г.Ананьева, сущность которых заключалась в формировании комплексного подхода к изучению человека, а также тех этапов его жизненного пути, которые являлись максимально эффективными с точки зрения самореализации и результатов деятельности человека. Термин «АКМЕ» в переводе с древнегреческого буквально означает «вершина», «пик» в развитии чего-либо. Применительно к

изучению человека «акме» стало обозначать тот период жизни человека, когда он находится на вершине своего профессионального и личностного развития. А.А.Деркач, являющийся одним из основателей акмеологии как самостоятельной научной дисциплины, указывает, что основной задачей акмеологии является проследивание закономерностей развития взрослого человека в характеристиках индивида, личности и субъекта деятельности, и достижение им в этом развитии наиболее высокого или оптимального уровня [1].

По мнению А.А.Деркача, «сущность акмеологического подхода заключается в осуществлении комплексного исследования и восстановления целостности субъекта, проходящего ступень зрелости, когда его индивидуальные, личностные и субъектно-деятельностные характеристики изучаются в единстве, во всех взаимосвязях и опосредованиях, для того, чтобы содействовать его достижению высших уровней, на которые может подняться каждый». Говоря о задачах акмеологии как теоретико-практической области знания, необходимо указать, что акмеология, проследивая механизмы и результаты воздействий на человека (как внутриличностных, так и средовых), ставит и решает задачи разработки такой организации его жизни, реализация которой позволила бы ему оптимально во всех отношениях проявить себя на ступенях зрелости [3].

Е.В.Селезнева говорит о том, в настоящее время акмеология развивается как наука о ценности человека, о его совершенствовании и способности не только высокоэффективно выполнять свои профессиональные обязанности, но и жить полноценной жизнью.

В работах некоторых авторов предмет акмеологии расширяется от конкретного человека до различных социальных групп (управленческой команды, народа, этноса и т.д.), где также фиксируются этапы «акме» в их развитии (Е.А.Яблокова, А.П.Федоркина, Ю.В.Синягин, В.Н.Маркин). Кроме того, различные авторы (В.П.Бранский, С.Д.Пожарский) рассматривают с позиций акмеологии не только возрастной этап в развитии человека, но и достижение человеком вершин в отдельных видах деятельности (прежде всего, в профессиональной) или сферах жизни (общественной, семейной, духовной и др.). Таким образом, можно говорить о том, что человек накапливает потенциал в различных сферах своей жизни и, соответственно, имеет множество потенциальных возможностей собственного развития и совершенствования в различных направлениях. «Достигая «акме» в одной своей ипостаси, человек может достичь «акме» и в другой». При этом человек переходит в новое качество, его потенциалы и возможности меняются, однако сама способность достигать «акме» остается. Это утверждение подтверждает идею К.Маркса о том, что человек есть существо не завершённое и стремящееся к постоянному процессу дотраивания самого себя. В свою очередь, К.Д.Вентцель, говорит о том, что человек развивается благодаря природному стремлению к своей целостности, непротиворечивости, путем раскрытия генетически обусловленных сил.

Согласно системному подходу к акмеологии, человек рассматривается как онтологически неоднородная неравновесная открытая система, развивающаяся как единое целое и непрерывно стремящаяся к оптимальному уровню функционирования. Таким образом, целостность личности с позиций акмеологии обеспечивается согласованностью основных составляющих личностной структуры. Проблема достижения целостности личности является в настоящее время объектом исследования многих отечественных и зарубежных ученых. В частности, данная проблематика является актуальной для исследователей, занимающихся вопросами изучения психологии профессиональной деятельности субъекта.

Представляется важным обратить внимание на проблему соотношения творческих и акмеологических способностей личности. А.А.Деркач указывает на то, что развитие творческого потенциала во многом обусловлено развитием способности к рефлексии, как механизму переосмысления стереотипов сознания, поведения, общения и мышления [3]. Это положение подчеркивает важность формирования рефлексивной культуры, как механизма личностного и профессионального развития. Творческие способности являются источником для формирования акмеологических способностей, которые, в свою очередь, представляют собой новообразования более высокого уровня. Таким образом, творческий потенциал личности может трансформироваться в её акмеологический (лично-развивающий) потенциал. Для того, чтобы обеспечить эффективное развитие творческих способностей и создать предпосылки для формирования на их основе акмеологических способностей, необходимо сформировать в личности новообразование – её акмеологическую культуру. В широком понимании, культура представляет собой характеристику способа деятельности. Е.В.Селезнева в своей монографии определяет акмеологическую культуру как новообразование личности, обеспечивающее человеку ускорение качественного роста, закрепление новых достижений в этом росте и подготовку к новому росту. Акмеологическая культура предстает в

виде способности субъекта оптимально использовать имеющиеся у него ресурсы в процессе решения поставленных задач и собственного развития. В исследованиях А.А.Деркача акмеологическая культура рассматривается также как личностное новообразование человека, однако как новообразование она возникает лишь в том случае, если человек целенаправленно и осознанно развивает её в себе. Деркач также добавляет, что стимулирование развития акмеологических способностей личности возможно благодаря включению человека труда в акме-ориентированный процесс развития, что, очевидно, требует от него развития новых специфических качеств. Это высказывание имеет большое значение при дальнейшем рассмотрении нами феномена акмеологического потенциала и процесса становления и развития профессионального «Я».

По мнению многих исследователей, изучение потенциала человека важно для целостного понимания личности в ее поступательном развитии, характерного для акмеологии. По мнению А.А.Деркача, феномен потенциала в акмеологии, содержательно отражает сущность двух общих законов акмеологии: закон самовыражения личности в профессии; закон личностно-профессионального развития и умножения личностного потенциала.

Таким образом, можно говорить об интегральной взаимосвязи личностного потенциала с профессиональным потенциалом. Феномен личностно-профессионального потенциала содержательно полно раскрыт в докторской работе В.Н.Маркова. По мнению Маркова, понятие «потенциал» как психологический феномен, интегрально описывает феномены мотивов и способностей (Рис 1).




Рис. 1. Потенциал, как интегральное описание способностей и мотивов личности

Способности индивида отражают в этом случае уже реализованный потенциал, а мотивация личности определяет дальнейшие перспективы развития потенциала (нереализованная часть потенциала). В этой связи несомненный научный интерес представляет собой рассмотрение феномена потенциала через призму концепции Л.С.Выготского о зонах ближайшего и актуального развития. Зона актуального развития таким образом – это текущий уровень развития способностей и новообразований индивида, тогда как зона ближайшего развития выступает как потенциал развития, зона возможного роста. Особо стоит отметить тот факт, что, согласно концепции Л.С.Выготского, для того, чтобы индивид смог осуществить переход из зоны актуального развития в зону ближайшего развития, необходимо не только наличие у него мотивации к развитию, но и сформированность соответствующих внутренних функций и структур (физиологических, психологических, ценностно-смысловых и др.), которые являются важными предпосылками готовности совершить этот переход. Личностный потенциал рассматривается Марковым как «самоуправляемая система внутренних возобновляемых ресурсов личности, которые проявляются в ее деятельности, направленной на получение социально-значимых результатов». Личность зрелого человека включена также в сферу профессиональных отношений. Посредством профессиональной деятельности личность не только создает общественно-полезный продукт, но и, что не менее важно, самореализуется через профессиональную деятельность. Это означает, что личностный потенциал человека раскрывается в профессиональной деятельности через профессиональную самореализацию. В.Н.Марков предлагает рассматривать личностно-профессиональный потенциал как часть личностного. Личностно-профессиональный потенциал, обеспечивающий прогрессивное развитие личности в процессе профессиональной деятельности, рассматривается в качестве основы становления профессионализма личности, дополняя набор акмеологических инвариантов профессионализма. Личностно-профессиональный потенциал рассматривается как совокупность внутренних ресурсов человека, определяющих его профессиональные возможности. Основные направления реализации потенциала личности: внешнее, направленные на биосферу, социум, техносферу и инфосферу; внутреннее, связанное с направленностью личности и имеющее иерархическую структуру, которая объединяет различные уровни потенциала (биологический, психофизиологический и личностный) и опирается на переход от энергетической саморегуляции индивида к ценностно-смысловому самоуправлению личности. Таким образом, можно говорить о двухвекторной направленности реализации потенциала личности. Несомненный научный и практический интерес представляет собой попытка рассмотреть акмеологическое содержание личностного потенциала человека. Наличие

акмеологического компонента в структуре личностного потенциала указывает на возможность его реализации по акмеологической траектории, т.е. личностно-развивающей. Это означает, что человек использует свои внутренние ресурсы как возможности для развития. При этом, как уже было отмечено, развивающие действия могут иметь два вектора направленности: на самого себя и на внешний мир. С точки зрения акмеологии, такая двухвекторная модель акмеологической реализации личностного потенциала человека есть не что иное, как отражение двух сторон единого процесса – антропосоциогенеза. Становление и развитие человека протекает в тесной взаимосвязи с процессом становления и развития общества и эти два процесса оказывают друг на друга взаимное влияние. Таким образом, реализуя свой личностный потенциал по акмеологической траектории, человек оказывает развивающее воздействие как на самого себя, так и на социум, и эти два процесса взаимосвязаны и взаимно влияют друг на друга. Эту идею развивают исследователи В.В. Ильин и С.Д.Пожарский с точки зрения социальной синергетики. Они отмечают, что человек, в известном смысле – продукт своей собственной практической деятельности. Изменяя мир, человек изменяет и самого себя, как в материальном, так и в духовном отношении. Таким образом, акмеологический потенциал каждого индивида аккумулируется в акмеологическом потенциале социума и является предпосылкой развития социальной системы. В связи с этим, феномен акмеологического потенциала и предпосылок его формирования и раскрытия приобретают научную новизну, актуальность и практический интерес.

Проанализировав вышеобозначенные подходы, мы можем сделать вывод о том, что категория потенциала представлена в системе личности, а также в характеристиках, образующих структуру человека как индивида и субъекта деятельности. В структуре личности потенциал предстает как индивидуальная система особым образом организованных внутренних и внешних ресурсов человека, обеспечивающих многообразие возможных векторов развития и трансформации личности в процессе её жизненного пути. Под ресурсами мы понимаем набор средств, которые могут быть задействованы человеком для достижения определенной цели или получения определенных результатов. Таким образом, к категории внешних ресурсов нами могут быть отнесены различные объекты, субъекты, явления и процессы внешнего мира: люди (человеческие ресурсы), материальные предметы (материальные ресурсы), внешние явления, события и т.д. В свою очередь, категория внутренних ресурсов может быть представлена в виде совокупности внутренних состояний, установок, ценностей, общих и специальных способностей, продуктов мыслительной и творческой деятельности, ментальных, поведенческих стратегий и т.д.

Обобщая вышесказанное, можно сделать вывод о том, что в структуре потенциала личности, несомненно, существуют акмеологические компоненты, целенаправленное развитие которых создает предпосылки для формирования акмеологического потенциала, который является основой движения личности по акмеологическому вектору развития.

Список литературы:

1. Акмеология / Под ред. А. А. Деркача. — М.: РАГС, 2002.
2. Бодалев А.А. Вершина в развитии взрослого человека. Характеристики и условия достижения. М., 1998.
3. Деркач А.А. Акмеология: личностное и профессиональное развитие человека: Методолого-прикладные основы акмеологического исследования. М., 2000.

Аннотация. Мақалада адамның жеке әлуетінің акмеологиялық мазмұны қарастырылып, оның акмеологиялық компоненттерінің құрылымы көрсетілген.

Annotation. Akmeologe maintenance of personality potential and structure of akmeologe components are exposed in the article.

ТҮЛҒАНЫҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

К.Б. Сматава, Д.Ш. Қожахметов, Л.Қ. Исакова
Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Дүниежүзілік психологиялық денсаулық федерациясы, әлемдік денсаулық сақтау ұйымының қолдауымен 1992 жылы 10 қазан айнан бастап халықаралық психикалық денсаулық күні деп жарияланған болатын. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегінше, қазір жер шарындағы халықтың 25 пайызы түрлі жүйке ауыруларымен ауырады. Ал Қазақстанда әрбір төртінші адамға психиатр маманның көмегі қажет. Сондықтанда тұлғаның дұрыс дамыт-жетілуі үшін психологиялық денсаулыққа баса назар аудару керек.

Тұлғаның психологиялық денсаулығының бұзылуы жоғары көрсеткішпен сипатталады. Психикалық аурулардың, тұлға фрустрациясының, мазасызданулардың, стресстердің таралу көрсеткіштерінің өсу тенденциясы, әр түрлі суицидтердің, тұлғаишілік келіспеушіліктердің, тәуелділіктердің (нашақорлық, ішімдікке берілу, токсикомания, ойын құмарлық және т.б.) орын алуы байқалады.

«Психологиялық денсаулық» түсінігін ғылымға енгізген белгілі Ресейлік ғалым И.В.Дубровина. Психологиялық зерттеулерге психологиялық денсаулық түсінігінің енгеніне көп уақыт болған жоқ. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский авторлығында жасалған сөздікте психологиялық денсаулық түсінігі ауыр психикалық қалыптардың болмауымен және қоршаған орта жағдайларына адекватты қылық пен іс-әрекетті басқаратын жан дүниенің қалпы деп сипатталады.

Психологиялық денсаулық мәселесіне көптеген ғалым-философтар В.Е.Давидович, В.М.Розин, И.Н.Смирнов, К.С.Хруцкий, А.Е.Чекалов және т.б; валеологтар Р.И.Айзман, Г.Л.Апанасенко, И.Н.Гурвич В.П.Казначеев, В.П.Куликов, А.Г.Кураев, В.А.Лищук, Т.Н.Маляренко, Л.А.Попова және т.б; психологтар А.А.Ананьев, Б.С.Братусь, О.С.Васильева, А.В.Воронина, И.В.Дубровина, И.В.Ежов, Р.Е.Калитеевская, Л.В.Куликов, А.Маслоу, Ю.И.Мельник, Г.С.Никифоров, К.Роджерс, В.Франкл және т.б зерттеулерінде қарастырылған[1].

Қазіргі психологиялық әдебиеттерге талдау жасағанда көптеген зерттеушілер денсаулықтың психологиялық аспектілерін осыған ұқсас терминдерді қолдана отырып қарастырған: “психикалық денсаулық” (Б.С.Братусь), “психологиялық денсаулық” (И.В.Дубровина), “тұлғалық денсаулық” (Л.М.Митина), “рухани денсаулық” (Ю.А.Кореляков), “жанның саулығы” (О.И.Даниленко), және т.б.

Психологиялық денсаулық дегеніміз - адам ақыл-ойының, физикалық және эмоционалдық дамуының толыққанды жетілуіне ықпал етуші күй болып табылады. Сонымен қатар басқа ғалымдардың пайымдауынша психологиялық денсаулық дегеніміз – адам мен сыртқы дүние арасындағы тепе-теңдік жағдайы, оның әлеуметтік ортаға, физикалық, биологиялық және психикалық ықпалдарға қатысты реакциясының сай болуы, жүйкелік реакция күші мен сыртқы тітіркендіргіштер арасындағы сәйкестігі, адам мен оның айналасындағылар арасындағы үйлесімділік, адамның шынайы объективтілік жайлы пікірінің басқа адамдардың пікірлерімен ұштасуы, өмірдің кез-келген жағдайына сын көзбен қарауы.

Тұлғаның психологиялық денсаулығын дұрыс ұйымдастыру негізінде күтілетін нәтижелерге жетуді қамтамасыз ететін сыртқы талаптардың, жүйелі және кешенді түрде орындалуы, біз ұсынып отырған екі психологиялық шарттар арқылы жүзеге асады:

1. *Тұлғаның психологиялық үйлесімді дамуын жүзеге асыру* тұлғаның ақыл-ойының дұрыс қалыптасуына, өзін-өзі бақылауына, сондай-ақ іс-әрекетін басқаруына, өзінің дамуымен қатар қоғамның да дамуына, жетістікке жетуін және білім шыңына шығуына мүмкіндік береді.

2. *Тұлғаның биологиялық-физиологиялық белсенділігін арттыру* орталық жүйке жүйесіне қысым түсірмеу, нашақорлық, ішімдік, токсикомания, ойын құмарлық және т.б., инфантилизмнің алдын алу, дене еңбегімен айналысу, денені шынықтуды дұрыс ұйымдастыру негізінде жүзеге асады.

Психологиялық денсаулық мінездемелері туралы әдебиеттерде көптеген мысалдар келтірілген. Декарт жан денсаулығын, ал Гельвеций ақыл – ұқсастық пен айырмашылықтың көзі дейді. Ал А.Ф.Лазурскидің айтуы бойынша, тұлғаның денсаулығы - әлеуметтік ортада өз-өзін басқаруына және іс-әрекетін басқара алуына байланысты. Жан денсаулығының басты көзі ол ойын, эмоциясын, моторлық функциясын, өзін-өзі басқара алуында дейді.

Ғалымдардың тұжырымы бойынша, психикалық ауытқушылықтардың пайда болуы өмірлік жағдайына көп көңіл бөлінуінен болады. Көптеген ғалымдар денсаулық дегенді жалпылама қарастыруға болмайды, керісінше оны қамтитын бірнеше аспектісі (физиологиялық, психикалық, рухани, әлеуметтік, т.б.) болатындығын айтады. Сондықтан оларды бір-бірімен байланыстыра отырып, әрқайсысына жеке-жеке тоқталып қарастыру қажет екендігін айтады[2].

Психологиялық денсаулық жалпы денсаулықтың негізгі құрамдас бөлігі бола отырып, осы әлеуметтік функцияларды орындау мүмкіндігі мен динамикалық тепе-теңдікті қамтамасыз ететін психикалық сипаттардың жинағы болып табылады. Яғни психологиялық денсаулығы жақсы адам тиімді функционалдығымен байқалады. Жеке адамның денсаулығы өмірлік белсенділікпен, тұлғалық дамудың гармониясымен сипатталады.

Адамның психикалық денсаулығын сақтауда есінің өзгеруі, өмірлік денсаулық мотивациясы, өмірлік құндылықтарын дамыту ескеріледі. Адамның физикалық денсаулығы жалпы денсаулық жағдайын құрайды. Психика – жоғарғы ұйымдастырылған материясын, миын, субъектісі мен объектісінің шындық формасының белсенділігін көрсетеді.

Тұлғаның психологиялық денсаулығын білдіретін үш деңгейді көрсетуге болады:

Психофизиологиясының денсаулық деңгейі (орталық жүйке жүйесінің қызметімен, жағдайымен анықталады);

Жеке психологиясының денсаулық деңгейі (психикалық іс-әректінің жағдайымен, қызметімен анықталады);

Тұлғасының денсаулық деңгейі (адам қажеттіліктері мен әлеуметтік орта талаптары, мүмкіншіліктері арасындағы қатынаспен анықталады);

Психологиялық денсаулық жалпы денсаулықтың негізгі құрамдас бөлігі бола отырып, осы әлеуметтік функцияларды орындау мүмкіндігі мен динамикалық тепе-теңдікті қамтамасыз ететін психикалық сипаттардың жинағы болып табылады. Яғни психологиялық денсаулығы жақсы адам тиімді функционалдығымен байқалады. Жеке адамның денсаулығы өмірлік белсенділікпен, тұлғалық дамудың гармониясымен сипатталады.

Психологиялық сау адам бұл жан дүниесінің тепе-теңдігін, психологиялық комфорт қалпын сезінетін адам, ол әлеуметтік бейімделген және жекелеген психикалық функцияларының ауытқуы жоқ (қабылдау, ойлау, ес, зейін, эмоция). Зерттеушілер психологиялық денсаулық көрсеткіштері ретінде өзіндік актуализацияны, өзін-өзі сыйлауды, депрессияның болмауын, өмірлік энергияны, өмірмен қанағаттануды атайды[3].

Психологтардың зерттеуі бойынша, психологиялық денсаулық проблемасын жеке адам дамуының толықтығы, байлығы тұрғысынан қарастыру өте маңызды. И.В.Дубровина ұсынған психологиялық денсаулықтың психологиялық аспектісі баланың ішкі дүниесіне зейін салуды талап етеді: оның өзіне, өз күшіне сенімділігі немесе сенімсіздігіне, өз қабілеттерін түсінуіне, қызығушылықтарына, адамдарға, қоршаған дүниеге, қоғамдағы оқиғаларға, өмірге қатынасы. «Психологиялық денсаулық» терминінің ғылымға енуі адамдық танымның гуманитарлық бағытының дамуымен байланысты. Психологиялық денсаулық гуманистік психологияның негізгі түсінігінің бірі болып аталады.

Психологияда психологиялық көмекті ұйымдастыру үшін даму мақсаты – адамның өзінің өмірлік міндеттерін орындауы, өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруы. «Психологиялық денсаулық» термині екі категориялы сөз тіркестерінен тұрады: адам психологиясы және денсаулық; олар психологияның ғылыми-практикалық пән ретінде даму болашағы үшін негізгі категориялар болып табылады.

Психологиялық денсаулықтың бұзылуына әсер ететін факторлар: дау-жанжал, ашулану, ызалану, қарсыласу және т.б.

Психикалық денсаулықты нығайтудың жолдары: дене еңбегімен айналысу, денені шынықтыру, адам өзін-өзі басқаруы тиіс, отбасы және мектепте психологиялық қолайлы климат[4].

Психологиялық денсаулық тұлғаның өзіндік бірегейлігін, жетістігін көрсетеді. Психологиялық денсаулық үшін норма – адамның қоғамға бейімделуіне кедергі жасайтын патологияның, симптомдардың орын алмауы; қоғамға бейімделуіне, өзінің дамып, қоғамның дамуына әкелетін тұлғалық қасиеттердің орын алуы.

А.М. Изуткин: «Денсаулық – адамның әс-әрекетінің бостандығы мен еріктілігі, оның ақыл-ой және физиологиялық еңбекке, қоғамдық және жеке дара іске айтарлықтай толық қатысуы», - деп есептейді. Ал басқа авторлар, айталық, Венедиктов Д.Д., Степанов А.Д., т.б.: «Денсаулық деген адамның дене және рухани жағдайларының сапалық қасиеттері мен қоршаған табиғат және әлеуметтік орталығының ара қатынасының тепе-теңдігі», - деп есептейді. [5].

Адам мінез-құлық қырларының алуан түрлілігін ескеруге жағдай жасаған тұлға теориясы дені сау тұлғаны бағалаудың критерийлерін (өлшемдерін) ұсынуы тиіс. Бұл жерде салауатты өмір салты ұғымына нендей нәрселер енеді деген сұрақ туындайды. Дуэйн Шульц мынадай мәселені көтереді: «Психологтардың көбі дені сау тұлғаны зерттеу, психологияның бірінші дәрежелі міндеттерінің бірі деп ойлайды; басқа қандай ғылым өмір жағдайларын зерттейді?». «Әлемді өзгертуде тұлғадан басқа күдіретті кім бар?». «Біздің өмірімізге ерекше әсер ететін психологиялық денсаулықтан басқа не бар?», деген өзіндік көзқарастарын айтқан.

Тұлға теорияларының басым көпшілігінде, психологиялық амандықтың неден құралатыны жайлы мәселе қарастырылады. Мәселен, З. Фрейд, кемеліне жеткен тұлғаның жұмыс жасауы өнімді еңбек ету мен қанағаттанарлық өзара қарым-қатынастарды үзбеумен сипатталады деді. Фрейд бойынша, еңбек ете білу адамның алдына аластатылған ұзақ уақытқа созылатын мақсаттар қою мен оларға қол жеткізуді, сонымен қатар, мінез-құлыққа жағымсыз әсерін тигізбеу үшін мазасыздықпен күресуді білдіреді.

Психологиялық денсаулықты әлеуметтік үйрету теориясының терминдерінде де анықтауға болады. Мысалы, Бандура біздің өміріміздің талаптарын қанағаттандыру қабілетімізді сипаттайтын түсініктерге ерекше назар аударады. Сонымен бірге, Бандура өздерін қуатты тұлға ретінде бағалайтын адамдардың алдарына едәуір күрделі мақсаттарды қойып, көп күш жұмсап, нәтижесінде өздерінің мақсаттарына жетуде неғұрлым табысты бола алатынын айтады.

Маслоу бойынша тұлғаның қалыпты жетілуі үшін қажеттіліктердің неғұрлым қарапайымнан (физиологиялық, қауіпсіздік қажеттіліктері) адамдарға тән едәуір жоғарыларына қарай қозғалуы қажет деп есепейді. Сондай-ақ, Маслоу өзін-өзі кемелдендіру қажеттілігін жүзеге асырған адамдарды да зерттеді және бақылауларының нәтижелерін: ақиқатты тиімді қабылдау, оңаша қалу мен жеке өмірді қажетсіну, сондай-ақ өзін және басқаларды қабылдау сияқты сапалар енген жеке-дара бейненің терминдерінде қалыптастырады[6].

Тұжырымдай келе, психологиялық денсаулықтың қоғамда алатын орны ерекше. Өйткені психологиялық денсаулығы қалыпты емес тұлға ол ешқашанда білім шыңға жете алмайды. Сондықтан бірінші кезекте тұлғаның қоғамда дұрыс қалыптасуына аса назар аудару тиіс. Психологиялық денсаулығы қалыпты тұлға жетістікке жетері сөзсіз, сол себепті тұлғаның жетістікке жету жолдарын екінші бөлімде қарастырамыз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Ананьев В.А. «Введение в психологию здоровья», СПб, 1998
- 2.Ниетбаева Г.Б. Студенттердің психикалық денсаулығының оқу іс-әрекеті кезіндегі ерекшелігі. //Педагогика және психология журналы. Алматы: 2010.
- 3.Ыдырысов Е.Қ. «Балалар мен жасөспірімдердің психологиялық саулығын жетілдірудің теориялық мәселелері». Ұлт тағлымы. 2003 - №2.
- 4.Нілдібаева Ж., Байжанова Н. Денсаулық психологиясы. «Психологиялық саулық және тән саулығы». Валеология. Дене тәрбиесі. Спорт. 2003 - №9,
- 5.Султанбекова М.Р. Психологиялық денсаулық тақырыбы бойынша сараптамалық сабақтарға арналған әдіс-емелік нұсқаулар. Валеология. Дене тәрбиесі. Спорт. 2004 - №7-8. -1
- 6.Бапаева М.Қ., Әбеуова И.Ә., Бапаева С.Т. Тұлға психологиясы, Алматы 2010.

Аннотация.В развитии акмеологического образования значимое место отводится психологическому здоровью. Так как лишь здоровая и психологически устойчивая личность способна достичь вершин науки и образования. Психологическое здоровье – является большой силой в умиственном, физическом и эмоциональном развитии человека. В связи с этим назревая необходимость в выявлении психологической атмосферы в саморазвитии личности.

Annotation.The psychological health plays the key role in the development of akmeological education. Because only the healthy and psychologically firm personality is able to achieve some aims in the science and education. The psychological health is the largest strength in the mental, physical or emotional development of each person. There is a necessity in the opening of the psychological atmosphere in self development of each personality.

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ЖЕКЕ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА
ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН
ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ МҰҒАЛІМ РӨЛІ**

**И.Т. Сулейменова
№9 мектебі, Тараз қ.**

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының «Ағымдағы жай-күйді талдау» бөлімінде: «Қазіргі уақытта елімізде дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мамандандырылған мектептердің желісі құрылды, республикада үш тілде оқытатын 33 мектеп жұмыс істейді. 6 Назарбаев Зияткерлік мектебі құрылды. Ұлттық жоғары мектепте білім берудің әлемдік деңгейіне жету жөнінде шаралар қабылданды: Қазақстан Еуропалық білім кеңістігіне енді, Болон Декларациясына қосылды, Астана қаласында әлемдік деңгейдегі беделді жоғары оқу орны – «Назарбаев Университеті» құрылды»- делінген. [1]

Адамзат еншісіне ғана тиісті тәрбие мен білім беруде еліміздің интеллектуалды, шығармашыл потенциалын дайындау, дарынды балалардың жетілуіне жағдай жасау қазіргі заманымыздың экономикалық және әлеуметтік факторы болып отыр. Дарынның дамуына қолайлы жағдай туса, ол ерте көзге түсетін болады. Тарихта болсын, күнбе-күнгі өмірімізде мұндай мысалдар көп. Тарихта халыққа басшылық етіп, әр салада жаңалықтар ашып, таңдаулы шығармалар мен қызметтер ұсынған дарынды адамдардың өміріне бір сәт көңіл бөлсек., дарындылығымен жас кезінен көзге түскен.

Германияның Любектік төрт жасар дарынды баласы Кристиан Гейнрих Хейнекеннің дарындылығы жұртты таң қалдырды. Ұстазы Кристиан Фон Шенах жазған “Кристиан Гейнрих Хейнекеннің өмірі, іс-әрекеті, саясаты мен өлімі” деген кітабы дарынды бала туралы жазылған алғашқы кітап болды. Туғанына он ай толмай жатып кішкентай Гейнрих суретке салынған заттардың көпшілігін айырып атайтын болды. Ол үш жасқа келгенде ертегілерді өзі оқып, математиканың 4 амалы мен есеп шығара алады, көп ұзамай сәби француз тілін үйреніп, географиядан жақсы мағлұмат алған және мыңнан астам латын мәтелін білетін болған. Гейнрихтың даңқы әлемге жайылады. Дарынды баланы Дания королі қонаққа шақырады. Сол дарынды бала төрт жастан төрт ай асқанда қайтыс болған. Сол сияқты Дюрер үш жасында өз портретін салған, жеті жасар Моцарт төрт соната жазған. Лист, Шопен мен Иегуди Менухин он бір жасында үлкен концерт қоюға қатысқан. Тоғыз жасар Гете неміс, латын грек тілдерінде өлең хазатын болған. Қазіргі математиканың негізін салушы Гаусс үш жарым жасында әкесінің салық төлеу жөніндегі есебін көріп, соның қатесін шығарыпты. Сөйтіп әкесінің 25 талер ақшасын сақтап қалыпты деседі. Ол алгебралық есептер мен сандар теориясы жөніндегі өзінің дарынын ерте танытқанға ұқсайды. Гаусс өзінің ең басты жаңалықтарын негізінен 14 пен 17 жастың арасында ашыпты. Кибернетиканың атасы Ноберт Винер бес жасында 18 жасар балалармен бірге оқиды. 12 жасында колледжге түсіп оқып, 14 жасында оған ғылыми атақ беріледі. [2]

Кейде дарынды балалардың мектептегі оқуға көңіл бөлмейтін кездері бар. Мәселен, Д. Байрон, Н. Дарвин, В. Скотт бала күндерінде түк білмейтін болған екен. Олардың көпшілігі өз уақытын бос өткізген. Олар өлең жазып, сурет салып, көбелек ұстап, коллекция жинаумен айналысқан. Дарынды балалар Қытай тарихында да жиі кездесіп отырған. “Ертедегі Қытайда дарынды балаларды, “Шэнь тон”, яғни киелі бала деп атаған. Киелі балаларға байланысты ең ертедегі жазбалар Чуньцю Чжанго дәуірінде (б.д.б. 770 – б.д.б. 221) кездеседі. Үш патшалық дәуіріндей атақты қолбасшы ЦаоЦао-өз перзенті Цао Чуннің тапқырлығына таң қалады. 5 жасар бала сыйға тартқан пілдің салмағын өлшейтін таразы таба алмай тарығып жатқанда, “Алдымен пілді қайыққа салыңдар, онан соң орнына тас салып, оны бөліп өлшесендер пілдің салмағы шығады” дейді. Сөйтіп Цао Чуннің піл өлшеген әңгімесі ауыздан ауызға тарап, жұрт 5 жасар баланың талантына таң қалады. Қазақ халқының да біртуар ұлдарын аса қабілетті, дарын иесі деп айтуға болады. Не бары отыз-ақ жыл өмір сүрген Ш. Уәлиханов та аз ғұмырының ішінде адамзаттық ғылымға баға жетпес үлес қосты. Ол музыка, сурет, тіл, география публицистика мен жазушылық өнерде өзін жоғары биіктен көрсете білді. Шоқан жөнінде С. Мұқанов былай деп жазды: “Аз өмірінде осынша тығыз, зұлымдықпен арпалыса жүріп, атқарып үлгерген еңбегінде қисап жоқ... Шоқанды ... 27 жасында дүниеден өткен Лермонтовтың, 24 жасында қайтыс болған Добролюбовтың қатарына қоюға болады. Шоқан да солар сияқты: шын мағынасында данышпан, шын мағынасында дарын иесі. Атақты күйші Дина Нұрпейісованың күйшілік өнері 8 жасында байқалған. [3]

Бұл ұлы тұлғаларды өзге адамдардан ерекшелендіріп тұрған дарындылық емес пе?! Адамның дарындылығы оның жоғары жүйке қызметінің тума типіне (мида уақытша байланыстардың тез жасалып, оңай өзгеруі) байланысты болып келеді. Олай болса, нышанның ықпалымен қалыптасқан қабілеттің түрін дарындылық деп атайды. Ал Н. Ожеговтың сөздігінде дарындылық “табиғаттан берілетін ерекше қабілет” деп түсіндіріледі. Адами ойлау, ізденімпаздық – табиғаттың адамзатқа берген тамаша сыйы. Бұл қабілет барлық адам бойынан табылары да сөзсіз. Дегенмен табиғат оны бәріне бірдей етіп бөлмей, біреуге көптеу, біреуге аздау, ал біреулерге мүлдем жарытпай тарататыны да анық. Сонымен біз дарынды деп белгілі бір қабілеті көпшіліктің орташа қабілетінен ерекшеленетіндерді айтып жүрміз. Өмір сүретін орта, берілетін тәрбие осы ерекшеліктің одан әрі дамуына көмектеседі немесе оны мүлдем жоқ қылады. Мәселен, саусағынан бал тамған зергердің табиғи алмазды бриллиантқа айналдырғаны сияқты қолайлы ахуал, тамаша кәсіби ұстаздық кез-келген ерекше қабілетті оқушыны дарынға айналдыра алады. Міне, осы бір айдай анық мәселе педагогика мен әдістеме саласында көптеген “тар жол, тайғақ кешулерден” өтіп, өз жолын енді тауып келеді.

Көптеген ғалымдар дарындылықты генетикалық нәрсе деп қарастырып, оны белгілі бір даму сатысының соңғы нәтижесі деп түсіндіреді. Кезінде Платонның өзі ақындықты “өнер мен кернеген сезімінен туындайды” деген болатын. Ал Сократ өзінің ерекше қасиетін түсіндіргенде “маған көмекке әрдайым мейірімді перім-гений келеді” деген екен. Әлбетте, дарындылықтың тұқым қуалайтындығы ұрпақтан ұрпаққа берілетіні сөзсіз.

Ф.Гальтон әлемге әйгілі, дарынды тұлғалар өмірнамаларын таладай отырып, дарындылықтың тұқым қуалаушылыққа байланысты екенін тұжырымдады. Осы идеяны жалғастыра отырып, XX ғ. Котс әлемдік өтпес даңққа бөленген әйгілі неміс композиторы Иоганн Себастьян Бахтың арғы атасы В. Бахтың ерекше қабілеті болғанын айтады. Ал Абайдың ұлы тұлғаны дүниеге әкелген Құнанбайды дарын емес деп кім айтады? Осыны негізге ала отырып Канада ғалымы Д. Хебб “генотиптік интеллект” деген ұғым енгізді. Бұл таза тұқым қуалайтын интеллект сыртқы ортамен қарым-қатынас орната отырып, “фенотиптік интеллектіні” құрайды. Соңғысының деңгейі бәрімізге белгілі тест әдісінен анықталады. Д. Хеббтің ойынша ген арқылы берілу мен сыртқы ортаның әсерінің арасындағы қатынас 8:2. Мұнда 8 – тұқым қуалаушылық, 2-сыртқы орта. Осыған ол мынадай қорытындыға келеді: ой-өріс (интеллект) – бұл мәдени - әлеуметтік орта мен индивидтің тәжірибесінен пайда болатын өнім, ал осы тәжірибені ассимиляциялап (жинақтап) тиімді пайдалана білуінің 80%-і генотиптік құрылымға байланысты. [4]

Д. Хеббтің және басқа да гендік дарындылықты жинақтаушылардың тұжырымдары практик-ғалымдар мен білім қызметкерлері тарапынан қатты сынға алынды. Олардың бірінші қарсылығы, “қатып қалған интеллектіні” жоққа шығарудан басталады. Сегіз бен он алты жас арасындағы сынақтан өткен оқушылардың 50%-і ғылымның әр түрлі саласынан әр дәрежеде ой-өріс деңгейін көрсете білген. Сонда оқушы 8 жыл ішінде тұрақсыз интеллектуалды дарындылығын танытқан.

Нақты шүбә келтірмейтін немесе көпшілік мойындаған дарындылық туралы тұжырымдама болған емес және бұл бағыттағы жақсы жетістіктерге қарамастан оны жоқ деуге болады. Әйтсе де бұл жағдай дарындылықты ғылыми тұрғыдан зерттеушілерді көп қиналта қоймайды. Тіпті кейбіреулері мұны дұрыс заңды нәрсе ретінде қабылдау керектігін алға тартады. Белгілі ағылшын психологы Г. Айзенк осы мәселе жайындағы көзқарасын былай тұжырымдайды: “Термометрді алғаш ойлап тапқан ғалымды жылу құбылысы, оның өлшем бірліктері туралы мәлімет өте мардымсыз болды... Түбінде жылулық теориясы термометр және басқа да құралдармен өлшеулер жүргізу арқылы дамыды емес пе. Сөйтіп Г. Айзенк дарындылық туралы түбегейлі тұрақты қорытынды шығаруға асықпаған жөн деп тұжырымдады ойын.

XIX-XX ғасырлар тоғысында ассоциативтік психологияда дарындылық мәселесіне функционалдық көзқарас туындады. А. Бэн, В. Вундт, Д. Милль, Г. Спенсер, Т. Циген сияқты психологтар ой-өріс дарындылығын диагностикалау үшін бес негізгі функцияны өлшеп, зерттеу керектігін айтады. Олар: ой, зейін, ерік, қабылдау және есте ұстау ерекшелігін есепке алуда осы қасиеттерге баса назар аудару керек.

Ой – сыртқы дүниені бейнелеудің, танымның ең жоғарғы формасы. Ой толық сөз күйінде білдірілгенде ғана айқындалып, дәйектелініп, дәлелдене түседі. Дарынды балалар өзге балалардан ойының кеңдігі, арамдылығы, ұшқырлығы, дербестігі, логикалық жүйелілігі, сыншылдығы сапалары айқындалады. Тіл мен ойдың бір-бірімен байланыста болатынын халқымыздың: “Ішімдегінің бәрі тілімде, тілімдегінің бәрі түсімде” деген мақалы дәлелдей түседі”. Ойы кең дарынды бала еркін ойлайды. Мәселені түрліше әдістермен шешеді, бұрын сыналып қате деп табылған әдіске жоламайды. Дарынды балалардың ойын дамытуда мектептегі оқу-тәрбие процесінің маңызы зор. Бастауыш

мектеп жағдайында бала ойлауы күрделі дамудан өтеді. Осы кезеңде дарынды балалардың ойлауын дамыту үшін мұғалім мынадай шаралар жүргізуге болады:

- 1) Балаларды белгілі ережелер жөнінде өз бетінше қорытынды жасай алуға үйрету үшін сабақта эвристикалық әдісті жиі пайдаланып отыру қажет.
- 2) Баланың сөйлеу қабілетін дамыту, оның ойлауын дамытуға үлкен әсерін тигізеді.
- 3) Ойлау қабылдау мен елестердің негізінде жасалады. Сондықтан оқушыны сабақты мүмкіндігінше жақсы қабылдай алуына жағдай жасау керек.
- 4) Дарынды бала кеңінен ойлайтын болғандықтан бір мәселені бірнеше жолдармен шешуге бағыттап отыру керек.
- 5) Баланың логикалық ойын, шығармашылық ойын дамыта алатындай мүмкіндіктерді пайдалану керек.

Дарынды оқушылардың ой-өрісі мен ойлау қабілетін дамыту үшін олардан ойланып-толғануды қажет ететін проблемалық ситуация тудыру қажет. Сол ситуацияға оқушы өзін қатыстыра отырып немесе терең ойланудың нәтижесінде шешімін табады. Сұрақ қою оны дәл тұжырымдау, мәселені “ойда ұстай білу” сұрақты талдай білу және жинақтау, шығару тәсілі мен амалдың орталық түйінін табу. Жорамал жасау т.б. ойлау процесінде мәселелерді шешу үшін аса қажетті жағдайлар болып табылады. Дарынды балалар тұлғасының ерекшелігінде зейіннің алатын орны зор.

Зейін - адамның психикалық әрекетінің белгілі бір нәрсеге бағытталап шоғырлануы. Адам өмірінде зейіннің алатын орны зор. Әсіресе, таным процесінде, білім алу ісінде маңызы ерекше. Шәкірттің сабақты түсіне қоймауы, есінде дұрыс сақтай алмауы, тапсырманы орындауда қате жіберуі оған дұрыстап зейін қоймаудан болады. Зейін туралы орыс педагогикасының атасы К. Д. Ушинский былай дейді: “Зейін адам санасынан қорытылып өтетін барлық ойды аңғартатын адам жанының жалғыс есігі болып табылады, егер ол есікке ілімнің бірде-бір сөзі с оқпай өтсе, онда баланың санасында еш нәрсе қалмайды. Демек, зейін – адам санасының белгілі бір затқа бағыттала тұрақталуын көрсететін құбылыс. [5] Бала әрекетінің кез –келген түрінде зейін орын алмаса, оның нәтижелі болуы қиын. Дарынды балаларда ырықты зейін басым болады. Оқу жұмысында үйреншікті зейіннің маңызы зор. Бұл зейін түрі құбылыстар мен заттардың, мазмұндық материалдық санада тез бейнеленуін, сөйтіп қабылдау процесінің тез, оңай болуын қамтамасыз етеді. Үйреншікті зейін көпшілік жағдайда оқушының өз зейінін өзі басқарумен көрінеді.

Оқу материалын меңгеру тиісті объектіге зейін аудару, түйсіну, қабылдау және ол қабылдағандарды еске сақтау процесстері арқылы жүзеге асырылады. Мұғалім оқушы зейінін өзіне бағындырмаса, оның сөзі оқушы көкейіне қонбайды, қиялын толғандырмайды. Бір сөзбен айтқанда зейінсіз өткенсабақ, өзінің мақсатына жете де алмайды. Бастауыш сынып оқушыларының үйке жүйесі әлі де болса қатая қоймағандығын ескеру қажет. Олардың шаршап кетпеуін қадағалау, орынсыз жалықтырмау, ауыр жеңілдегі әртүрлі пәндерді күнделікті сабақ кестесіне талапқа сай орналастыру сияқты мәселелер зейін тәрбиесінің басты шарттарының бірегейлері. Дарынды балалардың байқағыштығын арттыру – оның ой-өрісінің жоғары болуына септігін тигізеді.

Зейінді күшті және тұрақты ететін құбылыстың бірі – ерік. Сондықтан зейін тәрбиесін ерік тәрбиесімен ұштастыру керек. [6] Ойланып істелетін, алға мақсат қоюды қажет ететін, түрлі кедергілерді жеңе білуден көрінетін, қимыл – қозғалыстарды, ерік-амалдары, немесе ерік деп атайды. Яғни, ерік адамның өз мінез-құлқын меңгере алу қабілеті. Адам өз қажеттіліктерін өтеу барысына қимыл-қозғалысқа түседі. Ол қозғалыстарды екіге бөлуге болады: бірі-ерікті қозғалыстар, екіншісі – еріксіз қозғалыстар. Ерікті қозғалыс мақсатқа бағытталған қозғалыстар, яғни күрделі шартты рефлексстер. Ал еріксіз қозғалыстар мақсат қойылмайтын қозғалыстар, яғни көздің жұмылуы, жөтелу, шашалу, түшкіру т.с.с.

Еріксіз қозғалыстар тумалық қасиет болса, ерікті қозғалыстар өмірде жүре-бара қалыптасады. Ерікті қозғалыстарды орындау дегеніміз - еріктің ең қарапайым түрде сыртқа шығуы. Оқушылардың дарындылық дәрежесінің артуы білімдер мен ептілік дағдыларын игеруге тікелей тәуелді болады. Дарынды балаларға тән қасиеттер: зейінділік, жинақылық, тұрақтылық, әрқашан қызметке дайын болу, мақсатқа жетуде ақылға сай табандылыққа ие, еңбекте, оқуда шаршап шалдығуды білмейді, басқа балалармен салыстырғанда интеллектілік деңгейі анағұрлым жоғары. Сол себептен де дарынды оқушыларды дамытуда олардың ерік-күшіне де көңіл бөлінуі керек. Нағыз ерік - саналы тәртіп бар жерде ғана көрініп отырады. Дарынды балалар айнала қоршаған дүниені танып-білуге күш-жігерін жұмсайды. Қоршаған дүние тиісті бір объектіге зейінін аудару, түйсіну, қабылдау арқылы санасында бейнеленеді. Белгілі бір объектіге зейінін аударарды. Оны түйсіну нәтижесінде ол туралы мәлімет алады. Демек, қабылдайды да. Дарынды балалардың қабылдау ерекшеліктеріне көңіл бөлу керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сатыбалдина З. Дарынды оқушылармен жұмыс. “Қазақстан мектебі” №9, 2010.
2. Ауданбаева Қ. Деңгейлік тапсырмалар. “Қазақстан мектебі” №1, 2009.
3. Губаева М. Қабілетті оқушыны дарындыға жеткізейік. “Қазақстан мектебі” №1, 2010.
4. Мұханмедина Ж. “Деңгейлік саралай оқыту”. “Қазақстан мектебі” №6, 2011.
5. Сатыбалдина З. Дарынды шәкірттерге арналған бағдарлама., 2010ж.
6. Қадысқызы А. Дарынды бала – киелі бала. “Қазақстан мектебі” №10, 2003.

Аннотация. В современной системе образования РК начальная школа выступает как базовое звено, нацеленное на формирование личности ребенка, его познавательных и созидательных способностей. Одно из центральных мест занимает работа с одаренными детьми.

Annotation. In the modern system of education RK elementary school serves as a basic unit that aims to shape a child's personality, his cognitive and creative abilities. One of the central points is the work with gifted children.

УДК 514.23:17

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДЕ БАСТАУЫШ МЕКТЕП МҰҒАЛІМІНІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Э.Ш. Тасболатова
№9 орта мектеп, Тараз қ.

Талабы таудай, қабілет қарымы мол ізденімпаз жастар көбейіп, адамзат игілігіне үлес қосып жатса, олар ұлтымыз үшін мақтаныш, еліміз үшін абырой. Бүгінгі таңда дарындылықты дамытудың нақты бағыты жүйеленген әдістемелері немесе тәсілдері жоқ. Дарындылықты дамыту ұстаздарға, мектеп әкімшілігіне, ата-аналарға байланысты. Осы орайда құрылған дарын мектеп-интернаттарының негізгі міндеті: қала облыс көлемінде ерекше қабілетті балаларды іздеу, қабілеттілігінің бағытын анықтау және оны әрі қарай дамыта түсу жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру. Жұмыс жоспары мынадай жүйелеу кезеңдеріне бөлінеді:

1-кезең. Ерекше қабілетті оқушыларды анықтау жүйесін құру.

2-кезең. Оқушы қабілеттілігінің бағытын анықтау жүйесін құру.

3-кезең. Қабілетті оқушымен жеке жұмыстар жүргізу арқылы оның білім дәрежесін, ой-өрісін әрі қарай дамыта түсу жүйесін құру.

Дарындылықтың дамуы, нәтижелі болуы біріншіден мұғалім еңбегінің көрінісі, ал екіншіден оқу жоспарының дұрыс құрылып, жүйелі түрде іске асырылуында. Мұғалімнің оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда педагогикалық шеберлігінің маңызы зор. Педагогикалық шеберлікті қалыптастырудың бірнеше түрі бар. Мұғалім ең алдымен ғылыми философиялық ілімді табандылықпен оқып-үйренуі тиіс. Өйткені мектептегі оқу және тәрбие жұмысының жемісті, әрі нәтижелі болуы мұғалімнің жалпы сауаттылығы мен идеялық ұстанымдылығына байланысты. Мұғалім мамандығы бойынша өз пәнін қазіргі ғылым мен техниканың өскелең талаптарына сәйкес дәрежеде білуге тиіс. Бастауыш сыныптарда мұғалім оқушылардың оқуға ынтасын тәрбиелеу арқылы олардың қабілеттерінің дамуына кең жол ашады. Мұғалім алғашқы күннен бастап оқушының ыждағаты мен бейімділігін, оның қолынан не істеу келетіндігін, оқу мен еңбекке ұқыптылығы қандай екендігін есепке алып, оқу процесін осы негізге ойластыра жүргізгені дұрыс. Кейбір мұғалімдер баланың қабілеттілігін, оның оқу материалдарын тез ұға алушылығымен ғана байланыстырады. Бұл жерде мұғалімнің аса сезімталдығы қажет. Өйткені нерв жүйесінің тума қасиеттерне байланысты табиғатынан баяу (флегматиктер мен меланхоликтер) болып келетіен балаларда аз емес. Осындай баяу ойланып жауап беретін балалар қабілетсіздер қатарына қосылатын болса, бұл идеоглогиялық тұрғыдан өрескел қате болып есептеледі. [1]

Мектеп балаларымен жұмыс істеу – ерекше маңызды педагогикалық проблема. Осыған байланысты дарынды балалармен жұмыс істеудің төмендегідей кезеңдерін анықтауға болады:

- баланың жеке ерекшелігін, дарынын зерттеу;
- балалар шығармашылық өнімдерін жариялау;

- игерілген нәтижелерді бақылау.

Яғни осындай жұмыс істеу бағыттары арқылы бала белгілі бір шеберлікке жеткен соң, оның шығармашылық қабілеті дамиды, өзіндік идеясы туып, үлкен ізденіс пайда болады. Дарынды баланың бойындағы дамыған сана белсенділігі мен таным белсенділігі, тума қабілеті. Ол қабілет мектепте сан алуан ғылыми салалардан білім алу арқылы және ұстаздардың көмегі арқылы ашылады және дамиды. Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы талант көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға өз әсерін тигізеді.

“Дарындылық — адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет”. Әр баланың бойында табиғат берер ерекше қабілеті, дарындылығы болады. «Бұлақ көрсең көзін аш» - дегендей, осындай баланың бойындағы дарындылық қасиетін дамыту көбіне мұғалімдердің кәсіби біліктілігіне байланысты екендігі айдан анық. Жаңа «субъект-субъект» оқыту парадигмасымен жұмыс жасау, әр баланың бойындағы дарындылық қасиеттерін анықтап, дамыту, мектепте өз дәрежесінде жүргізілуі керек. Дарындылық пен қабілеттіліктің не екенін, оқушы дарындылығын анықтайтын психодиагностикалық әдістемелердің тиімділігін, нәтижелілігін білетін мұғалім ғана дарынды оқушымен нәтижелі жұмыс істей алады. Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты — олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету- оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. Баланың дарындылығын анықтап, олармен жұмыс жасау қалай жүзеге асырылуы керек? Ол үшін оқушының дарындылығын анықтап, дамыту үшін әр пән мұғалімі өзінің алдына мынандай мақсаттар мен міндеттерді қоюы керек:

- Дарынды оқушының ақыл-ойының, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы мен ерекшеліктерінің өзіндік ашылу деңгейі мен өлшемін ескеру;

- Жан-жақты ақпараттандыру;

- Коммуникативті бейімдеу;

- Дарынды оқушының шығармашылық бағытының ашылуына, дамуына, қоршаған ортаға өзін-өзі жарнамалауына көмек көрсету.

Осы мақсаттар мен міндеттерді орындауда мектеп ұстаздары мынандай жұмыс түрлерін өз іс-тәжірибелерінде пайдаланса өз өнімді нәтиже алмақ:

1) Икемді және ұтқыр оқу жоспарын құру;

2) Жеке пәндерді оқытуда тәуелсіз қозғалыс жасау;

3) Дарынды оқушының өзінің жұмысын өзі жоспарлап, шешім қабылдауына ықпал ету;

4) Дарынды оқушының қызығушылығына байланысты оқу жоспарын құру;

Осындай жұмыс түрлерін ұйымдастыруда ұстаздар мынандай мәселелерге баса назар аударулары керек:

- Пән сабақтарында шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды іріктеу, орындау, талдау жұмыстарын жүйелі жүргізуге;

- Дарынды оқушылардың білім деңгейі мен олардың өз мүмкіндіктерін пайдалану көрсеткішін арнайы әдістемелер бойынша жүйелі түрде тексеріп отыруға;

- Сабақтан тыс мезгілде жүргізілетін жұмыстарға - пәндік олимпиада, ғылыми конференцияға, интеллектуалдық турнирлер мен шығармашылық байқауларға дайындық жұмыстарын жыл бойы жоспарлы жүргізуге;

- Білім беру мекемелерінде дарынды оқушылар үшін арнайы сыныптар мен топтар құрып, оқу бағдарламаларын жеделдетіп оқытуды ұйымдастыруға;

Ал енді бұл мақсаттармен міндеттердің нәтижесі дарынды оқушымен жұмыстағы өткізілетін пән олимпиада жетістіктерінен байқалатыны белгілі. Ғалымдардың айтуынша, жалпы адамның қолынан келмейтін нәрсе жоқ. Талпынсаң вундеркинд болу да, полиглот болу да өз қолыңда. Дарындылықты қалыптастыруға болады. Ой еңбегімен жиі шұғылдансаң, данышпандықтың да ауылы алыс емес.[2]

Егеменді елімізді дүние жүзі елдерімен терезесі тең болатын дәрежеде өркендететін, негізгі тұтқасын ұстайтын, дүние әлемін шарлайтын біздің дарынды да қабілетті ұландарымыз екенін ұмытпайық. Олардың бойындағы дарынын қабілетін дамыту – ұстаз, ата-ана және қоғам қауымының міндеті. Бала дарындылығын тәрбиелеу үшін жүргізілетін жұмыстардың мазмұны мен түрлері сан алуан. Бұларды нақты жағдайларға оқушылардың жас және дара ерекшеліктері, туған жері мен отбасы жағдайына байланысты жүргізе білу әрбір мұғалімнің жеке шығармашылық ісі. Әдетте, дарынды балалардың қабілеті басқа оқушылардан ерекше болады. Дарынды балалардың қабілеттерін ойдағыдай дамыту үшін қабілеттерінің қандай дәрежеде қалыптасқанына зер салғаны абзал.

Мұғалімнің оқу –тәрбие жұмысындағы әдіс – тәсілдерінің қай – қайсысы болсын, оқушылардың сана – сезімін. Ақыл – ойын дамытуды мақсат ететін болғандықтан дарынды оқушылардың ерекшеліктерін біліп, санасып отыру керек. Қазіргі таңда Векслер Равиннің интеллектуалды зерттеуге арналған тестісі бойынша түрлі зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Дарынды оқушылар мен жұмыс жүргізуде олардың жеке ерекшеліктерін психологиялық тұрғыдан бірнеше бөлікке бөліп қарастырады. Оның құрамындағы ең басты бөлік – оның бағыты (өмірлік позициясы, сенім, талғамы, қызығуы);

Екінші бөлік – жеке адамның танымдық – психикалық қасиеттері (зейін, түйсік, қабылдау, ес, ойлау, қиял).

Үшінші бөлік – оқушының сезімі мен ермі.

Төртінші бөлік – оқушының темпераменті.

Бесінші бөлік – оқушының қабілеті (іс - әрекет мүмкіншілігі).

Дарынды оқушыларды таңдау барысында мына ерекшеліктерге баса назар аударылады:

Бірінші – дарынды бала өзгеше ойлайды және шапшаң ойлайды. Яғни, көп көлемде білім меңгереді және оларды ұмытпайды. Түсінік танымы өте жоғары.

Екінші – дарынды балалардың ішкі сезімі жағынан өзгешелігі. Өте сезімтал, толыққандылық, ықылас қойған нәрсенің тақырыбын әр жерде негізгі мәселе етіп қояды.

Үшінші – дарынды оқушының физикалық тұрғыдан ерекшелігі: дамудағы шапшаңдылық, ақындарша сөйлеу жиі – жиі ойға берілу, қиял күшінің басымдылығы.

Төртінші – әлеуметтік тұрғыдан ерекшелігі: адамгершілік сезімдерінің ерте дамып, жоғары моральдық қасиеттерге ие болу, достық әзілдік сезімнің басым түсуі.

Дарынды оқушы бұл 4 топтың бірінде өте жоғары нәтиже көрсетуі мүмкін. Егер осы қасиетті, ізгілікті жерде жақсы бір тағаммен ұштасып жатса, жылдар өте келе бұл балалардан үлкен кеменгер шығуы ғажап емес. Дарынды балалардың қабілетінің арта түсуі мақсатында мұғалім сыныпта мынадай жұмыстар жүргізеді:

I. Сыныпта дарынды балалар туралы мәлімет жинау және қай пәннен дарынды екенін анықтау;

II. Дарынды балаларға түрлі зерттеулер жүргізіп, оның нәтижесінде мінездеме жазу.

Ол үшін мынадай жұмыстар жүргізіледі:

1. Бала бойындағы қабілеттерді бақылау.

Оқушыны алдымен қабілетіне қарап сыныптан шартты түрде даралау керек. Бұл даралауда құпиялық сақталады. Ол оқушының зерттеу объектісінде өзі де, сыныптастары да білмеуі керек, яғни, бақылау табиғи түрде жүргізілуі керек. Оның сыныпта тапсырмаларды орындаудағы белсенділігі, ұтқыр жауаптары, жаңа сабақты жылдам меңгеруі, үй тапсырмасын орындағандағы тиянақтылық қайталау сұрақтарына мүдірмеуі т.с.с. есепке алынады. Зерттеу жүйелі жүргізуді талап етеді.

Байқау әдісі. Бала ерекшеліктеріне, жалпы әрекетіне бақылау жүргізеді.

Әдіс шарттары:

1. Байқау ұзақ мерзім жүргізіледі:

2. Мақсатқа жетуге айқын көрсеткіштер жинақтау, мысалы есеп шығаруда неге мән береді;

3. Бақылау құралдарының жеткілікті болуы және оның дер кезінде қағазға түсуі;

Әңгімелесу. Мұнда алдын-ала жоспарланған сұрақтар мен қатар жанама сұрақтардың рөлі ерекше. Әңгіме желісі үнемі проблеманы шешуге әкеп соқтырып, отыру керек.

2. Потенциалды мүмкіндіктерін анықтау.

Ерекше бағыттағы мүмкіндігін анықтағанда тесттер қолданылады. Тестті топқа және жеке оқушыға жүргізуге болады.

2.1. Есте сақтауы.

Аз уақыт аралығында сөзді есте сақтауы. Айтылатын сөздер тізбегі балаға таныс болуы керек. Аралығы жарты секунд әр сөз тек бір рет айтылады. Жауапты балмен қорытындылайды. 16 түрлі сурет көрсетіледі, 30 секундтан кейін оларды алып тастайды. Бала суреттерді еске түсіріп айтып беруі керек. Жауапты балмен қорытындылайды.

2.2. Көзбен шалып анализ синтез жасау.

- 4 суреттен береледі. Олардың ішінен артық сурет сызылып тасталады. Баланың бейнемен таныстығы да ескеріледі. Баллдық жүйемен бағаланады.

- Көзбен салыстыру. Бірінші екіге бөледі. Оның біреуіне өзара сәйкестігі бар екі сурет салынады. Мысалы, ит кшһүшігімен. Екіншіне жалқы сурет салынып, сұрақ белгісі қойылады. Мысалы үйрек, әтеш, балапан, күшік. Бала сұрақ орынына қойылатын суретті іздейді. Мұндай салыстыруларды әр түрлі тақырыптан алған дұрыс.

2.3. Сөзден тікелей анализ синтез жасау.

- 4 – 5 сөз айтылады. Олардың ішінен басқалармен сәйкестігі жағын алап тастау керек.
- Салыстыру. Біріншіден екі сөз айтылады. Мысалы: сағат, уақыт. Екінші, бір сөз айтылады. Мысалы: градусник - ? содан кейін мүмкін сөздер тізбегі беріледі. Мысалы : әйнек, сырқат, төсек, температура, дәрігер.

2.4. Ойлауы.

- 5 тен кейін қай сан тұруы керек? 1,3,5,? 4, 6, 7.
Қазіргі кездегі математикалық білім баланың интелектісін, дербес ойлауын дамытуға бағытталған. Математикалық бастауыш білім мазмұны біртекті емес және екі деңгейді қамтиды; міндетті (минимум) және мүмкіндік деңгейлері. Міндетті деңгейге бастауыш мектеп көлеміндегі берік игерілуге тиісті материалдар жатады. Олар теріс емес бүтін сандардың ауызша және жазбаша нумерациясы; аса маңызды шамалар және олардың өлшем бірліктері; жәй есептің негізгі түрлері және оларды шешу және т.б. Осы деңгейдің материалын әр оқушы қанағаттандырырлықтан төмен емес деңгейде игеруі тиіс. Ал мүмкіндік деңгейлеріне, мазмұны тұрғысынан алғанда негізгі мәселемен үйлесетін, алайда оқушының математикалық ой - өрісін кеңейтуге бағытталатын, үйреншікті емес түрде ұсылынатын және де оны орындау шығармашылық іс - әрекетпен ұштасатын материалдар жатады. Мұның бәрі міндетті деңгейдің материалын кеңейте және тереңдете түсуге қызмет етеді. Топ бағдарламамызға сүйене отырып, республикамызда профессор Т.Қ. Оспановтың жетекшілігімен «Математика» оқулықтары жарық көрді. Сонымен қатар қазіргі уақытта мектептерде «Алматыкітап» баспасынан шыққан төмендегі авторлардың «Математика» оқулықтары оқытылады:

1. Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, В.В.Буровова. Математика 1;
2. Ә.Б.Ақпаева, Л.А. Лебедева, В.В.Буровова. Математика 2;
3. Ә.Б.Ақпаева, Л.А. Лебедева, В.В.Буровова. Математика 3;
4. Ә.Б.Ақпаева, Л.А. Лебедева, В.В.Буровова. Математика 4.

Оқушының білімінің сапасына әсер ететін факторлардың бірі оқулық болса, ондағы жаттығулардың мәні, мағынасы, мүмкіндіктерінің ролі басқа. Сол себепті мұғалім ең алғаш оқулықтың құрылымымен ондағы есептердің мазмұнымен танысып алу қажет. Қай есеп деңгейдегі балаға арналған. Оны қай кезде беруге болады, т.с.с. мәселелерді алдын – ала ойластыру керек. Жаңа буын оқулықтары П.М. Эрдниевтің «Дидактикалық бірліктерді ірілендіру» (ДБІ) технологиясына негізделген. ДБІ әдістемесін жүзеге асырудың басты қағидалары мынадай:

1. Қарама – қарсы ұғымдарды, әрі өзара байланысты операцияларды қатар оқыту.
2. Тура есепке кері есеп ойлап табу, шығаруды кеңінен қолдану.
3. Деформацияланған жаттығуларды пайдалану.
4. Өз бетінше, шығармашылыққа берілетін тапсырмалардың үлес салмағының артуы.

Оқыту практикасы «қосу мен азайту», «көбейту мен бөлу» бұрынғыдай төрт бөлек тақырып етіліп өтілмей, қатар ұсынылуының тиімділігін көрсетіп отыр. Бұл арқылы оқу уақыты 20 % дейін үнемделеді. Ал үнемделген уақыт білімді тереңдетуге өте қажет.

1. Оқулықтағы негізгі тапсырмалардың бірі кері есептерді шығару. «Кері есеп» ұғымын ғылымға академик П.К. Анохин енгізді. Кері байланыс (офферентация) деген психологиялық ұғыммен байланысты. Кері есептерді шығару, тура есепті кері есепке айналдыру арқылы баланың белсенділігі, қызығушылығы артады, шығармашылық дербестік пайда болады. Жаңа буын оқулықтарына бес түрлі: қосындыны табуға, қалдықты, бірнеше бірлікке артық не кем санды табуға, айырмашылық салыстыруға берілетін есептердің кейбіреуі кері есеп болып табылатын есеп ретінде белгісіз қосылғышты, азайғышты табуға байланысты есептер бірінші сыныптан – ақ енген.

«Кері есеп» ұғымы алғаш көрнекіліктер арқылы түсіндірілуі тиімді: мысалы столға бес кітап қойып, оның жанына портфельді орналастырған соң, мына есеп айтылады. Столда бес кітап бар, ал портфельдегі кітаптардың үшеуі артық. Портфельде қанша кітап бар?

Бұдан соң: не белгілі, не белгісіз, артық па, кем бе екенін анықтауға арналған сұрақтар беріліп жауаптар алынады. Есеп шығарылады. Кері есепке көшер алдында столдағы кітаптарды алып тастап, балалар портфельде сегіз кітап бар, ал столдағы кітаптың одан үшеуі кем. Столда неше кітап бар? Есеп шығарылған соң, алдыңғы есепте не белгілі болды, нені таптық, ал соңғыда ше? деген сұрақтарға жауап алынады. Белгісізді бірінші жағдайда қандай амалмен тапқанымызды анықтаймыз. Содан кейін ғана «кері есеп» ұғымы енгізіледі. Осы типтердегі есептерді көрнекіліктер арқылы шешуді меңгерген кезде төмендегідей абстрактылы есептерге көшуге болады. Мысалы:

Тура есеп

3, 2, □

Алмас 3 жаста, Самат одан

екі жас үлкен. Самат неше жаста?

Шешуі: $3+2 = 5$ (жас)

Кері есеп

3, □, 5

Алмас үш жаста, Самат бес жаста

Самат Алмастан неше жас үлкен?

Шешуі: $5 - 3 = 2$ (жас)

Жаңашыл мұғалімдердің пікірі бойынша есептің осылай беріліп, шешілуінің пайдалы екені айтылып өтіледі. Технологияның кейбір қиындықтары «кері әдістің» теориясын білмеуден болып жатады.

2. Деформацияланған жаттығуларды шешу.

18 : □ + 65 = 67 түрінде «әйнекшелермен» берілген мысалдарды шығару психологиялық тұрғыдан ашып қарасақ, оқушы бірнеше қайтара салыстырулардан тұратын әрекет барысында логикалық операциялардың жаңа түрлерін меңгере отырып, ойлаудың жоғары сатысына көтеріледі.

3. ДБІ технологиясында оқушылардың есептеу дағдыларын дамытуға ерекше мән беріледі. Мұндай есептер ауызша және жазбаша болып бөлінеді, бастауыш мектепте негізінен ауызша есептеуге арналған жұмыстар көп жүргізіледі, өйткені арифметикалық амалдардың теориясын түсіну, оны практикалық жолмен саналы меңгеру мәселелері шешіледі.

Дәстүрлі әдістемеде ауызша есептеулердің төмендегідей түрлерін жүргізу қабылданған.

1. Математикалық өрнектердің мәндерін табу.
2. Өрнектерді салыстыру.
3. Теңдеулерді шешу.
4. Есептер шығару.

Мұғалім оқушыларға тапсырмаларды шығартып қана қоймай, қорытындылап жасауға үйретеді. Демек, оқушыны салыстыру, талдау, жинақтау арқылы өз ойын айтуға, ортаға салуға машықтандыруы тиіс.

4. Оқулықтағы келесі ерекшелік – шығармашылық тапсырмалардың мол болуы. Шығармашылық тапсырмалар өз дәрежесінде орындалып, тиісті нәтиже беру үшін оларды дұрыс ұйымдастырудың ролі зор. Оқушыларды қызықтыру, ойландыру, барлық жауаптарды тыңдау, оларды

талдау, дұрыс шешімді дәлелдеу сияқты кезеңдер тәртібі сақталуы керек. Тек сонда ғана оқушы «жаңалық» ашу мүмкіндігіне ие болады. Шығармашылық тапсырмалар арқылы баланың тиянақты білімі, табандылығы, білім дағдысы, көрегендігі, қырағылығы, идеяларын іске асыруы, болжау қабілетінің дамуы байқалады, ғылыми ізденісі дамиды. Шығармашылық тапсырмалар өз дәрежесінде орындалып, тиісті нәтиже беру үшін мұғалімнің дұрыс ұйымдастыруының маңызы зор. Оқушыларды қызықтыру, ойландыру, барлық жауаптарды тыңдау, талдау жасау, жауаптарын тексеру сияқты кезеңдер тәртібін сақтау керек. Сонда ғана бала ізденушілік, зертеушілік мүмкіндігіне ие болады. Оқулыққа көптеген міндетті емес, шығармашылық тапсырмалар берілген. Мұғалім алдын ала ойластырып жоспарлап алуы қажет. Сондай тапсырмалардың бірнешеуіне тоқтала кетейік.

Тапсырма «Әкең неше жаста» - деп сұраған досына Азат: «мен әкемнен 5 есе жаспын, інімнен 5 жас үлкенмін, ал әкем мен інім екеуінің жасын бірге алғанда 61 – ге тең» - деп жауап берді. Азат неше жаста? Бұл тапсырманың шешімі мұғалімдер үшін

$$\begin{cases} x : 5 = y + 5 \\ x + y = 61 \end{cases}$$

деген теңдеулер жүйесі құрылады. Оның шешімі: $x = 55, y = 6$

Алайда, бастауыш сынып оқушылары теңдеуді шеше алғанымен, теңдеулер жүйесі олар үшін мүлдем таныс емес мәселе. Сондықтан тапсырма «сынап көру» тәсілі бойынша шешілетін. Ол үшін оқушыларды бағыттау мақсатында мынадай сұрақтар қойылуы мүмкін:

- Азаттың әкесі шамамен қанша жаста болуы мүмкін?

Күтетін жауап: Шамамен 50-дің ішінде, себебі әкесі мен інісінің жасын қосқанда 61 болады.

- Азат неше жаста болуы мүмкін?

Күтетін жауап: Шамамен 10 жастың арғы немесе бергі жағында.

- Ал онда осы сандарды тексеріп көрейік.

- Азаттың әкесінің жасы 5-ке бөлінетін сан болуы керек. Сонда 50 немесе 55, 60. Егер 50 десек, $50:10=5$ (есе үлкен), ал Азат інісінен 5 жас үлкен болуы керек $10-5=5$ (жас үлкен). Інісі мен әкесінің жасы 61 болу керек, $50+5=55$ (бұл теңдік қатысты емес)

Әкесін 55 – те деп алайық. Азат одан 5 есе кіші болу керек

$55:5=11$ (Азаттың жасы). Азат інісінен 5 жас үлкен, $11-5=6$ (інісінің жасы).

Яғни, Азат 11-де, әкесі 55-те, ал інісі 6-да.

Мұғалім оқушыларға болжамдық сұрақтарын қою арқылы және есепті мәліметтерге сүйену арқылы шешімін табуға бағыттап отыруы қажет.

178 – бет. Екіншісі біріншісінен 3 есе артық, ал үшінші екіншісінен 3 есе артық болатын кез – келген үш санның шеткі екеуінің көбейтіндісін ортанғы санмен салыстыр. Не байқадың?

Жауабы: Тапсырма шартын қанағаттандыратын бірнеше сандардың үштігін алайық.

1, 3, 9; 2, 6, 18; 2, 9, 27; 4, 12, 36

Бұлардың «Шеткі екеуінің көбейтіндісін шығарайық». Және ортанғымен салыстырайық. Сонда:

$$\begin{array}{ll} 1 \times 9 = 9 & 9 = 3^2 \\ 2 \times 18 = 36 & 36 = 6^2 \\ 2 \times 27 = 81 & 81 = 9^2 \\ 4 \times 36 = 144 & 144 = 12^2 \end{array}$$

Осындай есептер шығарту арқылы оқушыларға санның квадраты, кубы ұғымдары қалыптастырады. Жасыратыны жоқ, қазіргі таңда кейбір мектептерде шығармашылық тапсырмаларға оқушы тұрмақ, мұғалім жауап таба алмайды. Сол себептен, мұғалім көбіне ондай тапсырмаларды үй жұмысы ретінде беріп жатады. Оны оқушы, ата – ана түсінбей, шығарусыз келеді. Шешімі табылмаған тапсырма, «жабулы қазан» күйін кешеді. Сол себептен мұғалім терең ойлана отырып, оқушыларға бағыт – бағдар беру арқылы есептің шешімін тапқызуы қажет.

4 сынып мүмкіндік деңгейінде оқушылардың білімін тереңдететін негізгі мәселелерді қайталау, дамыта түсу, рим цифрлары мен олар бойынша сандар құрастыру, ондық санау жүйесінің ерекшеліктері, төрт амалмен қоса дәреже шығару амалы, «санның квадраты және кубы» сияқты мәселелер мұғалімдерден елеулі теориялық білім талап етеді. Жалпы алғанда мұғалім 4 – сыныпта жанадан енгізілген есептердің қатар мен шығарылу жолын білу керек. Ондай есептер: жанама түрде тұжырымдалған қатынас («бірнеше берлік артық не кем», «бірнеше есе артық не кем») ұғымдарымен байланысты есептер; шамалар «тобының - үштігінің» арасындағы тәуелділікке байланысты (тік

төртбұрыштың ұзындығы, ені, ауданы, заттың бағасы, саны, құны; бір заттың массасы, саны, жалпы массасы; бірқалыпты түзу сызықты қозғалыстағы жылдамдық, уақыт, қашықтық) есептер. 4 – сыныпта есептер көбіне алгебралық тәсілмен, яғни оны теңдеу құру арқылы шешуге құрастырылған. Мұғалім оқушыларға белгісіз компоненттерін (қосылғыштарды, азайғышты, көбейткіштерді, бөлінішті, бөлгішті) әріп арқылы белгілетіп, теңдеу шешу тәртібін түсіндіру қажет.

Қозғалысқа байланысты есептер шығаруда міндетті деңгейде қозғалысқа байланысты бір амалмен шығарылатын есептің қарапайым түрі қарастырылады. Соларды шығару барысында жылдамдық, уақыт, қашықтық қалай табылатының оқушылар сапаны және берік игеру тиіс делінсе, мүмкіндік деңгейде есептің осы түрімен әр алуан шығармашылық іс - әрекет орындауға тура келеді, атап айтқанда, берілген есепке кері есеп құрастыру, есептің шартын немесе сұрағын түрлендіру; қысқаша жазуы бойынша есеп құрастыру және шығару, салыстыру. Қозғалысқа байланысты есеп құрастырғанда мынадай тәуелділік пен өзара байланыс ескерілуі тиіс:

- а) екі дене екі жерден бір мезгілде шығып, біріне – бірі қарама – қарсы қозғалды;
- ә) екі дене екі жерден әр түрлі уақытта шығып, біріне - бірі қарама – қарсы қозғалды;
- б) екі дене бір жерден бір мезгілде шығып, біріне - бірі қарама – қарсы бағытта қозғалды;
- г) екі дене екі жерден бір мезгілде шығып, біріне - бірі қарама – қарсы бағытта қозғалды;
- д) екі дене екі жерден әр түрлі уақытта шығып, біріне - бірі қарама – қарсы бағытта қозғалды;
- е) екі дене екі жерден бірінің соңынан бірі шығып, бір бағытта қозғалды;
- ж) екі дене екі жерден бірінің соңынан бірі шығып, бір бағытта қозғалды;

Осындай жағдайлардың қайсысы қарастырылса да, әрдайым уақыттың, жылдамдықтың, қашықтықтың өзгерісін бағалауға тура келеді.


Мүмкіндік деңгейдегі оқушылар мен жұмыс тек оқулықтағы тапсырмалар мен есептерді шығарумен шектеліп қалмауы тиіс. Мұғалім сол тақырыпқа немесе есепке байланысты әр түрлі қызықты тапсырмалар мен есептер беруіне болады.

Мысалы: 1) Амалдарды орындауға байланысты мынадай тапсырмалар беруге болады.

1. Бірдей 5 саннан мынадай теңдіктер орындандар:

1 = (3+3+3):3x3	1 = 2 2 2 2 2
2 = 3 3 3 3 3	2 = 2 x 2 x 2 : 2 : 2
3 = 3 3 3 3 3	3 = 2 2 2 2 2
4 = 3 3 3 3 3	4 = 2 2 2 2 2
5 = 3 3 3 3 3	5 = 2 2 2 2 2
6 = 3 3 3 3 3	6 = 2 2 2 2 2
7 = 3 3 3 3 3	7 = 2 2 2 2 2
8 = 3 3 3 3 3	8 = 2 2 2 2 2
9 = 3 3 3 3 3	9 = 2 2 2 2 2
10 = 3 3 3 3 3	10 = 2 2 2 2 2

2. Қызығушылығын арттыратын «қызықты мысалдар» беру:



3. Логикалық тапсырмалар:

а) Ағаш үстінде 100 торғай отырды. Аңшы 10 торғайды атып алды. Торғайлардың қаншасы қалды?

ә) (IX) тоғыз цифрының жартысын алып тастап, 4 цифрын қалай қалдыруға болады?

б) Тәулігіне неше рет минуттық стрелка сағаттық стрелкадан озып айналады?

4. Математикалық ребурстар сөзжұмбақтар шешкізу.

5. Теңдеулер мен өрнектің мәнін таптыру.

Міне, осындай тапсырмаларды құрастыру мұғалім шеберлігі мен шығармашылығын талап етеді.

Қорыта айтқанда, мұғалім біліміне мынадай талаптар қойылады:

- өзінің сабақ беретін пәнін мемлекеттік стандарт деңгейімен жоғары деңгейде білуі;
- Қызмет нысанын, яғни бірінғай педагогикалық үрдісті білуі;
- Оқушы дарындылығының моделін білуі;
- Жеке тұлға теориясын, оны қалыптастырудың әдіс – тәсілін білуі;

- Дарынды оқушыны оқыту тәрбиелеу үрдісінде үлгеріміне ғана көңіл бөлмей, оның басқа көрсеткіштермен байланысына да көңіл бөлуі;
- Дарынды оқушылардың ерекшелігін ескере отырып оларға шығармашылықпен жұмыс жасайтын тапсырмалар дайындай білуі.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы»
2. Жексенбаева Ү, Жеке тұлға дарындылығы. “Қазақстан мектебі” №1, 2010.
3. Әбілмәжінова Н. Дарынды оқушылармен жұмыс. “Қазақстан мектебі” №2, 2011.
4. Мүрсәлімова М. Дарынды балалармен жұмыс. “Қазақстан мектебі” №6, 2009.

Аннотация. Система образования во все времена опиралась на достижения науки и техники, способствуя, в свою очередь, дальнейшему их развитию. Анализ исследований по применению компьютеров в обучении математике приводит к заключению, что вопросы методики применения открытых компьютерных программных средств на уроках математики способствует к созданию программ. Это приводит к необходимости разработки педагогических компьютерных программных средств с использованием инструментальных средств, ориентированных на непрограммирующего пользователя и разработки методики их применения при традиционном обучении математике.

Annotation. The education system at all times was based on the achievements of science and technology, contributing in turn to further their development. An analysis of studies on the use of computers in teaching mathematics leads to the conclusion that the use of open questions methodology of computer software in math class contributes to the creation of programs. This leads to the need to address the development of educational computer software, using tools focused on neprogrammiruyuschego user and to develop methods of their use in traditional teaching mathematics.

УДК 412.36: 58

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДЕ ЖАҢА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**А.А. Тлеубаева
№9 орта мектеп, Тараз қ.**

Педагогикалық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің, оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдалармен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері. Мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды.

Бүгінгі таңда П.М. Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы, Д.Б. Эльконин мен В.В. Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, Ш.А. Амонашвилидің ізгілікті – тұлғалық технологиясы, В.Ф. Шаталовтың оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясы, М. Ношановтың проблемалық модульді оқыту технологиясы, В.М. Монаховтың, В.П. Беспальконың және басқа да көптеген ғалымдардың технологиялары кеңінен танымал. Қазақстанда Ж.А. Қараевтің, Ә. Жүнісбектің, М.М. Жанпейісованың технологиялары белсенді түрде қолдануда. Дарынды балалармен тұрақты және жүйелі жұмыс жасауда М.М. Жанпейісованың модульді оқыту технологиясын пайдаландық. Технологияның бұл нұсқасы модульдік сипатта.

Оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен: кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытынды бөлімінен тұрады.

Осы бөлімдердің мазмұнына қысқаша тоқталып өтейік.

Оқу модулінің ерекшелігі – жалпы сағат санына қарамастан, кіріспе және қорытынды бөлімдерге 1 – 2 сағат беріледі. Барлық қалған уақыт сөйлесу бөлімінің меншігінде.

Кіріспе бөлімінде мұғалім оқушыларды оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат – міндеттерімен таныстырады. Сонан соң мұғалім қысқаша (10 – 20 мин) сызба, кесте, т.б. белгілік

үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді. Сонымен қатар оқушылар бағдарламаның осы тарауын (тақырыбын) неге және не үшін оқып – үйренулері тиіс, алдағы жұмыстың негізгі оқу міндеті қандай екенін түсінуі қажет. Психологтар дәлелдегендей, білімді неғұрлым тиянақты меңгеру үшін оқушылардың мақсатты түсінуі аса маңызды. Сөйтіп, оқу модулінің кіріспе бөлімінде мұғалім:

а) оқушыларды оқу модулінің жалпы құрылымымен және мазмұнымен таныстырады;

ә) оқушылардың осы оқу модуліндегі танымдық қызметінің мақсаттары мен міндеттерін анықтайды, әсіресе бұл мақсаттар мен міндеттерді әрбір оқушының «Қабылдауына» түсінуіне ерекше көңіл бөледі;

б) тірек сызбаларға сүйене отырып, модульдің тұтас тақырыбы бойынша оқу материалын қысқаша (15-20 мин.) түсіндіреді.

Оқушылардың оқу материалын қайта жаңғырту деңгейін, қарапайым білік пен дағдыларды және білімін іс жүзінде бірнеше рет қайта қолдануы сөйлесу бөлімі сабақтарында жүзеге асырылады.

Тақырып мазмұнына «өсу» бағытымен – қарапайымнан күрделігі, репродуктивтік тапсырмалардан шығармашылық сипаттағы тапсырмаларға, зерттеушілік қызмет элементтеріне қарай бірнеше мәрте қайта оралып отыру әр оқушыға оқу материалдарымен жұмыс істей отырып, өз қабілеттерін, жадын, ынтасын, ойлауын, ауызша және жазбаша тілін дамытуға мүмкіндік береді. Сөйлесу бөлімінде танымдық процесс сыныпта 2 – 6 адамнан шығатын топтарға бөлу арқылы негізінен оқушылардың өзара әрекет етуіне құрылған. Оқушылардың танымдық қызметі әрбір оқушының әр сабақта үш күрделі деңгейде берілген оқу материалын тыңдау, жазу, көру және айту мүмкіндігі болатындай етіп құрылған. Сөйлесу бөлімінде оқушыларға стандарт талаптарына сай сараланған тапсырмалар берілді. (III және II деңгейлер).

I деңгей тапсырмалары дарындылықтың екі түріне – интеллектуалдық және креативтік дарынды балаларға арналған. Оқушылар қандай да бір деңгейдегі тапсырмаларды өздері таңдайды. Тапсырмаларды қарапайымнан күрделіге қарай кезең – кезеңімен орындау міндетті емес. Оқушы тапсырманы өзінің орындау мүмкіндігіне қарай таңдауға ерікті. Оқу модулінің сөйлесу бөлімі оқушылардың өзін - өзі оқытуына және өзін - өзі бағалауына, бірін – бірі оқытуына және бірін – бірі бағалауына құрылған. Бұл әрбір оқушы үшін тек үш деңгейлік тапсырмалар ғана емес, олардың үлгі жауаптарын да даярлау арқылы іске асырылады.

Оқу модулінің сөйлесу бөлімінің тағы бір ерекшелігі:

1) Оқуы және оқу;

а) дамытушы болады, соған байланысты мұғалімнің оқушылар мүддесіне бейімделуі қажет. Бұдағ шығатын: оқу процесін әрбір оқушының қисынды ойлау қабілетін, ауызша және жазбаша тілін, қабілеттіліктерін, танымдық қызметке қызығушылығын дамытуға бағыттап, жағдай туғызу керек.

ә) Даярлаушы болады, модульдің қорытынды (бақылау) бөліміне шығуға даярлайды. Сондықтан әр сабақта әрбір оқушыға қойылатын барлық бағалар мен берілетін бағалау бақылаушы емес, ынталандырушы сипатта болады. Бағалар мен бағалауларды негізінен оқушылардың өздері (өзіне, бір – біріне, командаға, топқа) береді.

2) Депродуктивті (қайта жаңғырту) сипатындағы оқыту проблемалық, ізденушілік, зерттеушілік оқытумен ұйымдастырылады.

3) Негізінен оқушылардың бір – бірімен қатынасына, өзара сөйлесуіне құрылған оқытудың белсенді формалары қолданылады.

Өзара қатынасқа және сөйлесуге құрылған оқыту оқу процесінде белсенді формаларды қолдану арқылы іске асырылады. Олар:

- топтық немесе жеке топтық;
- жұптық;
- ұжымдық.

Оқытудың бұл формалары жалпы немесе құрылымдық деп аталады.

Бұдан басқа нақты немесе арнайы формалары да бар:

- семинар;
- оқу конференциялары;
- диспут;
- топтық пікірталас және т.б.

Оқу процесін жандандыру құралының ішінде ойын, ойын арқылы оқыту ерекше орын алады. Зерттеулер көрсеткендей, дәстүрлі ұйымдастырылған оқу процесіне қарағанда, оқушылар ойынға, қатыса отырып, неғұрлым аз шаршайды, оқу қызметінен көбінесе жағымды эмоциялар алып, қанағаттанады. Оқу модулінің қорытынды бөлімі - бақылау. Егер сөйлесу бөлімінің барлық сабақтарында оқушылардың бір – біріне көмегі, бірін – бірі оқытуы, түрлі ғылыми көздерді

пайдалануы құпталынып келсе, енді қорытынды бөлімінде оқушы өзіні сөйлесу бөлімінде алған білімін, білігі мен дағдыларын ешкімнің көмегінсіз көрсетуі тиіс. Оқушы білімін бақылаудың формалары ретінде тестілік тапсырмалар, бақылау жұмыстары, сынақ, шығарма немесе диктант оқу пәнінің ерекшелігіне орай қолданып, оқу модулінің осы қорытынды бөлімінде беріледі. Зерттеушілік сипаттаға тапсырмалар бөлек есептелінеді. Олар баяндама, хабарлама, реферат түрінде болуы және оқушылардың ғылыми қоғамына, конкурстарға және т.с.с. ұсынылуы мүмкін.

Қазіргі таңда оқушылар білімін бақылауда міндетті тестілеу қолданылуда. Бақылау тәсілі ретінде тестілеу оқыту нәтижесінің мөлшерлік көрсеткіші болып табылады, бұл аса маңызды. Сонымен қатар мұғалімнің өз таңдауы бойынша (пәннің, тақырыптың, тараудың өзіндік ерекшелігіне орай сынақ, бақылау жұмысы, диктант жұмыстары) қолданылады.

Жоғарыда атап өткендей, бұл технология ойын арқылы оқытуға көбірек көңіл бөлген. Ойында мұғалім тек бағыттаушы ретінде ғана қызмет етеді. Оқушылар өздері бірін – бірі тексеріп, бірін – бірі бағалайды. Осы технология бойынша дарынды баллармен жүйелі жұмыстар жүргізуге мүмкіндік мол.

Жеке топтың жұмыс формасында жүргізілген ойын сабақтарының үлесі төмендегідей:

Қажетті құрал – жабдығы:

1. Бағалау парағы.
2. Үш күрделілік деңгейіндегі тапсырмалары бар парақ.
3. Жауап үлгілері.
4. Жетондар.

Ойынның жүру барысы.

Бұл сабақта оқушылар өз даярлық деңгейіне қарай тапсырмалар таңдай алады. Әр оқушының алдында барлық үш күрделілік деңгейіндегі сұрақтары бар парақтар жатыр (әр парақта 2 – 3 тапсырмадан).

Оқушылар деңгейді таңдайды.

III деңгей тақырып бойынша алынған ақпаратты қолданып, жеткізе білуді талап етеді.

II деңгей сұрақтары бұл ақпаратты талдай білуін талап етеді.

I деңгей (едәуір күрделі деңгей) сұрақтары шығармашылық сипаттағы тапсырмалардан тұрады, мұнда оқушылар ақпаратты бағалап, ол туралы өз пікірін білдіріп, оны негіздеп, дәлелдей білуі тиіс.

Жауаптар әр деңгейдің ішінде бес балдық жүйемен бағаланады. Оқушыларға өздеріне тиісті деңгейді таңдап алуға уақыт беріледі (2 – 3 минут).

I деңгейді таңдап алған балалар бөлек отырады (оларға көбірек уақыт беріледі). Әрбір сұраққа немесе тапсырмаларға дайындалу үшін оқушыларға 5 – 7 – 10 минут уақыт беріледі. Оқушылар жұп – жұбымен отырады. III және II деңгей тапсырмаларын таңдап алғандар бір – біріне бірінші сұрақ бойынша жауап береді. Сосын мұғалімне жауап үлгерімін алып, сыныптастарының жауабын салыстырады да, бағалау парағына бір – біріне баға қояды.

I деңгей тапсырмасын алған оқушылардың жауабын мұғалім өзі тексеріп, бағалайды.

Бұдан әрі 2, 3 сұрақтардың жауаптары да осы үлгімен дайындалады.

Жұмыс аяқталған соң, II және III деңгей тапсырмаларымен жұмыс істеген оқушылар әр сұраққа қойылған бағаларды негізінде өз сыныптасына бір ортақ баға шығарып, оны да бағалау парағына енгізіп, мұғалімдерге өткізеді.

I деңгей тапсырмаларымен жұмыс істеген оқушылардың бағалау парағын мұғалім өзі толтырады.

Бұл технология арқылы дарынды балаларды топтан бөліп алып, оқытуға, білімін шындауға болады.

Қазіргі таңда қолданылып жүрген озық технологияның бірі – дамыта оқыту технологияның бірі – дамыта оқыту технологиясы. Шығармашыл, қабілетті адамдар тәрбиелеуде дамыта азыту жүйесінің маңызы зор.

«Дамыта оқыту» проблемасына арналған екі эксперименттің бірін Д.Б. Эльконин мен В.В. Давыдов, екіншісі Л.В. Занков басқарады.

«Дамыта оқытудың» Д.Б. Эльконин - В.В. Давыдов жасаған жүйесінің көзделген мақсаттарына жету тек баланың өзінің белсенділігіне байланысты. Баланың ізденушілік – зертеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта – ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

Дамыта оқытудың бұл жүйесінің негізгі компоненттері төмендегідей:

1. Оқу мақсаттарының қойылуы;
2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру;

3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Дәстүрлі оқыту жаңа материалды мұғалім егжей – тегжейлі түсіндіріп, айтып береді. Соның нәтижесінде баланың сабақ баланың сабақ материалын игеруі жеңілдей түседі. Жұмыс нәтижелі болу үшін оқушы мұғалім қойған талаптарды мүлтіксіз орындауы қажет етіледі. Демек, оқушы алдын – ала бағдарлап, жоспарлап қойған іс - әрекеттің қатысушылары болып ғана қалады. Нәтижесінде оларда тек жақсы орындаушылық қабілеттер қалыптасады. Ал дамыта оқытуда оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді.

Дамыта оқытудың Л.В.Занков жасаған жүйесі «жоғары қиындықта оқыту принципін» көздейді. Дәстүрлі педагогика «қарапайымнан күрделіге, нақтыдан абстрактіге қарай» десе, дамыта оқыту жүйесінің авторлары бала ойлауын абстрактіден қарапайымға жетелейді.

№1 кесте. Дәстүрлі және дамытушы оқытуды салыстыру кестесі

	Дәстүрлі педагогика	Дамытушы педагогика
Мәні	Білім, ептілік, дағдыны меңгерту	Баланың өзін-өзі субъект ретінде өзгертуі
Мақсаты	Білім, ептілік, дағдыны игерту	Әрбір оқушыға оқып-тану үрдісінің өзіндік өзгертін субъектісі ретінде дамуға жағдай жасау, қасиет-қабілеттерін дамыту
Дамытудың негізгі факторы	Білім, ептілік, дағдының дәрежелері	Соған қоса маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу үрдісі
Мұғалімнің рөлі	Дайын білімді түсіндіруші, бақылау-шы, бағалаушы, тәртіпті қадағалаушы, білім насихаттаушы	Танымдық іс-әрекетті ұйымдастырушы, ұжымдық істердің ұйытқысы, кеңесші
Педагогтің негізгі талабы	Мен сияқты істе	Ойлап істе
Педагог қызметі	Білім беру	Адамды “өсіруші”
Әрекеттестік стилі	Авторитарлы	Демократиялы
Мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынастық стилі	Монологты (мұғалім жағынан)	Диалогты
Оқытудың басым әдісі	Мәліметтілік	Ізденісті-зерттеушілік
Сабақты ұйымдастыру түрі (формасы)	Фронтальды, топтық	Жекебастық, топтық
Мазмұнының негізі	Адамның кейбір сала-дағы іс-әрекеттерін құрастырудың жалпылама ұстанымдарына сүйеніп, анықталған мәселелерді шешудің дайын әдістері	Дамыту үрдісіндегі оқушылардың игеретін іс-әрекеттерді қалыптастыру ұстанымдарын анықтайтын ғылыми түсініктер
Әдіс-тәсілдер	Көрсету – түсіндіру – жаттықтыру – бақылау – бағалау	Оқу мақсаттарының қойылуы, ізденушілік-зерт-теушілік әрекеті, табылған шешімді дәлелдеу, шешімді тексеру
Әрекеттестік түрі	Басқарушы мен бағынушы	Іскерлік-серіктестік, ынтымақтастық
Әрекеттестік-тегі қызметтер	Мұғалім-жетектеуші, оқушы – орындаушы	Қызметтер бөлінбейді, бірлескен ізденіс

Педагогтің материалды түсіндіруге кеткен уақы-тымен салыстырғандағы оқушының өзіндік жұмы-сының уақыты	Өте аз	Салыстырмалы
Оқушы позициясы	Қызығу аз, пассивті	Қызығу бар, активті, ынталы, шабытты
Оқуға деген мотив	Эпизодты түрде туын-дайды	Әрқашан және мақсатты туындайды
Сабақтағы жанға жайлы сәттер	Кей кезде пайда болады	Әрдайым және мақсатқа бағытталған

Дәстүрлі оқулықтардағы жеңіл – желпі тапсырмалар орнына, баланың тапқырлығын, зерделілігін дамытатын шығармашылық тапсырмаларды орындау үлкен нәтиже беретіні дәлелденді. Қиындығы бар тапсырмалар баланың ақыл – ойын арттырып, шығармашылығын шыңдайды. Дәстүрлі сабақтардағы сұрақ – жауап, әңгімелесу әдістері балалардан таныс нәрсені сұрап білуге негізделеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жанпейісова М. Н. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы 2009
2. Головоломки со спичками. “Білім әлемі” №6, 2010.
3. Петерсон Л.Г. Математика.. Москва, “Баласс”, 2012.
4. Петерсон Л.Г. Горячева Т.С. Математика. Самостоятельные и контрольные работы. Москва, “Баласс”. “Школа” 2011, 1999.

Аннотация. Дидактические основы обучения одаренных детей на уроках математики являются основным содержанием, целью которого выступают теоретические знания и практические навыки в организации школьных математических олимпиад.

Annotation. Didactic principles of gifted education in math class are the main contents, the purpose of which are the theoretical knowledge and practical skills in the organization of school mathematics Olympiads.

УДК 423.12:81

СОВРЕМЕННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ ФИЗИКИ

Р. Хийманова

Средняя школа №16, Кордайский район

В течение последних десятилетий наблюдается активизация интереса школьников к предметам естественного цикла. Появились новые подходы к извечным проблемам: как и чему учить, новые педагогические технологии, приёмы, методы, новые взгляды на взаимоотношения воспитателя и воспитуемого, учителя и ученика. Сегодня особенно важно развивать познавательную деятельность учащихся, формировать интерес к процессу познания, к способам поиска, усвоения, переработки и применения информации, что позволило бы школьникам быть субъектом учения, легко ориентироваться в современном быстро меняющемся мире. Создаются новые технологии, разрабатываются новые методики преподавания, появляются нестандартные формы проведения уроков, вариативные программы и учебники и т. д. Успех во многом зависит от мастерства учителя. Однако нужного результата можно не достичь, если не учитывать индивидуальные особенности ребенка. Современное преподавание в школе сталкивается с проблемой снижения интереса учащихся к изучению предметов. Такой школьный предмет как физика общество давно отнесло к категории самых сложных. Перед педагогом ставится задача – пробудить интерес, не отпугнуть ребят сложностью предмета, особенно на первоначальном этапе изучения курса физики.

Особенно важна в настоящее время проблема развития творческих способностей учащихся, ведь сейчас первостепенной задачей стало воспитание ученика творческой личностью средствами каждого учебного предмета. Чтобы учение не превратилось для ребят в скучное и однообразное

занятие, нужно на каждом уроке вызывать у ребят приятное ощущение новизны познаваемого. Знакомясь с множеством современных педагогических технологий по направлениям модернизации, я выбрала технологии на основе активизации и интенсификации деятельности учащихся. Принцип активности ребенка в процессе обучения был и остается одним из основных. Под этим понятием я подразумеваю, такое качество деятельности, которое характеризуется высоким уровнем мотивации, осознанной потребностью в усвоении знаний и умений, результативностью. В нашей школе имеются компьютеры, есть доступ к Интернету, все больше компьютеров приобретает в семьях учащихся. Это способствует внедрению новых педагогических технологий в учебно-воспитательный процесс.

Стараясь повысить эффективность уроков, использую инновационные технологии: проблемного обучения, зачетную систему, элементы технологии уровневой дифференциации, здоровьесберегающие технологии.

Использование современных образовательных технологий позволяет рационально организовать процесс обучения, добиваться хороших результатов:

- Проблемное обучение
- Информационно-коммуникационные технологии
- Научно-исследовательская и проектная деятельность
- Интерактивное обучение
- Решение творческих задач

В течение ряда на своих уроках лет я использую элементы **проблемного обучения**. Сущность метода проблемного обучения состоит в том, что я конструирую свою или заимствую сконструированную другими исследовательскую задачу, а ученик ищет способ ее решения. Проблемные задания разной степени сложности, у каждой свое поле поиска. В трудных случаях ученикам необходимо помочь, но так, чтобы сохранить возможность творческого мышления. Проблемное задание отличается тем, что я намеренно провоцирую создание противоречивых ситуаций, порождая у учащихся стремление разобраться и устранить их. Традиционное обучение, как правило, обеспечивает учащихся системой знаний и развивает память, но мало направлено на развитие мышления, навыков самостоятельной деятельности. Проблемное обучение устраняет эти недостатки, оно активизирует мыслительную деятельность учащихся, формирует познавательный интерес. В зависимости от характера постановки проблемы, различают несколько типов ситуаций. В процессе объяснения нового материала я чаще всего применяю ситуации несоответствия и неожиданности.

Накоплен методический опыт, обобщены и систематизированы задания проблемной направленности по различным разделам курса физики. Например, если школьник занимается туризмом, то в реальных условиях похода он может получить целостное представление о физических законах, которые позволят ему обеспечить безопасность в экстремальных ситуациях; какой котелок и как надо расположить над костром, чтобы вода закипела быстрее; какой узел надо завязать на веревке, чтобы обеспечить надежную страховку; каких размеров и какой массы должна быть печка, чтобы обеспечить безопасность при совершении лыжного похода и др. Использование элементов проблемного обучения позволяет создать на уроке условия для творческой мыслительной работы учащихся. Отпадает необходимость неосмысленного запоминания большого объема учебного материала. Уменьшается время на подготовку домашнего задания, т. к. основная часть учебного материала усваивается на уроке. Степень познавательной активности учащихся на уроках зависит от того, какими методами пользуется на уроке учитель. Проблемное обучение выступает как одна из важнейших педагогических технологий, обеспечивающих возникновение мотивационного компонента учебно-познавательной компетенции учащихся на уроках физики. Эта технология привлекает меня своей нестандартностью, открывает передо мной большие практические возможности, способствует развитию творчества, преодолению пассивности учащихся на уроке, повышению качества знаний по предмету. При использовании данной технологии мы реализуем принцип коррекции знаний и их уровневой дифференциации, что дает возможность учащимся усваивать не только стандарт образования, но и продвигаться на более высокий уровень. Каждый свой урок выстраиваем таким образом, чтобы усвоение материала шло на 3 уровнях: репродуктивном, конструктивном и творческом. Расширяем воспитательно-образовательную деятельность, применяя в учебной и во внеурочной деятельности **информационно-коммуникационные технологии**.

Компьютерные технологии на уроках физики предполагает:

- использование мультимедиа-технологий при изучении учебного материала;

- интенсивное использование компьютеров как инструмент повседневной учебной работы учащихся и педагогов;
- изменение содержания обучения физики;
- реализация межпредметных связей физики с другими учебными предметами;
- разработку методов самостоятельной поисковой и исследовательской работы учащихся в ходе выполнения учебных телекоммуникационных проектов;
- обучения учащихся методом коллективного решения проблем;
- поиск и обработка информации в рамках изучаемого материала с использованием Интернет;
- использование электронных таблиц для решения задач;
- проведение виртуальных практикумов и лабораторных работ;
- подготовку учителей к работе с новым содержанием, новыми методами и организационными формами обучения.

Компьютерная коммуникация позволяет получить доступ к практически неограниченным массивам информации, хранящейся в централизованных банках данных. Это дает возможность при организации учебного процесса опираться на весь запас знаний, доступных жителю "информационного общества". Компьютерные средства обучения называют интерактивными, так как они обладают способностью «откликаться» на действия ученика и учителя, «вступать» с ними в диалог, что и составляет главную особенность методик компьютерного обучения. Совершенно уникальные возможности для диалога ребенка с наукой и культурой, интерактивное общение предоставляет Всемирная компьютерная сеть – INTERNET. Оснащенность нашей школы компьютерами дает возможность использовать на уроках компьютерные технологии. Они используются как способ диагностирования знаний учащихся, средство обучения, источник информации (учащиеся используют Internet), как тренировочное устройство. Без компьютера теперь обходится редкий урок физики, потому что это одновременно экспериментальная установка, справочник, средство контроля знаний. Информационные технологии повышают информативность урока, эффективность обучения, придают уроку динамизм и выразительность. Известно, что в среднем с помощью органов слуха усваивается лишь 15% информации, с помощью органов зрения 25%. А если воздействовать на органы восприятия комбинированно, усвоенными окажутся около 65% информации. На всех уроках мы используем мультимедийный проектор, для проецирования всего содержания записей «на доске» учителем. Благодаря этому записи всем в классе хорошо видны, более четки, ясны и образцовы.

Благодаря использованию информационных технологий на уроке можно показывать фрагменты видеofilмов, редкие фотографии, графики, формулы, анимацию изучаемых процессов и явлений, работу технических устройств и экспериментальных установок, послушать музыку и речь, обратиться к интерактивным лекциям. С помощью компьютера можно показать такие явления и эксперименты, которые недоступны непосредственному наблюдению, например, эволюцию звезд, ядерные превращения, квантование электронных орбит и т.п. С помощью моделей из виртуальной лаборатории, созданной в проектной среде "Живая физика" можно смоделировать процессы, происходящие в циклотроне, масс-спектрометре, показать движение электронов в магнитном поле. Демонстрация опытов, микропроцессов, которые нельзя проделать в школе, возможна без показа реальных экспериментов. Не менее практичным оказалось использование фотографии плакатов, сделанные цифровым фотоаппаратом.

В электронном виде эти плакаты более четко видны всем в классе, тем более, что можно увеличить необходимую часть плаката. Появляется возможность выполнить работу в виртуальной лаборатории путем выбора различных начальных параметров. Например, в курсе 9 класс есть лабораторная работа «Измерение ускорения свободного падения», которую предлагается, при отсутствии необходимого оборудования, провести по готовому рисунку в учебнике. Насколько эффективнее и интереснее её провести в форме компьютерного эксперимента, возможно с использованием Интернета. Наличие в школе компьютеров и подключения к сети Интернет позволяет организовать дистанционное обучение учащихся, не имеющих возможности посещать школу. Компьютерные модели легко вписываются в традиционный урок и позволяют организовывать новые виды учебной деятельности. Для самостоятельного решения в классе или дома задачи предлагаю задание, правильность решения которых они смогут проверить, поставив компьютерные эксперименты. Самостоятельная проверка полученных результатов при помощи компьютерного эксперимента усиливает познавательный интерес учащихся, делает их работу творческой, а в ряде случаев приближает её по характеру к научному исследованию.

В результате, на этапе закрепления знаний многие учащиеся начинают придумывать свои задачи, решать их, а затем проверять правильность своих рассуждений, используя компьютер. Составленные школьниками задачи можно использовать в классной работе или предложить остальным учащимся для самостоятельной проработки в виде домашнего задания. Задания творческого и исследовательского характера существенно повышают заинтересованность учащихся в изучении физики и являются дополнительным мотивирующим фактором. По указанной причине такие уроки особенно эффективны, так как ученики получают знания в процессе самостоятельной творческой работы.

При подготовке учащихся к домашним заданиям использование информационных технологий можно определить в следующих направлениях: проведение диагностики; поиск и обработка информации. Многие ученики, имеющие дома компьютер, используют обучающие программы для выполнения творческого домашнего задания, с результатами которого выступают на уроке. Это позволяет проводить индивидуальную работу с учениками, расширять их образовательную среду. Для проведения тематического и итогового контроля знаний учащихся составлены и используются на уроках компьютерные тесты. К наиболее эффективным и инновационным формам представления материала следует отнести мультимедийные презентации. Использование мультимедийных презентаций целесообразно на любом этапе урока, что позволяет мне оперативно сочетать разнообразные средства обучения, способствующие более глубокому и осознанному усвоению изучаемого материала, экономии времени на уроке, насыщению его информацией. Разработана и систематизирована медиатека уроков – презентаций по всем разделам курса физики. Презентация дает мне возможность проявить творчество и индивидуальность. Дети и сами охотно составляют презентации и используют их в своих ответах на уроке. В кабинете физики уже накоплена коллекция данных презентаций и картотека домашних лабораторных исследований с помощью компьютера.

В современных условиях предъявляются высокие требования не только к уровню знаний учащихся, но и к умению работать самостоятельно, к способности рассматривать проблему с точки зрения различных наук. Одной из форм моей работы с одаренными детьми является формирование у них **исследовательской компетенции**. Учащиеся приобщаются к пониманию глобальных экологических проблем, изучают проблемы с разных сторон, у них усиливается стремление к получению теоретических знаний в области физики, экологии, биологии и др. наук. Эта работа трудная и кропотливая, но в то же время очень интересная. Вместе с учащимися выбираем тему исследования, помогаем анализировать полученную информацию, а затем обобщить, выделить главное и исключить второстепенное. Очень важно, чтобы представленные к отчету материалы отвечали не только содержанию исследования, но и эстетическим требованиям. О выполненной работе надо не просто рассказать, ее, как и всякое настоящее исследование, надо защитить. Защита – венец исследовательской работы и один из главных этапов начинающего исследователя.

Целью проведения учебно-научной конференции является раскрытие творческого потенциала учащихся, ведение научно-исследовательской работы. На протяжении нескольких лет ученики принимают участие в городских, областных конкурсах, занимаются проектной деятельностью. Целью проведения учебно-научной конференции является раскрытие творческого потенциала учащихся, ведение научно-исследовательской работы, довузовская подготовка научных кадров. Проектную деятельность используем для того, чтобы научить учащихся самостоятельному, критическому мышлению, размышлять, опираясь на знание фактов, делать обоснованные выводы и принимать аргументированные решения, научить работать в команде. Метод проектов позволяет школьникам овладеть умением построения цепочки: от идеи через цели, задачи, мозговой штурм до реализации и публичной защиты проекта. В основе проектной деятельности учащихся лежит развитие познавательных навыков учащихся, умений самостоятельно конструировать свои знания, ориентироваться в информационном пространстве, развитие их критического и творческого мышления, умение увидеть, сформулировать, найти пути решения и решить проблему. Проектная деятельность учащихся – это новая технология обучения. В отличие от традиционной, она позволяет перейти от учения как процесса запоминания к самостоятельной познавательной деятельности; от ориентации на среднего ученика к дифференцированному, персонифицированному обучению; к серьёзной мотивации деятельности в области физики или инженерных наук. Проект – самостоятельная творческая работа ученика, начиная от идеи кончая материальным воплощением. В реализации проектов заинтересованы все: ученик занят работой и развитием своего творческого потенциала (применением знаний в новых ситуациях) с перспективой получить несколько оценок и благополучной аттестации по физике (одного из сложных предметов), учитель заинтересован в

повышении знаний и интеллекта учащихся, их занятости творчеством; родители – в благополучной успеваемости их ребёнка.

Одной из инновационных методик применяемых мною является **интерактивное обучение**. Это, прежде всего диалоговое обучение, в ходе которого осуществляется взаимодействие учителя и ученика. Это, прежде всего разнообразные формы групповой работы. При групповой форме работы учащихся на уроке в значительной степени возрастает и индивидуальная помощь каждому ученику, как со стороны учителя, так и своих товарищей. При этом помогающий получает не меньшую помощь, так как его знания актуализируются, конкретизируются, приобретают гибкость, закрепляются именно при объяснении своему однокласснику. Руководители групп и их состав подбираются мною по принципу объединения школьников разного уровня обученности, информированности по данному предмету, совместимости учащихся, что позволяет им взаимно дополнять и обогащать друг друга. Наиболее известные формы, применяемые мной – «вертушка», «аквариум», «мозговой штурм».

Личность ребенка формируется в процессе его собственной деятельности, которая, в свою очередь, возможна только в общении с взрослыми, во взаимодействии с ними и под их постоянным руководством. Через общение лежит путь к родству душ. 45 минут урока – это не только интеллектуальное напряжение, но и простое человеческое общение. В новой, реформированной школе школьнику должно быть интересно и комфортно учиться, в такую школу ребенок будет приходить с удовольствием, предвкушая радость от встречи со сверстниками и учителями. Внедрение новых образовательных технологий в учебный процесс меняет методику обучения, позволяет наряду с традиционными методами, приемами и способами использовать моделирование физических процессов, анимации, персональный компьютер, которые способствуют созданию на занятиях наглядных образов на уровне сущности, межпредметной интеграции знаний, творческому развитию мышления, активизируя учебную деятельность учащихся.

Список литературы:

- 1.«Обучение деятельности на уроках физики» Ермакова Е.С. «Физика в школе» №7. 2010.
- 2.«Экспериментальные задания», Макунькова П.Л., Москва 2009г.
- 3.Новые педагогические и информационные технологии в системе образования /Под ред.Е.С.Полат – «ООО» 2011г.
- 4.Полат Е.С. Типология телекоммуникационных проектов. Наука и школа – № 4, 2012г.

Аннотация: Физика пәнін оқыту кезінде ақпараттық технологияларды пайдалану мынадай мүмкіндіктер береді: оқыту үдерісін тиімді ету және жетілдіру; дәстүрлі білім беру үдерісінде қол жетпейтін ақпараттық технологиялар мүмкіндігін пайдалану; мультимедиялық технология мүмкіндіктерін пайдалану; білім алу қызметінің түрлі формасын ұйымдастыру.

Annotation: There are new approaches to age-old problems: how and what to teach, new teaching technologies, techniques, methods, new perspectives on the relationship between teacher and educability, teacher and student. Today it is especially important to develop the cognitive activity of students to form interest in the process of knowledge, research methods, learning, processing and use of information that would allow the students to be the subject of teaching, it is easy to navigate in today's rapidly changing world. Creation of new technologies, development of new methods of teaching, there are non-standard forms of lessons divergent curricula and textbooks, etc. The success largely depends on the skill of the teacher.

ГЕОГРАФИЯ, БИОЛОГИЯ, ХИМИЯ, ЭКОЛОГИЯ

ӘОЖ 315.3
Б 5

XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ ЗИЯТКЕРЛІК САЙЫСЫ

Қ.Н. Бимаханова

Диқан тірек мектебі, Жамбыл обл., Байзақ ауд.

Сайыстың мақсаты: Оқушыларға химия, биология ғылымдарының құпиясы мен қызығы мол екенін жеткізе отырып, ойын элементтері арқылы, қосымша материалдардан мағлұмат беру, ойлау, сөйлеу қабілеттерін шыңдау, өздігінен ізденуге, топтасып жұмыс істеуге, ұйымшылдыққа баулу.

Құрал-жабдықтары: Интерактивті тақта, слайдтар, тақтаға нақыл сөздер ілінеді т.б.

Сайысқа 8-9 сынып оқушылары қатыстырылады. Армысыздар, бүгінгі «XXI ғасыр көшбасшысы» атты сайыс сабағымызға жиналған қауым!. Бүгінгі біздің сайысқа қош келіпсіздер!

Қазылар алқасы таныстырылады, ортаға екі сынып оқушыларынан құралған топтар шақырылады.

Көңілді алғырлар, тапқырлар.

Бар өнерін алдарына салады,

Кім білімді, көп оқыған болса егер.

Бүгінгі күн жеңімпазы болады.

Біреуінің жүрегінің түгі бар.

Біреуінің арқалап жүрген қоғамдағы жүгі бар,

Біреуінің күмбірлеген күйі бар.

Біреуінің қатты істейтін миы бар.

I-топ. 8-сынып «Алғырлар» тобы.

II-топ. 9-сынып «Тапқырлар» тобы.

Сайыс кезеңдері:

I. Таныстыру II. «Бәйге» III. «Дода» IV. «Жұмбақтар сайысы» V. «Тіл сындырайық» VI. «Алтын қақпа» VII. «Ұлы тұлғалар» VIII. «Тікелей сұрақтар» IX. «Жорға» сұрақтары X. «Есептер сыры» XI. «Капитандар сайысы» Әрбір дұрыс сайыс 1 балмен бағаланады.

I-кезең. Таныстыру.

Сәлемдесу- игі дәстүр киелі,

Сөзбен қарап, кейде шешер түйені,

Жақсы сөзге жан семірет қашанда.

Жолданады сайыскерлер сәлемі.

Топ басшысы өз тобының мүшелерімен бірге, топтың атымен, белгісімен таныстырады.

II-кезең. «Бәйге»

Қарап тұрмай бәйгеге еріңіз,

Шәкірттерге әділ шешім беріңіз.

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығарлар,

Бәйге, бәйге, бәйгелерді көріңіз-дей келе біз келесі кезең бәйгені бастайық.

(Химия пәні бойынша 8-сынып)

«Алғырлар» тобы.

1. Индекс коэффициент дегеніміз не? (индекс атом саны, коэффициент молекула санын көрсетеді)

2. Жер қырытысындағы оттектің көлемі қанша? **(49,13%)**

3. Табиғатта бос күйіндегі молекулалық оттекті бөліп шығаратын реакция. **(фотосинтез)**

4. Тек пішіні агрегаттық күйі өзгеріске ұшырау қай құбылысқа жатады? **(физикалық).**

5. Темір қандай валенттілікті көрсетеді? **(2,3) (химия пәні бойынша 9-сынып) «Тапқырлар»**

тобы

1. Озон қай элементтің аллотропиялық түр өзгерісі? **(оттектің)**

2. Ауа құрамындағы азоттың массасы қандай? **(78%)**

3. Азоттың сутекті қосылысы қалай аталады? **(аммиак NH₃)**

4. Ең қиын балқитын металды атаңдар? **(Вольфрам)**

5. Ион алмасу реакциясының негізгі белгілері қандай? (**тұнба түсу, газ бөліну**)

8-сыныпқа биологиядан.

1. Өсімдіктер мен жануарлар организмінде кездесетін ең негізгі органиод (**ядро**)

2. Жапырақтарға жасыл түс беретін қандай заттар? (**хлоропластар**)

3. Адам организмінде ұлпаның неше түрі кездеседі атаңдар. (**4- эпителий, дәнекер, бұлшықет, жүйке**)

4. Адам ағзасындағы сүйектің саны қанша? (**200-ден астам**)

5. Адам миының орташа салмағы қанша? (**1300-1400 гр**)

9-сыныпқа биологиядан.

1. Организмнің жеке дамуы қалай аталады? (**онтогенез**)

2. Саңырауқұлақтарды зерттейтін ғылым? (**микология**)

3. Ең көп энергия бөлетін органикалық зат. (**майлар**)

4. Адамға ұқсас жануар. (**маймыл**)

5. Нейронның ұзын өсіндісі. (**аксон**)

III-кезең. «Дода»

Мәңгі бақи есте қалар,

Ғажайып бір сайыс болсын.

Білімдірек шәкірт озар,-деп,

Қиынырақ сұрақ болсын,-деп біз енді сайысымыздың келесі кезеңіне келдік.

8-сыныпқа – «Алғырлар» тобы.

1. Оксидтер дегеніміз не? (**біреуі оттект болып келетін екі элементтен құралған бинарлы қосылыстар**)

2. Өршіткі дегеніміз не? (**химиялық реакцияның жылдамдығын тездететін, өздері реакцияға кіріспейтін заттар**)

3. Оттекті ашқан ғалымдар? (**ағылшын ғалымы Пристли және швед ғалымы К. Шелес**)

4. Жүйке жасушасы қалай аталады? (**нейрон**)

5. Ұлпа дегеніміз не? (**шығу тегі, атқаратын қызметі ұқсас жасушалар тобы**)

6. Ортаңғы құлақтағы үш сүйекті ата. (**балғашық, төс, үзеңгі**)

9-сыныпқа- «Тапқырлар» тобы.

1. Электролиттік диссоциация теориясының негізін қалаған ғалым. (**Сванте Аррениус**)

2. Бейметалдардың жалпы саны. (**22**)

3. Оттектің тотығу дәрежесі қандай? (**-2**)

4. Ауаның құрамы (**азот-78%, оттект-21%, басқа газдар-1%**)

5. Ұрықтан пайда болып, туылғанға дейінгі кезең. (**эмбри-огенез**)

6. Оттекті сіңіріп, көмірқышқылын газын сыртқа шығаратын организмдер. (**Аэробты**)

IV-кезең. «Жұмбақтар сайысы»

«Алғырлар» тобы.

1. Өзім газбын, менімен демаласың.

Жоқ болсам ауа жетпей қиналасың. (**оттегі -O**)

2. Шыдасаң да алты күн ассыз мүлде,

Шыдау қиын бұл затсыз екі күнге. (**Су- Нью**)

3. Ол болмаса астың дәмі кірмейді,

Кім бар екен әлемде оны білмейтін. (**ас тұзы-Nace**)

«Тапқырлар» тобы.

1. Ең жеңіл элемент саналады.

Периодтық жүйе осыдан басталады. (**сутегі-H**)

2. Машина мен трактордың шикізаты,

Қара металлургияның негізгі наны. (**темір-Fe**)

3. Өзі ауыр металға жатады,

Балалар осы металл құйған сақамен атады. (**қорғасын Pb**)

V-кезең. «Тіл сындырайық»

«Алғырлар» тобы.

1. Өсімдіктің жер асты мүшесі. (**тамыр-корень-root**)

2. Мәңгі жасыл ағаш. (**шырша-ель –Spruce**)

3. Нені қызған кезде соқ. (**темір-железо-iron**)

VI- кезең. «Ұлы тұлғалар».

«Алғырлар» тобы.

Зат массасы мен энергияның сақталу заңын ашқан ғалым, «Қайда қарасақ та, қайда көз жіберсек те көретіміз химия ғажаптары». «Химия клешекте адамзатқа құшағын кеңінен жаяды»-деп көрегендік танытқан ғалым (**М.В.Ломоносов**).

«Тапқырлар» тобы.

Физиканың көптеген саласында, иммунохимия саласында жұмыстар, жүргізген, химия ғылымының дамуына үлес қосқан, электролиттік диссоциациялану теориясының тегін қалаған швед ғалымы (**Сванте Аррениус**)

«Алғырлар» тобына.

Өсімдіктерде жүретін «Фотосинтез» процесін ашқан ғалым? (**орыс ғалымы К.А.Темириязов**)

«Тапқырлар» тобы.

Нобель сыйлығының иегері, биолог, лейкоциттердің бөгде заттарды сіңіріп, қорытуы «Фагоцитоз» процесін ашқан ғалым? (**И.И.Мечников**)

VII-кезең. «Тікелей сұрақтар»

«Алғырлар»тобы.

Екі ыдыста көзге көрінбейтін түссіз, иіссіз газ толтырылған.

Бірінші ыдысқа тышқанды жібергенде сергек сезінеді.Екінші ыдысқа шала жанғын шырпыны апарғанда лап етіп жанып кетті. Ыдыстарға толтырылған қандай газдар? (**екі ыдыста да оттек газы толтырылған**).

«Тапқырлар» тобы

А және Б газ күйіндегі жай заттар өзара әрекеттескенде В күрделі зат түзіледі. В затты иіссіз, дәмсіз, түссіз сұйықтық. Қызыдырғанда, салқындағанда агрегаттық күйі өзгергенмен, бастапқы молекуласын сақтайды. Тұрмыста халық шаруашылығында көп қолданылады.. А,Б,В заттарын атап, формуласын құрастырыңыз.

(**А-заты оттек О, Б-заты сутек Н₂, В-заты –Р₂О**).

VIII –кезең. «Есептер сыры».

Тағы келді сыныалар шақ айналып,

Тереңіне білім теңіз байланып.

Кім шешеді сол сайыста ұтып тұр,

Есеп шешер кезегі келіп тұр.

8-сынып. «Алғырлар» тобы-биология.

Көп пәтерлік үйде 201 адам тұрады.3 адам бір ағаштан өсіргенде үй жанында қанша ағаш өсіріледі? (**201:3= 67 ағаш**)

9-сынып. «Тапқырлар» тобына-биологиядан.

Бір сауын сиырға күніне 60кг құнарлы жем керек, ал 250 сиырға күніне қанша жем керек. (**250.60=15000кг- 15 т**)

«Алғырлар» тобына- химиядан.

20г кльций ауада жанғанда түзілетін кальций оксидінің массасы қаншаға тең. (**28 кг**).

«Тапқырлар» тобына- химиядан.

8г мыс (II)оксидін сутекпен тотықсыздандырғанда неше грамм таза мыс, қанша грамм су түзілетінін есептеңдер. (**6,4г-Си, 1,8г-Н₂О**)

IX –кезең. «Капитандар сайысы»

1. Қалыпты жағдайда 1 моль газ қанша көлем адлады? (**8-сыныпқа. (22,4 л)**)

2. Азот қышықылының тұздары қалай аталады. (**9-сыныпқа. (Нитраттар.)**)

3. Авагадро тұрақтысының сан мәні нешеге тең. (**8-сыныпқа.(6,02.10²³)**)

4. Барий сульфаты қай класқа жатады? (**9-сыныпқа(тұздар класына)**)

5. Сүйекті, шеміршекті, қанды, майды түзетін ұлпа. (**8-сыныпқа(дәнекер)**)

6. Қолайсыз жағдайда қорғайтын қабықша. (**9-сыныпқа(циста)**)

7. Балықтарды зерттейтін ғылым. (**8-сыныпқа(ихтиология)**)

8. Қанның қызыл түйіршектері. (**9-сыныпқа(эритроциттер)**)

Білім деген биік шың,

Бақытқа сені жеткізер.

Білім деген ақылшың,

Қиындықтан өткізер.

Жастықтың оты қайдасың,

Жүректі түртіп қозғамай.

Ғылымның білім пайдасын,

Дүниенің көркін болжамай- деген ұлы Абай атамның өлең жолдары арқылы сайысымызды қорытындылып, білімді жастарымызды бағалау үшін сөз кезегін әділ-қазылар алқасы алады. Озып шыққан топ анықталады, марапатталады. Мұндай сайыстар оқушылардың танымдық қабілеттерін арттырып, пәнге қызығушылығына ықпал етеді.

Аннотация. В данной статье рассматривается образец плана интеллектуального боя лидера XXI века.

Annotation. This article discusses the sample plan of an intellectual leader of the 21st century battlefield.

ӘОЖ 365

Б.3

«ЭЛЕКТРОНДАРДЫҢ АТОМДАРДА ОРНАЛАСУЫ. ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ДЕНГЕЙЛЕР»

Қ.Н. Бимаханова, К. Сматова
Диқан тірек мектебі, Жамбыл обл., Байзақ ауд.

Сабақтың мақсаты: Білімділік: Атом құрылысы тұрғысынан периодтық заңның мәнін одан әрі аша түсу. Период, топ, топша бойынша элемент атомдағы электронның орналасу тәртібі мен заңдылығын және элемент қасиеттерінің өзгеру себебін түсіндіру. Электрондардың атомдарда орналасуы, энергетикалық деңгейлер жайлы түсінік беру.

Дамытушылық: Оқушының зейінін, танымдық белсенділігін қалыптастыру, логикалық ойлау қабілеттерін, тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Тәрбиелік: Бірлесіп жұмыс жасауға, өзгенің пікірімен санасуға тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Жаңа білімді меңгерту.

Сабақтың әдісі: түсіндіру, сұрақ- жауап, баяндау, деңгейлеп саралап оқыту, жеке оқыту.

Пәнаралық байланыс: физика.

Сабақтың материалдық жабдықталуы: интерактивті тақта, слайд, периодтық жүйе, кестелер.

Сабақтың жүру барысы:

I. Ұйымдастыру барысы.

II. «Ой қозғау» сұрақтары. (үй тапсырмасын сұрау)

III. Жаңа сабаққа өту кезеңі.

IV. Жаңа сабақты меңгерту кезеңі.

V. Жаңа сабақты бекіту, қорытындылау.

VI. Оқушыларды бағалау.

VII. Үй тапсырмасын хабарлау.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

A) оқушыларды түгендеу.

Ә) оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

II. «Ой қозғау» сұрақтары.

1. Период деніміз не?

2. Д.И.Менделевтің периодтық жүйесінде қанша период, қанша топ бар?

3. Периодтар қаншаға бөлінеді?

4. Сілітілік металдарды атаңдар.

5. Инертті элементтерді атаңдар.

6. Атом құрылысының «планетарлық» моделін жасаған ғалым кім және қай жылы?

7. Атомның құрылысын сипаттаңдар.

8. Протон және нейтрон атомның қандай бөлігіне кіреді?

9. Изотоптар дегеніміз не?

Тапсырма-1.

Галогендерді салыстырмалы атомдық массаларының өсу ретімен орналастырыңдар.

Cl₂ Br₂, F₂, J₂

Тапсырма-2.

Реттік нөмерлері мынадай элементтердің атомдарындағы электрон, протон және нейтрон сандарын анықтандар:

А) $Z=15$ ә) $Z=56$ б) $Z=35$ $Z=20$

Тапсырма -3.

Қай элемент атомының ядросында нейтрон көп:

А) № 20 және №21 Ә) №13 және №14 Б) №29 және №30

III. Жаңа сабаққа өту кезеңі.

Сендер атом ядросының құрамымен таныстыңдар, енді сол ядроның айналасында электрондар қалай орналасқан деген сұрақ туады. Олай болса біз бүгін электрондардың атомдарда орналасуымен танысамыз.

IV. Жаңа сабақты меңгерту кезеңі.

Сендерге атомдағы электрондар саны, оның ядросының зарядына, яғни протандарының санына тең екендігі белгілі.

Кейбір элементтердің ядроға күшті, кейбірулерінің әлсіз тартылатындығы анықталған. Атомдағы электрондар электрондық қабаттар немесе энергетикалық деңгейлер түзеді. Энергетикалық деңгейлер ядроның қашықтауына орай 1,2,3 т.б. бүтін сандармен белгіленеді.

Әр энергетикалық деңгейде бола алатын максимол электрондар саны.

$$N=2n^2$$

Формуласымен анықталады, мұндағы n-деңгей нөмері.

Егер $n=1$ болса, $N=2 \cdot 1^2=2$ электрон ғана орналаса алады.

Ал $n=2$ болса, бұл деңгейде $N=2 \cdot 2^2=8$ электрон,

$n=3$ болса, үшінші деңгейде $N=2 \cdot 3^2=18$ электрон орналаса алады, т.с.с.

Атомдағы электрондардың энергетикалық деңгейлерде орналасуы.

1 период элементтері: Бірінші энергетикалық деңгейде сутек және гелий атомдарының электрондары болады.

$+_1\text{H}$ 1e

$+_2\text{He}$ 2e

2 период элементтері: Екінші энергетикалық деңгей литийден бастап, неонды қоса алғандағы, элемент атомдарымен толады.

$+_3\text{Li}$ 2e 1e

$+_4\text{Be}$ 2e 2e

$+_5\text{B}$ 2e 3e

$+_6\text{C}$ 2e 4e

$+_7\text{N}$ 2e 5e

$+_8\text{O}$ 2e 6e

$+_9\text{F}$ 2e 7e

$+_{10}\text{Ne}$ 2e 8e

3 период элементтері: Үшінші энергетикалық деңгей натрийден бастап, аргонды қоса алғанда, элемент атомдарымен толады.

$+_{11}\text{Na}$ 2e 8e 1e

$+_{12}\text{Mg}$ 2e 8e 2e

$+_{13}\text{Al}$ 2e 8e 3e

$+_{14}\text{Si}$ 2e 8e 4e

$+_{15}\text{P}$ 2e 8e 5e

$+_{16}\text{S}$ 2e 8e 6e

$+_{17}\text{Cl}$ 2e 8e 7e

$+_{18}\text{Ar}$ 2e 8e 8e

V. Жаңа сабақты бекітуге арналған тапсырмалар.

Тапсырма-1.

1. «Валенттік» электрондар деген не?
2. Ca, Mg, Al, Cl атомдары электрондарының энергетикалық деңгейлерде орналасуын жазып көрсетіндер.

Тапсырма-2.

1. Екінші энергетикалық қабат қанша электронмен аяқталады.
2. Берілген элементтердің атомдық құрылысын жазып көрсетіндер:
А) натрий Ә) азот Б) аргон

Тапсырма-3.

1. Салғырт элементтерді атаңдар, олар қай топқа орналасқан.
2. Белгісіз элементтің а) 15 электроны бар. ә) 19 электроны бар. Оларды энергетикалық деңгейге орналастырыңдар.

Тапсырма -4.

Электрондық құрылысы төмендегідей элементтер металдар ма, әлде бейметалдар ма:
А) 2,8,3 Ә) 2,6 Б) 2,8,5. Аттарын атаңдар.

VI. Оқушыларды бағалау.

VII. Үйге тапсырма:

1. §56. Электрондардың атомдарда орналасуы. Энергетикалық деңгейлер.
2. № 6,7,8 есептерді шығару.

Аннотация. В данной статье рассматривается образец плана урока «Энергетические уровни. Устройство электронов в атоме».

Annotation. This article examines a sample lesson plan "energetic levels. The device of electrons in the atom. "

ӘОЖ 373.1.02.78.072

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ГУМАНИЗМ ПРИНЦИПТЕРІ

А.Б. Ботамқұлова

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Гуманизм ұғымының ядросы - зорлық-зомбылық, жасамау мәселесі. Гуманизм туралы сөз қозғар болсақ, оны шартты түрде

- Конфуцийдің ұнамдылық-ритуалды гуманизмі;

- творчестволық - индивидуалистік батыс гуманизмі деп екіге бөлуге болады. Алғашқысына тоқталалық.

Біздің эрамызға дейінгі VI ғасырларда Конфуцийдің гуманистік ілімдері қалыптасты. Бұл ілімнің қалыптасуы, құдайға сенушіліктің сол кезден Қытайда әлі өріс алмауына байланысты болды. Сондықтан болар, Конфуций ілімінің түп қазығы, яғни гуманист бағытының негізі - адамның жеке басының қасиеттері хақында болды. Конфуцийдің негізгі қағидасы: адамзаттың бір-бірімен қарым-қатынасы кезінді ең маңыздысы – мораль. Конфуций үшін сөз негізі - өзара сыйластық. Дәл осы ерекшелік Конфуцийді дін мен философиядан, яғни негізгі түсініктері сенім мен сана деп есептелетін бұл екі бағыттан бөлектеп тұрды.

Конфуций бойынша мемлекеттік жүйенің идеалы ретінде отбасы белгіленген. Басшылар өз қол астындағыларға өнегелі әке ретінде қарауы тиіс те олар басшысын әкесіндей құрметтеуі қажет. Жоғары рангтағы чиновниктер төмендегілерге адамды құрметтеудің сүюдің үлгісін көрсетуі шарт. Өйткені моральдың өзі адамзаттың бір-біріне үстемдік, зорлық-зомбылық жасауға мүлдем жат нәрсе емес пе?

«Зұлымдыққа қайырымдылықпен жауап берген дұрыс па? деген сұраққа Күн-цзы: «Қалайша қайырымдылық пен зұлымдыққа тек әділдікпен жауап беруі қажет» деген екен. Мұндағы әділдікті - зорлық - зомбылықсыз қарсылық жасау деп түсінген дұрыс. Конфуций гуманизмінің экологиялық сипаты да, жан-жануарға, үлкен-кішіге құрметпен сыйластықпен қарау - тым ескіден келе жатқан, әрі қазір де маңызды қажеттіліктің бірі. Осындай көзқарастарға негізделген ежелгі дәуірді дінге сенушілер ағымы біржолата жеңіп шықты. Рухтың, сенімнің мықтылығы, мақсатқа жету үшін өзін де, басқаны да құрбан етуге дейін бару - бұл ағымның күші, двигателі іспеттес. Алдыңғы қоғамдық құрылысты жеңген соң және қуатты шіркеулер мен мешіттер тұрғызған дін өкілдері құлшылық ету жалбарыну дәуірінен *инквизиция* заманына, жаппай қудалауға, еріксіз көндіруге көшті. Нәтижесінде өкімет *билігіне* билікқұмар адамдар келді Бұрынғы идеалдар өзгере бастады. Сонымен, гуманизм түсінігі өзгерген жаңа дәуір - қайта өрлеу дәуірі келді. *Жаңа европалық гуманизм* – бұл *творчестволық-индивидуалистік батыс гуманизмінің* пайда болуын паш етті.

Ж.П. Сартр гуманизмінің екі түрлі анықтамасын келтіреді және бұл оның пікірінше тіптен де екі түрлі. «Гуманизм - бұл адамды мақсат пен құндылық ретінде қарастыратын теория». Мұндай

гуманизм *фашизмге* алып келед! Сонымен бірге, кімде-кім әлемге билік жүргізуді мақсат ететін болса, соның өзі әлемнің және әлемді бағындыру үшін қолданған техниканың құлына айналмақ. Сартр бойынша, гуманизмнің екінші түсінігі - адам үнемі белгілі бір мақсат жолында алға ұмтылса, ол сол жолда өзін-өзі көрсетуі, ерекшеленуі, даралануы тиіс. Әрине, мұндай гуманизмде де гумандылық жеткілікті деп айту қиын.

Сартрдың бұл гуманизмін ХХ ғасырдағы сәнді философиялық атқа ие болған *экзистенциализм* деуге болады. Жаңа заманның батыс мәдениетті гуманизмін М.Хайдаггер қатты сынға алды. Терең ойшыл Хайдаггер айтқандай, адамзатқа не нәрсе жасағысы келсе соған рұқсат ету - бұл әлі гуманизм емес, өйткені ол адамның жеке тәртібі, мінез-құлқы мен ой-өрісі оның гуманизміне гарант бола алмайды.

«Гуманизм деген сөзге қалайша мән-мағына беріп, бастапқы ұғымына жақындатуға болады» деген сұраққа Хайдаггер: *гуманизм - бұл адамның адамгершілігі жоғары болуын ойлау және оған сеп болу* деп ой қорытады.

Жаңа заман гуманизмі туралы айтар болсақ, бұл бағытта біршама өзгерістер пайда болды, гуманизм *индивидуализмге* ауысты, ал мұның бәрі сайып келгенде *ұлттың нигилизм* мен құндылыққа деген агрессивті ашкөздіктің салтанат құруы еді. Зомбылық, үстемдік – көзге көрінетін, көрінбейтін қабырғалар туғызады және оны бұзу қажет болады. Бірақ, үстемдікке негізделген қабырғаның іргетасынан (фундаментінен) ритуал мен индивидуализмді құтқару қиын. Гуманизмнің бұл екі тарихи формасы жетілген деп есептелмейді, өйткені онда гуманизмнің өзегі жоқ, яғни, зомбылық жасамау ұғымы алыс. Сонымен, Конфуций гуманизмінде ритуал (яғни, дәстүр) жан-жануарларға деген аяушылық сезімнен жоғары тұрды, ал қайта өрлеу заманының гуманизмінде творчестволық бағыт табиғатқа үстемдік, билік жасау негізінде қалыптасты. Бірақ еуропалық гуманизм индивидуалистік көзқарастар мен агрессивтілік жөнінен дамудың шетіне жетті деп айтуға негіз бар. Өркениет дамуының басқа түрлі жолдары да қалыптасуда. Қайта өрлеу дәуірінің немесе еуропалық гуманизмнің орнын Толстой, Гандидің, Швейцер және т.б. ұсынған жаңаша ойлау бағыттары орын алмастырары хақ.

Өркениетті елдерде ғылым мен техниканың күрт дамуына байланысты адамның адамға үстемдік ету деңгейі біршама төмендеді де, оның орнына адамзаттың табиғатқа үстемдік етуі белең алды. Табиғатқа жасалған эксплуатация, адамзатқа жасаған эксплуатацияны уақытша ауыстырғандай әсер қалдырды. Сонымен, адамзат қоғамында жүздеген жылдар бойы қалыптасқан барлық кризистерге жауап бере алатындай, экологиялық, әлеуметтік, жекелеген адамдар арасындағы дағдарыстарды шешуге сеп болатындай қағида қажет болды. Мұндай жауапты *экологиялық гуманизм* ғана бере алар еді және *оның негізгі идеясы - табиғат пен адамға үстемдік жасаудан бас тарту болды.*

«Адам-Табиғат» жүйесін кешенді түсіну және оның адам іс-әрекеті мен табиғаттың үйлесімді дамуы ретінде өзгеріске ұшырауы - қазіргі ғылыми-техникалық процесті экологияландырудың интеллектуалдық базисін құрайды және ол төмендегі принциптерге сүйенеді:

1. Өмір сүрудің рухани сипаты - табиғат пен қоғам қарым-қатынасын реттейтін экологиялық моральдің негізі.
2. Болашақ маманға тәрбие, білім беру жүйесі - экологиялық ойлауды дамыту принциптері негізінде құрылуы шарт.
3. Кез келген маманның негізгі қағидасы – «биосфераны бүлдірмеу» болуы тиіс.
4. Ойлау – глобалды, ал іс-әрекет – локальды болсын.
5. Белгілі территориялар масштабында және бүкіл планета бойынша техносфераны басқарудың репрезентативті экологиялық модельдерін жүзеге асыру.
6. Шаруашылық нормалары мен деңгейін адам және биосфера коэволюциясы негізінде дамыту.
7. Табиғи ресурстарды регионалды пайдаланудың бірыңғай нормалары негізінде, табиғат қорғаудың экологиялық критерийлерін комплексті унификациялау.
8. Іс-әрекет бірлігі - табиғат- бірлігінен туындайды.
9. Ғылым, техника, өндіріс - экологиялық мүмкіндіктер тоғысында ғана бағалануы және дамуы тиіс.
10. Ғылыми-техникалық іс-әрекеттің барлық бағыттары - экологиялық, когерентті болуы қажет.

Әр адамның жеке тұлға ретінде айналадағы құбылыстарға өзінің көзқарасы болады, яғни идеологиясы бар. Ол - өзінің талап-тілегіне, арына, санасына тікелей байланысты. Бірақ, өмірде, практикада мемлекет немесе қоғам үшін де идеология қажет. Бұл негізгі массаны билеп-төстеу үшін, ел ішіндегі қылмыскерлермен және сыртқы агрессорлармен күресу үшін де маңызды. Сондықтан,

идеологияны осы дүниеде **бірлесіп өмір сүру үшін, ортақ мақсаттар үшін біріктіретін көзқарастар жүйесі** деп түсінген дұрыс.

Идеологияның қандай түрлері бар және экологиялық идеология деген не? *Идеология – жаппай көзқарастар жүйесі ретінде идеялардың жинақтығына негізделген және бүкіл қоғамды немесе оның бір бөлігін біріктіруге бағытталған.* Кімнің кіммен бірлескеніне байланысты ол таптарға, кластарға бөлініп, социалистік, коммунистік, ұлттық, діни, фашистік, этикалық, тоталитарлық түрінде болуы мүмкін. Мұнан басқа ол *тұтынушылық және рухани құндылық* түрінде де кездеседі. Соңғысына Сократтың, Платонның, Конфуцийдің идеяларын жатқызуға болады.

Экологиялық идеология да осылардың қатарында; мұның бір ерекшелігі жаңашылдығы – ол *таптық, ұлттық, діни немесе т.б. көзқарастардан жоғары және жалпы адамзаттық, жалпы әлемдік құндылықтарға негізделген, әрі табиғат пен адам үшін біртұтас.* Философиялық, бағыттармен тамырлас етіп, оны *экософия, ноософия, витасофия* деп атау ұсынылып та жүр.

Экологиялық қозғалыстардың ғылыми жаратылыстық базасы ретінде синергетика және Вернадскийдің биосфера туралы ілімі мазмұнды, мән-мағыналы қазыналарға айналып отыр (Ахимс, Дао).

Экологиялық идеологияның принциптерін қарастырып көрелік. Біріншіден, бұл - *адамзат іс-әрекетінің барлық сферасында, табиғатқа жасалған өзгерістерге оның реакциясын есепке алу. Табиғаттың орнына емес, табиғатпен бірге іс-әрекет атқарылуы тиіс.* Бұл принцип табиғат құқықтары концепциясына еніп отыр. Бұл қағида бойынша дүниедегі барлық тіршілік түрлері бірдей дережеде. Адамзат табиғатты жасаушы және өзгертушіден, оның бір бөлігіне ғана айналуы шарт, яғни антропоцентризм орнына **экоцентризм** келуі тиіс.

Құқықтық, практикалық және руханилық - міне, осы үш принцип **экологиялық идеологияның темірқазығы.**

Практикалық бағытын - әртүрлі ағымдардың идеологиялардың позитивті тұстарын жатсынбай қабылдауынан көрсек, құқықтық сипатын оның демократиялығынан көруге болады. Яғни, шешім қабылдарда жалпы халықтың қатысуын қадағалайтын болады. Ал, экономикалық, саяси құрылымы бойынша рухани сипаттың басым болуы - экологиялық, қоғамның дүниеге келуіне адам мен табиғат гармониясына алып келері сөзсіз.

Мәдениеттің дамуы тұрғысынан оны үш кезеңге бөлуге болады:

- біртұтас мәдениеттің мифологиялық кезеңі;
- әр түрлі салаларға бөлшектенген мәдениет кезеңі;
- экологиялық мәдениет кезеңі.

Жалпы, **мәдениет - адамзаттың қоршаған әлемді өзгерту бағытындағы процесс бойынша қол жеткен шығармашылық нәтижелері** деп ұғыну қажет (мысалы, ауылшаруашылық мәдениеті)

Табиғат пен мәдениеттің тығыз байланысын ескере отырып, адамзат пен табиғаттың қарым-қатынасын үйлестіру арқылы барлық мәдениет типтері мен позитивті ағымдарды экологиялық синтездеу міндеті қойылуда. Мұны, барлық мәдениет түрлерін бір аморфты дене ретінде жинақтау немесе біріктіру деп түсінбеген жөн. Мәселе, олардың адамзаттың мақсат-тілектеріне қатысты үйлесімді дамуы төңірегінде болмақ. Жүргізілген талдауларға сүйеніп, біздің зерттеуімізде іс-әрекет және қарым-қатынас субъектісі ретінде оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру туралы сөз болатындықтан, «экологиялық мәдениет» – ұғымының мәдениет ретіндегі мазмұндық сипаттамасының анықтамасына мәдениеттану тәсілін ұстанамыз. Аталған тәсіл адамның мәдениет әлеміне белсенді араласуын оның өз мәдени көзқарасының қалыптасуын, өзін-өзі мәдени айқындауын және мәдениет субъектісі ретінде өздігінен дамуын болжайды.

«Экологиялық мәдениет» ұғымының мәнін анықтау тәсілдерін ары қарай зерттеу, ізделіп отырған анықтаманың тұжырымында пайдалану үшін «мәдениет» терминін анықтап алуды талап етеді.

«Мәдениет» ұғымына келетін болсақ, ол әлеуметтік-философиялық білімнің іргелі категориясының бірі болып табылады, оның ғылымда әлі де болса, нақты белгіленген теориялық статусы жоқ екені белгілі. Дегенмен, мәдениет ұғымының мазмұны, оның басқа категориялармен байланысы жөнінде көптеген зерттеулер мен көзқарастар қалыптасқан. Мәдениет басқа да ұғымдармен өзара байланысты, мысалы: табиғат, қоғам мен адам, құндылықтар мен шығармашылық, белгі-коммуникативті жүйелер мен іс-әрекет.

Энциклопедиялық сөздікте «Мәдениет» термині (лат.cultura - өңдеу, тәрбиелеу, білім, даму, қадірлеу) кең мағынада да, тар мағынада да қарастырылады [ПЭ,113, 678 б.]. Кең мағынада – адамның өмір сүруін ұйымдастыруы және іс-әрекетінің түрлері мен формасында, олардың өзара қарым-қатынасында, сондай-ақ олар жасаған материалдық және рухани құндылықтарында көрінетін

қоғам дамуының бегілі бір тарихи деңгейі, адамның шығармашылық мүмкіндігі мен қабілеті. Аталған термин осы анықтамалық еңбекте басқа кең мағыналы мазмұнда тұжырымдалады, яғни: белгілі бір тарихи дәуірді, нақты қоғамды, ұлттар мен ұлыстарды, сондай-ақ іс-әрекеттің немесе өмірдің өзгеше шеңберін сипаттау үшін қолданылады. Тар мағынада мәдениет деп, адамдардың іс-әрекетінің (нәрселік) нәтижелерін (шиналар, құрылыстар, таным нәтижелерін, өнер туындыларын, адамгершілік ережелері мен құқық және т.б.), сондай-ақ адамдардың іс-әрекетке жұмсайтын күші мен қабілетін (білім, дағды, ой-өріс деңгейі, құлық және эстетикалық дамуы, дүниетанымы мен адамдардың қарым-қатынас түрі мен формасы) қамтитын рухани өмір шеңберін айтады.

С.И.Ожеговтың түсіндірме сөздігінде мәдениет термині түсінігінің бірнеше нұсқасы берілген, соның ішінен біздің зерттеуіміздің мазмұнына сәйкес келетін анықтамалар:

- 1) адамдардың өндірістік қоғамдық және рухани жетістіктерінің жиынтығы;
- 2) мәдениеттілігі (оған сәйкес мәдениеттің биік деңгейде болуы) [1. 114, 314 б.].

Шет тілдер сөздігінде көрсетілген мәдениеттің көптеген анықтамаларының ішінен біздің зерттеу жұмысымызға жақын дегендердің бірнешеуін бөліп қарастырамыз [115, 226 б.]. Бұл мәдениеттің мынадай тұжырымдары:

1) кең мағынада, адамдар қоғамымен жасалатын материалдық және рухани құндылықтары жиынтығы ретінде қарастырылатын және қоғам дамуының белгілі бір деңгейін сипаттайтын оның материалдық және рухани мәдениеті; одан тарлау мағынада, мәдениет терминін адамдардың рухани өмірінің шеңберіне жатқызады;

2) қандай да бір әрекеттегі немесе білім саласындағы (еңбек мәдениеті, сөз мәдениеті және т.б.) жетістіктің деңгейі, даму дәрежесі;

- 3) қандай да біреуге тән қоғамдық және ақыл ой дамуының дәрежесі.

Сөздіктерде мәдениет лингвистикалық шығу тегінің даму барысында қарастырылады (*cultura-solo, solore* түбір сөзі - жерді өңдеу, жермен айналысу). Сонымен бірге лингвистер жеке «мәдениет» зат есімі Европада тек XVIII ғ. басынан бастап қолданыла бастағанын айтады. Ал, бұған дейін ол тек немен үйлессе соны толық жетілдіру үшін сөз тіркестерінде қолданылған: «*Cultura juris*» - мінез-құлық ережесін тудыру, «*Cultura language*» - тілді жетілдіру т.б. [3,116].

Басқа сөздіктерде мәдениетті онсыз мәдениет мағынасын түсінуге қиын соғатын, материалдық және рухани әлемдегі нәрсе түріндегі адам табиғатының, өзін-өзі көрсетуі, өздігінен ашылуы деп қарастырады. Әлде, белгілі ұжымның жалпы идеясын көрсететін, ұжымдық бірлікті қалыптастыруға ықпал ететін құндылықтар мен мінез-құлық ережесін білдіретін ұжымдық ұғым.

Бірқатар әдебиеттер мен ғылыми зерттеулерде «мәдениет» ұғымына жасаған талдау, оның мазмұндық сипаттамалары мен анықтамалары туралы пікірлердің көпқырлылығын көрсетеді. К.В.Чинковераның сөзімен айтқанда: «адамзат мәдениетті өзінің балалық шақ дәуірінде дүниеге әкеліп, тарихтың ұзақ жолында мәдениетке түрлі анықтамалар береді (қазір олар бес жүзге жуық)» [3, 119, 75 б.].

Теориялық әдебиеттерге жасаған талдау зерттеліп отырған түсініктің әлеуметтік-философиялық білімнің негізгі категориялары тұрғысында қарастырылғанымен, әлі де болса теориялық статусқа ие болмай отырғанын дәлелдейді. Мазмұны, мәдениет ұғымының көлемі, оның басқа категориялармен қатынасы жағынан көптеген түрлі зерттеушілік ұстанымдар мен көзқарастар бар. Мәдениет көптеген түсініктермен арақатынаста: табиғат, адам және қоғам, белгі - коммуникативті жүйелер және іс-әрекеттер.

Тотемдік ұғымдар табиғат құбылыстарын таңғажайып нәрселер ретінде қабылдап табиғатқа бас июі арқылы табиғатты аялауға әсер етсе, қоршаған табиғи ортаны игеру түрлі экологиялық қайшылықтарды туғызып, табиғатты пайдаланудың кейбір процестері өркениеттердің жойылып кетуіне де әкеліп соқтырған жағдайлары болды. Қазіргі таңда біркездері дәуірлеп тұрған өркениеттердің жер бетінен өшіп кетуіне үлкен аймақтардағы табиғи өсімдіктер қабатының бұзылуынан туындап, құрғақшылыққа әкеліп соқтырған климаттың өзгеруі ормандарды қыркудың нәтижесінде топырақтың эрозияға ұшырауы секілді табиғат заңдылықтарымен үйлеспейтін іс-әрекеттердің себеп болғандығы анықталып отыр.

Адамзаттың материалдық және рухани қалыптасуының ерте кезеңінде адам мен табиғаттың бірлігі туралы көзқарас басым болса, шаруашылық әрекеттердің қарқынды табиғи құбылыстарды тәңір ретінде қабылдап, табынуды тоқтатуға себеп болды. Әлемнің құрылымын, табиғи құбылыстардың негізін адаммен байланыстырып қарауға тырысатын көзқарастардың орнына, табиғаттың құндылығын адам қажеттілігіне жарату тұрғысынан бағалайтын тұтынушылық көзқарастар пайда бола бастады. Бертін келе түрлі діни ағымдардың пайда болуы табиғатты тәңірі деп табынудың орнына, табиғатқа үстемдік етуді қалыптастырды. Адамның табиғат туындысы екендігін,

табиғат туындылары бір-бірімен тығыз байланыста бір-біріне тәуелді болып жаралғандығын, табиғаттың даму ырғағы бір-бірімен үйлесімді түрде жүзеге асқанда ғана табиғаттың заңы бұзылмайтындығын ұсынған ойшылдар ерте заманнан бастап табиғат пен қоғам арасындағы қаршықатынасты нақты әрі терең түсінуге ұмтылған. Қоршаған ортаның құпиясын ғылыми тұрғыдан сезініп білу мақсатымен толассыз ізденген зерделілердің айтқан ой-түйіндері бұл күнде өмір шындығымен расталып отыр. Міне, сондықтан да экологиялық мәселелерді шешуге арналған іс-шаралардың ішінде еліміздің ертеңін жасайтын жас жеткіншектерге мектепте шығармашылық циклдағы пәндерді оқыту арқылы экологиялық мәдениетке тәрбиелеу маңызды орын алуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Луначарский А.В. О воспитании и образовании (Под ред. А.М.Арсеньева. –М.: Пед.1996.
- 2.Митин М.Б. Философия и социальный процесс: Анализ совр.буржуаз.концепции социал.прогресса. – М.: Наука, 1999.
- 3.Воронович Б.А. Философский анализ структуры практики экологии.- Минск, 2002.
- 4.Конникова Т.Е. Проблемы методов нравственного воспитания. –Сов.педагогика, 1975. № 1.

Аннотация. В статье обосновывается необходимость введения принципов экологической культуры в школьную программу. При этом рекомендуется использовать содержания экологического образования и культуры, разработанное в учебно-воспитательном процессе школы.

Annotation.In this article is based the necessity of introduction of ecological in school process at the program. It is also recommended the role of content of ecological education and culture worked out in fetching process at school.

ӘОЖ 582

Қ 78

БАУ-БАҚШАДА ЖАЗДА ІСТЕЛЕТІН ЖҰМЫСТАР

С.Қ. Құсайынова

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Бау-бақшада маусым, шілде айларында істелетін жұмыстар. (басы №13 санында)

Жеміс ағаштарын, жидекті бұталарды органикалық тыңайтқыштармен қоректендіріңіз. Ауа райы құрғақ болса ең дұрысы сұйық азот тыңайтқышын қи садырасымен (1:10), не құс саңғырығымен (1:20) араластырып қоректендіру керек. Бұлармен нөсер жауыннан кейін суарған кезде қоректендірген оңды. 3-4 жастағы жеміс ағашына бір шелек ертінді, 5-15 жастағы ағашқа 2-3 шелек, 15-20 жастағы ағашқа 4-6 шелек, 20-30 жастағы ағаштарға 6-10 шелек қоректік сұйық құю керек. Қарақаттың, қарлығанның ересек бұталарының түбіне бір шелекке жақын, ал таңқурайдың түбіне екі есе кем ертінді құю керек. Тыңайтқышты бұтаның түбін айналдыра тереңдетіп құйған дұрыс Егер күн жауын-шашынды болса тыңайтқышты құрғақтай пайдаланыңыз. Тыңайтқышты сеуіп, тырмамен тырмалап, не кетпенмен араластырып жібересіз. Егер органикалық тыңайтқыш болмаса минералды тыңайтқышты пайдаланасыз. 10 литр суға екі ас қасық тыңайтқыш құясыз.

Келесі қоректендіруді 15-20 күн өткен соң жасаңыз.

Минералды тыңайтқышты бұтақтарға, жапырақтарға себелеп қоректендірген дұрыс. Бірінші қоректендіруден соң 15-20 күн өткеннен кейін ағаштарды, бұталарды мочевиінамен (бір шелек суға 50 грамм мочевиіна саласыз) қоректендіресіз. Ертіндіге бір шелекке - 50-75 грамм ағаш күлін салған дұрыс. Таңқурайды жемісі пайда бола бастағанда мамырдың 15-нен кешіктірмей қоректендірген оңды.

Егер ауа райы құрғақшылық, күн ыстық болып тұрса бау ағаштарын, жеміс бұталарын суарыңыздар. Егер ағаштар суарылмаса жаңа байланған жеміс төгіліп қалады, немесе салған жеміс майдаланып кетеді. Әсіресе қара қарақат ылғалдың мол болғанын жақсы көреді.

Егер жемістердің артығы бұталардан өздігінен түсе бастаса, оларды тез арада теріп алып отырыңыздар. Жеміе ағаштарының, бұталардың түптерін арамшөп баспасын, қатып қалмасын, көпсітіп отыру керек. Тек таңқурайдың түптеріне бейсауат тие бермеңіздер. Олардың тамырлары жер бетіне жақын болғандықтан тез зақымданады.

Егер ағаштың, жеміс ағаштарының қабығы зақымдалса, оны қымыздықпен емдеуге болады. Оны майдалап ағаштың зақымдалған жеріне қалыңдығын 1-1,5 см етіп жағып таңып тастаңыз. Жаз бойы осыны 2-3 рет қайталасаңыз, ағаштың зақымдалған жері жетіліп кетеді.

Көктемгі алдын алу шараларына да көңіл бөліп қойған дұрыс. Бұталардың жіптерін босатып, ұластырған бұтақ нәр алған болса, сынып кетпес үшін рейкалардан тіреу қойыңыз. Бүлдірген, құлпынай жемістері шіріп, топырақты бүлдірмес үшін жемістердің астына жұқалап құрғақ шөп, сабан, қағаз төсеп қойған жақсы.

Құлпынай жемісін жинағанда екі жылдықтан тараған мұртшаларға көңіл аударыңыз. Оларды көшеттеп отырғыза беруге болады.

Жауын-шашын күндері алма, алмұрт ағаштарына зиянды жәндіктер мен жемістердің шіру қаупі күшейе түседі. Алдын ала ағаштарға бір проценттік борда сұйығын сепкен дұрыс. Не ежелден келе жатқан халықтық тәсіл - екі стакан ыстық суға ағаш күлін ерітіп, оған 50 грамм кір сабынды езіп қосып, 10 литр суға араластырып себу керек.

Жеміске түсетін зиянды жәндіктер ағашқа өрмелемес үшін ағаштың түп жағынан тосқауыл белдік істеңіздер. Ені 15-20 см келетін пергамент қағазына кеппейтін желім жағып, ағаштың түбін орап байлап қойыңыз. Ағаш қабығына жабысып жоғары өрмелеген зиянды жәндік желімге жабысып өліп қалады. Ондай желімді қолдан жасауға болады. 200 грамм ысытылған зығыр майына 150 грамм үгітілген қарағай шайырын (канифоль) араластырып, оған 100 грамм скипидарды шым-шымдап құйып, барлық ерітіндіге жарты стакан салидол қосасыз. Қоспаны дайындағанда абай болыңыз. Өйткені ол отқа тез тұтанғыш.

Зиянды жәндіктермен қатты зақымдалған ағаш болса, оған аптасына бір рет кешке жақын мочевина ертіндісін (10 литр суға 1-2 ас қасық мочевина) шашып тұрыңыз.

Маусым айында жемісті бұталарды, құлпынайды улы химикаттармен өндеуді тоқтату керек. Бұл жемістің нағыз пісетін айы.

Зиянды жәндіктермен күрескенде механикалық тәсілдерді қолданған жөн. Зиянды жәндіктер ұя салып тастаған болса, ондай бұталарды өртеу керек.

Сеуіп егілген көкөністерді сирексітіп, нашарларын жұлып тастаңыздар. Көкөніс көктеп шыққан соң оны қоректендіру керек, садыра немесе құс саңғырығын, минералды тыңайтқыш берген дұрыс.

Қиярды сирексітіп, ең ірісін ара қашықтығын 15 см етіп қалдырыңыз. Оның түбін жиі көпсіте бермеңіз. Оның тамыры жер бетіне жақын орналасқан, тез зақымданады. Қиярды жеке ыдыста өсіріп дайындаған болсаңыз, оны мамырдың аяғында не маусымның бірінші он-күндігінде көшеттеу керек. Егер қошет сорайып кетсе, оны сәл жатқызып көміңіз. Бірақ тамырын тереңге жібермеңіз.

Қияр жылу сүйетін дақыл. Ауа райы жауынды, әрі салқын болса, онда пленкамен, ал түнде қағаз қабаттап жабыңыз. Себебі пленка астына жиналған мұздай тамшы жапырақтарға тамады. Дән жарнақтарын есептемегенде, бесін-ші жапырақ пайда болысымен пәлектің ұшын шырпып тастаңыз. Сонда бүйірлерінен өркен жайыла бастайды, ұрғашы гүлдер шығады. Бұл кезде су құймау керек.

Помидор көшеттерін де осы мерзімде отырғызу керек. Помидорды өткен жылы егілген жерге қайта және картопқа жақын егуге болмайды.

Фитофор грибогы көпке дейін сақталады. Мықты тамырланып өсе бастаған помидорды қыймен (ірі қара қыйымен) қоректендірген дұрыс. 1 шелек қыйды 10 шелек суға араластырып, 10 литр сұйық ертіндіге 15 грамм аммиак селитрасын немесе мочевианы қосып қоректендіру керек. Сұйықты өсімдіктен 10-12 см қашықтықта жүйелерге құйған дұрыс. Жалпы нормасы: гүлдегенге дейін бір түпке 1 литр сұйық, ал гүлдеген соң екі литрден.

Көшетті отырғызған соң 6-8 күннен кейін гүлдейтін бұтақтардан төменгі бір бұтақты ғана қалдырып, қосымша (өгей) бұтақтарды жұлып тастаңыз. Гүлдейтін бұтақ үстінен де бір бұтақ қалдырыңыз. Әр 6-8 күнде осындай сирексітуді жасап тұру керек.

Жауын-шашын жиілеп кетсе, үстінен пленкадан бастырма істеңіз. Айнала қымтап жаппау керек, жел соғып тұрғаны жақсы.

Гүл бағында істелетін жұмыстар. Көк бұталардан көшеттейтін раушан, жасмин, бульденеж, флокс сияқты гүлдерді осы мезгілде отырғызады. Бұтақтары көшетке қырқылатын гүлді алдын ала фосфорлы-калийлі тыңайтқышпен қоректендірген жөн. Бұтақтарды ұстарамен таңертең ерте қырку керек. Қырқылған бұтақта 2-3 жапырақ болсын. Төменгі қиғаштап қырқылған бұтақтың түбі ең соңғы жапыраққа жақын, ал жоғарғы қырқылатын жер жапырақтан 1-1,5 см жоғары болсын.

Қырқылған бұтақты топырақ, құм, торф араластырған арнайы орынға, тереңдігін 1,5-2 см етіп көміп, үстін пленкамен жауып, оған ауық-ауық су сеуіп тұру керек.

Гүлдеген раушан, нарцистердің гүл сидамына тигізбей, қауашақтарын алып тастаңыз. Фосфорлы-калийлі тыңайтқышпен қоректендірсеңіз, гүл шығатын бұтақтар күшейіп мықты болады.

Пион гүлінде гүлдің бутоны (қауызы) мол бола бастаса, ірі қара қиын ерітіп (1:10 есебімен) оған 10 литр суға бір ас қасық тыңайтқыш салып қоректендіріңіз. Гүл ірі болсын десеңіз, бүйір сабақтардан пайда болған шанақтарды алып тастаңыз да, бір түпте мықты сабаққа 2-3 шанақ қалдырыңыз.

Көпжылдық гүлдерді суарғанда бір шелек суға 2-3 грамм бор қышқылын және бірнеше түйір марганцовка қосып жіберіңіз. Ол микротыңайтқыш есебінде кетеді. Марганцовканы қызғыштау етіп ерітіп, астра және левкой гүлдерін қоректендіруге болады.

Сиреннің гүл жарып біткен бұталарын қырқып алып, тәртіпке келтіру керек, қалыңдаса сирексіткен жөн.

Гладиолустың төртінші жапырағы пайда болғанда ірі қара қиымен қоректендіру керек. Оған 25 грамм суперфосфат және 10-12 грамм калий тұзын қосқан жөн.

Көшеттеп отырғызатын екі-жылдық гүлдердің - ботагөз гүлі, маргаритка, түрік қалампыры т.б. тұқымдарын да осы мерзімде себеді. Шыққан гүлдерді қыркүйек айында көшеттеп отырғызады.

Шілде - жылдың нағыз ыстық айы. Бұл ай жеміс жидектердің әбден толысатын, бұтақтардың да мол шығатын шағы. Бағбандар сондықтан шілденің басында бауларды қоректендіруді тоқтатпайды. Әрбір жеміс ағашының түбіне сұйық органикалық және минералды тыңайтқыштардан, сондай-ақ 150 грамм карбамид, 50 грамм хлорлы калиймен қоректендіреді. Бұл кезде ағаштарды барынша жақсы суару керек. Алма мен алмұртқа, сондай-ақ қараша өрікке ең кемінде 7-9 шелек, шие, басқа да жеміс ағаштарына суды 5-7 шелектен кем бермеу керек. Осы мезгілде берілген қорек пен су ағаштардың бұтақтарының, жапырақ жемістерінің жақсы өсуіне қатты әсер етеді. Ағаштың түптерін суарғаннан кейін міндетті түрде көпсітіп қойыңыз. Жері қатып қалмасын.

Салынған жемістерді зиянды жәндіктерден аман сақтау үшін ағашқа шілденің бірінші онкүндігінде 10 проценттік карбофост ертіндісін сепкен дұрыс. 10 литр суға 75-90 грамм ертінді құю керек. Карбофос болмаса 50 грамм дендробацилин, немесе 100 грамм бактиринді пайдаланыңыз. Әр ағашқа 5 литрге дейін дайындалған сұйық бүрку керек. Екінші рет 10-12 күн өткеннен кейін қайталаған дұрыс. Егер бұл препараттар табылмаса, онда темекінің тұнбасын (500-800 грамм қайқатқан тұнбаны 10 литр суға араластырасыз) себесіз. Сондай-ақ ағаш бұтақтарына сироп, квас құйылған банкілер іліңіз. Бұларға зиянды көбелектер түседі. Оларды ауық-ауық тексеріп, тазартып, сұйықты толықтырып отыру керек. Жерге түскен жемістерді уақтылы жинап тереңірек көміңіздер.

Шиелерді уақтылы жинап, ағаштарда жеміс қалдырмаңыздар. Ал ағашта жемістер қалып, оған зиянды жәндіктер жинала бастаса, оларды қайткен күнде де тазалап, тұқымын қалдырмас үшін жерге тереңдетіп көму керек.

Бүлдіргенді арам шөптерден тазалап, артық өскіндері мен құраған жапырақтарын жұлып, айналасын көпсітіп, қоректендіріп суару керек. Шілдеде қарлыған және қара қаракатқа да су жіберген жөн.

Шілденің аяғына таман жүзімнің жемісі пісе бастағанда, әрбір түбіне 75 грамм хлорлы калий ертіндісін құю керек. Таңқурайды гүлдеген, жеміс байлаған шағында суарған дұрыс.

Бақшадағы ерте піскен көкөністі жинап алғаң соң оның орнына шалғам, салат, саумалдық, аскөк сеуіп тастаңыз. Келесі жылы пайдаланатын көңді, парниктің топырақтарын даярлап қойған жөн.

Жер қазу. Бау-бақша өсірумен айналысып жүргендердің көбіне жер қазу ісі жан рахатын әкелмейтіні белгілі. Сонда да болса ол жұмысты міндетті түрде орындау керек. Бір жылдық арамшөптермен күресу, топыраққа көң не қорда енгізу, топырақта қолайлы ауа режимін жасау - кейінге қалдыруды көтермейтін іс. Жерді жылына бір-ақ рет - күзде не қыс айларында аудару қажет. Топырақ кесектерін ұсақтамау керек. Көктемде бұл учаскелерді тырмамен не арамен көкөніс себер алдында өңдесеңіз жеткілікті. Жерді бірден құлшынып, зорыққанша қаза бермеңіз. Бірінші күні жарты сағат еңбектеніңіз. Келесі күндері бірте-бірте өзіңіз-ақ қызығып кірісетін боласыз. Жерді, топырақты баптай білу де өнер. Оны үйренуге көп уақыт кетпейді. Бір үйреніп алған соң, жасалған жүйектерге қарап сіздің де көңіліңіз көтеріліп қалады. Жақсы таңдап алынған құрал нәтижелі істің басты себепшісі. Сондықтан бойыңызға қарай күрек, айыр, кетпенді даярлаңыз. Бірақ топырақтың сапалы қазылуы құралдардың қандай темірден істелгеніне байланысты емес. Жерді өңдегенде әрбір учаскені, атыздарды белгілеуге баудағы шнурды пайдаланыңыз.

Бір ярусты қазу. Көбінде жерді қазғанда бір күректің, немесе бір кетпен бойындай тереңдікте қазады. Ал көпжылдық көкөністерді сепкенде не ауыр топырақты жерде екі ярусты (екі қабат) етіп тереңдетіп аудару қажет. Жерді жүйек етіп аударғанда онда екінші рет өткенде бірінші жүйектің сайын толтырасыз. Жүйектің ені күректің еніндей 30-40 см болады.

Жерді аударар алдында көңді, не қорданы шашып тастау керек, әйтпесе түйір-түйірімен қалып қоюы мүмкін. Бірақ бұл учаскеге не атызға қандай көкөніс отырғызатыныңызды алдын ала ескеріп,

есептеп барып тыңайтқыш себіңіз. Қазір көкөністерге ол тыңайтқыштың қажеті болмас. Мысалы, ботташыққа көң мен қорданың қажеті жоқ.

Жас топыраққа әк қажет болса, онда ол топырақтың астында қалмасын. Бетіне себіңіз, жаңбыр суымен еріп, жерге өзі сіңеді. Жас көң шашылған жерге әкті шашуға болмайды, екеуінің арасында химиялық реакция жүреді. Күректі, кетпенді топыраққа қиғаштай салсаңыз көңілдегідей тереңдік болмайды. Онда жердің бет жағы ғана аударылып, жұмысыңыз сапасыз болады. Кетпенді де, күректі де жерге тік салыңыз. Жердің топырағын аудармай, көкөніс себу тәжірибесі де бар. Мұндай тәжірибені жақтаушылар: «топырақтағы табиғи өзгерістерді сол күйінде бұзбай қалдырып, шіріген жапырақтардың, шөптердің есебінен жерді тыңайтып отыруға болады. Ал топырақты аударғанда жер бетіне түскен көптеген арамшөптердің тұқымдары жер астына түседі де, қайтадан көгеріп шығуға мүмкіндік алады. Сондықтан да топырақты барынша аз аударыстырған жөн»,— дейді.

Топырақты азырақ аударыстыру әдісінің техникалық жағынан пайдасы басымырақ. Топырақтың құнарлылығы артады. Өнімділігі де артады. Дегенмен оған жұмсалатын еңбек пен уақытты үнемдей алмайсыз. Өйткені қорда дайындау ісі көп еңбекті талап етеді. Бірақ тәжірибе топырағы аударылған жерге еккен көкөністің өнімі де, оның сапасы да артық екенін көрсетуде.

Қос ярусты өңдеу. Қос ярусты өңдеуден топырақтың өңделу сапасы артады. Бұдан жердің дренажы жақсартады. Бұл тәсіл әсіресе ауыр, ылғалды жерлерде пайдалы. Сәбіз, ботташық сияқты тамыржемісті дақылдардың тереңге бойлай өсетіні белгілі. Ол бір күрек бойындай жерде тығыздалып қалған «қатты» жер топырақ қабатына тіреліп, ары қарай өспейтіні ақиқат. Мұндай «қатты» жер жыл сайын жерді күрек басынан асырмай аудара бергеннен болады. Осындай тығыз тапталған жер қандай дақылға да қолайлы емес. Тапталған топырақты (қос ярус) екі қабат, яғни екі күрек бойына өңдегенде барып жұмсартуға болады. Аударатын учаскені екіге бөліп, топырақты аударғанда бір ярустыдай етіп қалдырасыз. Әр борозданы жерге қада қағып, жіп тартып белгілейсіз. Бірінші борозданың кеңдігі күрек еніндей болсын. Оның түбіндегі топырақты бау айырымен ұсатасыз. Тереңдігі де бір күрек басындай болсын. Ұсақтаған кезде топыраққа көң салып жіберіңіз.

Тың жерді қос ярусты өңдеу. Егер бұл учаскеге көп жылдан бері ешнәрсе егілмеген, тың жер болса, оның өңделуі де жоғарыда айтылғандардан өзгешелеу. Өңделетін жердің ортасынан жіп тартып, соның бойымен онша терең етпей күректің ұшымен қазыңыз. Сосын жіпті жинап алып, 50 см қазылатын жерді белгілеп, оның 5 сантиметрдей шым қабатын күрекпен алып, учаскенің екінші бөлігін жиектей, шөбін үстіне қаратып қойыңыз. Енді топырақты бір күрек бойы тереңдетіп қазып, шыққан топырақты беті алынған жерге тастаңыз. Одан ары тереңдікті 30 см дейін тереңдетіп, топырағын ұсақтап жіберіңіз.

Өңделетін жердің екінші бөлігінің де үстіңгі қабатын күрекпен алып, бірінші, топырағын өңдеген жерге тастаңыз. Оның үстіне екінші, өңделіп жатқан жерден алынған топырақты тастап отырасыз. Осылайша жалғастыра бересіз. Шым топыраққа топырағы ұсақталған қабатқа кең, қорда араластырасыз.

Суару. Топырақтан қажетті нәрді алу үшін көкөністерге су қажет. Су аз болса көкөністің өсуі де тоқтайды. Өсімдік жапырақтарынан су буланып отырады. Ал жеткіліксіз суарылғанда ол солып, одан әрі өспей, әрі өнім де кемиді.

Өсімдіктен алатын өнім мол, сапалы болу үшін оған қажетті мөлшерде су керек. Бірақ артық судың да пайдасы шамалы. Себебі топырақтағы ауа режи-мінің бұзылуы, құнардың сумен шәйіліп кетуі өсімдіктің өсуін тоқтатады. Сонымен қатар оның дәмділігін жояды.

Тұқымның тез өнуі мен көшеттің ойдағыдай өсуіне су мол қажет. Бірақ, зерттеу жұмыстары көрсеткендей, өсімдіктердің түрлеріне қарай су да сол мөлшерде жұмсалады. Мысалы, жапырақтары пайдаланылатын көкөністер, ақ қауданды және түсті капусталар көгеріп шыққаннан ақ судың мол болғанын қалайды. Топырақ неғұрлым құнарлы болса, судың солғұрлым пайдасы мол. Құрғақшылық болғанда өсімдіктің вегетация кезеңінде ол аптасына 10-15 л/м² нормамен су ішу керек.

Ас бұршақ пен үрме бұршақтың кейбір сорттары вегетациялануының бастапқы кезеңінде суарылса жапырақтары өсіп, гүлдеуі, өнімі азаяды. Көгеріп, шығып келе жатқанда бұл өсімдіктерге ылғалдың қажеті шамалы (аса құрғақ-шылық болмаса). Ал гүлдей бастағанда аптасына бір-екі рет суару қажет (нормасы 5-10 л/м²).

Кейбір көкөністерге судың мерзімімен берілуі өте қажет. Суды кешке, не таңертең берген дұрыс. Сонда күн қызуынан су аз буланады. Су терең тамырларға жететін болсын. Себілген су тамырларға жетпей рәсуә болады. Тағы бір ескеретін жәйт - кешкі суарғаннан кейін жапырақтар кеуіп үлгермейді де, өсімдік ауруына себепші болуы мүмкін.

Жиі суара бермес үшін топырақтың ылғал ұстау қабілетін арттыру керек. Ал суды бойына көп ұстай алмайтын топырақтарды терең аударып, тамырларға су мол жететіндей жағдай жасау керек.

Топырақта ылғалды мол ұстаудың жақсы тәсілі - топыраққа органикалық тыңайтқыштарды: көнді, қорданы, жапырақ шіріндісін, торфты уақтылы беріп тұру керек. Тыңайтқыштарды міндетті түрде топырақпен араластырып жіберіңіз. Судың мол жұмсалыуына өсімдік маңайындағы арамшөптердің де үлесі бар. Сондықтан да оларды шығып келе жатқаннан жою керек. Өсімдіктің қатар аралығы мен жиілігі де, әр өсімдіктің суды қалай пайдалануына орай есептелуі керек. Зерттеу тәжірибе жұмыстарында әр дақылдың суды қанша мөлшерде қажет ететіні анықталған.

Топырақтағы судың көп булануына тосқауыл ретінде өсімдік түбіне айналасына қорда, жапырақ шіріндісін тастау керек. Бұл органикалық заттар ретінде өсімдікке қоректік зат болып та саналады. Қорданы не жапырақ шіріндісін көкөніс көктеп шыққан соң жаңбырдан кейін, не суарып болған соң тастау керек. Органикалық тыңайтқышты топырақты шамалы көпсітіп барып тастаңыз. Бұл әдіс - арамшөптің өсуіне де кедергі жасайды. Ал желмен келіп түскен арамшөп тұқымы өсіп шыққан күнде де оны оңай жұлып тастауға болады.

Тұқым көктеп шығуы үшін белгілі мөлшердегі ылғал керек. Сондықтан тұқым себілген жер ылғал болсын. Егер топырақ құрғақ болса суару қажет. Суды тұқым себерден бір-екі күн бұрын құю керек. Сонда қопсытылған қолайлы ауа-ылғал режимі қалыптасып, тұқымның өніп шығуына жеткілікті ылғал пайда болады. Дайындалған жүйекке суды тұқым себер алдында жіберуге де болады. Әр метрге 0,6-0,8 литр есебінен су керек. Әрине, бұл екі тәсіл де тұқымды сеуіп алып суарғаннан әлдеқайда артық. Өйткені, мұндай жағдайда топырақ беті қабыршақтанып, тұқымның көктеп шығуы қиындайды.

Көшет отырғызылғаннан кейін оны жиі суару керек. Тамыр байлағанша әр өсімдікке күніне 0,1 литр есебінен су қажет. Көшет отырғызатын ұяға су құйып, көшеттің түбін топырақпен көмген соң бетіне құрғақ топырақ, қорда себіңіз. Егер көшет әлсіз болса, оның үстіне күн ыстық болғанда күнде суарылады. Бүкіл жүйекке су жібергеннен гөрі суды тамырдың түбіне құйған жөн. Кең алқапты жерде өсімдіктің әр түбіне су құйып шығуы тиімді емес. Сондықтан ол жерлерге суды күнде сеуіп тұрады. Мұнда да су көп жұмсалады, бірақ уақыт үнемделеді. Күн ыстықта су аз рәсуә болсын десеңіз, өсімдіктің үстінен қағазбен көлеңкелеңіздер.

Көң мен қорда. Көкөніс жылда қайталап егілгеннен кейін жердің құнары азайып, тозады. Сондықтан да топыраққа көң, немесе қорда араластырып тұру керек. Органикалық тыңайтқыш топырақ құрылымын жақсартады, микроорганизмнің өмір сүруіне қажетті заттар көбейеді, топырақта ылғалдың сақталуына жағдай жасалады. Көң мен қордадан топыраққа кейбір жұғымды заттар да сіңеді. Бірақ олар өсімдіктің біркелкі өсуіне толық жеткілікті емес. Сондықтан да топырақта жұғымды заттардың бір деңгейде болуын қамтамасыз ету үшін минералды тыңайтқыштар беріліп тұрады.

Көң - жердің құнарлылығын бір деңгейде сақтауға септігін тигізеді. Дегенмен сапасы ойдағыдай көң дикандардың қолына түсе бермейді. Сондықтан басқа да қолда бар тыңайтқыштар пайдаланылады. Мысал үшін торф, қорда, т.б.

Қорданы әртүрлі өсімдіктердің қалдықтарынан дайындайды. Бірақ ол өсімдіктер ауруға шалдықпаған, улы химикаттармен өңделмеген болуы тиіс. Олай болған жағдайда қордада жүріп жатқан биохимиялық процеске әсер етеді. Сондай-ақ ыдырамайтын гербицид сіңірілген әсемдік қалдықтары да пайдаланылмасын. Капустаның киль ауруына шалдыққан түбірі, пияздың ақ іріткі ауруына, картоптың фитофтороз ауруына шалдыққан бұтақтары, ауру картоптар да қордаға пайдаланылмасын. Оларды дереу өртеп, қордаға күлін пайдаланған дұрыс.

Қорда үйінділері жер бетіне үйіледі. Оған пайдаланылған материалдар бактерияның әсерімен шірітіледі. Бірақ оған ауа, азот, су қажет. Сондықтан да үйінді жел өтінде, әрі ылғалы жетерлік болу керек. Сонда үйінді ішінде пайда болған ыстық ауа биохимиялық процестің тез дамуына әсер етеді. Қорда үйіндісінің көлемінің табаны 1 м², биіктігі 1-1,2 м болғаны жөн. Үйіндінің формасын сақтау үшін, санитарлық және эстетикалық жағын ескеріп, үйіндіні ірі көзді тормен, не ағашпен қоршап қойған дұрыс. Екінші жағынан үйіндідегі шөптерді құстар да тасып кетпейді.

Үйіндіге салынған шөптердің әрқайсысының қалыңдығы 15-25 см болу керек. Орылған шөп қалың салынса шіру процесі де баяу жүреді. Қорда үйіндісіне салынған компоненттер жиі-жиі араластырылып отырғаны жөн. Неғұрлым жиі болса солғұрлым жақсы. Қорда материалының бірінші қаба-тының үстіне қалыңдығын 2-3 см етіп бау топырағын салып, оған қышқылдық реакция болдырмас үшін әк қосу керек. Әр қабатқа осындай қоспаны қосып отыру абзал. Бау топырағындағы бактериялар қорда шіруіне әсер етсе, әк қышқылдық оптималдық органы жасайды. Қабатталған үйінді дайындалған соң оның сыртын жұқа топырақпен қымтап, үстінен полиэтилен пленкасын жабады. Сонда үйіндідегі жылу жақсы сақталып, органикалық заттар тез шіриді. Қорда дайын болу мерзімі ондағы қосылған өсімдіктерге, ауа райына байланысты. Бірақ, жарты жылда ол әбден көпсіп,

пайдалануға дайын болады. Қорда үйіндісінде шөптің қалдығы аз қалады. Сондықтан да азот концентратының деңгейін сақтау үшін аммонисульфатты, немесе шірімеген жаңа көң қосылады. Бұдан соң қордаға әк қосылмайды, қосылса аммиак бөлініп шығады.

Жерді тұқым себуге дайындау. Күзде қазылған жердің топырағы қыста тоңданып, көктемде ылғалы мол болып шығады. Көктемгі желдің әсерінен ірі-ірі топырақ кесектері ыдырап, жердің беті ұлпаланады. Топырақты дайындағанда ірі-ірі кесектерді майдалап, жерді тегістеп тәртіпке келтіресіз.

Көпсіту. Ірі тырма-кетпенді пайдаланып топырақтың жоғарғы жағын 15-20 см тереңдікте көпсіту керек. Тереңде жатқан ірі кесектердің, арам-шөп тұқымдарының, бұрынғы шашылған көңнің жер бетіне шығып кетпеуін қадағалаңыз.

Көпсіту бір-бірімен байланысты перпендикуляр екі бағытта жүргізіледі - топырақтың жоғарғы қабатын мұқият тегістеп, қалған кесектерді ұсақтау. Бірақ топырақты өте ұлпа етіп жібермеңіз.

Көктемгі тыңайтқыш. Топырақты дайындағанда негізгі тыңайтқыштардың бөлігі салынады. Тыңайтқыш 10-15 см тереңдікте жалпақ жүзді тырма-кетпенмен араластырып жіберіледі. Тыңайтқыш онша көп болмай жерге біркелкі шашылсын десеңіз оны құммен араластырыңыз. Бұл жұмыспен қатар жердің бетіне шыққан тастарды, арамшөптерді тазалау да жүргізіледі.

Жерді соңғы өңдеу. Топырақта қалған кесектерді майдалап, арадағы қуыстарды толтырып, учаскені дайындау басты жұмыс. Бірақ топырақ өте тапталмасын. Әсіресе ауыр топырақты жерлерде жердің құрылымы өзгеріп кетуі ықтимал. Жүйектерді тырманың шеттерімен істеген онды болар. Ал жеңіл топырақты учаскелердің топырағын нығызданқыраған жөн. Егер топырақтың ылғалы өте көп болмаса топырақты жеңіл ғана таптап нығыздау керек.

Тырмамен топырақты әрі-бері тырмалап, соңғы рет тегістеп шығасыз. Алғашқы жұмыстарда учаске жақсы тегістелсе, онда бұл жұмысқа көп уақытыңыз кетпейді.

Қосытылған топырақтарды ұсақтау. Топырақтың майдалануы оның қасиетіне, себілетін тұқымға байланысты. Көшет отырғызылатын топырақтан тұқым себілетін топырақ майдалау болу керек. Тұқымы ұсақ салат пен үрмебұршақтың топырақтары да өзіне тән болып, біріншінікі екіншіге қарағанда әлдеқайда жоғарғы дәрежеде болуы тиіс. Саздақ топырақты, құмдауыт жерлерде топырақты қандай дәрежеде болса да майдалауға болады. Ал енді батпақты, шандақты топырақты ерекше мән беріп майдаламаса, жауын жауғанда топырақ батпақтанып, кепкен соң қатты қатпаршақтанып тұқымның өніп шығуына кедергі келтіреді. Сондықтан да мұндай жерлердің топырағын өте майдаламау керек. Ірі кесектер қала бергені жөн. Мал азығына арналған бұршақты осындай топыраққа жаздың аяғында немесе күзде себеді.

Көкөніс тұқымын себу. Көкөніс тұқымын бірден жүйектерге, не көшет үшін теплицаларда себеді.

Бірден себу. Тұқымы ұсақ салатты және сәбізді қатар жүйекке сеуіп, өніп шыққан соң қажетті мөлшерге дейін сирексітеді. Өте қалың себілмесін. Оның тұқым үнемдеуге ғана емес, өніп шыққан өсімдіктің жақсы болып шығуына септігі бар. Сирек себілген тұқымнан мықты, дені сау көкөніс шығады. Тұқым себілетін жердің жүйегін жіппен түзулеп, жүйектің тереңдігін тұқымның ірілі-уақтығына орай істейсіз. Тұқымды себерден бұрын жүйекке су жіберіп, сеуіп болған соң бетіне топырақ салып, тырманың сырт жағымен нығызданқырау керек. Әр жүйекке себілген дақылдың атын, мерзімін, сортын жазып этикетка қойыңыз.

Ұяға себу. Ірі тұқымды бұршақтарды, үрмебұршақты, қант жүгерісін, басқа да дақылдарды ұяларға отырғызады. Бір метр жерге қанша өсімдік шығу керектігін есептеп барып тұқым себесіз. Жүйектер жоғарыда көрсетілгендей етіп дайындалады, бірақ тереңдеу болу керек. Тұқымды қада қағып, сол шұңқырына да тастауға болады.

Тұқымның өніп шығуын қамтамасыз ету үшін әр ұяға екі-үштен тастайсыз. Кейін сирексітіп әр ұяда күшті деген бір өсімдік қалдырылады.

Майда тұқымдарды, мысалы, сәбіз, салат, ботташық, петрушка тұқымдарын ұяға себуге болады. Ол үшін тұқымды арнайы қаптайды (драже жасайды). Мұндайда керегінше ғана себіледі. Бірақ ондай тұқым қымбатқа түседі, сондай-ақ толық өніп шығуына кепілдікте бола бермейді.

Тұқымның әрбір партиясының өніп шығу мерзімі әртүрлі. Бірақ айналадағы жағдайға орай оның өну мерзімі де өзгеруі хақ. Сондықтан тұқымды молырақ сеуіп, кейін сирексітіп, қажетті мөлшердегісін ғана қалдырады. Бірақ оны сепкенге дейін өндіруге болады. Өндіріп алып сепкенде тұқымды үнемдеуге мүмкіндік бар. Оларды жайпақ ыдыстарда өндіре бересіз. Ірілеріне қарағанда ұсақ тұқымды өндірудің әуресі көп. Жайпақ табақтағы дымқыл шүберекке тұқымды біркелкі шашып, бетін жауып, өнгенше жылы жерге қою керек (21°C).

Суару және сирексіту. Тұқымның өнуіне қажіт нәрсе су. Әсіресе драже жасалған тұқымға су мол болу керек. Өну үшін оның сыртындағы қаптамасы ыдырау керек. Суды қай жерге болса да

тұқым себерден бұрын берген жақсы. Сонда топырақта қатпаршақ болмай, тұқымның өніп шығуына кедергі келмейді. Тұқымды аз септім дегеннің өзінде жиілеп кетеді. Сондықтан да оны сирексіту керек. Сирексітуді неғұрлым ертерек өткізген дұрыс. Әйтпесе көкөніс сорайып өсіп, ауруға шалдыққыш келеді. Сирексітуді құралсыз-ақ қолмен атқарады, артынша суару қажет.

Аннотация. В статье любителям-садоводам предлагаются рекомендации по выполнению работ в саду в период летнего сезона.

Annotation. In the article, amateur gardeners with recommendations for working in the garden during the summer season.

ӘОЖ 56 (321)

О 16

АЛОЭ ӨСІМДІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ЕМДІК ҚАСИЕТТЕРІ

Қ.П. Орынов, Р.Ғ. Оралбеков

Қазақстанның 40 жылдығы орта мектебі, Жамбыл обл., Байзақ ауд.

Қазақстан жері әр түрлі табиғи жағдайдан, орманды далалы, таулы аймақтардан тұрады. Міне, осындай ұланғайыр өлкемізде алуан түрлі өсімдіктер өседі. Қай заманда болмасын, адамзат баласы өсімдік өнімдерінің тағамдық жағынан ғана емес, емдік, шипалық жағына да көңіл бөлген. Жер жүзіндегі дәрілердің 40 % өсімдіктен дайындалады. Жанға шипа, дертке дауа дәрілердің көпшілігі өсімдіктен алынады. Жер бетінде өсетін барлық өсімдіктердің пайдасына көз жіберіп қарасақ, жүрек ауруларын емдейтін дәрі - дәрмектің 70 %, ішек-қарын, бауыр дәрілерінің 75 %, жатыр ауруларының шипалы дәрі-дәрмектерінің 80 %, қақырық түсіретін дәрілердің 80 %, қан тоқтататын дәрілердің 65% тек өсімдіктен алынады. Шипалы өсімдіктер қатарына әр түрлі сәнді өсімдіктер де жатады. Сондай-ақ, біздің бау-бақшамызда аяқ астында қаптап өсетін арамшөптер жөнінде де осыны айтуға болады. Өздерінің жер үстінде және жер астында олардың мүшелерінде аса бағалы "үй дәріханасына" қажетті заттардың болуы арқылы олардың көпшілігі аса пайдалы. Адам баласы ақылы мен еңбегінің арқасында жабайы өсімдіктерден тұқым алып 20 мыңнан астам мәдени өсімдіктерді қолдан өсіріп шығарады [1.32]. Сөйтіп қазіргі кезде олар адамның игілігіне айналды. Ерте заманнан-ақ ата-бабаларымыз дәрілік өсімдіктерді тани біліп, оның емдік қасиеттерін және тиімді пайдалану жолдарын өз тәжірибелерінен өткізген.

Жұмыс барысында қолдан жасалған емдік қоспаны көпшіліктің тұрмыстық жағдайда жасап пайдалану мүмкіндігі яғни, қолжетімділігі жұмыстың практикалық мәні болып табылады. Жұмыс барысында қолдан жасалған емдік қоспаны тұрмыстық жағдайда жасап пайдалану мүмкіндігі яғни, қолжетімділігі жұмыстың практикалық мәні болып табылады.

Кейінгі жылдары медицинада шөптердің емдік қасиеттері, оларды кеңінен пайдалауға ерекше назар аударылуда. Қазіргі кезде шөппен емдеу- фитотерапияны үй жағдайында кеңінен қолдануға мүмкіндік жеткілікті. Ол үшін дәрісіз ем – домды жасауды дәрілік өсімдіктерден іздеуіміз керек. Өсімдіктер сарқылмайтын қазына емес, сондықтан оларды орынды пайдаланып қорғай білудің маңызы зор "Мың теңге тұратын дәрі шарбағының дәл түбінде өсіп тұр" деген халық бекер айтылмаған. Дәрі – дәрмек жасау ісінде өсімдіктердің алатын рөлі аса зор екені тәжірибеден мәлім. Алғаш рет Қазақстанда өсімдіктердің емдік құрамы туралы мәліметтер XIII- ХҮ ғасырда жазылды. Көптеген орыс қалаларында жасыл өсімдіктерді сататын аптекалар ашылды. III ғасыр бойы емдік өсімдіктерді қолдану тәжірибелері жүргізілді. Бұл жазбалар ХҮІІІ ғасырдың соңына дейін жалғасты, қаншама рет толықтырылды, ауру түрлері ажыратылды. Дәрілерді жасау әдісі қарастырылды. Елімізде өсетін 20 мыңнан астам түрлерінің 2500 – інің шипалық маңызы бар. Бұның 600-ге жуық дәрі дайындауға шикізат ретінде пайдалануға болады. Алайда медицинаға 200-ге жуық дәрілік өсімдіктер түрі белгілі. Қазақстанда өсетін 6000-ға жуық өсімдіктің түрінің 500-і дәрілік өсімдіктерге жатады [2.41].

Алоэ – емдік қасиеттерімен бөлме өсімдіктерінің патшайымы атанған өсімдік. Отаны- Оңтүстік Африка. Таралуы: Африка мен Индияның жартылай шөл далаларында, Мадагаскарда кездеседі. Алоэ- асфоделовтар тұқымдасының суккулентті өсімдіктер туысы, 400 түрі бар. Олар мәңгі жасыл немесе алабажақ, шөптесін, бұта, ағаштекес көпжылдық өсімдік. Суккулентті, жапырағының

жиектері тегіс немесе ара тісті. Құрғақшылық жылдары бұл өсімдік жапырағының шырышты өзегіне қоймалжың шырын жинайды да, ол өсімдікті солып қалудан сақтайды. Көп жерде бөлме өсімдігі, яғни әсемдік ретінде өсіріледі. Көбеюі вегетативтік жолмен. Ресейде мәдени өсімдік ретінде 40-жылдарында орын тапты. Гүлдеу уақыты: қысқы айлар, әр жылда емес. Қолдану бөлігі: жапырағы, сөлі. Жинау уақыты: жыл бойы. Қытайда веналық ауруларды емдеуге қолданады. Алоэ суық тигенді емдейді. Мысалы: тұмау ауыруына, жара мен кесілген жерлерді жазады. Мидың үлкен ми сыңарларындағы тітіркену мен тежегішті реттейді. Жұмыс істеу қабілетін жоғарылатып, физикалық ауырлықты жеңеді. Ағзаның сақтандыру функциясын ретке келтіреді [3.6].

Химиялық құрамы

Жапырағында антрагликозид-алоин бар, 1,66 алоэ - эмодин, 25 % алоэзин, натолин, геманатолин, ребарберон, шайырлы қоспа, 20 % эфир майы, ферменттер мен микроэлементтер, витаминдер, фитонцидтер кездеседі. Ең құндылығы 22 амин қышқылының 20-ы адам организмінде кездеседі. Ал жақында ғалымдар оның құрамынан сирек кездесетін күрделі көмірсу – **ацеманнан** тапты. Ацеманнан тұмау мен қызылшаны және ісік ауруларын емдеуге қолданылады. Бүгінде ол затты СПИД-ті емдеуге қолдануда.

Қолдану бөлігі: жапырағы, сөлі. Жапырағын кесерден 2 апта бұрын суармау керек. Емдік мақсатқа 3-5 жылдан асқан алоэ ғана жарайды. Жинау уақыты: жыл бойы. Қасиеті: кермек дәмді, усыз келеді.

Алоэның қарсы көрсетілімдері

- өт жолдары аурулары
- бүйрек, бауыр аурулары
- гемморой
- гипертония
- жүктілік мерзімі



Жапырақ сөлі тәбет ашады. ас қорытады. Әр түрлі микроптарға қарсы тұра алады. Химиялық медицинада алоэның шырыны жараны тануға, әр түрлі тері ауруларына пайдаланылады. Өсімдіктердің жаңа сөлі әсіресе қараңғы жерде ұстағаны туберкулезді емдеу үшін қолданады. Халық медицинасында жаңа жапырақтарды күйікті жазуға, дерматитке қарсы дәрі ретінде қолданылады. Алоэның су тұнбасы тәбетті толықтай ашады. Академик В.П.Филатов алоэның жапырағын түнде яғни 4 – 8 рет ұстауы ескертеді, себебі осы уақытта алоэ жапырағында негізгі заттар жинақталады. Олар ұлпа жұмысын жақсартады. Бұл заттар биогенді стимуляторлар деп аталады. Осы әдіс көптеген жазылмас аурудың алдын алуға көмектеседі. Тері сыртындағы іріңді жара, күйік, қағынған жараларға өсімдіктің жапырағы мен сөлін қолданады. Көздің де әр түрлі жұқпалы аурулары үшін қолданылады. Сонымен қатар демікпеде, асқазан ойық жарасында, асқазан ауруларына қарсы қолданылады. Кейбір шырындарға қосады. Алоэның дәрілік қасиеті осыдан 3000 жыл бұрын белгілі болды. Оны Египетте, кейін Индияда, Италия, Грецияда сыртқы күйіктерге арнап қолданды. Орыс медицинасында жапырақ сөлін жүйке ауруларын, бас ауруы т.б. сырқат үшін, бал мен борсық майын қосып туберкулезді емдейді [4.12].

Алоэның басты ем болатын аурулары және қолданылуы:

1.Иммунитет көтеруде: 500г жаңа кесілген алоэ жапырағын грек жаңғағы дәнімен араластырып, ет тартқыштан өткіземіз. Оған 1,5 стақан бал араластырып, тамақтан соң 1 ас қасықтан күніне үш мезгіл 1 ай ішу керек.

2.Тіс ауырғанда: алдымен тұзды сумен жуып, алоэдан 1 г ұнтақтап, оны тіске басады.

3.Сыртқы жарақаттан қан шыққанда алоэдан лайықты мөлшерде алып, жаншып жарақатқа танады.

4.Демікпеге жас алоэні езіп, шырынын күніне 3 рет, әр ретте 5 мг ішеді.

5.Шиқан шыққанда, ірінді жараларды алоэның жапырағын тіліп, жараның аузына тартады. Шиқанның соқтасын соруға, тез жазылуына, әрі қарай созылмауына алоэ жапырағы көп көмектеседі. Сондай-ақ адамның тәбетін ашуға, іш тоқтатқанға, асқазан ауруына, ішек ауруларымен баспаға жақсы ем. Бал қосылған алоэ шырынын туберкулез ауруына берден-бір ем болып табылады.

Халық қоспасы

Қоспа №1. Жаңа жапырақ сөлі қараңғыда ұстаған борсық майын араластырамыз және де бал қосамыз, май, 100 бөліктей какао, алоэның жапырағының 15 бөлігін 1 шай қасық сөлді 1 стақан сүтке қосамыз. Туберкулез кезінде күніне 2 рет қолдану керек.

Қоспа №2. Әлсітеркіш қоспа ретінде келесі қоспа дайындалады. 150 гр алоэ жапырағы (тікенимен бірге) қолмен езіп, 300 гр ыстық бал қосады, қайнағанға дейін ысытады. Тәулік ұстап, сосын ысытады. Тамақ ішер алдында 1 сағат бұрын әр таңертең 5-10 гр қолдану қажет.

Қоспа №3. Қолмен алоэның жапырағын езіп, күніне сөлін 3 – 4 тамшы қолданады. Мұрын қуысы ауруына қолданады.

Қоспа №4. Сөлін балмен араластырып, бронхитке қарсы күніне 3 рет шай қасықтың 1/2 бөлігін пайдаланады.

Қоспа №5. Жараларға жапырағын ортасынан кесіп, ылғал жағын таңады.

Қоспа №6. Жапырағын кесіп, тазалап жуып, ет турағыштан өткіземіз. Бал қосамыз. Асқазан қыжылына 1 шай қасықтан қолданады.

Қоспа №7. Суық тиюге 2-3 сағат аралығында 5-6 тамшы пайдаланады. Жас өсімдікті жыл сайын отырғызады, ересектері әр 2 – 3 жылда жақсы топыраққа отырғызылады. Алоэның көбінесе шілде мен тамызда немесе көктемде көбейеді. Олардың көбею мүшелері 10 – 12 см болуы керек, сонымен қоса бір тәулік ауада ұстаған жылы топыраққа 1см тереңдікте, бөліктер арасын 3 – 5 см дей етіп отырғызады [5.24].

Тамыры пайда болғанда отырғызуға болады. Алоэның тұқымымен де өсіруге болады. Тұқымын ақпан, наурыз айларында себеді. Температурасы 25°C – тан төмен болмауы тиіс.

Денсаулығымыз мықты болуы үшін батпандап кіріп,мысқылдап шығатын ауруды дәрісіз – ақ үй жағдайында айналада өсетін дәрілік өсімдіктермен-ақ емдеп жазуға болады. Дәрілік өсімдіктермен айналысу денсаулығымызды сақтауға көмектеседі, отбасының қаражатын үнемдейміз, табиғат байлығын қорғауға да атсалысамыз. Міне, осындай емдік қасиеті бар өсімдіктерге оқушылар кішкентайынан мән беріп, өз игілігіне қолдана білсе, шипаны алыстан іздемейді. Дәрілік өсімдіктерді пайдалану денсаулықты сақтаумен бірге қазіргі нарықтық заманда отбасылық қаражатты үнемдеуге көмектеседі. Дәрілік өсімдіктер жанға шипа, дертке дауа болады.

Алоэ – бөлме өсімдіктері ішінде ең көп тараған өсімдік. Өзінің әсемдігімен көздің нұрын алады, гүлдеуі өте сирек. Осы зерттеу жұмысын жазу барысында ұққаным алоэ өсімдігі – көптеген емдік қасиетке ие пайдалы өсімдік. Мен өз сыныптастарымның арасында осы өзімнің жұмысыма байланысты сауалнама жүргіздім. Алоэны сыныптастарымның арасында кеңінен насихаттадым [6.3]. Ерте заманнан дәрілік өсімдіктердің қасиетін ата – бабаларымыз білген. «Аурудың жақсысы жоқ, дәрінің тәттісі жоқ» дегендей қазіргі заманда химикат дәрілер көбейіп жатыр. Олардың адам ағзасына тигізетін зияны көп. Өсімдік адам үшін азықтың қайнар көзі. Дәрілердің барлығы өсімдіктерден алынады. Аурудың алдын алуға емдеу үшін дәрілік өсімдіктердің маңызы өте зор.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Ж.А.Адаев. Р.Н.Нұрғалиев. Шаңырақ энциклопедиясы.
- 2.Ж.Жатқанбаев. Өсімдік және адамзат.
- 3.М.Қожабеков. Дәрілік өсімдіктер. Алматы, «Қазақстан» 1982 ж.
- 4.М.Оспанова, Ж.Лұқпанова. Өсімдік жанға шипа, дертке дауа.
- 5.В.Г.Пышинский Лечение травами Ленинград «Наука» 1990 ж.
- 6.Денсаулық журналы №8 2006 жыл.

Аннотация. В данной статье рассматривается лечебное качество и особенности растения алоэ.

Annotation. In this article medical quality and features is examined plant of aloe.

ФОРМИРОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ

Н.А. Руденко
Средняя школа №9, г. Тараз

«Предназначая только одного на миллион стать Ньютоном или Рафаэлем, природа вложила в миллионы людей, которые не являются гениями и не могут стать ими, большие, важные и нужные для всего человечества творческие задатки. Их развитие, несомненно, является целью нашего существования; существования их само по себе является важным и всеобщим культурным средством, которым обладает род человеческий»

Х. Песталоцци.

Для того чтобы соответствовать требованиям современного информационного общества школа должна подготовить выпускников, которые являются не только хорошими специалистами в своей области, но и умеющими гибко адаптироваться в меняющихся жизненных ситуациях, самостоятельно критически мыслить, грамотно работать с информацией. Новая парадигма образования ориентирована на формирование потребностей в постоянном пополнении и обновлении знаний, совершенствовании умений и навыков, их закреплении и превращении в компетенции. При увеличении объемов информации и скорости ее потоков в современном обществе особенно актуальными становятся умения, связанные с восприятием, обработкой и переработкой информации. От умения работать с информацией, критически осмысливать ее, от умения организовать познавательную систематическую деятельность зависит степень интереса учащихся к учебе, уровень знаний, готовность к постоянному самообразованию. Вместо простой передачи знаний, умений и навыков от учителя к ученику приоритетной целью образования становится развитие способности обучающегося самостоятельно ставить учебные цели, проектировать пути их реализации, контролировать и оценивать свои достижения, работать с разными источниками информации, оценивать их и на этой основе, формулировать собственное мнение, суждение, оценку. Для успешного образования и в первую очередь самообразования, человек должен владеть целым рядом компетенций, ключевой среди которых можно считать информационную. Термин «информационная компетентность» относится к ключевым терминам образовательных стандартов второго поколения и определяется как «способность и умение самостоятельно искать, анализировать, отбирать, обрабатывать и передавать необходимую информацию при помощи устных и письменных коммуникативных информационных технологий». С этим термином тесно взаимосвязаны «информационная грамотность» и «информационная культура».

Информационная культура — умение целенаправленно работать с информацией и использовать для ее получения, обработки и передачи компьютерную информационную технологию, современные технические средства и методы. Информационная грамотность учащихся является основой, начальным уровнем формирования информационной компетентности и включает совокупность знаний, умений, навыков, поведенческих качеств обучающегося, позволяющих эффективно находить, оценивать, использовать информацию для успешного включения в разнообразные виды деятельности и отношений. Критерии информационной грамотности ученика:

1. Ученик должен ощущать потребность в значимой информации, уметь формулировать вопросы, определять источники информации и использовать успешные стратегии поиска информации.
2. Ученик должен разбираться в том, что в найденной информации является фактом, мнением, а также обнаруживать ненужную информацию.
3. Для обмена найденной информацией ученик должен организовывать эту информацию и интегрировать ее со своими знаниями. Для этого он должен привлекать навыки критического мышления и навыки решения проблем.
4. После того как ученик приобрел информационную грамотность, ему нужно начинать применять то, чему он научился, для своих личных интересов, продолжая самостоятельно учиться в течение всей жизни.
5. Ученик не только должен стать уверенным и заинтересованным читателем, но и уметь ценить представленную информацию, а также быть готовым представить ее с помощью различных средств.

6. Ученик должен оценивать процесс использования информации, достигнутые результаты, находить пути для пересмотра, улучшения или обновления своей работы.

7. Ученик должен быть ответственным потребителем информации, уважать принципы интеллектуальной свободы и прав на интеллектуальную собственность, указывая верные ссылки на идеи других.

8. Ученик должен уметь сотрудничать с другими в ходе поиска и использования информации.

Формирование ключевых компетенций обучающихся является одной из важнейших задач, стоящих перед школой по модернизации образования при переходе на 12 летнее обучение. В связи с этим актуальным становится вопрос компетентного подхода в образовании. Казахские ученые компетентного подхода к обучению предлагают несколько классификаций ключевых компетенций, ключевыми образовательными компетенциями являются:

1.Ценностно – смысловая.

2.Общекультурная.

3.Учебно – познавательная.

4.Информационная.

5.Коммуникативная.

6.Социально – трудовая.

7.Личностного совершенствования.

Данная классификация оказалась наиболее отвечающей требованиям компетентного подхода, так как составлена на основе главных целей общего образования, структурного представления социального опыта и опыта личности, а также основных видов деятельности ученика. Компетенция – это готовность субъекта эффективно организовать внутренние и внешние ресурсы для постановки и достижения цели. Под внутренними ресурсами понимаются знания, умения, навыки, надпредметные умения, компетентности (способы деятельности), психологические особенности, ценности и т.д. Компетентности – качества, приобретенные через проживание ситуаций, рефлексию опыта.

• Информационные компетенции. Навыки деятельности по отношению к информации в учебных предметах и образовательных областях, а также в окружающем мире. Владение современными средствами информации (телевизор, телефон, факс, компьютер, принтер, модем, копир и т.п.) и информационными технологиями (аудио- видеозапись, электронная почта, СМИ, Интернет). Поиск, анализ и отбор необходимой информации, ее преобразование, сохранение и передача.

• Коммуникативные компетенции. Знание языков, способов взаимодействия с окружающими и удаленными событиями и людьми; навыки работы в группе, коллективе, владение различными социальными ролями. Ученик должен уметь представить себя, написать письмо, анкету, заявление, задать вопрос, вести дискуссию и др. Для освоения этих компетенций в учебном процессе фиксируется необходимое и достаточное количество реальных объектов коммуникации и способов работы с ними для ученика каждой ступени обучения в рамках каждого изучаемого предмета или образовательной области.

Природоведческие и здоровьесберегающие компетенции:

1. Иметь опыт ориентации и экологической деятельности в природной среде (в лесу, в поле, на водоемах и др.);

2. Знать и применять правила поведения в экстремальных ситуациях: под дождем, градом, при сильном ветре, во время грозы, наводнения, пожара, при встрече с опасными животными, насекомыми;

3. Позитивно относиться к своему здоровью; владеть способами физического самосовершенствования, эмоциональной саморегуляции, самоподдержки и самоконтроля;

4. Знать и применять правила личной гигиены, уметь заботиться о собственном здоровье, личной безопасности; владеть способами оказания первой медицинской помощи;

5. Владеть элементами психологической грамотности, половой культуры и поведения;

6. Иметь многообразие двигательного опыта и умение использовать его в массовых формах соревновательной деятельности, в организации активного отдыха и досуга;

7. Уметь подбирать индивидуальные средства и методы для развития своих физических качеств.

Формирование элементов, составляющих ИК, происходит постепенно от класса к классу. В результате работы выделяются четыре этапа:

1) вхождение в систему компьютерного образования;

2) овладение компьютерным инструментарием;

- 3) решение предметно-практических (прикладных) задач;
- 4) продуктивная деятельность;

Реализация начинается в 5-6 классах. Осуществляется введение в обучение компьютерных обучающих программ, демонстрации с помощью компьютера биологических объектов, процессов, явлений при организации уроков изучения нового материала, уроков- практикумов с использованием виртуальной наглядности, уроков – виртуальных экскурсий, кроме того учащимся предлагается самостоятельно подготовить материал к уроку и представить его одноклассникам. Учащиеся оформляют индивидуальные задания в программе MicrosoftWord: подбирают необходимый материал, учатся набирать его на компьютере, учатся делать вставки фотографий, иллюстрирующих текст, и представлять свои результаты. Подготовленные материалы служат наглядным материалом по определенной теме. Задания предлагаются как домашняя творческая работа и обязательными для всех учащихся не являются. Задания усложняются постепенно. Таким образом, работа по формированию информационной компетентности с использованием компьютера включает определенные виды деятельности учащихся:

- работа с информацией (анализ, систематизация, сравнение, обобщение);
- отбор содержания на основе какого-либо параметра и подбор наглядности к нему;
- оформление и представление информации;
- использование информации при решении теоретических и практических задач;
- контроль усвоения информации с использованием компьютерных тестирующих программ, предполагается использование тренажерных программ для самоконтроля учащихся.

При работе с информацией обучающиеся осваивают следующие виды деятельности:

- освоение логических способов извлечения смыслов (работа с содержанием понятий, деление и классификация понятий и т. д.);
- работа с текстом учебника (построение модели текста, выделение его составляющих);
- чтение дополнительной литературы по предмету (научно-популярной и научной) с ее анализом, сопоставлением мнений, формулировок понятий и т. д.;
- преобразование информации (построение таблицы по тексту, построение диаграммы по таблице и т. д.);
- выполнение задания по инструкции как формирование навыков использования справочников.

Наиболее адекватным при организации учебного процесса и формирования информационной грамотности является личностно-деятельностный подход, при котором в центре познавательного процесса находится ученик и его учебная деятельность, а главной целью организации процесса обучения является создание условий для развития его познавательной активности. В формировании информационной компетентности особую роль имеет умение работать с различными источниками информации. Формирование культуры чтения, включающей в себя умение ориентироваться в источниках информации, пользоваться разными стратегиями чтения, адекватно понимать прочитанное, сортировать информацию с точки зрения ее важности, «отсеивать» второстепенную, критически оценивать новые знания, делать выводы и обобщения. Учебник в этом списке стоит на главных позициях.

Если ученики научатся самостоятельно получать новые знания, пользуясь учебником, или какими-то специально подобранными книгами или пособиями, то будет успешно решена задача сознательного овладения знаниями. Работа с текстом учебника заставляет их анализировать прочитанный текст, отделять главную информацию от второстепенной. Важно, что познание нового происходит в самостоятельной деятельности обучающихся.

Список литературы:

1. Масленникова А.В. Бессонова И.П. Организация детской научно-исследовательской и проектной деятельности учащихся в образовательных учреждениях. Центр “Школьная книга”, 2011
2. Развитие исследовательской деятельности учащихся: методический сборник-М: 2011г.
3. Якиманская И.С. Технология личностно ориентированного образования-М 2012г.
4. Чечель И.Д. Метод проектов: субъективная и объективная оценка результатов. 2009г.

Аннотация. Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңінде орта білім беретін оқу орындарының оқу үдерісінің тиімділігі болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығына тікелей қатысты. Сол себепті ақпараттық-компьютерлік технологиялар құралдарын педагогикалық іс-әрекетте кеңінен қолдана білу іскерліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуы мектеп мұғалімдерінің кәсіби дайындығына қойылатын талаптар қатарына енеді. Осы орайда жоғары оқу орындарында болашақ

мұғалімдерді педагогикалық үдерісте ақпараттық технологиялар мен бағдарламалық құралдарды қолдануға ғана емес, осы құралдарды жасауға дайындау өзекті мәселе болып табылады.

Annotation. Thesis work devotes to actual and few researched problems: pedagogical system of professional training on the base of information-computer and mathematical model of future teachers in process of teaching special discipline in HEI. The development of science and new technologies, computerization of all branches of industries, science and education demands inculcation of new informational technologies on the one hand and on the other hand in the connection of the origin of problem on activity of specialists with their use needs new approach professional training of the new specialists. Consequence of contradiction existence between the levels of information technology development and the level of application them in teaching the special discipline is the problem search in completed condition more effective educational technology

МАҚАЛАЛАРДЫ РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ

Жарияланым төмендегі элементтерден тұрады:

- а) ӘОЖ (әмбебап ондық жіктеу)
- б) мақаланың тақырыбы (барлығы бас әріптермен);
- в) авторлар туралы мәлімет;
- г) мақаланың мәтіні;
- д) әдебиеттер тізімі (5-10);
- е) аннотация.

Мақалаларды жазу мен рәсімдеу тәртібі сақтау үшін журнал редакциясы авторлардың төмендегі ережелерді сақтауын сұрайды.

Мақала материалдары баспадан шығу үшін Microsoft Word 2003 редакторында немесе соған сәйкес редакторларда терілген 4-10 беттік мақаланың қолжазбасы А4 форматты қағазға 1 дана шығарылып, қазақ немесе орыс тілінде тапсырылады. Мақала материалының электронды нұсқасы міндетті түрде болуы қажет. Баспаға ұсынылатын мәтінді рәсімдеу тәртібі: қазақ тілінде жазылған текстер үшін – KZTimes New Roman, шрифті – 12, жоларалық интервал – 1; орыс тіліндегі мәтіндер үшін - Times New Roman, шрифті – 12, жоларалық интервал – 1; шетел тілінде жазылған текстер үшін – KZTimes New Roman, шрифті – 12, жоларалық интервал – 1. Параметрлері барлық жағынан – 2см.

Мақала төмендегі құжаттармен қоса ұсынылуы қажет:

- Редакцияға келіп түскен материалдарда ғылым докторы немесе ғылым кандидатының ұйымның мөрі басылған пікірі болуы керек. Пікір беруші мақалалардың сапалылығына жауап береді. Ғылыми дәрежесі жоқ авторлар үшін ғылым докторларының немесе ғылым кандидаттарының пікірі болуы тиіс. Мақалаларды жариялау үшін пікір берушілердің ұсынысы жеткіліксіз. Соңғы шешімді редакция ұжымы қабылдайды.

- қазақ тіліндегі мәтін үшін – орыс және ағылшын тілдеріндегі түйіндеме, орыс тіліндегі мәтін үшін – қазақ және ағылшын тілдеріндегі түйіндеме; шетел тіліндегі мәтін үшін – қазақ және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

- автордың түйндемесі: тегі, аты, әкесінің аты, қызметі, жұмыс орны, үй және жұмыс телефондары, мүмкіндігінше – факс және e-mail.

Мақала төмендегі талаптарға сәйкес рәсімделуі қажет:

- жоғары жағында ортасында автор(лар)дың тегі, аты, әкесінің аты жазылады, екінші жолда бас әріптермен (қою шрифтпен) – мақаланың тақырыбы, үшінші жолда сол жағында ӘОЖ индексі, екі интервалдан кейін негізі мәтін жазылады.

- әдебиеттерге жасалған сілтемелер дәйектемеден (цитата) кейін, төрт бұрышты жақшаның ішінде, әдебиеттер тізіміндегі нөмеріне сәйкес нөмермен көрсетіледі. Дәйектемені (цитата) беру үлгісі [10,81б.]. Пайдаланған әдебиеттер тізімі: 10. Бердяев Н.А. Смысл истории. М.: Мысль, 1990. 175 с. мақаланың ең соңында беріледі. Әдебиеттер тізімінен кейін мақаланың қазақ (орыс) және ағылшын тілдеріндегі түйндемесі беріледі.

Кескіндемелер (кестелер, схемалар, диаграммалар) жеке А4 парағында компьютерде немесе анық сызба (тушпен) түрінде орындалуы қажет. Суреттің нөмері қағаздың сырт жағында қойылады және қай бетке және қай жерге орналасатындығы жазылады. Математикалық формулалар Microsoft Equation объектісі ретінде теріліп, беріледі.

Сілтеме жасалатын формулалар ғана нөмірленуі қажет. Графикалық материалдар 5-суреттен аспау керек.

Талапқа сай рәсімделмеген мақалалар қабылданбайды және авторға кері қайтарылады.

Журналдың бір нөмерінде автор бір рет мақала жариялайды, екінші рет тек басқа автромен бірігіп ғана жариялай алады. Бір мақаланың авторы 3-ден аспау қажет.

УСЛОВИЯ ОФОРМЛЕНИЯ СТАТЬИ

Публикация состоит из следующих обязательных элементов:

- а) УДК (универсальная десятичная классификация)
- б) заглавие статьи;
- в) об авторе (сведения)
- г) собственно текст статьи;
- д) список литературы (не менее 5 и не более 10 названий);
- е) аннотация.

При написании и оформлении статей для печати редакция журнала просит придерживаться следующих правил для авторов.

Объем статей: 4-10 страниц формата А4, включая таблицы, иллюстрации, список литературы. Рукописи большого объема принимаются по специальному решению Редколлегии. Гарнитура для текстов на казахском языке – KZ Times New Roman, размер шрифта – 12, интервал – одинарный; для текстов на русском языке – Times New Roman, размер шрифта – 12, интервал – одинарный; для текстов на иностранном языке - Times New Roman, размер шрифта – 12, интервал – одинарный. Поля – 2 см. Статья оформляется только в текстовом редакторе Microsoft Office Word.

Статья должна сопровождаться следующими документами:

- Материалы, направляемые в редакцию, должны иметь внешнюю (стороннюю) рецензию кандидата или доктора наук (с указанием полных сведений о рецензенте), подписанную и заверенную печатью организации (отделом кадров). Рецензент несет ответственность за содержание статьи, достоверность представленных материалов. Рецензия доктора или кандидата наук для авторов, не имеющих ученую степень. Наличие положительной внешней рецензии не является достаточным основанием для публикации статьи. Окончательное решение о целесообразности публикации принимается редколлегией журнала.

- аннотация для текстов на казахском языке – на русском и английском, для текстов на русском языке – на казахском и английском; для текстов на иностранном языке – на казахском и русском.

- резюме автора: Ф.И.О., должность, место работы, домашний и служебный телефоны, по возможности – факс и e-mail.

Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами:

- На первой странице вверху, по центру, указываются инициалы и фамилия автора(ов), на второй строке – прописными буквами – название статьи, на третьей – по левому краю – индекс УДК, после которого через двойной интервал печатается текст статьи.

- Список литературы дается в конце статьи. Список литературы для оригинальной статьи – не более 10 источников. Список литературы составляется в алфавитном порядке – сначала отечественные, затем зарубежные авторы. Если ссылку приводят на конкретный фрагмент текста документа, в отсылке указываются порядковый номер и страницы. Сведения разделяются запятой. Например:

В тексте: [10, с. 81]

В затекстовой ссылке (Список литературы): 10. Бердяев Н.А. Смысл истории. М.: Мысль, 1990. 175 с.

- После списка литературы дается резюме на казахском (русском) и иностранном языках.

Иллюстрации (графики, схемы, диаграммы) должны быть выполнены на компьютере или в виде четких чертежей (тушью) на отдельном листе формата А4. Математические формулы должны быть набраны как объект Microsoft Equation.. Количество графического материала должно быть минимальным (не более 5 рисунков).

Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и возвращаются авторам.

В одном номере журнала автор имеет право публиковаться один раз, второй раз в соавторстве. Рекомендуемое количество авторов одной статьи – не более трех.

**ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ХАБАРШЫСЫ**

ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

**ВЕСТНИК ТАРАЗСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ИНСТИТУТА**

НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№14

2013

(сәуір-мамыр-маусым)

Редактор:	Райымбекқызы А.
Мұқаба дизайны:	Тегісбаев Қ.С.
Техникалық редактор:	Кузембаева Н.Б., Абдраманов А.Е., Иващенко В.Н.
Корректор:	Шымбекова Н.Е.

Теруге 10.06.2013 ж. жіберілді.
Басуға 17.06.2013 жылы қол қойылды.
Пішімі 210 x 297 1/16. Офсеттік қағаз.
Бағасы келісім бойынша. Есепті беті 17; Шартты беті 14
Таралымы 100 дана. Тапсырыс №453

Сдано в набор 10.06.2013 г.
Подписано в печать 17.06.2013 г.
Формат 210 x 297 1/16. Бумага офсетная.
Цена договорная. Уч. изд.л. 14; Усл.п.л. 12
Тираж 100 экз. Заказ № 453

ТарМПИ, Баспа және дизайн секторы
080000, Тараз қ., Төле би к., 62